



Қыр. Құнанбай

З. АХМЕТОВ

Абайдың  
ақындық  
әлемі

*Заки Ахметов*

**АБАЙДЫҢ  
АҚЫНДЫҚ  
ӘЛЕМІ**

Алматы  
«Ана тілі»  
1995

ББК 83.3 Қаз.

**А 94**

**Ахметов З.**

**А 94** Абайдың ақындық әлемі.— Алматы: Ана тіл  
1995.— 272 бет.

ISBN 5-630-00417-4

Бұл еңбек Абайдың ақындық тұлғасын, адамгершілік раттарын бүгінгі заман ұғым-түсініктері деңгейінде жан-ж ты, толық сипаттап, оның шығармашылық мұрасының нымдық, эстетикалық, көркемдік, тағылымдық мәнін жүй түрде ашып көрсетуді мақсат етеді.

Кітап Абай мұрасын тереңірек танып-білуге құштар о және жоғары оқу орындарының студенттеріне, әдебиетшіл ге, сонымен қатар сөз өнерін, поэзияны қадірлейтін қал оқырман қауымға арналған.

А  $\frac{4603000000-045}{415(05)-95}$  032—95

ББК 83.3.

ISBN 5-630-00417-4

© Ахметов З.

## Андату

Абайдың ақындық әлемі дегеніміз мағыналық ауқымы өте кең ұғым. Абай поэзиясы — өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейкесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия. Оның өлендерінде, қарасөздерінде қазақ өмірінің көркемдеп бейнеленген телегей теңіз шындығы бар. Абай шығармаларының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өрісі аса биік, мүлде жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемін ашқаны даусыз. Абайдың ақындық әлемі деп соны айтамыз.

Абай поэзиясының ішкі рухы мен көрініс-көркі, сипаты мен сыны бұрын әдебиетте дәл мұндай дәрежеде көрінбеген жарасымды жаңалық танытады. Ақын поэзиясына осындай қуат-күш, көркемдік сәулет беріп тұрған — оның шығармасында қазақ халқының бүкіл өмірінің, әсіресе сол дәуірдегі қоғамдық өмірінің шындығы терең бейнеленуі және оларда әдебиеттегі ұлттық көркемдік ойлау өзгешелігінің, өмір құбылыстарын сөзбен мүсіндеу шеберлігінің жарқырап көрінуі. Абай поэзиясының тілі, сөз кестесі мен өлең өрнегі кіршіктей қоспасы жоқ саф таза халықтығымен, келісті қарапайымдылығымен, тартымды сонылығымен құнды. Осының бәрі де Абайдың ақындық әлемі деген ұғымға кіреді.

Абай поэзиясын, творчествосын түгелдей алып, тұтас әлем деп қарағанда, оның нақтылы мазмұн-мағынасы, құрылыс-бітімі алуан түрлі шығармалардан тұратынын, олардың өзіндік сипат-өзгешеліктері аз емес екенін де толық ескерсек керек. Бұл тұрғыдан қарағанда Абай творчествосына оның танымдық, көркемдік мәнін, негізгі тақырыптық арналарын, адамгершілік сарын-әуендерін айқындауға, талдап айтуға тірек боларлық біртұтас концепциялық көзқарас қандай қажет болса, әр шығармаға тереңдеп үңіліп, өзіндік сипатын ұғып-түсін білу сондай қажет екені анық.

Ақын творчествосы жайлы түйінді пайымдаулар жасау, ой қорыту оңай емес. Жеке бір өлеңді алып баяндау, талдау онан да қиын. Өйткені өлең деген басқандай жай, жадағай сөзбен айтып беруге көне қоймайды

Шынайы шабыттан туған нағыз поэзиялық туындының мағыналық сыйымдылығы, көркемдік әсері де өлшеусіз ғой. Әр адамның өз жан-дүниесі неғұрлым бай болса, өлеңнен алатын әсері де солғұрлым мол болады.

Әрине, өлеңді қабылдау, сезіну де әр түрлі келеді.

Поэзиялық шығарманы ақынша сезініп, ақынша сөйлеу бар. Ол үшін өнерпаздық қабілет, үлкен шабыт керек. Алған әсерінді айтып жеткізетін әдемі тіл керек.

Поэзияны зерттеушіше қабылдау, шығарманы зерттеушіше талдап, баяндау және бар. Оған алдымен зерделілік пен зейін керек. Шығарманы талдап, бір-бірімен байланыстыра қарастырып, топтап, жинақтап айту үшін байқағыштықпен қатар жүйеге жүйріктіктің болғаны жақсы.

Поэзиялық шығарманы қарапайым оқырманның, жалпы жұрттың қабылдауы — жасандылығы жоқ, нағыз табиғи құбылыс, ол поэзияға құштарлықты, ынта-ықыласты талап етеді. Бірақ оқырман, егер ол сыншы болмаса, өлеңді қалай түсінгенін, қалай сезінгенін әсерлеп айтуға не баяндап жеткізуге ұмтыла қоймайды.

Поэзияны қабылдау осындай үш түрлі десек те арасында жақындық, жалғастық жоқ емес. Ақын да, зерттеуші де алдымен оқырман ғой, сонан кейін барып сыншы, баяндаушы.

Абайтану да ақын сөзін оқудан, көңілге тоқудан басталады. Қуанғанда немесе мұнайғанда оқыса, адамның ішкі сезімімен жалғаса кірген сөз жүрекке берік ұялайды, қайталап оқығанда, еске түскенде, толкытпай қоймайды.

Абайдың ақындық өнері, шығармалары туралы айтқанда біз әр түрлі зерттеу, баяндау тәсілдерін қолдануға ұмтылдық. Сонымен бірге қандай мәселені баяндасақ та, қандай шығарманы талдасақ та, көпшілік оқырманға, жалпы жұртшылыққа түсінікті етіп айтуды басты міндет санадық, Абай шығармаларын қай тұрғыдан қарап, қалай баяндау, талдау ұтымдырақ дегенді орайлы тұстарда айта отырдық.

Өлеңдерді талдаған кезде ақынның кейбір сөздерін былай түсінуге болмайды деген болсақ, сондай түсінік әр жерде ұшырасатынын ескердік. Бірақ оларды үнемі кім айтты, қашан айтты деп тергіштеп тізе беру артық болатынын да есепке алдық. Негізгі мақсат Абай сөзін неғұрлым терең, дәлірек түсіну болғандықтан, сол мақсатқа жету жағын қарастырдық.

# Абайтану белестері

*Асау жүрек аяғын шалыс  
басқан  
Жерін тауып артқыға сөз  
болмай ма?*

*Сонда жауап бере алман мен  
бишара,  
Сіздерге еркін тиер, байқап  
қара.  
Екі күймек бір жанға әділет  
пе?  
Қаны қара бір жанмын, жаны  
жара.*

(АБАИ)

Абайтанудың арғы бастау бұлағы, қайнар көзі жайында айтқанда, алдымен Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың мақалаларын ауызға аламыз. А. Байтұрсынов, 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай — қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», — деп Абайды аса жоғары бағалады.

Абай шығармаларын жинап, қағазға түсіріп, реттеп баспаға дайындау ісі ақын қайтыс болғаннан соң ұзамай-ақ қолға алынғанын дәлелдейтін нақтылы деректер жетерлік\*. Жарық көруінен бірнеше жыл бұрын құрастырылып, 1909 жылы Санкт-Петербургте басылған Абай өлеңдерінің жинағында ақынның жүз қырықтай өлеңдері (аударма өлеңдерін қосып санағанда) және «Ескендір» мен «Масғұт» поэмасы басылған, яғни, осы күнгі белгілі поэзиялық шығармаларының көрнектілері түгелге жуық қамтылғаны айрықша атап айтарлық. Бұл тұнғыш жинақты дайындаған, бастырып шығарған Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың баласы Тұрағұл болатын.

Абайтанудың бастамасы, алғашқы деректік арнасы ретінде осы 1909 жылы жарық көрген Абай шығарма-

---

\* Рысхан Мұсаұлы. Абай өлеңдерінің алғашқы жинағы. «Абай» журналы, 1993 ж. 9—13 беттер.

ларының тұңғыш жинағын, оған кірген Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев жазған ақынның тұңғыш өмірбаянын айтуымыз қажет. Абайдың көзі тірісінде жарық көрген шығармалары бірлі-екілі ғана екенін және ақын өзі қолмен жазған қолжазбалары сақталмай, шығармалары түгелдей дерлік Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбалары арқылы жеткенін ескерсек, бұл тұңғыш жинақтың мәні зор екені анық. Басқа жекелеген қолжазбалардың көлемі шағын, оларда Мүрсейіт қолжазбасында жоқ өлеңдер өте аз, сондықтан олар қосымша деректер ретінде бағалануы орынды. Ал, кейінгі жинақтарды айтсақ, бір топ бұрын жарық көрмеген жаңа өлеңдер 1916 жылы Орынборда Самат Әбішұлы бастырған «Абай термесі» атты кітапта жарияланды. 1922 жылы Ташкентте, Қазанда басылған жинақтар сол 1909 жылы жинақта жария болған шығармаларды қамтиды.

I. Жансүгіров 1923 жылы «Тілші» газетінде Ташкентте шыққан жинаққа сын пікір ретінде «Абай кітабы» атты мақала жазып, бір алуан қате басылған сөздерді қалай дұрыстап оқу керек екендігін нанымды көрсетті.

Абай шығармаларына қатысты жеке деректер туралы айтсақ, ақынның көзі тірісінде 1903 жылы Санкт-Петербургте Бөкейханов берген мағлұматтар бойынша басылған «Ресей. Біздің Отанымыздың географиялық баяны» атты көптомдық жинақтың 18-кітабында А. Сидельников жазған мақалада: Абай — қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың өкілі деген баға берілгенін көреміз. Абай шығармалары жеке кітап болып басылғанға дейін де қолжазба түрінде және ауызша тарап келген болатын. А. Байтұрсынов та ақын өлеңдерімен 1903 жылы Абай өлеңдері жазылған дәптер арқылы танысқанын айтады.

1914 жылы Санкт-Петербургте шыққан «По киргизской степи» деген кітабында Дм. Львович (Иванов Дмитрий Львович — кейбір кітаптарында авторын солай көрсеткен) «Татьяна хаты» ел ішінде әнге салып айтылып жүргені туралы нақтылы дерек келтірген.

Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтарға ілесе Абай шығармашылығы жайында үлкенді-кішілі мақала жазып, ақын шығармаларын жұртшылыққа танытуға Н. Рамазанов, Ғабдрахман Сағди және Н. Н. Белослюдов т. б. да ат салысты. Бұлардың еңбектерінің Абай шығармашылығын сипаттап, бағалаудағы мәні әркелкі болса да, ақын шығармаларын насихаттауға қалайда үлес қосқанын мойындаған жөн.

Абай шығармашылығына қайтадан жүйелі, дәйекті түрдегі дұрыс көзқарастың қалыптаса бастағанын 1933 жылы М. Әуезов бастырған жинақтан (мұнда М. Әуезов жазған ақынның өмірбаяны берілген) және 1934 жылы жарық көрген І. Жансүгіров, Қ. Жұбанов секілді белгілі әдебиет, ғылым қайраткерлерінің мақалаларынан байқауға болады.

Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген Мұхтар Әуезов болды. Әуезов өзінің «Абай жолы» эпопеясымен ұлы ақын, ағартушының алып тұлғасын дүниежүзі оқырмандарына толық танымал әдеби бейне қатарына жеткізсе, ғылымда да сондай күрделі еңбек етті. М. Әуезовтың Абай жөніндегі зерттеулері осы ғылымның мызғымас негізі боп табылады. М. Әуезов 1933 жылдан 1957 жылға дейін ақын шығармаларын жариялауда, олардың ғылыми басылымын жасауда орасан зор еңбек етті. Бұл басылымдар ақынның 1909 жылғы жинағы мен Мүрсейіттің бірнеше қолжазбасы негізінде жүзеге асырылды. Әсіресе, 1957 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген, Мұхтар Әуезовтың басшылығымен және тікелей қатысуымен дайындалған Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының абайтану ғылымындағы елеулі табыс болғанын атап айту қажет. Алдағы уақытта осы ғылыми басылым үнемі негізге алынуға тиіс. Мұхтар Әуезов ұзақ жылдар бойы ізденіп, саналуан деректерді зерттеп, жүйеге түсіріп, Абайдың ғылыми өмірбаянын жазып шықты.

40—50 жылдарда Абай өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісі кең көлемде жүргізіліп, жаңа белеске көтерілді. Абайдың қоғамдық, эстетикалық, философиялық көзқарасын, психологиялық және педагогикалық пікірлерін, ақындық тілін, композиторлық өнерін, аудармаларын тереңдеп тексерген еңбектер жарық көрді. Абайтану ғылымына Қ. Жұмалиев, Т. Тәжібаев, Қ. Мұхамедханов, М. Сильченко, Ы. Дүйсенбаев, Б. Ерзакович, Х. Сүйіншәлиев, М. Мырзахмет, А. Ысқақов, Р. Сыздықова секілді ғалымдар салмақты үлес қосты.

Қазіргі кезде, әдебиеттану және басқа қоғамдық ғылымдар идеологиялық қатаң қағидалардың тар шеңберінен шығып, кең құлаш жаюға мүмкіндік алған жағдайда абайтану ғылымы жаңа белеске көтеріліп, жалғаса, толығы беруі керек. Абай творчествосының танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәнін жаңа қырларынан қарап, терең ашып көрсететін еңбектер ғана абайтану ғылымын байыта түспек.

Абай шығармаларын қалай түсініп, қаншалықты те-



рең талдап дұрыс бағалап жүрміз деген мәселе ойлануға тұрарлық. Абай сөздерін түсінудің оңай түсе қоймайтынын кезінде А. Байтұрсыновтың атап айтқаны тегін болмаса керек.

«Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардан басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосансып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терен. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі»\*

А. Байтұрсынов мұны айтқанда алдымен Абайдың кейбір пікірлерінің мәнісін, жеке сөздердің, сөйлемдердің нақтылы мағынасын түсіну қиынға соғады дегенге меңзейді десек болар. Мысалы, «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» дегендегі адам өлмейді деп кесіп айтылған сөзді адамның жаны мәңгі жасайды деген мағынада да, немесе жақсы адамның рухы, ақылы мен жаны кейінгі ұрпақтардың санасында ұзақ, мәңгі сақталады деген мағынада да түсінуге негіз бар. Осындай пікірді айтатын бірнеше өлеңдерді алып қанша үніліп тексерсек те, нақтылы байлам жасау оңай емес. Ал, «Жай жүргенді уерд қылып» дегендегі «уерд» секілді кейбір арабша сөздердің нақтылы мағынасын әркім біле бермейтінін айтпасақ та болады. Енді мәселені екінші жағынан алсақ, Абай сөздері «жалпы адамның түсінуіне ауыр» дегенді өлең сөздің, поэзиялық шығарманың қасиетін тереңдеп ұғынуға қатысты айтқан деп қарау да қисынды. Өйткені «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік артық» деп отырған А. Байтұрсынов түсінуге ауыр дегенді, «оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағынан» туады десе де, кемшілік деп атап көрсетеді ғой. Ойымызды айқындай түсу үшін А. Байтұрсыновтың мына сөздеріне назар салалық: «Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін біліп жазған соң сөзінің бәрі халыққа тіреліп, оқушыларының біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды» (299-бет).

Бұл жерде нағыз поэзиялық туындының мағыналық сыйымдылығы, тереңдігі шексіз мол болатынын да ескеру қажет. Өлеңде тура айтылған, бейнеленген өмір

---

\* А. Байтұрсынов, Шығармалары. А., 1989, 298-бет.

шындығынан гөрі, сол айтылғаннан аңғарылатын шындық, содан туындайтын сезім-әсерлер әлдеқайда бай келетіні белгілі. Өлеңнің осындай ішкі иірімдерін, әр түрлі ассоциация туғызып, яғни сезім-әсер жалғастығын жандандыра түсетін мағыналық тереңдігін сезіну оқушының эстетикалық қабылдау қабілетіне байланысты. Неғұрлым оқушы ой-өрісі кең, алғыр, сезімтал болса, соғұрлым поэзиялық шығарманың мағыналық аясы ұлғая түсіп, шарықтау шегіне жеткендей болады.

Қалайда Абай айтқан кейбір сөздер, пікірлер түсінуге қиын көрінсе, не мағынасы көңілімізден шықпағандай болса, А. Байтұрсыновтың осы ескертуін еске ала отырып, соның өзі «Абайдың айта алмағанынан болған емес», біздің жете түсінбеуімізден болған шығар-ау дегенді ойлап қойсақ, артық емес секілді.

Абайдың тандаулы дерлік өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, оның өзіндік дара ақындық тұлғасын танытарлық сипаты анық байқалады. Сонымен қатар кейде бұрынғы поэзиядағы белгілі әдеби үлгіні қызықтап, жекеленген өлең-жырын дәстүрлі қалыппен шығарған кездері де бар. Ондай өлеңді Абай орайы келгенде табанда ауызша шығарып айтуы ықтимал. Жазып шығарған болса да, сондай қалыптасқан үлгі-өрнекті де жат көрмей, өзінше келтірген. Ондай өлең-жыр да кейін қағазға түсіп, басылып жүрсе, өзінің тиісті бағасын алса жарар. Бірақ оны Абайдың ақындық деңгейін танытатын нәрсе деу, шеберлігінің жеткен жері осы деу ағаттық болмас па еді?

Мұхтар Әуезов «Абайдың өмірбаяны» атты зерттеу еңбегінде былай дейді: «Абай өзі бір жазып тастаған өлеңін қайтадан жоқтап, жинап отырмаған. Әрқашан, кейде кітап оқып отырғанда, кейде жай бір оймен қозғалып отырғанда, қолына қағаз, қарындаш алып, айтпақ өлеңін жазып тастайды екен.

Соны қасында отырып балалары, інілері я жай адамдар болса да, қалтасына салып алып жүріп кетеді. Содан бірден біреу жазып алып жаттайды. Кейбірін әнге қосып домбырамен айтып жүреді»\*.

Міржақып Дулатовтың 1914 жылы жазған «Абай» атты мақаласындағы төмендегі сөздер көңіл қоярлық: «1904 жылы маусым жұлдызының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Ес-

---

\* М. Әуезов, Абайдың өмірбаяны.— Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1957. 2-том, 55-бет.

туімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді, һәм бастырушыға, ешкімге рұқсат бермейді екен. Күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып, Абайға сәлем беремін, танысамын һәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін»,— деп. Ахмет Абайды көруге нәсіп болмады...»

Абай жазған шығармаларын талғап, таңдап, жариялауға, кітапқа кіргізіп бастыруға қайсысы лайық деп сараламаған болса, мұны кейінгі сыншылар ескеруі қажет екені талассыз ғой.

Ақынның жеке өлеңдері дұрыс талданып, бағалануы оның творчествосына жүйелі көзқарас, орнықты тұтас концепция қандай екеніне байланысты. 20-жылдарда әдебиетті таптық тұрғыдан қарап бағалау мықтап орын алған кезде Абай жоғарғы таптың ақыны, байшыл ақын деген пікірлер аз айтылған жоқ. Мұның өзі орыстың классикалық әдебиетінің ең ірі өкілдері Пушкин, Л. Толстой сияқты ақын-жазушыларды орыс қоғамындағы жаңашыл байлардың — либерал буржуазияның жыршысы болған деген пікірлерге жалғас, сондай пікірлердің орайымен айтылған еді. Абайды да жаңалыққа, өнерге ұмтылған жаңашыл байлардың тілегінен туған ақын деп бағалау сол кезде бел алған таптық қағиданың әсері болатын.

Абай творчествосының зор қоғамдық, танымдық мәні әлі жете, толық ашылып көрсетілмегендіктен ол кездегі мақалалар мен зерттеулерде ақын өлеңдерінің мазмұн-мағынасының байлығын, көркемдік қуаттылығын суреттеу, бейнелеп айту шеберлігін ұғып-түсіну жағы да жетімсіз болып жататыны байқалады. Мысалы Ыдырыс Мұстамбайұлы өзінің мақаласында Абайды жақтап, мақтай отырып, өлеңдерінің «кейбіреулері нашарлау, бостау келеді» деп сынайды.

«Осындай нашар шыққан Абайдың өлеңдерінің бірі «Интернатта оқып жүр» деген өлеңі, бұл өлеңнің бастым әдемі басталады да, әр жағы сұйылып кетеді»,— деп жазған. Абайдың сатиралық өлеңдері туралы айта келе: «Бірақ бұлардың көбі өткір, ашты болса да, көркемдік жағынан өзге өлеңдеріндей емес, төмен» дейді.

Абай «кемеліне келе алмай кеткен» ақын деген тұжырым жасап, оған «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім», немесе «Мен келмеске кетермін түк өндірмей» деген секілді өз сөздерін дәлел қылмақшы болады. Түк өндірмей кетермін дегені, әрине, қоғам өмірін өзгертпек болған, заманды түзетпек болған («Түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып») мақсатына жете ал-

маспын деген мағынада айтылған. Оның үстінде поэзиядағы ақынның сөзі, лирикалық тұлға атынан айтылған сөз астарлы, терең мағыналы келетіні, оны тұп-тура, жадағай түсінуге болмайтыны тағы бар ғой. Өзі туралы айтқанда өзі өзін көтермелеп, асырып айтатын ақынға Абай мүлде ұқсамайтын болса, ол оның осалдығы демесек керек. Ғабдрахман Сағди 1923 жылы «Ақ жол» газетінде жарияланған «Абай» атты мақаласында ақын шығармашылық өнеріне тән біраз өзгешеліктерді дұрыс байқаған. Алайда ол Абайдың кейбір өлеңдерінің қасиетін дәл сипаттап бере алған болса (мысалы, «Жаз» өлеңін «ес кетіретерлік ұсталықпен тіпті жеңіл әм табиғи шығарылған» деген), басқа бір өлеңдер туралы айтқан тұста ешбір қисынсыз, дәлелсіз тұжырым жасауға бейім тұрады екен.

*«Жүрегім менің қырық жамау  
Қиянатшыл дүниеден —*

деген өлеңімен хатта адамзаттың өзінен безгендігін аңғартады» деп өз бетінше тұжырым жасайды. «Абайды қанағаттандыра алмаған қазақтың салт-сана, тұрмысы бәрі жиылып келіп дүниеден мүлде бездіруге, үмітсіздікке түсіруге де себеп болған, пессимистік жолына кіргізген» деп жазғаны, немесе, «Абайдың 20 жылдық әдеби өмірі бар. Соның әуелгі жартысында Абай күштілік көрсетеді. Соңғы жартысында әлсізденіп, өлеңнің табиғатын, ішкі рухын бүтіндей өзгертіп жібереді» дейтіні ақын шығармаларына терең талдау жасалмай, орнықты дәлелдер келтірілмей айтыла салған үстіртін байлам екенін айтпаса болмайды. Абай халықтың мұнын мұндап, өмірде әділетсіздік, қиянатшылдық көп деп налыған болса, оны өмірден торығушылдық, күйректік деп санау мүлде орынсыз. Алдымен бұл поэзияның табиғатын, ондағы сезім-әсердің айрықша күшті келетінін ескермегендік. Оған қоса Абай ел жайын ойлап қанша қапаланса да, қайғырса да өз көңіл күйін, ішкі мұның үнемі айрықша сезімталдықпен білдіреді, өзін өзі жігерлендіріп отырады. Тіпті «Келдік талай жерге енді, кіруге-ақ қалды көрге енді» деп отырғанның өзінде:

*Қайғы шығып шыққа,  
Қамалтпасын тұйыққа  
Сергі, көңілім, сергі енді,—*

дегенді қоса айтады. Ендеше Мұхтар Әуезовтың 1922 жылы жазған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында айтқан Абай өлеңдерінде «сүлдері құры-

ған зар да, әлі құрыған уайым да жоқ, оның орнында қазақ өмірінің кем-кетігін түсінген көзі ашықтық бар, дәлелдеп ауруын тауып, емін айтқан ширақтық бар... Абай қазақтың жасына білім жарығына ұмтыл дейді, малыңды дұрыстап бақ дейді, атқа мінген жақсыларына елді іріткіге салмай, адал еңбек қыл, парызыңды атқар дейді. Қазақтың өміріндегі кемшіліктің қайсысына болса да, Абай өз емін айтып келген» деген пікірі бірден-бір әділ және шындыққа сай.

Абай творчествосы төңірегінде 20-жылдардағы, кейінгі кездердегі талас, кейбір сын пікірлер тұрғысынан қарасақ, Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» атты 1913 жылы жарияланған мақаласындағы Абайға берген бағасы, ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы алатын орнын анықтауы, өнерпаздық өзгешелігін, асқан шеберлігін тануы шынайы ғұлама ғалымға тән айрықша көрегендіктің, білгірліктің, өлең сөздің қадірін терең бағалай алатын ақындық сезімталдықтың, талғампаздықтың үлгісі деуге лайық.

Ахмет Байтұрсынов: «Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан болса да толық. Жалғыз-ақ бір міні бар» дейді. Осы жалғыз-ақ бір міні бар, «Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын» деуі арқылы, басқадай мін, кемшілік іздеуге тырысатын адамдардың жолын кескендей айтатыны Абайға қалайда шаң жуытпау емес, қазақтың бас ақынының поэзиясын терең түсініп, бар ықыласымен мейлінше жоғары бағалағаны болса керек.

Ал «жалғыз-ақ бір міні бар» дегеннің мәнісі не десек, «ол мін өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық» дейді. Мысалы, он бір буынды өлшеммен жазылған Абайдың өлеңінде тармақтың басқы жағында үш және төрт буынды бунақтар еркін ауысып келе береді. Бұл мәселеге ақынның өлең өрнектерін сөз қылғанда көбірек тоқталатын болғандықтан, әзірше түйіп айтсақ, Абай өлеңдерінің А. Байтұрсынов көрсеткен бұл ерекшелігі кемшілігі демей, өлең ырғағын өрнектеудегі айырмашылығы деуге лайық. Қазақ әдебиетінде жазба поэзия дәстүрін кеңінен орнықтыру тұрғысынан қарасақ, айырмасы және артықшылығы да десек болар.

«Абайдың өзі тексергіш болған соң, оның өлеңін тексеріп, қате шығарып ешкім жарыта алмайды»,— дейді А. Байтұрсынов. Бұл өзі ғалым, өзі ақын, талғампаз Ақанның сыпайылығын танытады. Абай өзіне өзі сыншы болғаны талассыз десек, кей-кейде табан астында,

бір отырыста шығарған өлеңі алдымен өз сыны, өз талабына сәйкес келмеуі, ойлаған жерден шықпауы да мүмкін ғой. Сондай өлеңдер де қағазға түсіп, сақталған болса, кейін басылып, Абай жинағына кіруі де әбден мүмкін.

Абай шығармалары әр түрлі қолжазбалар негізінде, кейде ауызша да таралып, түгел сақталмағандықтан ақынның әдеби мұрасы көлемі жағынан салмақты ма, аз ба, көп пе деген сауал да қойылмай жүрген жоқ. «Абайдың көп өлеңдері ұшты-күйді жоғалып кеткен» дегендей сөздер 1914 жылы жарияланған Нұқ Рамзанов мақаласында айтылған, онан кейін де айтылып келеді.

Бұл ауызша таралып жүрген өлең ел жадында сақталмайды, жоғалып кетеді деген ұғым бойынша айтылған пікір болса керек. Абай өлеңдері өзінің көзі тірісінде-ақ қолжазба түрінде таралғандығын, ал алғашқы жинағы кешеуілдеп болса да, 1909 жылы басылып, кейін бірнеше рет толықтырылғанын ескерсек, мүлде жоғалып, бізге келіп жетпегені тым көп бола қоймас деуге де негіз жоқ емес. Сөз қадірін білетін, өлең-жырды бір-екі естігенде-ақ қағып алып, жадында сақтай алатын адамдар көп ортада шынайы асыл өлеңдер он жыл, жиырма жыл ішінде мүлде жоғалып, жоқ болып кетеді деу қиын. Абай өлеңдерін жиыстыру, қолжазбаларды реттеу, баспаға дайындау ісі ақын қайтыс болғаннан соң көп ұзамай қолға алынғаны белгілі.

Бірақ Абайдың өз қаламының бедері түскен қолжазбалар бізге жетпегені, әрине, өкінішті.

Жоғалған нәрселер туралы сөз болғанда нақтылы мысал ретінде кейбір көлемді шығарманың (мысалы, «Әзім», «Вадим») басы бар да, жалғасы жоқ екені айтылып жүр. Ал «Бородино» өлеңін алсақ, оның бас жағы сақталған да, онан кейін үзік-үзік болып келетін бірнеше тармақтан тұратын тағы үш бөлегі сақталған.

Ғ. Сағди жоғарыда аталған «Абай» атты мақаласында былай дейтіні де бар: «Абай барлығы 5313 жол шамасында өлең жазған. Бұлардың ішінен орышадан тәржіма қылғаны 1700 шамасында. Соңғыларын шығарып тастағанда, Абайдың нақ өз тарапынан шығарған өлеңі 3612 жол шамасында болады».

Бұл жерде, әрине, 1933 жылғы жинақта және кейінгі жинақтарда қосылған бірқыдыру шығармалар есепке алынбаған. Орышадан тәржімаланған деген шығармаларды бөліп тастау да орынсыз, өйткені олардың бәрі толық мағынасында аударма емес, бірталайы

төлтума туындыға айналған, немесе сарындас шығарма болып келеді.

Ақын мұрасының құндылығы санымен емес, сапасымен өлшенетіні ешбір талассыз ақиқат.

М. Ю. Лермонтов өз көзі тірісінде басылып шыққан өлеңдер жинағына жиырма төрт-ақ өлеңін кіргізген ғой. Белинский сол кітап бойынша оны ұлы ақын деп бағалаған. Ал прозалық шығармаларынан өзі барда басылғаны — тек «Біздің заманымыздың қаһарманы». Оны да Белинский Пушкиннің «Евгений Онегин» атты өлең-романымен қатар қойып, жоғары бағалаған.

Қазіргі кезде Абай жинағында басылып жүрген шығармалар қандай классик ақынға болса да аздық етпейді. Абай шығармаларының жинағын егер өз қолымен баспаға дайындаған болса, өз талғамымен таңдау жасаса, осы күнде басылып жүрген кейбір өлеңдерді, мүмкін, кітапқа қоспаған да болар ма еді?! Ақынды әр қырынан тану үшін кейінгілер қолда барды түгел жарыққа шығаруға тырысатыны түсінікті ғой. Осы айтылғанды ескерсек, ақындық шеберлік дегеніміз ең таңдаулы, сол қаламгердің өзі ғана жаза алатын үздік туындылармен өлшенсе керек. Абайдың ғана аузымен айтылуға лайық, оның өзіндік көркемдік шеберлігі, басқаға ұқсамайтын қолтаңбасы, ойлау, сөйлеу өзгешелігі, стилі анық көрінетін өлеңдер — ұлы ойшыл-суреткер ақынның алып тұлғасын айқын танытатын, міне, алдымен осылар десек керек.

Сонымен қатар, әрине, Абайдың қолынан шыққан деп саналатын ешбір шығарма зерттеулердің назарынан тыс қалуға тиісті емес. Мәселе әрқайсысын өз орнына қойып бағалауда.

Абайдың өмір жолын, шығармашылық өнерінің өзгешелігін, қыр-сырларын, сол дәуірді, сол ортаны қоғамдық қарым-қатынастарды терең түсініп білу үшін М. Әуезовтың «Абай жолы» дәуірнамасының баға жетпес танымдық мәні бар. Бұл туралы қанша айтсақ артық емес. Алайда бір ескеретін нәрсе — осы мәселені, яғни, роман-эпопеядағы тарихи шындық, тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасы деген аса күрделі мәселені кеңінен толғап, байыптау, түсіну қажет. Тарихи шындықты роман-эпопеяда бейнеленетін жекеленген деректер мен нақтылы жайлардан, немесе ондағы кейіпкерлердің әрбір іс-қимылынан, әрбір сөзінен көруге тырысып, соның әрқайсысынан бөлек байлам жасамақ болу орынды бола бермейді. Басқаны айтпағанда эпопеяда шындыққа сәйкес, кейіпкерлердің мі-

нез-құлқына үйлесімді етіп ойдан шығарылған, немесе, өзгертіліп, өзгеше көркемдік шешім тауып бейнеленген эпизод, көрініс, оқиғалар, іс-әрекеттер аса мол. Соларды сөз еткенде, мына тұста жазушы өмір шындығынан шалғай кеткен, алыстаған деп санау мәселеге үстірт қарағандық болар еді. Жазушы нанымды, қисынды, шынайы өмірде болуға мүмкін, болады дерлік көркемдік шешім таба алды ма, жоқ па — міне мәселе осында. Үйткені роман — эпопеядағы үлкен тарихи шындық Абай заманын, сол дәуірдегі қоғамдық қатынастардың әлеуметтік мәнін, халық тағдырын терең түсінуге тірек, негіз боларлық, шығармада тұтасып барып, бір арнаға келіп тоғысатын көркемдік шешімдерден туындайды. Сол ортада болған, немесе, болуға лайық сан алуан оқиғаларға қатысып жүрген түптеп келгенде шынайы өмірден алынған, немесе шығарманың сюжет желісіне, композициялық құрылысына қажеттілігіне қарай ойдан шығарылып қосылған кейіпкерлердің әр түрлі іс-әрекеттері — бәрі де үлкен тарихи шындықты, заман келбетін, қоғам көшінің бағытын, ел жайын елестетуге, терең біліп түсінуімізге қызмет етеді. Олай болса, роман-эпопеядағы тарихи шындықты, шығарманың зор танымдық мәнін ондағы халық тағдырына байланысты аса маңызды әлеуметтік мәселелердің қандай көркемдік шешім тапқанынан көреміз, содан аңғарамыз.

Көркем шығармадағы тарихи шындық қоғам өмірінің маңызды құбылыстарын нақтылы, нанымды бейнелеу, көбіне-көп халықтың түбегейлі, көкейтесті мүдделерін, арман-тілектерін неғұрлым толық терең білумен тығыз байланысты.

Бұл тұрғыдан қарағанда «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тарихи шындықты, өмір шындығын әсіресе Абай тұлғасы, оның айналасындағы кейіпкерлердің бейнесі арқылы, бүкіл шығарманың арқауы болып өріліп отыратын биік адамгершілік идеялар, арман-мұраттармен жалғастыра, бірлестіре қарап түсінуіміз керек екені хақ.

Осы мәселеге тікелей қатысты бір-екі нақтылы жағдайға тоқтала кетелік.

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында жас Абай мен әкесі Құнанбайды, әкелі-балалы екі адамды көбінесе бір-біріне қарсы қойып, қарама-қайшы тұлғалар етіп бейнелеуінің мәнісі қалай деген сауал жиі қойылады. Абай баласы Әбдірахманның дүниеден жас кеткеніне налып шығарған жырында, оны жасынан ғылым жолына түскен талапты жаңа буынның өкілі, жаңа заманның,



«жаңа жылдың — басшысы» еді деп, өзін «мен — ескінің арты едім» деген болса, Мұхтар Әуезовтың роман-эпопеясында Құнанбайды — Абайдың әкесін ата жолын өзгертпей ұстауға тырысқан бұрынғылардың өкілі, «ескінің арты еді», ал Абай өнер үйренуге, білім-ғылымды игеруге ұмтылған, прогресс жолына бет алған жаңашыл жастардың ішіндегі ең бір озық, жарқын тұлға деп қарағаны, солай етіп бейнелегені көңілге қонымды екенін мойындасақ болар. Әрине, Абайдың әкесі Құнанбай ескі жолды, ата дәстүрін берік ұстаған дегенде де, оны бір-ыңғай ескішіл болған, заман ағымын түсінбеген, мүлде ескермеген деп санауға бола қоймас. Кәкітай Ысқақұлы 1909 жылы Абай өлеңдерінің жинағындағы мақаласында Құнанбай жөнінде: «өзге жұрт орыстан баласын жасырып жүргенде балаларын орысша оқытып, Халиолла деген баласын Омский кадетский корпусан оқытып, онан соң Мәскеудегі Павловский кавалерский школадан оқытып еді», — дейді. Бұл жайларды Мұхтар Әуезов жақсы білген, Абайдың өмірін баяндағанда атап айтады да.

Алдымен айтарымыз, Құнанбай мен Абай, егер байыптап дұрыс аңғара алсақ, әке мен бала ретінде бір-бірімен қайшы көрінбейді, көбінесе екі заманның өкілі, екі мақсаттың, екі қоғамдық көзқарастың адамы тұрғысында қарсы қойылады. Ал екеуінің мінезі екі түрлі болса, Құнанбай айлакер, қатал көрініп, Абай адал, әділет іздеген ақын жанды мінезбен көрінсе, мұның өз қисындылығы бар.

Құнанбай ел арасындағы түрлі талас-тартыстың, қайшылық-шиеленістердің тізгінін қолына ұстап отырған, әбден әккі болған ел билеуші екенін, ал Абайдың қоғам өміріндегі қарым-қатынастарға енді ғана көз тігіп, араласып, жүргенін естен шығаруға болмайды.

Бірінші кітаптың соңғы тұсында Құнанбай мен Абай сөз қағыстыратын сәтте жасы 24-ке шыққан Абайдың зеректігі, өзінше пікір түйе алатыны, аса маңызды қоғамдық мәселелерге өз көзқарасы бар екені, өмірден өз жолын іздеуді, табуды мақсат ететіні айқын аңғарылады десек, әрине, бұл артық айтқандық емес. Әке мен баланың арасындағы сол пікір таласы болған жерде Құнанбай баласының берген жауабын түгел тыңдап болып, үн қатпай ауыр оймен отырып қалды делінетін болса, бұл да жасы ұлғайған Құнанбайдың Абай айтқан пікірлерге қосылмаса да, мән бергендей қалпын, заман ағысын, өмірдің өзгеріп бара жатқанын аңғарғандай сыңайын байқатады.

Ал оның кейін екінші кітаптың бас жағында баяндалатын Құнанбай қажыға аттанарда Дәркембай Қодардан қалған жалғыз ұрпақ жетім бала Дәрменді ертіп келіп, жазықсыз жазаланған Қодардың құнын сұрап Құнанбаймен қатты шекісетінін еске алсақ, бұл жердегі Құнанбайға Дәркенбайдың аузымен айтылған сөздерді түгелдей жазушының берген бағасы деп тура түсінбей, алдымен сол Дәркенбайдың, яғни эпопеядағы кейіпкердің өз пікірі деп түсінуіміз қажет. Эпопеяда Дәркенбайдың Құнанбайға айтқан сөздері жас Абайға үлкен әсер еткені нанымды көрсетіледі. Қодардың өлімі — он үш жастағы Абай алғаш өз көзімен көрген, жанымен сезінген трагедиялы оқиға болатын. Жазушы Абайды қаладан ауылға келген бетте осы оқиғаның үстінен шығарып, аяусыз, қатал жазадан тұла бойы түршігіп, қатты күйзеліп қиналғанын бар ықыласымен бейнелейтіні тегін емес. Бұл үлкен өмір жолына аяқ басқалы тұрған Абайдың адалдығын, адамгершілік қасиетін ашып көрсету үшін қажет еді. Осы тұрғыдан қарағанда Дәркембай Құнанбайға келіп жетім баланың арызын айтып, Дәркембай мен Құнанбай арасындағы сөз егеске айналып, Қодардың өлімі туралы сөз қозғалған кездегі Абайдың көңіл күйін, әрекетін суреттеуі де назар саларлық. Жетім баланың ақысы Құнанбайдың мойнында деп, оны қатты кінәлаған Дәркембайды Абай Майбасар мен Тәкежанның қаһарынан, қыспақтауынан арашалап алып: «Дәркембай! Айтпасыңа болмаған шығар. Орайлы арызың болған соң қысылшаң жерде айтсаң да айыптай алмаймын. Мен қарыздармын әкем үшін. Қарғамай, сілемей қайта бер, жарқыным, сөзің жетті маған. Етім түгіл сүйегімнен өтті» ..— дейді.

Әрине, бұл — жазушының жас Абайдың әлсізді жақтауға ұмтылғанын, кімге де болсын, тіпті өз әкесінің мінезіне, істеген ісіне де байсалдылықпен, сыншылдықпен қарай алатынын көрсету мақсатына сәйкес етіп келтірген көркемдік шешімі. Және терең мағыналы, мейлінше күрделі шешім. Абай Дәркембайды жақтағанда онысын өз әкесін арашалау үшін, оның күнәсін жеңілдету үшін де істегендей. «Бұның сөзі әкемнің құдай алдында жауап беретін сөзі... Меккеге бара жатқанда да әкем осындай құнам бар деп бара жатқан жоқ па?»— дейді Абай.

Алайда жазушы Құнанбайды өзінің теріс қылықтарына өкініп, тәубеге келген кейіпте көрсетпей, қатал, қатты мінезінен айнымайтын қалпында бейнелейді, қоғамдық өмірдегі ымыраға келмейтін қайшылықты, бі-

тіспес талас-тартысты жеріне жеткізе ашып беруге ұмтылады.

Құнанбай жолға шыққандағы Абайдың көңіл күйін «әкесінің шын өкінген жүзін Абай көрмеді. Оның баяғы қатал ызасын ғана көрді. Екі арасы бітімсіз» деп түйіндейді. Көңіл аударарлық нәрсе — Абайдың осындай көңіл күйін жазушы Құнанбайға келіп, жетімнің құнын сұрап, шекісіп қалған Дәркембай сөздерінің, соның мінезінің тікелей әсері етіп көрсетеді. Осы қақтығыс, айтылған сөздер Абай жас кезінде өзі көзімен көрген Қодардың өлімін есіне түсіріп қатты тебіrentкенін ескерсек, оның рухани күйінің қандай болғанын толық елестете аламыз.

Құнанбай бейнесінің жан-жақты келетінін айқынырақ байқау үшін тағы бір жайға тоқтала кету артық болмас. Жас Абай әкесінің сәлемімен Байдалыға келіп сөйлесіп, даулы сөздің жауабын алған соң Байдалы басқа бөтен әңгіме айтады. Бір жиында «Жә, өзіміз көргенде мырза кім?» дегенде Қаратай: «мырза — Құнанбай» дейді. «Шешен кім?» дегенде, ол: «шешен — Құнанбай» дейді. «Жақсы кім» дескенде, ол тағы: «жақсы — Құнанбай» дейді. Сонда Байсал: «Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен! Ендеше не көкіп алысып жүрміз онымен»,— дейді. Соған Қаратай іле жауап беріп: «Уай, тәйір-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүргем жоқ па?»— дейді. Әңгіме соңында Байдалы Абайға: «Осыны да әкеңе айта баршы... «Кештім» дегенін бір көрмей кеттік қой»,— дейді. Абай әкесіне Байдалының сәлемін түгел жеткізгеннен кейін осы әңгімені айтады. Сонда Құнанбай: «Қаратай жүйрік қой, жер таниды. Айтқаны шын болса керек. Бірақ, өз топшылауым бойынша, адамның қай мінезі қасиеті болса, сол мінезі міні де болады. Мен өмірде ұстаған нәрсемді берік ұстанам. Жақсылық — кісінің айнымас табандылығында деп білемін. Соның түбінен мін шығатын кез де болатын шығар!»— дейді. Жазушы Құнанбай осы сөзден кейін «үндемей отырып қалды» дейді де, ол «аздан соң ғана барып, әлгіден де жуасыңқырай түсіп: — Адам пенде ғой! Пенденің жоқ-жіті толған ба?»— деді.

Қияласа да өз мойнына кінә алып отыр.

Бұл кезде Абайға әкесі жадағай көрінбеді. Кінәға, дауға жүйрік Байдалы сияқты емес. Ол шешендіктен

гөрі басқарақ түкпірі бар жан сияқты. Онай жан емес. Қат-қабат шың сияқты»— деп жазады.

Осы жайларды айта отырып, роман-эпопеядағы кейіпкерлердің әр кездегі, әр түрлі жағдайдағы бір-бірімен қарым-қатынасы, жан дүниесі қандай күйде болуы олардың мінез-тұлғасының бір көрінісі, бір ғана сәті екенін де ұмытуға болмайды. Және кейіпкердің әр сөзі, әр мінезі жазушының беретін бағасымен, көзқарасымен түп-тура бірдей келе бермейтіні анық. Себебі жазушы әр оқиға тұсында кейіпкерге деген өз бағасын, өз түсінігін ашып салып, сарқып айта қоймайды. Шығарманың барысында уақиға желісінің әлі де өрістейтінін, талай тартыс-таластың әлі де алда тұрғанын есінен шығармай, әртүрлі көркемдік шешімдерді табу мүмкіншілігін пайдалануға ұмтылады. Сондықтан да жазушының басты кейіпкерлерді бейнелеуі әлдеқайда күрделі болып, иірімдері, қатпары мол келеді. Өйткені сонда ғана олардың тұлғасы, қоғамдық өмірдегі адамдардың бір-бірімен қатынасындағы шиеленіскен қайшылықтарды танытарлық қасиетке ие болады.

Абай, Құнанбай, Дәркембай, тағы басқа ірі кейіпкерлердің әрбір іс-әрекеттерін эпопеяның өн бойындағы сан қилы, қат-қабат болып жалғаса тұтасып келетін оқиғалармен ұштастырып қарастырғанда ғана анық түсіне аламыз.

Эпопеядағы кейбір жайлардың айтылуын, баяндалуын қазіргі заман ауысып, көптеген қоғамдық мәселелерге көзқарас мүлде өзгерген кездегі ұғым-түсініктер тұрғысынан қарап бағалағанда, әрине, бұрынғы идеологияның әсерін кей-кейде байқауға да болар. Бірақ таңқаларлық нәрсе ол емес, басқа — кеменгер жазушының идеологиялық қатты қысымға қарамастан, соған бой бермей жүріп, осындай кең тынысты, өмір шындығын мейлінше терең ашып көрсететін үлкен әдеби туындыны дүниеге келтіргені.

# Ақын тұлғасы, адамгершілік мақсат-мұраты

Абай заманы, ол ақындық өнерге, ағартушылық жолындағы күреске барын салып кіріскен кез — қазақ халқының тарихындағы ең бір күрделі, талас-тартысы, қайшылығы мол дәуір болатын. Бұрынғы хан билейтін заман артта қалып, ел арасынан сайланған аға сұлтандар шыққан болса, ондай тәртіп те жарты ғасырға жетпей өзгертіліп, қазақ даласы ұсақ-ұсақ болыстарға бөлшектеніп, ел билеу тізгіні уезд бастықтарының — патша чиновниктерінің қолына көшкен еді. Бұл болыстардың билікке таласуын, ұлықтардың жолсыздығын, басыздығын, парақорлыққа бейімділігін арттырды. Қазақ жеріне Ресейден көшіріліп қоныстандырылған кедей шаруалардың саны көбейіп, патшалық әкімшілік талай шұрайлы жерлерді тартып алып, елді атамекенінен ығыстырды. Патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатының іске асуы нәтижесі болған осындай ауыртпалықтан, заңсыздықтардан, рухани кіріптарлықтан елді құтқарудың ендігі жаңа жағдайдағы бірден-бір ұтымды жолы білім-ғылым үйрену еді. Шоқан, Ыбырай, Абай секілді алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлері осыны жақсы түсініп, ұлттық ұранға айналдырды. Олар Ресеймен қарым-қатынасты күшейте түсудің аса пайдалы жағы орыс мәдениетінің үздік үлгілерін ел ішіне, жұртшылыққа тарату деп санады. Мал бағумен қатар елдің егіншілікке, сауда-саттық секілді кәсіптерге бейімделуі қажет екенін де олар басқалардан бұрын түсінді.

Абай жас шағында Семей қаласындағы медреседе оқығаны мәлім. Бұл жылдары ол араб, парсы, шағатай тілдерін жақсы меңгерген. Шығыс классиктері Фирдоуси, Саадидің, Науайдің, Низамидің, Фзулидің, Жәмидің, Сайхалидің т. б. шығармаларымен танысты. Сонымен қатар ол орыс мектебіне — «приходская школаға» да барып жүреді. Өзінің ерекше қабілеттілігі және зейін қойып, зор ықыласпен үйренуі арқасында Абай орыс тілін де игеріп алады. Алайда, әкесі Құнанбай оны енді өзінің жанында ұстап, бірте-бірте ел билеу ісіне араластырмақ ниетпен ауылға қайтарып алады. Сөйтіп, Абай көп кешікпей оқуды доғаруға мәжбүр болды. Ендігі жерде Абай ел арасындағы әр түрлі ру таласы, жер

дауы, жесір дауы секілді істерге араласып, қазақ дала-сының өктем билеушісі өз әкесі Құнанбай мен оның тобындағы ел билеушілер, және оларға қарсы топтардың қарым-қатынастарын жігі аңғара бастайды. Абай әр түрлі топтардың арасында жиі болып, халықтың, қалың бұқараның, кедей шаруалардың тұрмыс жағдайын өз көзімен көріп танысады. Бірнеше жыл бойы болыстық міндетін атқарып, ел билеу ісіне тікелей араласып, әр түрлі даулы іске кесім айтып, таласы мол күрделі мәселелерді шешуге қатынасады. Талай қақтығыстардың, күрес-тартыстардың ортасында болып жүрген Абай, қолында күші бар топтардың әділетсіздігін, аяусыз қаталдығын көріп, әр түрлі топ өкілдерінің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін үнемі байқап жүреді. Олардың істеген істеріндегі, күнделікті қылықтарындағы мағынасыздықты, бітпейтін талас-тартыстың, өнімсіз әуре-сарсаңмен күн өткізушіліктің ел басына үлкен ауыртпалық түсіріп отырғанын терең түсіне бастайды. Абай осылай қоғам өмірі жайлы көп толғанып, көп ойланып жүріп, халық мүддесі үшін, адалдық, адамгершілік үшін күресуге ұмтылады, қалай күресудің жолын іздейді. Елдің өнімсіз қылықтармен көбірек әуес болатынының себебі білімсіздіктен, ескі ұғым-түсініктерден арыла алмай келе жатқандығынан деп біледі.

Айналасынан, өмір сүрген ортасынан, бүтін ел-жұрттан бөлініп шығып, қалыптасқан дәстүрлермен, маңайындағы адамдардың ұғым-түсінігімен, өмірге көзқарасымен мүлде санаспау, тіпті қарсы шығу Абайға жасырақ кезінде де, есейген шағында да оңай тимегені сөзсіз. Осы тұрғыдан қарағанда оның:

*Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,  
Етек басты көп көрдім елден бірақ,—*

деуінде үлкен мағына жатыр.

Ғылым-білімге, жаңалыққа ұмтылған, сол үшін күресуге бет алған Абайды етектен тартып, алдын орап, қолын байлап, еркіне жібермеген бірлі-екілі кісі емес, көп адам, қаумалаған қараңғы ел-жұрт екенін осы сөздер анық аңғартады.

*Ес кіргелі тимеді ерік өзіме,  
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме,—*

дегенде ақын өзін де, өз басының кемшілігін жасырмай ашып айтып отыр десек те, сол заманды, ескі әдет-салты берік ұстаған ортаны көбірек сынайды.

Халық мүддесі үшін күресуге бел байлап, елді, жас-

тарды адал еңбек етуге, өнер үйренуге, білім-ғылым жолына түсуге шақыруды мақсат етіп қоймақ болған Абай осы ой-пікірін жалпы жұртқа жария етуге, солардың жүрегіне ұялатуға жарарлық бірден-бір күшті құрал — өлең сөз, ақындық өнер деп санайды. Бойындағы ақындық қуатын осы жолға жұмсау қажет деп түсінеді.

Бірақ өнімді еңбек етіп, көп оқып, талмай ізденіп, өзі де өлең жазып, айналасына өнеге етіп білім таратып, өнер шашып жүрген жылдарында да ел ішіндегі талас-тартысқа араласуға мәжбүр болады, ел тыныштығын сақтау үшін уақытын, күш-қайратын аямайды. Мұны ұлғайған кездегі жазған өлеңіндегі:

*Болды да партия,  
Ел іші жарылды.  
Дүремін мен тыя  
Дауың мен шарыңды,—*

деген секілді сөздерінен андай аламыз.

«Сегіз аяқ» атты өлеңінде Абай:

*Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Екі жаққа үңілдім.  
Құлағын салмас,  
Тіліңді алмас  
Көп наданнан түңілдім,  
Екі кеме құйрығын  
Ұста, жетсін бұйрығың,—*

дейтінін еске алсақ, осындағы «дүниені көздеп» деген сөздің мәнісі, әрине, мал тауып күн көрерлік жағдайды ойлау емес, халықтың қамын, ел тыныштығын сақтауға ұмтылған әрекетін айтқан десек керек.

Абайдың білімін тереңдетіп, ғылымды игеруге, орыс классиктерінің шығармаларын жүйелі түрде оқып, тереңірек білуге кіріскен уақыты — жасы 30-дан асқан кезі. Осы кезде ол Семейге жер аударылып келген Е. П. Михаэлиспен танысады.

Михаэлис Петербургте 60-жылдары студенттердің қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі болғаны үшін біраз жылдар айдауда Сібірде жүріп, кейінірек 1869 жылы Семейге келіп орналасқан. Абай 1870-жылы Семей кітапханасында Лев Толстойдың «Русский Вестник» журналында басылған романын сұрап тұрғанда Михаэлис онымен сөйлесіп, екеуі сол жерде танысқан деген дерек бар. Ал ондай кітапты оқу үшін орыстың әдеби тілін жақсы меңгерген адам болу керек екені анық. Бұл жылдары Абай қыс кезінде үш-төрт ай бойы Семейде жатып, кітапханадан әртүрлі кітаптар алып оқып жү-

реді. Сонда Михаэлиспен жиі кездесіп, әнгімелесіп, кенесетін болған. Жасынан Чернышевскийдің революциялық идеяларына көңіл бұрған, ғылымның әр саласынан хабары мол, әсіресе орыстың қоғамдық ой-пікірлерінен терең мағлұматы бар осы бір айрықша білімдар адаммен жақсы таныс жақын болуы Абайдың орыс әдебиеті, сыны, тарихы ғана емес, жалпы қоғамдық ғылымдар бойынша да көптеген құнды кітаптар оқуына ықпалы аз болмаса керек. Сонымен қатар бұлардың қарым-қатынасы Михаэлиске де пайдалы болғаны сөзсіз. Жергілікті халықтың — қазақтардың өмірін, тұрмыс-жағдайын жете білу оған да аса қажет еді. Михаэлис кейінірек Семейде құрылған Статистикалық Комитеттің хатшысы қызметін атқарып қазақ даласының шаруашылық, географиялық жағдайын зерттеуде елеулі еңбек еткенін ескерсек, оның Абайдан көп нәрсе естіп-білгені, үйренгені анық.

Абай Михаэлиспен достасып, аралас-құралас болып жүріп, Н. Долгополов, С. Гросс сияқты Семейге айдалып келген бірнеше адамдармен де жақын танысады. Бұлар жас кезінде революциялық қозғалысқа қатысып көзге түскен, ал кейін орыс мәдениеті мен ғылымына өз қадарынша елеулі үлес қосқан адамдар болды. Сондықтан олар Абайға орыс халқының өмір-тұрмысынан әр түрлі мағлұмат берген болса, соның өзі оның орыс мәдениетін, әдебиетін еркін игеруіне себін тигізген деуге лайық. Ал әдебиет, тарих, қоғамдық мәселелерді айтсақ, Абайдың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтіп, шырқау биікке көтерген, эрине, орыстың А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов, В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский, Л. Н. Толстой, Н. А. Некрасов, И. С. Тургенев, Е. Салтыков-Щедрин секілді ең көрнекті жазушы, қоғам қайраткерлерінің шығармаларын оқып, олардың озат ой-пікірлерімен тікелей танысуы екенін атап айтқан жөн. Абай сол замандағы орыстың қоғамдық ойының, әдебиетінің ең құнды жетістіктерін қадағалап, зерлеп білуге көп күш жұмсаған.

Тұтастай алып қарағанда Абайдың орыс әдебиетінен оқығаны, түйгені көп екені анық. Жоғарыда аталған «Русский Вестник» журналымен қатар, 1909 жылғы Абай өлендерінің жинағында берілген Кәкітай Ысқақұлының мақаласына қарағанда ақын Чернышевскийдің «Современник» журналында басылған әдеби шығармаларды оқып отырған.

Кәкітай бұларға қоса Абай еуропа ғалымдары Спенсердің, Луистін, Дрепердің еңбектерін, соның ішінде



«Позитивная философия», «История умственного развития Европы» деген сияқты кітаптарды оқығанын да айтады.

Бұл кезге дейін қазақ ақын, жыршылары шығыс халықтарының аңыз-ертегілерін, дастандарын қызықтап, ел арасына жыр ғып таратып келсе, енді орыс әдебиетін оқып, үйренуге, орыс ақын, жазушыларының шығармаларын насихаттауға көңіл бөліне бастады.

Әрине, шығыс халықтарының әдеби нұсқаларына құштарлық, ынта-ықылас та көбеймесе азайған жоқ. Үнді елінің ежелден белгілі «Панча-тантра» («Бес кітап»), арабтың «Калила мен Димна» секілді кітаптарынан бастап, «Мың бір түн», «Тоты — нама» әңгімелер жинағы, «Шаһнама», «Сейфул — Мәлік», «Таһир — Зухра», «Ләйлә — Мәжнүн» сияқты дастандар, Ескендір, Лұхман Хаким, Абу-али-Сино туралы аңыз-әңгімелер ауызша да баяндалып, өлең-жыр түрінде де насихатталып жатты. Алайда шығыстан келген сюжеттер көптен таныс, үйреншікті дүние секілді болса, орыс әдебиетінің шығармалары мүлде жаңа құбылыс еді. Қазақ елі мен көршілес орыс халқының арасында мәдени ауыс-түйіс бұрыннан орын алған еді десек те, орыс әдебиетінің қазақ мәдениетіне үлкен жаңа арна болып қосылуы осы кезде басталды. Орыс әдебиетін білуге, оны еркін игеруге ұмтылған Абай орыс ақын-жазушыларының шығармаларын тек қана өнерпаздықтың, көркемдік шеберліктің үлгісі деп қараған жоқ, айналадағы қоғамдық өмірді терең танып-түсінудің таптырмас құралы деп санады. Орыс жазушыларының шығармалары Ресейдің тарихынан, орыс халқының өмірінен хабардар болу үшін ғана емес, қазақ даласында әкімшілік жүргізіп отырған патша үкіметінің саясатын, ол саясатты жүзеге асырып отырған ұлық-чиновниктердің озбырлық іс-әрекеттерін білу үшін де қажет еді. Орыс классиктерінің шығармалары қазақ даласында озат адамгершілік идеялардың жаршысы бола алатыны көп оқып, көп тоқыған Абай назарынан тыс қалмағаны анық.

Абай ақын, ойшыл, композитор болып елге таныла бастаған кезде оның сөзіне, өнеріне құмартып алыс жерлерден келіп кездескен ақын, әнші, жыршылар аз болмаған. Олар Абайдың өлеңдерін, әндерін қазақ даласына бұрынғыдан да мол таратуға күш салған. Осындай Абай өлеңдерінің жер-жерге жайылуына өз үлестерін қосқан адамдар қатарында Мұхтар Әуезов атақты әнші-композитор Біржанды, Сара, Қуандық, Ажар секілді ақын қыздарды атаған.

дейтінін еске алсақ, өзі туралы ештемені асырып сөйлемейтін ақынның бұлай айтуында үлкен мағына бар екені талассыз. Абай «сөзім» дегенде өлеңдерін айтып отырғаны, «самородный сары алтын» деп анау-мынау сөзді атамайтыны және түсінікті, яғни, өлеңдерінің ел ішіне таралып, талай жұрттың кәдесіне асып жатқанын Абай жақсы білген.

Бұл кезде Абайдың айналасында талантты ақын, жыршы, әншілер топтасады. Олардың ішінде Шәкәрім, Көкбай, Әріп, Мұқа, Ақылбай, Кәкітай, Мағауия, ертекші Баймағамбет сияқты ақындық өнердің, өлең-жырдың, ән-күйдің қадір-қасиетін бағалай білетін дарынды адамдар аз болмаған. Сол ортадағы ол кездегі жас ақындар Абайдың ақыл-кеңесін естіп, тәлімін, тәрбиесін көргені анық. Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңіндегі ақындарға арналған сыны Шәкәрім, Көкбай, Әріп сөздеріне қатысты айтылған деген пікір бар екені белгілі. Және осы пікірдің негізі жоқ емес. Бірақ мәселе сол пікірдің қалай айтылғанында ғой. Шәкәрім, Көкбайларды кертартпа ақындар деп мүлде қате түсінік қалыптастыру мақсат етілген кездерде Абайдың сөздерін желеу етуге тырысып, оның мәнісін бұрмалап түсіндіру орын алды. Абайдың жас ақындарға айтқан сыны қамқорлығы да екені ескерілмеді. Мысалы: Шәкәрімнің «Кәрілік туралы» шығарған «Алпыстан әрі бармаңдар, Байқамай шал боп қалмаңдар» деп әзіл-қалжың араластыра айтатын өлеңі ақынның жас кезінде шығарылған. Абай шынында сондай өлеңді тілге тиек еткен болса, мәселе, аға ақынның алдымен өлең сөздің терең мағыналы, өнегелі өнер болуын қатты талап етіп отырғаны деп түсінуіміз жөн. Ал Абай Шәкәрімнің сирек кездесетін ақындық дарынын, ойшылдық қабілетін жете бағалай алмаған деп бүгінде ешкім айта қоймас. Жанындағы жас ақындарға іш тартып, өзімсініп, («інім, сізге» дейді емес пе?) ескерту айтқан десек, оның жөні бір басқа. Мысалы, Көкбай өз естеліктерінде бірде менің өлеңіме Абайдың көңілі толмап еді дегенді еш қысылмай, қымтырылмай айтқан ғой.

Абай әдебиетке мүлде жаңа міндет жүктеді. Ол өз поэзиясының тыңнан түлегенін («сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел») атап айта отырып, тыңдаушы (оқырман) қауымның да көркемдік, идеялық, эстетикалық түсінігі, талғамы, мәдениеті өсуін талап етті, мұны

өмірдің де, өнердің де қажеттілігі деп санады. Әдебиеттің өмірді түзетуге, өзгертуге шешуші үлес қосуын, белсенді қызмет етуін, идеялық-көркемдік құрал дәрежесінде биіктеуін уақыттың үлкен де шешуші талабы ретінде ұсынды.

Абай шын мәніндегі халық ақыны, ұлттық ақын болды. Өйткені, В. Г. Белинский атап көрсеткендей, «ақын неғұрлым зор болған сайын, ол солғұрлым ұлттық ақын болып табылады, өйткені ұлттық қасиеттер оған неғұрлым жақын». Абай қандай нәрсе туралы айтса да, адамдарды пайдалы еңбекпен шұғылдануға, білім алуға шақырса да, өнерге шын пейілмен қарауды жақтаса да, бүтіндей бір әлеуметтік топтың немесе жеке адамның кемшіліктерін сынаса да, табиғат көріністерін суреттесе де, осының бәрінен оның халық рухын, халық бұқарасының талап-тілегін, мұқтажы мен мүддесін жақсы түсінетіндігі айқын көрінеді.

\* \* \*

Ұлы ақынды заман туғызады дейміз. Бұл ап-айқын, үйреншікті қағида көрінгенімен, зер салып қарастыруды қажет ететін өте күрделі мәселе. Бір дәуірде, тіпті бір ортада өмір сүрген ақындардың да суреткерлік деңгейі, ақыл парасатының көтерілген биігі әрқелкі болатынын дәлелдеп жату артық. Заман, қоғамдық жағдай — ақын, жазушы творчествосының өмірлік тірегі, негізі, түп тамыры. Ал ақынның өз заманымен, қоғам өмірімен қатынас-байланысы, жалпы дүние-болмыстан алатын әсерлері сан алуан, оны бірнеше нақтылы жай-жағдайлармен шектеуге, бір жақты, тар көлемде түсінуге болмайды. Басты мәселе Абай халықтың түбегейлі мүддесін, арман-тілектерін қаншалықты терең ұғып-түсініп, қандай ойшылдық деңгейде, қандай көркемдік қуаттылықпен айтып жеткізе алғандығында. Ақын үлкен творчестволық тұлға болып қалыптасып, жетіліп кемеліне келуі үшін тиісті қоғамдық жағдай, аса зор дарын мен даналық, үздіксіз еңбек, ізденіс — міне осылардың түйісіп келуі шарт. Абайдың өзгеден озықтығы әдеби ықпал-әсерлерден болды деген де аз айтылған жоқ. Бірақ оны айтқанда, қандай да болсын әсер алуы ақынның өз бойындағы қасиеттерінің, өз ізденістерінің маңыздылығына байланысты екенін естен шығармаған жөн. Ақынның өнерпаздық жолын, шығармаларын сөз қылғанда алдымен осы аталған жайларға көбірек мән беріп, толық, айқын ашып көрсету қажет.

Творчестволық процестің қызықты, тіпті ғажайып дерліктей сырлары көп болса да, қатардағы, қарапайым ақынның өнеріне ешкім таңдана қоймас. Таңданса, өзгеден мойны озық, сирек кездесетін үлкен дарын иесіне таңданады. Аласа, төбесі көрініп тұрған таудың да, асқар таудың, шырқау шынның да жаралу, жасалу заңдылығы бірдей, бір-біріне ұқсас екені талассыз ғой. Шығармашылық өнер дегеннің де табиғаты, түп тамыры бірдей болса да, қайталанбас, біртуар ақын тұлғасының сыр-сипаты бөлек, аса зор дарындылықты, өзгеше даналықты танытады. Сондықтан кім де болсын, ұлы ақынның өнерпаздығына тән қасиеттерге еріксіз таңданады. Ұлы ақын, әрбір сирек кездесетін өнерпаздың тұлғасы қашан да ғажайып құбылыс болып көрінетіні түсінікті. Бірақ таңдану да әр қилы. Бір кезде орын алған қазақ сахарасында, қапас заманда, қараңғы ортада аса зор өнер иесі, дана адам қалай туды деп таң қалу қазақ өмірін жете білмеудің, көшпелі елдің мәдени байлығын, халықтың даналығын, өнерпаздығын бағалай алмаудың нәтижесі болатын.

Абай сөзін тексерушілер, сынаушылар ол ғұмыр кешкен дәуірдегі қоғамдық өмірге, халық тағдырына өз көзқарасын, өз білген-түйгенін таразының бір жағына салып, ақынның шығармаларындағы тарихи шындық мынадай деп, оны таразының екінші басына салғандай болса, өз білгені салмақтырақ, яғни, дәлірек көрінуі қиын емес. Кейбір бұрынғы еңбектерде осындай, не осыған ұқсас тәсіл қолданылғанын жасырмасақ та болар.

Ал шынында да дәуір талабы, қоғам өмірінің шындығы жазушы шығармашылығында қалай көрінген дегенде, қалыптасқан зерттеу әдісі бойынша әдетте сол замандағы әлеуметтік, адамгершілік идеялар қандай еді дегенді айтып, әдеби шығармалар солардың деңгейіне көтерілуіне қарай бағаланады. Әрине, мұның дұрыстық жағы да жоқ емес. Алайда әдебиеттегі, сөз өнеріндегі көркемдік шындықтың өз ерекшеліктерін, заңдылықтарын ескермей, әдеби шығармаларды тек пікір-идеялардың жиынтығы, солардың бейнелі түрде көрініс табуы деп қарауға болмайды. Осылай қараған күннің өзінде әдебиеттегі көркемдік шындықты өмірдегі шындықпен, нақтылы жағдайлармен тікелей салыстыра бағалау да үнемі ұтымды, жеткілікті болып шықпайды. Ой-пікірді дұрыс бағалау үшін оны басқадай нәрсе емес, өзге бір ой-пікірлермен салыстыру да қажет екенін философтар, эстетика мамандары тегін айтпаса керек. Ақын-жазушы қандай да бір заманның шындығын

дәл, терең көрсеткен деп бағалаудағы қолданылатын тәсіл, соны айқындауға, таразылауға өлшеуіш болатын белгілер де жүйеге түсірілмеген. Негізгі қолданылатын тәсіл, біз жоғарыда айтқандай, тарихи шындық мынау еді деп, қалыптасқан көзқарасты негізге алып, жазушының ой-пікірлері, қорытынды түйіндері соған сәйкес пе, жоқ па деген тұрғыдан бағаланады. Бұл қалыптасқан тарихи түсінікті, дұрысырақ айтқанда зерттеушінің өзі жасаған қорытынды-байламдарды әдеби шығармалардағы көркемдік шындықтан жоғары қоюға әкеліп соғады. Сонда қалай, әдеби шығармаға сын көзімен қарау керек пе, әрине, керек. Бірақ оның да шегі бар. Абайдың дүниетанымын, ой-пікірлерін өзге ой-пікірлермен салыстыру дегенге оралсақ, акын өзінің алдындағы, өзімен қатарлас әдебиет қайраткерлерінен қоғамдық өмір құбылыстарын, маңызды әлеуметтік мәселелерді қаншалық терең, толығырақ түсінгенін ойластыру, сөзсіз қажет. Қоғам өміріндегі түйінді, көкейкесті мәселелерді терең толғаған, шебер бейнелеген Абайдан басқа да қазақ ақындары аз болған жоқ. Солардың бәрінен Абайдың асып түсіп тұрғаны оның шығармаларынан көрінетін өмір шындығы аса терең болғандықтан. Сонымен бірге Абайдың өмір құбылыстарын түсінуі, бағалауы, бейнелеп суреттеуі де өзгеше, ой-пікірлері, мақсат-нысанасы әлдеқайда озық. Бұдан Абай шығармашылығының осы жақтарын акын шығармаларын талдағанда неғұрлым толық, нақтылы түрде ашып көрсету қажеттігі келіп туады. Әдеби шығарманы тек онда айтылған ой-пікірлер тұрғысынан қарап бағалаудың тағы бір осал жағы — көркем шығармадан бөліп алып, ондағы ой мен сезім-әсер жалғастығын еске алмаған соң, олардың өзі жай, жалпылама, жадағай пікірлер болады да шығады. Ақынның өмір құбылысына қатысы, тебіренісі, сезімінің қуаттылығы арқылы айтқан ой-пікірінің де нәрленіп, өзгеше сипат алып шығатыны ескерілмей қалады.

Абайды ойшыл, қайраткер ретінде қалайда қатып қалған қағидалардың шеңберіне сиғызуға тырысқандық кейін де кездесіп жүр. Мысалы, Абай — ағартушы-реалист, немесе, ағартушы-ойшыл деп, және осыны ол тек білім-ғылымды ғана қоғамдық өмірдің тірегі, өмірді өзгертетін күш сол ғана деп санаған дегендей түсінік те жоқ емес. Абайды ағартушы дегенде орыс қоғамында, немесе Еуропа елдерінде бір-екі ғасыр бұрын болған ағартушылық ағымға, қоғамдық ой-пікірлерге байланысты қарастыру ешбір қисынға келмейді. Абай әдебиет

әлемінде көрінген кезде орыс мәдениеті мен әдебиеті бұрынғыдан бірнеше саты көтерілгенін, онда реалистік және сыншыл реалистік бағыттар дамып, өркендегенін, қоғамдық ой-пікірлер, адамгершілік идеялардың да өрісі биіктегенін ескерсек, ол осы жаңа замандағы озат ой-пікірлерге, әдеби ізденістерге көз салғаны, солардың деңгейінен көтерілуге ұмтылғаны айқын емес пе? Абайдың қоғамдық мұрат-нысанасы туралы айтқанда, ол адамгершілікті, әділдікті насихаттап, елді адал еңбек етуге шақырып, білім-ғылымды, өнерді халықтың қажетіне жаратуға алдымен мән бергенін естен шығармау қажет.

Абай — қазақтың жаңа реалистік жазбаша поэзиясының, әдебиетінің негізін салды. Әрине, Абай реализмінің мәнісін, мәнін терең түсіну қажет. Оны жай ғана өмір шындығын көрсету, бейнелеу деп ұғу аздық қылады. Бұл жерде өмір шындығын көрсету дегеннің өзі қандай мағынада айтылатынын айқындап алу шарт. Кең мағынада алсақ, қандай поэзия болса да, онда өмірдің елесі бар, қандай ақын болсын, қалайда өмір шындығын өз түсінігінше, өз деңгейінде ашып көрсетуге тырысады. Біз реализм дегенде, әсіресе, Абай реализмі дегенде, шыншылдықты көркемдік принцип етіп қолдануды айтамыз. Абай реализмінің көркемдік әдіс ретіндегі ең басты өзгешеліктері алдымен айналадағы өмір, болмысты, қоғамдық құбылыстарды мейлінше кең қамтып, нақтылы бейнелеу, ел тағдырына, өміріне қатысты ең маңызды әлеуметтік мәселелерді халықтық мүдде, озат арман-мақсаттар тұрғысынан толғай білу дейміз. Яғни, көркемдік шыншылдық, шынайылық әдебиеттегі халықтық принциппен, озат идеялылықпен ұштасып келетінін атап айтамыз. Әрине, ақын творчествосының идеялық жағынан құндылығын оның әр шығармасында тек өсиет, насихат айтып, ізгілікті мадақтап, кем-кетікті мінепсынау тұрғысынан бағалау мәселеге үстірт қарағандық болар еді. Сондай-ақ, ақын шығармаларындағы шынайылық бірыңғай тек өмірде бар нәрсені, жай-жағдайды тек сол бар қалпында алып, сырттай ұқсастық сактап, сөзбен көшірмелеу емес екені де түсінікті.

Реализмге не нәрсенің, қандай құбылыстың болсын, нақтылы сипат-белгілерін тани алатын алғырлық, сезімталдық қаншалық қажет болса, солардың ішкі сырын, мән-мағынасын, терең ашып, кеңінен тұжырымдап, типтік қасиеттерді, ерекшеліктерді жинақтап түйіндей білетін көрегендік те соншалықты қажет. Сонымен қатар реализмге асқақ ой, терең сезімнен туындайтын көркем-

дік қиял да, әсірелеп, тұспалдап айту сияқты тәсілдерді ұтымды пайдаланатын көркемдік шарттылық та жат емес. Бір шығармада нақтылы өмір құбылысы, көзге айқын елестерліктей сурет-көрініс дәл бейнеленсе, тағы бір шығарма әдемі қиялға негізделгендіктен күнделікті өмір-тұрмыстың көрінісі болмай, өмірдің бір шағылған сәулесі, елең еткізетін елесі, немесе, құлаққа жағымды естілетін жаңғырығы секілді ғана әсер беруі де ықтимал. Абай шығармаларында көркемдік шарттылық та, көркемдік қиял да шыншылдықпен жанасымды келеді, өмір шындығын терең, әсерлі бейнелеуге қызмет етеді. Еш жасандылығы жоқ, жарасымын толық тапқан. Осыны айта отырып, оның шығармаларының әрқайсысында өмір шындығы әр қырынан көрінетінін, алынған тақырып, айтылған ой, ақынның көңіл күйі, жан сезімі әр түрлі нақтылы көркемдік шешімін табатынын ескеру қажет. Шынайылық тұрғысынан да, идеялылығы тұрғысынан да әр поэзиялық шығармаға әр түрлі өлшеммен келіп, жанрлық, тақырыптық, композициялық өзгешелігіне сәйкес талап қойсақ болар. Ал енді Абай творчествосын тұтас алып қарап, оның шыншылдық қасиеті, идеялық құндылығы неде дегенде, жеке шығармаларға тән сипат-белгілерді емес, барлық шығармаларына ортақ ең басты өзгешелікке назар аударған жөн. Бұл орайда ақын поэзиясының қоғам өмірімен, халықтың ұлттық ой-санасымен тығыз байланысы, тамырластығы, және оның өмір құбылыстарын биік адамгершілік идеялары тұрғысынан шебер бейнелеуге негізделген зор танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәні алдымен айтылуға тиіс. Ақын бүкіл бір тарихи дәуірдің тынысын айқын аңғартып, аса маңызды әлеуметтік мәселелерді терең толғайды. Осы кең мағынасында Абайдың барлық шығармасынан заман шындығын, сан алуан өмір құбылыстарының кескін-бейнесін айқын көре аламыз.

Абай поэзиясы ақын өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді жан-жақты, барынша толық бейнелеп берді дейміз. Бірақ ақын творчествосы жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының, ой-сана, ұғым-түсініктердің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқанын, түп тамыры әріде жатқанын ескерсең, Абай поэзиясы қоғам көшіндегі бір елеулі кезенді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттық мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білді деген жөн.

Ал қоғам өміріндегі көптеген адамгершілік, моральдық проблемалардың, мысалы, әділдік, бірлік, достық, еңбексүйгіштік, талаптылық, адалдық, солармен қатар озбырлыққа, жауыздыққа, екіжүзділікке төзбеушілік секілді сан түрлі мінез-құлық мәселелері қай заманда да мәнін жоймайтындығын және қанша заман ауысып, уақыт, жағдай өзгерді дегенмен халықтың ұлттық ерекшеліктері, адамгершілік қасиеттері жаңғырып жаңаша сипат ала отырып, жалғастық тауып өрістеп, дами беретінін ескерсек, Абай поэзиясы кейінгі дәуірлердің, соның ішінде бүгінгі замандағы өмір шындығын танып-білуге үлкен себін тигізе алатынын мойындауымыз керек. Олай болса Абай творчествосын өз дәуірінің шеңберінде ғана қалатын, осы мағынада біз үшін тек тарихи маңызы бар, өткінші құбылыс деп санауға болмайды, ол — заман ауысып, уақыт озған сайын қоғамдық ой-санаға ықпал-әсері арта түсіп, өркендеп, дамып отыратын асыл мұра.

Абай творчествосын түгелдей алып талқылағанда, жеке шығармаларын талқылағанда да екі түрлі талдау принципін дұрыс ұштастыра білу шарт. Оның бірі — тарихи принцип, яғни, ақын шығармаларын туғызған заман, қоғамдық орта, элеуметтік жағдаймен байланыстыра қарау болса, екіншісі — бүгінгі заман тұрғысынан қарап, қазіргі моральдық ұғым-түсінік, идеалдарға үйлестіре қарап бағалау. Абай творчествосы өз заманының түпкі, түбегейлі қоғамдық мүдделерін, арман-мұраттарын бейнелейді. Оны келесі тарихи кезендермен, біздің заманымызбен жақындастыратын да — осы озат арман-мұраттар, шынайы құнды асыл мұраның кейінгі ұрпақтарға мирас болып қала беретін өміршендігі, тарихи-әдеби дамудың үзілмейтін, ұласа беретін жалғастығы.

Тарихи принцип Абай творчествосының сол дәуірдегі қоғамдық өмірмен тамырластығын танып-білудің бірден-бір қажетті шарты екенін мойындай отырып, ақын шығармаларын бүгінгі оқырмандар қалайда өздерінің өмірге көзқарасы, арман-мұраттарымен жалғастыра, жанастыра қабылдайтынын да жоққа шығара алмаймыз. Ендеше зерттеу еңбектерде екінші принципті де қолдану қажеттігі туады. Яғни, Абай шығармаларының қазіргі қоғамдық өмірде қандай орын алатынына, ой-санамызға қандай әсер беретініне, танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәнін айқындауға да көңіл аудармай болмайды. Осы бір-бірімен тығыз байланысты екі принциптің біреуіне ғана назар аударылып, екіншісі еленбе-



се, ол мәселені жан-жақты байыптау мүмкіндігін шектейді, қалайда үстіртін, жеңіл қорытынды-түйін жасауға әкеліп соғады. Абай творчествосының өз заманымен, сол кездегі қоғамдық өмірмен байланысын, сол кезде қандай зор танымдық, тәрбиелік міндет атқарғанын, сөз өнеріне не жаңалық әкелгенін толық түсінсек, сонда ғана біз оның кейінгі кезеңдерде, қазіргі заманда қоғамдық ой-сананың, әдебиеттің өркендеуіне қандай ықпал жасап келе жатқанын толық аңғара аламыз. Сондай-ақ, ақын мұрасының өміршендігін, заман озған сайын маңызы, әсері қаншалықты күшейе түскенін зер салып байыптасақ, оның өз заманының озық тілек-мақсаттарына сәйкес тарихи өмірдің өзі туғызған бастапқы сипат-қасиеттерін айқынырақ тани аламыз.

\* \* \*

Лириканы түсіну-пайымдауындағы үлкен және жиі кездесетін қателік — ақын өз атынан айтқанның бәрін тек өзі туралы, өз басы жайында айтып отыр деп қарау, ол болғанды ғана емес, болатынды да, өзіне ғана емес, өзгеге де тән көңіл күйін сезіне, айта алатынын ескермеушілік. Асылында, лирикалық шығармада ақын өмірде болатын жай-жағдайды, адамның сезім күйін қалайда жинақтап сипаттауға ұмтылады. Абай да сыршылдық өлеңдерінде өз көңіл күйін бейнелеп отырса да, ешқандай нақтылы деректер келтіруге әуестенбейтіні тегін емес.

Абайдың өлеңдері туралы айтқанда, лирикалық поэзияның өзгешелігін естен шығармауымыз керек. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады. Оған тартымды күш-қуат дарытатын — алғыр оймен суарылған жалынды сезім. Өмір, дүние, адам тағдыры жайлы үлкен толғаныстан тұмаған, жай сезімшілдік поэзияны жандандыра алмайды.

Лирикалық поэзияға жан беретін — көркемдік ойдың қуаттылығы, сезімнің оттылығы, нәзіктігі. Лириканың басқа жанрлардан, айталық, сан алуан адамдардың қарым-қатынасын, қоғамдық тартыс-шиеленісті баяндайтын көлемді, оқиғалы шығармадан айырмасы да, өзіндік артықшылығы да, міне, осында.

Егер эпостық шығарманың ең басты ерекшелігі уақиғаның қалай баяндалып, суреттелетініне байланысты болатын болса, лирикалық шығарманың күші, қуаттылығы алдымен адамның көңіл-күйін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасып жатады. Адамның жан сезімін,

көңіл-күйін тікелей, лирикаға тән ерекше сыршылдықпен суреттеп, айтып жеткізудің ұтымдылығы өмір құбылыстарын айрықша сергектік, сезімталдықпен қабылдаудан, сезім-әсер байлығынан туады.

Лирикалық шығармада негізінен алғанда жеке адамның көңіл-күйі, сезімі суреттелетіні белгілі, ақын көбінесе өз жайын, өзінің айналадағы өмірге, әр түрлі құбылыс-жағдайларға көз қарасын сипаттайды. Бірақ ақын өз жайын, өз басының мұңын, өзінің арманын, қуаныш сезімін жыр етсе де, ол қалайда халықтың тағдырын, қайғы-мұңын, күйзелісін, қуаныш-шаттығын, тілек-мақсаттарын көрсетеді. В. Г. Белинскийдің «ұлы ақын өзі жайлы, өзінің жеке басы жайлы айтса да, көптің тағдырын, адамзат жайын сөз етеді»—деуі тегін айтылмаған.

Нағыз лирикалық туындылар жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді. Лирикалық қаһарманның ой сезімі, тағдыры өз заманының арман-мүддесі, тілек-талаптарымен неғұрлым терең байланысты суреттелсе, соғұрлым ол типтік қасиеттері мол, сомдап жасалған ірі тұлғаға айналып, дәуірдің көрнекті өкілі болып шығады. Лирикалық поэзияның осы ерекшеліктері Абай өлеңдерінен мейлінше толық көрінеді. Абай лирикасынан ақынның көңіл күйін, жан дүниесін, толғанысын сезініп қана қоймаймыз, сол арқылы қазақ қоғамына, жалпы адам баласына тән сипаттарды, дәуір, заман келбетін танытатын қасиет-белгілерді молынан табамыз.

Лирикалық поэзияның өзгешелігі туралы айтқанда Ахмет Байтұрсыновтың мына сөзі ойға оралады: «Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін-мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып шер тарқату үшін толғайды. Екінші ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды... ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай білуде»\*

Поэзиялық шығармада ойдың, сезімнің мағыналығымен қоса бейнелілігінің, көркемділігінің мәні зор. Әр сөздің мазмұн-мағынасымен бірге ырғақ-әуезділігі де оқушыға үлкен әсер етеді. Сөз өнеріне, әдеби шығармаларға тән ойдан шығару, әсірелеу, көркемдік шарт-

\* Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. А., 1989. 226-бет.

тылық та поэзияда өзінше сипат алады. Ақын өзінің ой-сезімін барлық өлеңде біркелкі өз атынан тура айтпай, кейде кейіпкердің, яғни, өзі сипаттап отырған басқа біреудің сөйлеуі — монологы арқылы, немесе, біреуді мінездеу арқылы жеткізуі де кездесіп отырады. Ақын, автор ойын өз атынан айтқанның өзінде де, әр түрлі баяндау, суреттеу тәсілдерін қолдана алады. Ақынның бейнесі сөздің мән-мағынасы арқылы да өлеңнің көркемдік тәсілдер арқылы нақтылы көрініс табады. Поэлады.

Ақын бейнесі әр өлеңде әр қырынан, әр түрлі көркемдік тәсілдер арқылы нақтылы көрініс табады. Поэзияда ақын тұлғасы көбінесе жинақталған лирикалық бейне қалпында көрінеді. Үйткені ақын өлеңінде үнемі басынан кешкенді, өзі көрген, немесе, өз өмірінде болған жайларды ғана айтпайды, болатынды, болуы мүмкін жайларды да айтады. Сондықтан өлеңдегі лирикалық тұлға автордың, ақынның бейнесін танытады дей отырып, ол оның поэзиядағы көркемдік көрінісі екенін ұмытпау қажет. Екеуінің түпкі негізі бір, мүлде ажыратып, бөліп алуға келе бермейді десек те, осыларды екі түрлі ұғым деп түсінген жөн. Бұл жерде басқаны былай, қойып, лирикалық тұлға әсіресе сыршылдық сипаттағы және ой-толғаныс түріндегі өлеңдерде айқын бой көрсетсе, ал ақынның, автордың бейнесі лирикалық тұлға арқылы да, сонымен бірге қандай да бір басқа адамды мінездеу, соның өзін сөйлету, ал сюжетті поэзиялық шығармада уақиғаны баяндау арқылы да танылатынын айтсақ та жеткілікті. Осындай лирикалық тұлғаны зерттеу еңбектерде лирикалық қаһарман деп те атайды. Лирикалық қаһарманның басты ерекшелігін айқындайтын ақынның қоғамдық, эстетикалық мұраттары, идеялары, өмір құбылыстарын, дәуірді, халық тағдырын өзінше түсініп-сезінуі. Сүйтіп, лирикалық қаһарман деген ұғым ақынның көптеген шығармаларында ой-сезім дүниесінің, мақсат-мұраттардың бірлік-тұтастығын танытады. Кейбір шығармалар оның жан дүниесін бір-қырынан, ой-сезімдерінің, толғаныстарының белгілі бір кезеңін көрсететіні айқындала түседі. Жекеленген шығармада лирикалық қаһарман бейнесі бір қырынан көрінетініне табиғат лирикасының кейбір үлгілері мысал бола алады. Біз бұлардан лирикалық қаһарманның табиғат сұлулығын қалай сезінетінін әсіресе айқын байқаймыз. Бұл айтылған пікірді табиғатты, немесе, махаббатты жырлайтын шығармада лирикалық қаһарман үнемі бір жақты, тар көлемде көрінеді деп

түсіну дұрыс болмайды. Лирикалық шығармада көбіне-көп күрделі қоғамдық ой-пікірлер ақынның жеке адамға деген жылы сезімі, не болмаса назары түскен табиғаттың бір көрінісін сезінуі — бәрі тығыз байланысып жатады. Мәселе тек қай шығармада қай жағы басым келетінін ескеруде. Сонымен бірге лирикалық қаһарманның бейнесі мейлінше толық, жан-жақты қалпында ақынның бір ғана емес, көптеген туындылары арқылы бой көрсететінін әр уақытта есте сақтау керек.

Абай шығармаларында алдымен мейлінше мол, әр қырынан көрінетін, әрине, ақынның өз бейнесі, өз тұлғасы. Лирик-ақын қоғам өмірінің шындығын өз көңіл-күйін білдіру арқылы, өз сезім толқыныстары, ой-толғамдары арқылы танытады. Ақынның өз тұлға-бейнесі оны тебіrentкен ой-сезімдерден, айтылып, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайларға, қоғамдық мәселелерге, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның қатынасынан, берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты толық көрінісін табады.

Ақын бейнесі дегеніміздің өзі де ылғи бір қалыпта, біркелкі сипатта көрінбейді, әр қырынан, әр жағынан ашылып отырады. Көптеген өлеңдерінде ақын өз көңіл-күйін тікелей білдіріп, ойын тура айтады. Өлеңдері кейде сұхбат, сырласу, кейде насихат, кейде ойға шому, ой толғау түрінде әр алуан болып келсе, ал кейде ақын өлеңін өз атынан, бірінші жақтан айтқанымен өмірге жинақталып жасалған лирикалық тұлғаның көзімен қарайтыны байқалады. Поэзияда ақын өмірде болғанды ғана емес, болатын, болуы мүмкін жайларды жинақтап, шындыққа сәйкестендіріп айтатындықтан өлеңдегі ақынның бейнесі кейде осындай лирикалық тұлға қалпында көрінеді. Әрине, лирикалық тұлғаны ақынның өз бейнесінен мүлде бөлектеп, ажыратып алу қиын, бірақ одан өзіндік айырмасы барлығын көрмеуге болмайды. Сол айырманы ескеріп, ақын өмірде болмаған, бірақ болатын, болуы мүмкін шындық жағдайды өз атынан айтса, мұнда өзіндік көркемдік заңдылық бар екенін ұмытпау қажет. Айталық, «Сен мені не етесің?» деген өлеңнен осындай лирикалық тұлға айқын бой көрсетеді. Сондықтан осы өлеңдегі сөздерді, мысалы:

*Ажал уақыты*

*Жетті,*

*Мен өлейін, сен-ақ сау бол!—*

дегенді біреуге ақын өзі айтып отыр екен деп түсінуден

гөрі, бұл жинақталған лирикалық тұлғаның атынан айтылған сөз деп түсінген жөн.

Әрине, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», немесе «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» дегендей тікелей өзі туралы айтатын кезі де аз емес. Оны ажырату үшін өлеңнің жанрлық өзгешелігіне, ой-сезім ағынының ретіне зер салсақ болғаны. Сонда олардың айырмасын байқау аса қиынға соқпайды.

Ал ақын бейнесінің басқа қырларына келсек, кейде ол нақтылы бір жайды, жағдайды айтушы, баяндаушы ретінде көбірек көрінеді. Мысал үшін «Байлар жүр жиган малын қорғалатып», «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап», «Асқа, тойға баратұғын» сияқты өлеңдерді атауға болады.

Кейде ақын өлеңінде басқа адамның көңіл күйін суреттейді. Мысалы, «Қызарып, сұрланып» өлеңінде ғашық жастардың махаббат сезімі өз шындығымен алдымен көрініс тауып, оны сипаттап жеткізген ақын бейнесі алға шығарылмай, тасада тұрады. Сондай-ақ табиғатты суреттейтін өлеңдерде де ақын — көбіне-көп баяндаушы, бейнелеп айтушы. Оның өзінің табиғат құбылыстарын қалай сезінетіні айқын, анық аңғарылып отырса да, алдымен көзге көрінетін нәрсе — табиғат көркі, табиғат аясындағы елдің өмір-тұрмысы. Адамның портреті, мысалы, сұлу қыздың пішіні, бой сымбатын суреттейтін өлеңдер жайлы айтсақ та, ақын өзі сол портретті мүсіндеуші дейміз. Ал тағы бір алуан өлеңдерінде ақын нақтылы бір кейіпкерді, мысалы, болысты сөйлету арқылы ойын білдіреді. «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі» атты хат түріндегі өлеңдер де осы іспеттес.

Кейбір біреуге қаратып айтылған, сонымен тілдескендей етіп берілетін өлеңдерде де (мысалы, «Күлембайға» (Уағалайкүмүссәләм) сол басқа адамды сипаттау жағы басым келеді. Сонымен қатар Абай өлеңдерінен кейбір жекелеп алынып бейнеленген кейіпкерлермен қатар аты аталып, түсі түстелмесе де, мінезі, әрекеті, ниеті айқын сипатталып, жинақтап бейнеленген сан алуан кейіпкерлер — әр түрлі топтың өкілдері, әр қилы мінезді адамдар үнемі бой көрсетіп отырады. Оларды ақын кейбір өлеңдерінде бай, би, болыс, кедей, жалшы, жарлы, саудагер, атқа мінгендер деген сияқты топтап айтса, бірталай өлеңдерінде білімді, талапты («Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез»), ақылды («Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек»), оқыған («Оқыған білер әр сөзді»), өнерпаз (Өнерпаз болсаң, арқалан»), ер («Ер кісі ақылға ермек, бойды жеңбек»),

есті («Естілер де ісіне қуанбай жүр»), немесе, надан («Наданға арам ақылды құлаққа ілмек»), білімсіз («Өмірдің өрін тауысып, білімсізбен алысып»), ақылсыз («Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек»), өнерсіз («Өнерсіздің қылығы өле көрмек»), ез («Асаған, ұртағанға ез қуанар»), пысық («Пысық кім деп сұрасаң — қалаға шапса дем алмай, Өтірік арыз көп берсе...») деген сияқты ғып атап, топтап мінездейді.

Халықтың ой-санасында ертеден қалыптасқан кісіні адамгершілік тұрғысынан бағалап, даралайтын жақсы мен жаман деген секілді ұғымдарды да Абай жаңаша мағына беріп, орынды пайдаланады. Мысалы:

*Жақсыға айтсаң, жаны еріп,  
Ұғар көңіл шын беріп...  
Жамандар адал еңбек қыла алмай жүр.*

Кейде топтап айту үшін біреу («Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда»), әркім («Әркім жүр алар жердің ебін қамдап»), кейбіреуі (кейбіреуі — законшік), кейбірі (кейбірі пірге қол берген) деген сияқты сөздерді де қолданады. Тіпті сөзін тындаушыларға қаратып айтып, сен, сендер, өздерің деп отырып, көпшілікті мінездей, сипаттап кететіні де кездеседі. Мысалы:

*Жұмыссыз сандал,  
Еріксіз малды ал,  
Деген кім бар сендерге?*

Топтап сипаттаудың ең көлемді, ауқымды түрі ел, жұртты айтып, көпшілікті, бүтін бір қауымды мінездеуі болса керек. Мысалы:

*Ел аңдып сені,  
Сен аңдып оны,  
Қылт еткізбей бағып көр.*  
*Әринемен ел кетті,  
Қоқиланды, мақтанды.*  
*Төңкеріліп құбылған жұрт бір сағым...*  
*Сендерге де қанықпын,  
Жұртың анау баяғы.*

Ел, жұрт деген ұғымдарды Абай қалың ел, қазақ жұрты, халық деген кең мағынасында алып, бүкіл халықты тұтас алып мінездеу үшін де қолданады. Мысал үшін «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»,— деп басталатын өлеңді еске түсірсек жеткілікті. Ал кең мағынасында халық бейнесі бұған қоса жоғарыда айтылған сан алуан топтардың өкілдерінен, әр түрлі мінез, іс-

әрекеттердің несі болып көрінетін адамдардан жинақталып, қосыла келе толық көрінісін табады. Олардың бәрі бірдей жеке алғанда толық тұлға болмаса да, қатқабат мол өмір тартысын бейнелейтін кесек, көркем шығармадағы әр жерден бір қылаң беріп қалатын жанама, өткінші ұсақ кейіпкерге ұқсаса да, жиылып, көбейе түскенде қалың қауым, халық туралы түсінігімізді толықтыруға себін тигізеді.

Ендеше Абай поэзиясында кездесетін көптеген кейіпкерлер мен топтардың мінез-қылығын, әдет-әрекетін талдап, саралап танумен бірге өзара байланыстыру да қажет.

Әрине, ақынның поэзиядағы тұлға-бейнесі мен халық бейнесі деген ұғымдардың арасында да жалғастық, сабақтастық жоқ емес. Ақын бейнесінің өзгешелігі алдымен оның халықтың өмірін, тағдырын қалай түсіне білетініне байланысты. Ақын өзі туралы айта отырып ел жайын толғайды, халық туралы айтады. Ұлы ақын өзі жайлы, өзінің жеке басы туралы айтқанда да, жалпыға ортақ жайларды айтады, бүкіл адамзат тағдырын ойлап толғанады.

Ақынның поэзиядағы өз тұлға бейнесі арқылы біз оның өзі өмір сүрген заманды қалай танитынын, халықтың мүддесін, арман-тілегін қалай түсінетінін көреміз. Халық өмірінің, заман келбетінің поэзиядағы көрінісі арқылы ақын бейнесін айқынырақ сезіне түсеміз. Жинақтап айтқанда, осының бәрінен сол дәуірдегі қазақ өмірінің мол шындығын табамыз.

\* \* \*

Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол — керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері. Сонымен бірге біз Абайды ойшыл ақын дейміз. Мұны алдымен ақынның өмір құбылыстарын терең толғап айту жағы басым келетін өлеңдеріне қатысты айтсақ, сонымен қатар өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымы көбірек көрінетін өлеңдеріне қатысты, яғни ойшыл-философ ақын деген мағынада айтамыз.

Қай ақын болсын халық даналығынан сусындайды, сөз байлығы, өнерпаздық үлгісінен үйреніп нәрленеді. Абайдың жаңашылдығын айту үшін оны бұрынғы ақындардан алшақтатып әкету, тіпті оларға қарама-қарсы қою дұрыс емес. Мұның өзі біздің әдебиет-тануымыздағы орын алып келген бұрынғыны жете бағаламаудың,

ол аз болса, кейде мүлде жоққа шығарудың бір көрінісі еді.

Ақын неғұрлым ірі дара тұлға болса, жаңашыл болса, солғұрлым өзгелерден оқшауланып көрінеді, қандайда қалыптасқан әдеби дәстүрлерден, халық поэзиясының үлгі-өрнектерінен де алшақтау тұрады деген ұғым бар екені байқалады. Бір қарағанда бұлай ойлаудың қисыны да жоқ емес секілді. Сирек ұшырайтын, қайталанбайтын үлкен дарын иесінің бойынан басқа ақындарға ұқсас белгілер табу оңай емес. Оның алдындағы ақындармен, әдеби дәстүрлер жалғастығы да байқала бермейді, ал өзгешелігі, ешкімде кездеспейтін өзіндік сипаты айқын көрінеді. Алайда осыған қарап ондай ақынды әдеби дәстүрден, халық поэзиясының дәстүрлерінен алшақтатсақ, мұның өзі оны тарихи-әдеби процестен бөлек алып қарау деген болар еді. Әрине, мәселе әдеби дәстүрлермен сырттай жақындықта, ұсақ ұқсастықтарда емес, іштей жалғастықта. Ақын дарыны неғұрлым зор, қуатты болса, оның творчествосының тамыры солғұрлым терең жатады, халық поэзиясынан алатын нәрі де мол болады. Бірақ халық поэзиясының қасиет сипаттарын бойына қанша сіңірсе де, дайын үлгі-өрнектерді бар қалпында алып пайдаланбаған соң ешқандай ұқсастық сезілмейді. Ақын ойының жаңа, тың болуына орай бейнелеу, суреттеу тәсілдері соны, жаңашылдық сипатымен көбірек көз тартады. Ұлттық поэзияның ең өнімді, ең құнарлы дәстүрлеріне мықтап табан тірей алғанда ғана ақын бұрын ешкім таппаған жаңалық таба алады.

Абайға дейін, бірнеше ғасырлық тарихи әдебиет болғанын, ол, негізінен, ауыз әдебиеті дәстүрлерін өрнектеген, авторлары бар, индивидуалдық сипатты қазақ поэзиясы болғанын мойындай отырып, XV ғасырдан бастап XIX ғасырдың ортасына дейін ұзақ әдеби-тарихи дәуірді, әдеби процесті жырау, жыршы ақындар поэзиясы, қысқартып айтқанда жыршы-ақындар поэзиясы деп атаудың жөні бар дер едік. Үйткені жаңа реалистік жазба әдебиеті XIX ғасырдың ортасында қалыптасып дами бастады дегенді оның арғы жағы, түп тамыры, қайнар бұлағы тек фольклор мағынасындағы ауыз әдебиеті еді деп түсінуге болмайды.

XV—XVII ғасырлар, әсіресе XVIII—XIX ғасырларда жүздеген қазақ ақындарының шығармалары ауызша шығарылып, ауызша тарағанмен, авторы, шығарушысы белгілі және сол автордың өзіндік жеке тұлғасы, қолтаңбасы, стилі айқын танылады. Сондықтан бұл — жал-



пы халықтың шығармашылығы мағынасында ұғылатын фольклордан мүлде басқаша, өзінің өзгеше сапасы, сипаты, қалпы бар, тарихи өсу — өзгеру кезеңдері бар әдебиет. Оны ауызша поэзияның дәстүрімен жалғас, тығыз байланысты десек те, әдебиет деп қарауымыз керек, бұл — қазақ әдебиеті тарихында аса бір үлкен, арналы, бірнеше ғасыр бойы созылып келген әдеби процесс. Осы тарихи — әдеби процестің бас жағында тұрған Шалкиіз, Доспамбет секілді ондаған ақын-жырауларды былай қойғанда, Бұқар, Тәтіқара, Махамбет, Шортанбай, Дулат, Мұрат, немесе Біржан, Ақан, Балван Шолақ, Әсет сияқты әнші-ақындар деп аталып жүрген көптеген ақындар — қазақ әдебиетіндегі өз бағыты, тақырыптары, стилі, сөйлеу мәнері бар ірі тұлғалар. Осындай ақындар өленді ауызша шығарып, ауызша айтқан деп саналса да, олардың бірталайы хат таныған, оқыған, шығыс, орыс, еуропа әдебиетінің үлгілерімен жақсы таныс болған, жазба әдебиетінің кейбір бейнелілік, стильдік өзгешеліктерін өзінше игеріп пайдалана алған. Ал 15-ғасырдан бұрын да поэзия, өлең-жырлар, ертегі, аңыздар, көбі түркі тілдес халықтарға ортақ ежелгі әдеби ескерткіштер болғаны өз алдына мәселе.

Алдында бірнеше ғасыр бойы кеңінен қанат жайып өркендеген жырау, жыршы ақындар поэзиясы болмаса, тамыры тереңде жатқан халық ауыз әдебиеті болмаса, Абай поэзиясы шырқау биікке көтеріле алмаған болар еді. Мәселе Абайдың белгілі бір ақындардың өнерін, шеберлігін қалай бағалауында, қаншалықты мойындағанында емес. Әдебиетте мүлде жана өріс іздеп, өзгеше өрнектер табуға ұмтылған жанашыл ақын алдындағы кейбір атақты сөз зергерлерін сынай сөйлесе, оның жөні бөлек. Абайдың шығармашылық өнерінің арнасы кең, ақын сусындаған бұлақтары мол екені үнемі айтылып келеді. Алайда, атап, анықтап айтатын нәрсе — Абай поэзиясының негізгі тірегі, қайнар көзі, ана сүтіндей нәрлендірген арнасы — халық поэзиясы, қазақтың ақындық өнері. Абай поэзиясы қазақ топырағында өсіп-өнді. Шығыс, орыс, еуропа әдебиеттерінің ықпалы да мол болғаны талассыз.

Абай поэзиясының халықтың сөз өнерімен тығыз байланысты, тамырлас екенін дәлелдеу үшін «Сап-сап, көңлім, сап көңлім» секілді нағыз ауызша поэзияның үлгісінде шығарылған өлеңдерін айтсақ та әбден жерліктей.

*Сап-сап, көңлім, сап, көңлім!  
Саяламай, сай таппай,  
Не күн туды басыңа  
Күні-түні жай таппай?  
Сен жайыңа жүргенмен,  
Қыз өле ме бай таппай  
Түн кезгенің мақұл ма?  
Жан-жағыңа жалтақтай?  
Өлермін деп жүрмісің,  
Мұнан басқа жан таппай?*

*Сап-сап, көңлім, сап, көңлім  
Сабыр түбі — сары алтын.  
Сабыр қылсаң, жайыңды  
Білер ме екен бекзатым?  
Көңіл аулап сөз айтар  
Арадағы тілхатым;  
Ағын судай екпіндеп,  
Лайы жоқ суатым.  
Ауру да емес, сау да емес,  
Құрыды әл-қуатым.*

Осы бастапқы екі түйдегін оқығанда-ақ мұндай дәстүрлі жыр түрінде келетін өлеңнің ойды әзілмен мәнерлеп жеткізу өзгешелігі, сөз қолданысы, тіл бейнелігі, тармақтардың ырғақ, үйлесімі — қай жағынан алсақта, ауызша суырып салып айту өнерін жете меңгерген ақынның қолынан ғана шыққан деуге лайық екені күмән туғыза ала ма? Әрине, Абай поэзиясында «Сап-сап, көңлім, сап, көңлім», немесе, «Патша, құдай, сиындым», «Уағалайкүм ассалам, болыс, мал-жан аман ба» деп басталатын өлеңдеріндегідей халықтық үлгі-өрнектерге тікелей жалғастық, жақындық анда-санда ғана болмаса, үнемі кездесе бермейді және мәселе тек мұндай өлеңдер төңірегінде сөз қозғауда емес, үйткені, поэзиядағы дәстүр жалғастығы дегеннің ауқымы әлдеқайда кең, сипаты өзгереді. Абай поэзиясының халықтың сөз өнерімен жалғастығы, терең тамырластығы ақынның көркемдік ойлау ерекшелігіне тән ұлттық сипат-қасиеттерінен, сөз қолданысынан, өлең өрнегінен, сөзді үйлестіруінен — осының бәр-бәрінен, яғни, барлық шығармаларынан айқын аңғарылады.

Абайдың алдындағы ақындардан Бұқар, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Махамбетті айрықша бөліп айтуға да болар еді. Әрине, олармен ғана шектелу мағынасында емес. Ірі тұлғаларды толығырақ қамтып айту қиын болғандықтан және осы ақындар Абайдың алдындағы қазақ әдебиетінің басты бағыт-бағдарларын таныта алады дегендіктен. Сонда Бұқарды тамыры ерте дәуірлерден тартылатын, қазақтың 18-ғасырдағы жыраулық поэзиясының ең көрнекті өкілі, насихат, ғибрат түрін-

дегі толғау, терме жырлардың асқан шебері деуімізге болады. Ал Дулат, Шортанбай, Мұратты Абайға жақын. тікелей жалғас заманның, сол замандағы қоғам өмірінің күрделі қайшылықтарын айқын көре білген, әлеуметтік мәселелерді терең толғаған ақындар ретінде атаймыз. Осы ақындардың бұл ерекшелігі бұрын да талай айтылды, бірақ көбінесе олар ескі дәуірді көксеген, кертартпа ақындар еді деген тұрғыдан қарап, біржақты бағалауға орын беріліп келді. Егер осы біржақтылықтан арылсақ, олардың әлеуметтік сыншылдығын толық, әділ бағалауға жол ашылады. Сонда олардың творчествосында әлеуметтік сарын Абай поэзиясымен үндес екені өзінен өзі-ақ айқындала түседі. Мұхтар Әуезов «Абай» романы аталып, 1942 жылы басылған кейінгі төрт томдық эпопеяның бірінші кітабында жас Абайға үлкен әсер еткен ақын ретінде Дулатты, әрине, жайдан жай ала салмаған. (Кейінірек айтылған сын пікірлерге орай Дулатты ойдан шығарылған Барлас деген атпен ауыстырды). Бір жағынан Дулаттың ұлғайған кезінде Құнанбай аулына келіп, жас Абайды көруі шынында да мүмкін екенін ескерсе, екінші жағынан Абай поэзиясынан Дулаттың ақындық өнегесіне жақындық сипаттар да табуға болатынын есепке алған. Ал енді осы қатарда Махамбетті арнайы атап айтудың қандай реті бар дегенге келсек, оның негізінен халықтық ауызша поэзияның дәстүрлерін берік сақтай отырып, творчествосында әлеуметтік сарынның күштілігі, көркемдік ойының қуаттылығы, сонылығы жағынан Абайға біртабан жақын келетіні. Әрине, Махамбет — ешкімге де ұқсамайтын, қайталанбайтын тұлға. Оның өнегесі де, ақындық үлгі-өрнегі де бөлекше. Алайда Махамбет поэзиясы — қазақ әдебиетінің желілі, кең бір арнасы, жарк етіп өз кезінде бір көрінген құбылыс емес. Ақын творчествосы өзіндік терең мазмұн-мағынасымен, күресшілдік, азаттық сүйгіштік сарынымен де, сонымен қатар, термелеп айтудың, шешендік толғаудың өткір, ұтымды үлгілерін туғызуымен де аса құнды. Сондықтан қазақ поэзиясындағы бұл ағынды ағыстың Абайға соқпай өтуі, оның творчествосына әсер етпеуі мүмкін емес. Осы жоғарыда аталған ақындармен Абайдың жақын-жалғастығын, кейбір тұста үндестігін нақтылы дәлелдеу үшін жекеленген ұқсас сөздер келтіріп, салыстыру жасаудың қажеті шамалы. Мәселе тарихи-әдеби процестің жалғастығы жайында ғой, жеке ұқсастықтар іздеп табуда емес. Оның үстіне Абай қандай да дайын үлгіні, қалыпты сөз қолданыстарын қайталауды әдет етпе-

ген. Әрине, кей-кейде кездейсоқ ұқсастық болуы мүмкін. Мысалы, Абайдың «Патша құдай, сиындым» деген өлеңіндегі:

*Арғын, Найман жиылса,  
Таңырқаған сөзіме.  
Саудырсыз сары қамқаны  
Садаға кеткір сұрайды  
Самарқанның бөзіне  
Кеселді түйін шешілсе.  
Керден мойын кесілсе,  
Келмей кетпес кезіне —*

дейтін жолдармен Бұқардың «Бұқар екең — біз келдік» деген өлеңіндегі:

*Келіп едім өзіңе,  
Түнеугі айтқан сөзіңе,  
Тіпті разы болмаймын  
Керегенің басында  
Екі қара бөзіңе!  
Бермей қалсаң осы жол,  
Жолықпаймын деп ойлама  
Жортуылшы ердің кезіне,—*

деген жолдардағы «сөзіңе — бөзіңе — кезіңе» деген ұйқастардың біркелкі келуі, әрине, әдейі қайталау емес, қазақ тіліндегі сөз қолдану, сөзді ұйқастыру реті солай келетіндіктен туған.

Ал, әдеби дәстүр, поэзиялық жанрлар, бейнелеу тәсілдер жағынан келсек, әрине, тілге тиек етерлік жайлар табылады.

Айталық, Бұқардың толғау, терме жырларындағы нақылмен келетін шешендік үлгі кейбір Абай өлеңдеріне де жат емес. Бірақ, Абай Бұқар жыраудай қазықты, желілі ойды өрбітіп, әр жайды, әр нәрсені тізбектеп, теріп айтпайды, көбіне көп ойын өрістете, қозғаған мәселесін талдап айтады. Айталық, сырттай қарағанда Абайдың «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңдері қазақ поэзиясында бұрыннан келе жатқан насихат, ғибрат түріндегі өлең сияқты көрінуі мүмкін. Ал, бірақ нақтылы мазмұны, идеясы, айтатын ой-пікірін таратып, әр жай-жағдайды талдап айтуы жағынан мүлде жаңа, соны туынды. Осыдан-ақ біз Абайдың өзінен бұрынғы ақындарға кейбір жанрлық үлгіні, көркемдік тәсілді қолдануы жағынан жақындығы бар дегенде де, оның өзіндік өзгешелігі, жаңалығы және бар екенін көре білу қажет екенін байқаймыз.

Абай өзінің алдындағы ақындарды сынаған болса, өнер өлшесу ретінде айтқан болар. Абайдың ақындығы

басқадан артық болғаны, ол өзгеден өнеге алмады, ештеме үйренбеді, өзінен өзі шықты деген ұғым тудырмаса керек. Ақын таланты неғұрлым зор болса, оның тірегі де, сүйенгені де, нәр алған бұлақтары да күшті, қуатты, мол болуы керек емес пе?

Пушкин өзіне жас кезінде-ақ назар аударып, өнер сапарына шарықтауына жол болсын айтқан Державин жайында, кемел ақын болған кезінде соны мақтан ете отырып, орайы келгенде сын пікір де айтады ғой. Мұндай сын пікірді Пушкин өзі көп үлгі алған Батюшков туралы да айтады. Ал Жуковский болса, Пушкиннің ақындығы өзінен артық шыққанын өзі-ақ мойындаған.

Пушкиннің ақындық өнерінің өзгеден озық, үздік екенін кезінде жете, толық бағалай білген бір адам болса, ол В. Г. Белинский болар. Сол Белинский ұлы ақын туралы он бір тараудан тұратын қомақты зерттеу еңбегін Пушкиннің алдындағы әдебиетке кеңінен шолу жасап, Ломоносов, Сумароков, Державин, Карамзин, Жуковский, Батюшков сияқты алдыңғы ізашар ақындардың творчествосын талдаудан бастайтыны тегін емес. Пушкин поэзиясы үлкен теңіз болса, осы ақындардың творчествосы әрқайсысы теңізге келіп құйылып жатқан бір бұлақ іспетті деген пікір түйеді ұлы сыншы.

Сан салалы бұлақтар, өзендер келіп бір жерге құйылмаса, Абай поэзиясы секілді үлкен теңіз де пайда бола алмайтыны анық.

Абайдың өзі кейбір ақындарды сынайтыны басқалармен өнер өлшесу, өзінің поэзиядағы ұстаған бағытын, әкелген жаңалығын терең түсіну мақсатынан туғаны хақ. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел»,— деген сөзінен біз Абай өз творчествосының жанашылдық сипатына айрықша мән бергенін аңғарамыз.

Ал өзінен бұрынғы ақындарды сынағанына келсек, атын атап, анықтап айтатыны тек Бұқар, Шортанбай, Дулат қана.

*Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Өлеңі бірі — жамау, бірі — құрау.  
Әттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,  
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау.*

Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деген өлеңіндегі осы сөздері әр жерде тілге тиек болып, әр саққа жүгіртіліп, айтылып келді. Бұқар, Дулат, Шортанбайды бай-феодалдардың санашылы болған кертартпа ақындар деп қараған біржақты, жаңсақ көзқарас орын алған жылдарда Абайдың осы сөздерінде ол ақын-

дарды түгелдей жоққа шығару бар деп түсіндіруге ұмтылу бой көрсетті. Ал, шынында, Абай өзі атаған ақындарға идеологиялық тұрғыдан баға берген деп санауға ешқандай негіз жоқ. Ендеше Абайдың сыны оларға поэзияда қолданған әдіс-тәсілдерге, нақтылап айтсақ, өлең-жырларда бұрыннан қалыптасқан нақыл сөздерді, дайын сөз үлгілерін жиі қолданушылыққа қатысты болса керек. Жамау, құрау деп отырғаны осы мағынада айтылған деп түсіну қисынды. Сондықтан Абайдың өзін осы ақындарға мүлде қарама-қарсы қойып бағалауда да ешқандай негіз жоқ. Абайдың анау-мынау ақындармен өнер өлшеспейтіні айқын емес пе? Осы ақындарды көпшілік таныған, жақсы білетін болған соң айтып отыр ғой. Шортанбай мен Дулат өмір сүрген заманы жағынан Абайға жақынырақ тұр десек, Бұқар басқа заманның өкілі ғой. Өзінің маңайындағы жүздеген ақындарды ауызға алмай, әлдеқайда алыс тұрған Бұқар, Дулат, Шортанбайды таңдауы тегін емес. Олардың есімін, сөздерін көпшілік білетіндіктен және таласуға, сын айтуға толымды деп санағаны анық емес пе? Олардың өнерін мойындамаса несіне таласады?

*Қазақтың жайы белгілі,  
Өлеңі өңкей құрама,—*

дегенді Шәкәрім де айтқан ғой. Осы құрама деп айтқаны не десек, тағы бір өлеңінде:

*Аулым қонды Нұраға,  
Мінген атым сұр ала.  
Керексіз сөзбен бұрала,  
Қазақ сүйтпей тұра ма?,—*

деп нақтылап айтып береді.

Аулының қонған жерін, мінген атын, қолына ұстаған қамшысын, тағы сондайларды өлеңдегі негізгі ойпікірге қатысы жоқ болса да, сөз қосарлап айтып отыру, әсіресе, қара өлеңде жиі кездесетінін Шоқан Уәлиханов та, кейінірек Мұхтар Әуезов те байқаған. Бірақ бұл — көбінесе қатардағы өлеңшілердің, ауыл арасындағы жыршы, ақындардың әдеті. Абай айтып отырған Бұқар, Шортанбай, Дулат секілді майталман жүйрік ақындар туралы мұны айту қиын. Сондықтан оларға қатысы айтылған сөзде қазақтың ауызша поэзиясында толғау, термелерде бұрыннан келе жатқан дайын нақыл сөздерді еркін, өзінше қолдану дәстүрін мезгеген болар деуге келеді.

Абай өлеңдерінде қазақ поэзиясында бұрын дәл

сондай мағынада айтылмаған ойлар, шертілмеген сырлар көп. Оның поэзиясының жаңалығы сонда, және сол ойлары мен сезімдерінің тереңіне бойлайтын, бейнелеп жеткізе білетін ақындық шеберлігінде.

Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, маңдай алды ақын екені, тандаулы туындылары дүние жүзі поэзиясының озат үлгілерімен деңгейлес тұрғаны білген адамға айқын шындық. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған жүздеген өрен жүйрік жырау, жыршы, ақындары бар әдебиетте Абайдай ұлы ақын дүниеге келуінде өзіндік заңдылық бар.

Абайдың алдындағы ірі ақындардың ең зор еңбегі деп, әсіресе, поэзия тілін, әдеби тілді жан-жақты дамытып, өрістеткенін айта аламыз. Қазақтың сан ғасырлар бойы дамыған, әбден шындалған ақындық тілі болмаса, Абай поэзиясының тілі соншалықты оралымды, бай бола алмайтыны анық. Абайға ілесе шыққан Шәкәрім, Мағжан, Ілияс секілді ақындардың сөз кестесі, келісімі жарасып, төгіліп тұрған поэзиясы онсыз туар ма еді? Абайдан кейін жарты ғасыр өткенде жазылған Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» дәуірнамасындағы мағыналық, көркемдік иірімі мол әдеби тіл онсыз жасалуы мүмкін емес екенін де дәлелдеп жату артық.

## Әлеуметтік әуендер

Ақындық өнерді өзіне өмірлік зор мақсат етіп, өз өлеңдерін қағаз бетіне түсіруге Абай тек 80-жылдардың ортасында жұмыла кіріседі. Бұл Абайдың айналасын болжап, әлеуметтік құбылыстарды терең бағалап, кең ойлай алатын, көргені мен түйгені тәжірибесі молайған, әбден кемеліне келген шағы болатын. Ақынның осы тұста (1882—1886 жылдары) жазған өлеңдері идеялық және көркемдік қасиеттері жағынан аса мағыналы, жаңа сапалы, және ұзақ өнімді ізденістерінің қорытындысы, нәтижесі болып табылады. Бұл жылдардағы шығармаларындағы тұжырымдалған идеялар мен тақырыптардың өрісі негізінен ақынның соңғы жиырма жылдағы өмірін қамтитын бүкіл творчествосына үзілмес арқау болып, үнемі тереңдеп, дамып отырады.

Абайдың орасан зор ақындық қуат-күші өз шығармаларында қазақ өмірінің ең маңызды әлеуметтік мә-

селелерін көтере білуінен, қоғамның алдыңғы қатарлы өкілдерінің ой-арманын, түбегейлі мүддесін терең ұғып, сезіне білетіндігінен айрықша айқын көрінеді. Ақынның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Сегіз аяқ», «Ғылым таппай мақтанба», «Болыс болдым, мінеки» секілді таңдаулы көркемдік туындыларының қайсысын алсақ та оларға идеялық арқау болатын келелі мәселелер — білімге, адал еңбекке, әділеттілікке шақыру, надандықты, артта қалу кесепатын айыптау, алауыздық пен керіс-тартысты, өкімет билігін теріс пайдалануды әшкерелеу екені бірден байқалады. Және осы идеялар ақын шығармалары тақырыбының ең басты, күрделі мәселелеріне жалғасып, солармен тұтасып, халықтың тағдыры, бүгінгісі мен келешегі, поэзияның өмірдегі алатын орны туралы ойларымен сабақтас өріледі. Өйткені Абай поэзиясының басты тақырыптары, идеялық нысанасы ұлы ақынның әлеуметтік прогресс үшін, халықты өнер-білімге жеткізу үшін күресу мақсатынан туады. Халықтың ауыр тағдырын, өмір-тұрмысын ерекше шеберлікпен, нанымды көрсете отырып, Абай халықты қоғамдық асыл мұраттарға жетуге ынталандырады.

Абайдың адам мен қоғам жайындағы концепциясы — қазақ топырағындағы жаңа концепция. Абай адамды белгілі қоғамдық өмірдің жемісі, нәтижесі ретінде қарады, оның қимыл-әрекетін, психологиясын, моральдық келбетін өмірге, әлеуметтік тұрмысқа байланысты көріп, бағалап бейнеледі. Мысалы, Абай өлеңдерінен неше түрлі болыс-байлардың әлеуметтік тұлға дәрежесіне көтерілген, жинақталған бейнесін бүкіл іші-сыртымен көз алдымызға келтіреміз. Солардың бірі — «өз малын өзінікі дей алмай, күндіз күлкі, түнде ұйқысы» бұзылған бай. Бұл — кәдімгі бір жағынан билеуші чиновниктер, екінші жағынан, ел ішіндегі әкім, төрелер тарапынан екі жақты қыспаққа ұшырап, есі шығып өз малын өзі билей алмай, әлекке қалып, жапа шегіп жүрген бай. Немесе, Абайдың болысын алайық. Бұл да Абаймен замандас, 80—90 жылдардың болысы. Ол ата-бабасынан ел билеген феодал, шынжыр балақ шұбар төс емес, малын шашып, билікке қолы жеткен, байлығынан гөрі қулығына сенетін болыс. Оның ел билеу тәсілі, адамдармен қатнасы алдау-арбауға, әлдіге келгенде шалқайып, әлсізге келгенде қырындауынан танылады. Абай мұндай ел билеушілер бастаған, билеген елдің ісі ілгері баса алмайтынын үлкен көркемдік шындық, идеялық түйін ретінде ұсынады. Абай адам бейне-



сін қоғамдық орнына, мүддесіне, сол мүддеге жету жолындағы ішкі сезімі мен айла-тәсіліне байланысты жазады. Ол өз заманындағы сан түрлі әлеуметтік топтардың барлығын да осы тұрғыдан терең зерттеп көре де, бейнелей де білді. Қожа, молда, ауылнай, жүзбасы, еңбексіз мал таппақшы пасық, амалын тауып күн көрмек епті, «бұзылса елдің арасы мал таппаймын демейтін» кулар, қулықты ат-шапаннан кем көрмейтін даңғой, дарақы той-думаншыл бозбала, еңбексіз еріншектер т. б. ақын шығармаларынан кең орын алып, өздеріне ғана тән типтік жағдай, типтік мінезімен көрінеді.

1886 жылы жазылған «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман», «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да» өлеңдерінде Абай замана жайын толғап, әр топтардың өкілдері, әр алуан адамдардың мінезі, іс-әрекетіне көз жібереді. Осы шығармалардағы айрықша өзгешелік — айту тәсіліндегі, стиліндегі қарапайымдылық, пәлендей әдемі дерлік, әшекейлі сөздерді қолдануға ұмтылмаушылық. Сонда осы өлеңдердің артықшылығы неде? Олар алдымен ақын ойының тереңдігімен, еркін төгіліп отыратын оралымдылығымен, қоғамдық өмір құбылыстарының мәнін ашып, алаламай анық, айқын бағалап, талдап беруімен тартымды. Және бір назар саларлық жәй — Абай «Қартайдық, қайғы ойладық» деген сияқты өзінің қамыққан, қажығандай көңіл күйін осы өлеңдердің бастапқы жолдарында ғана айтады. Осылай барып, ішкі сырын ақтаратын рай көрсетеді де, одан әрі бірыңғай айналадағы өмір, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттері, қылық-мінездері туралы айтуға ойысады.

Поэзиялық шығармаға тән ең басты қасиет ой желісінің ақын көңіл күйіне орайлас өрбуі десек, мұны біз Абайдың осы «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман», «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да» секілді өлеңдерінен әсіресе анық аңғара аламыз. Әрине, қырық жасқа жаңа толған ақынның «қартайдық» деп отырғаны өтіп кеткен жастық, жігіттік шағын есіне алып, бүгінгі ұлғайған, кемелденген қалпына сол жастық шақтың көзқарасымен қарап айтқан деу қисынға келеді. Осы «қартайдық» дегеннің жасы асып, қария болу деген мағынадан гөрі уайым-қайғысыз жүретін, шат көңілді жастық шақтан алыстап, өткен-кеткенге, айналасына көз жіберетін өмір, дүние, адам тағдыры жай-

лы терең толғанатын ойшыл адамның қалпына ауыстық деген мағынаға көбірек сәйкес келетінін:

*Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,  
Ашуың — ашыған у, ойың — кермек.  
Мұңдасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық,  
Кім көңілді көтеріп, болады ермек?—*

деген сөздерінен-ақ әбден байқауға болады. Осындай мұнды көңіл күйіне беріліп, толғана сөйлеуді ойшыл ақын өзіне лайық көрген. Бұл орайда Мұхтар Әуезовтың тап басып, тауып айтқан мына бір сөздерін еріксіз еске аламыз: «Бұрынғы ақылшының көбі — кәріден, атадан, ақсақалдан шығады деп түсініп қалған көпшілікке өзін де солайша, жақсы етіп, тоқтаған, ой түскен, ел мұңшысы есебінде танытпақ боп, әдейі солайша бастайды. Болмаса, өз басының қажыры мен өнеріне қарасақ, ол жылдарда құлшынып, өрлеп келе жатқан, қайнап өсіп, дами бастаған анық шабытты ақынның шалқып жанған жалынын сеземіз\*.

Тағы бір ерекше көңіл бөлерлік нәрсе — аталған өлеңдер түгелдей дерлік ел жайын, халық тағдырын, әртүрлі қоғамдық топтардың іс-әрекетін айтуға, және көбінесе сын көзімен қарап, кемшілік жақтарын әшкерелеп баяндауға құрылған. Сондықтан да бұл өлеңдерді ақынның ел қамын ойлап, қайғырып, уайым жеп айтқандай әсер берерлік мұнды сарынмен бастауы ұтымды екені талассыз. Мұхтар Әуезовтың жаңағы келтірілген сөздерінің тұсында: «Ел ұғымына қонымды бір «кұлақкүй» сияқты сәл сарынмен бастайды» дейтіні де тегін айтылмаған. Осы сөз болып отырған үш өлеңде де Абай мұңлы сарынмен өз көңіл күйін айтуды өлеңнің бас жағында қысқаша қайырады да, одан әрі бірыңғай ел жайын, басқаларды сөз етеді. Алайда ақын өз мұңды көңіл күйін білдіргеннен кейінгі өлеңдегі тізбектеліп айтылған басқа жайдың бәрін де сол алғашқы, бастапқы сезім күйінің сарынымен үндес айтылғандай қабылдаймыз. Себебі ақынның нені, кімдерді, кімнің қандай іс-әрекетін, мінезін баяндайтыны ғана емес, соны қандай сезіммен, қалай тебіреніп айтатыны да оқырманға күшті әсер етеді. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы серген» атты өлеңдегі «кұлақкүй» секілді болып келетін мұнды сарын алғашқы сөздерден-ақ айқын сезілетінін жоғарыда келтірілген шумақтан көруімізге болады. Ал енді осы сарынның ақын, одан ары қарай өз кө-

---

\* М. О. Әуезов, Абай Құнапбаев, 111-бет.

ңіл күйі жайлы сөз қозғамаса да, бүкіл өлеңге ерекше бояу-реңк беріп тұратыны өзінен-өзі түсінікті сияқты. Солай бола тұрса да, өлеңдегі мұңды сарын пәлендей көзге ұрып тұр деуге де негіз жоқ екені байқалады.

Ақынды қайғыға салған өз басының мұңы емес, айналадағы өмірдің ащы шындығы, кем-кетігі, қайшылықтары екені еш талассыз. Тағы бір назар аударарлық нәрсе — өмірдің тұрлаусыз екендігі, баянсыздығы жайлы тұжырым мен ақылды адамның мінез-әрекетін, на-дан, ақылсыз кісінің әдетін айту, немесе ел билеудің қиындығы жайлы пікір — осыларды өз алдына бөлек алып қарағанда, өз ара байланысы аз болып көрінуі де ықтимал сияқты. Бірақ оларды бір-бірімен жақындас-тырып, қабыстырып, бірге әкеліп түйістіретін — ақын-ның көңіл күйі, өмірдің мәні неде дегенді ойлап әртүрлі жай-жағдайларды тебірене сезінуі екенін байқау қиын-ға соқпайды. Осындай ерекшеліктерді аталған өлеңге басталуымен де, негізгі ой-желісін өрістету тәсілімен де үндес, ұқсас келетін «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғай-ды арман» атты өлеңінен де айқын көре аламыз. Алай-да бұл өлеңнің өзіндік өзгешелігі қандай деген сауал қойсақ, мұнда ақын салған жерден, бірінші шумақтың өзінде-ақ басты идеясын ашып көрсетіп, жанын ауырт-қан не нәрсе екенін анық аңғартатыны дер едік.

*Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,  
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман.*

Міне, өлеңнің қызықты ойы да, бастапқы тезісі де, ко-рытынды түйіні де осы сөзге сыйып тұр. Ары қарай ақын осы ойын нақтылап, «бай алады», «би мен болыс алады», «жарлы алады», «жау алады», «дос алады» деп таратып айта келіп, жүз қараға көз тіккен екі жүз алар-ман қатарына елу басын, сұм сұрқияны да қосып, мал үшін арын сатудан тайынбайтындарды қатты қадалып шенейді. Алымқорлық, малқұмарлық қазақ қоғамында-ғы үлкен бір індетке айналғанын ақын ашына айтады.

*Қара қарға сықылды шуласар жұрт:  
«Кім көп берсе, мен соған серт берем»,— деп.*

Жемге таласқан қарға-құзғындар бейнесі қомағай, то-йымсыз адамдардың жағымсыз мінез-әрекетін көзге ай-қын елестетеді. Бірақ мұнымен де шектелмей, ақын осындай адамдардың айнығыш, опасыздыққа бейім кел-етінін жеріне жеткізе әшкерелеп ашып береді:

*Қабаған итше өшігіп шыға келер,  
«Мен қапсам, бір жеріңді бөксерем»,— деп.*

«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» дейтін өлеңде де ақынның өз сезім күйін сипаттауы, оған жалғаса келетін қорытынды ой-түйіні алғашқы шумаққа беріледі.

*Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да.  
Алдамаған кім қалды тірі жанда?!  
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,  
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.*

Бұдан кейінгі екі шумақта да ел жайы, жалпы жұрт туралы пікір тұжырымдалған:

*Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,  
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.  
Мұнан менің қай жаным аяулы деп,  
Бірге тұрып қалады кім майданда?*

*Ендігі жұрттың сөзі — ұрлық-қарлық,  
Саналы жан көрмедім, сөзді ұғарлық.  
Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ  
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.*

Осыдан соң барып байлар, саудагер, естілер, надандар, ел билеушілер, тағы басқалар — әр қайсысы өзіне тиісті іс-әрекеті, мінез-құлқымен көрінеді де, олардың ақын көңілін құлазатынын сипаттарын айқын аңғарып, амалсыз иланамыз.

Қоғамдағы әр түрлі топтардың өкілдерінің жағымсыз қылықтарынан ақын түнілгендей болса да, ол ештемені де әсірелеп, асырып айтқанға ұқсамайды. Әшке-релеуге, ащы мысқылға ұмтылғандық та байқалмайды. Абайдың басқа көптеген өлеңдеріндегідей, бәрі де сергек көңілмен сезініп айтылған әлеуметтік өмірдің өзіне тән қайшылықтары, нақтылы шындығы деуге лайық.

Ақынның өзі өмір сүрген ортаны, тағдырдың талқысына түсіп, шырқы бұзылған халықтың, ел-жұрттың бейнесін асқан көркемдік шеберлікпен суреттейтінін «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңнен айқын көреміз.

Осы өлеңге, домбыра сазындағы алғашқы құлақ күйіндей болып, жүрек толқытатындай жылы леп беретін «қазағым», «елім», «қайран жұртым» деген ақын туған халқы үшін жаны ашып, елжіреп отырғанын көрсететін сөздер онан кейінгі айтылғанның бәріне басқаша мағына, өзгеше реңк дарытады. Дәл осындай терең толғаныстан шыққан сыншылдыққа толы өлеңде мұндай сезім жылылығы кездесе бермейді. Сондықтан да елдің күйзелген жағдайын аңдататын:

*Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың,—*

деген сипаттаулар жалпақ жұрт туралы айтылса да, артық айтылғандай сезілмейді. Ондай сөздерді де, немесе:

*Бет бергенде шырайың сондай жақсы,  
Кайдан ғана бұзылды сартша сыртың?—*

дегенді де барлық адамға, сол кездегі қазақ атаулыға түгел бірдей қатысты көрмей, нысаналы жеріне барып тиетін сөз деп түсінгендейміз. Адал көңілмен айтылған сын да сау жерге емес, тек жаралы, ауырған жерді іздеп тауып, соған ем болатын дару секілді болса керек.

Қажет деген жерінде ақын сөз тигізетін адамдар тобын саралап, бөліп айтады. Мысалы: «ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді» дегені өңкей қырт, мылжың адамдарға қатысты болса, «бас-басына би болған өңкей қықым» дегені елдің сиқын бұзып жүрген, қолындағы күші азайған, ұлыққа, мансабы жоғары чиновникке бағынышты болыстарға қатысты.¹

Ал енді жалпы жұртқа қаратып айтылған:

*Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.  
Баста ми, қолда малға талас қылған,  
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқың,—*

деген секілді сөздер халықтың қамын жеп толғанған ақынның жүрегінің түкпірінен шыққандай сезіледі де, мөлшерсіз қатты сын деуге келмейді.

Абай халық туралы сөйлегенде, ел жайын қозғағанда кейде «қазақ», «халық» көбінесе «ел», «жұрт» деген сөздерді қолданады. Бірақ есте тұратын нәрсе — осы сөздердің нақтылы мағынасы ылғи бірдей болмай, айтылатын ойдың орайына қарай әр түрлі келеді. Елдің елдігін танытатын үлкен ұғым ретінде «халық», «қазақ» дегенді көбірек айтса, «ел», әсіресе «жұрт» деген сөзді телісі бар, тентегі, аласы бар, құласы бар дегендей көпшілік деген мағынада да жиі қолданады. Сөйтіп, «ел», «жұрт» деген ұғымдар арқылы сыншы ақын қоғам өміріндегі әр түрлі қарым-қатынастарды, қайшылықтарды ашып көрсетуге ұмтылады.

«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» дейтін өлеңінде ел-жұртты ақын былай сипаттаған:

*Көздің жасы, жүректің қаныменен  
Ерітуге болмайды іште мұзын.*

Қанға сіңген мінез-құлық, әдет, ескі ой-сана, ұғым-түсінік, «ақыл сөзге» селт етіп, елеңдей қоймайтын салқындық — осының бәрін Абай елдің, жұрттың ішінде қатып жатқан, ерітуге көнбейтін мұз жатыр деп астарлап, бейнелеу тәсілімен сипаттап отыр. Ақынның ыстық көз жасы, жүрегінің ыстық қаны қаншалықты оттылықты, жылылықты байқатса, салғырт жұрттың «ішкі мұзы» керісінше жан түршігерлік суықтықты сезіндіреді. Ендеше «жүректің қаны», «ішкі мұзы» дегендер жәй ғана ауыспалы мағына туғызатын бейнелі сөздер — метафоралар емес, мұнда қарама-қайшы екі ұғымды бір жерге әкеп түйістіретін шендестіру және бар.

Тағы бір өлеңдегі «төңкеріліп құбылған жұрт бір сағым» деп, құбылмалы, сырт айналып кетуге, өзгере қоюға бейім тұрған адамдарды, жұртты сағымға теңеуі — ойшыл ақынның өз кезіндегі қауымға, сол ортаға, заманға көзқарасын танытатын және өзінің бейнелеп айтқыштық, зергерлік қолтаңбасы айқын сезілетін келісті жасалған көркем ұқсату. Осындағы төңкеріліп, құбылған деген сөздер сырттай қарағанда сағымды ғана сипаттайтын секілді көрінуі ықтимал. Әрине, бұл сөздер тікелей мағынасында сағымға қатысты екені рас. Ал, сонымен бірге осы сөздер ауыспалы мағынаға ие болып, жұртты сипаттап тұрғаны және айқын. Салыстырудың ерекше мағыналы, қызықты болатындығы осыдан көрінеді. Төңкеріліп, құбылған деген эпитеттердің сағым мен жұрт салыстырылып отырғандықтан жұрт деген ұғымға да анықтама беретінін, осыдан келіп сол ортадағы ел ісіне араласып жүргендердің — жұрттың баянсыздығын, опасыздығын, үлкен істе ынтымақ қосып, табан тіреп шыға алмайтын жігерсіздігін аяусыз әшкерелейтін мол мағына туатынын көреміз.

*Елің — ала,  
Отты шала...*

дегендегі Абайдың елдің арасын бұзатын, араздық, алауыздықты бықсып-қоңырсыған иісі адамның қолқасын алатын отынның шаласымен салыстыруы сол арамдық, алалықты қоздырушылықтың елге қаншалықты зиянды, жексұрын қылық екенін жақсы байқатады. Осы ұқсатудың ұтымдылығын, жарасымдылығын айтқанда, оның халық ұғымына, халықтық үлгіге жақын екенін атап көрсеткен жөн. Осындай бейнелеуді Сүйінбай ақынның өлеңінен де кездестіреміз:

*Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай,  
Жалған сөзбен бықсытар ел арасын  
Жанбай қалған ағаштың шаласындай.*

Бұл екі мысалда сөз нақышы, айту тәсілі басқаша келгенімен, олардағы салыстыру мағынасы жағынан өте жақын екені көрінеу тұр.

Айналадағы ел-жұртты, өзі өскен, өмір кешкен ортаны мінездеу мен заман, дәуір бейнесін көрсету Абай өлеңдерінде ұштасып, жалғасып жатады:

*Туыстарың, достарың — бәрі екі ұшты,  
Сол себепті досыңнан дұшпан күшті.  
Сүйсе — жалған, сүймесе аянбаған  
Бұл не деген заманға ісім түсті?!*

Осы орайда «сүйсе — жалған, сүймесе аянбаған» деп өз замандастарын сипаттау арқылы дәуір келбетін елестетсе, басқа өлеңдерінде дәуір, заман бейнесін әр түрлі топты, мінез-тұлғасы сан алуан адамдарды суреттеу арқылы толықтырып отырады.

«Қайғы шығар ілімнен»— ашу мен ызаға толы өлең. Ақынның қайғысы да, ашу-ызасы да халықтың тағдырын ойлаудан туады. Абай ел жайын толғайды, елдің мінез-құлқын сынға алады. Елді тұтас алып:

*Қызық пенен тыныштыққа  
Қазақ тұрмас тұрықтап.  
...Түзу бол деген кісіге  
Түзу келмес ырықтап,—*

деп сипаттайды. Одан соң топтап, кейбіреуі, кейбірі деп бөліп-бөліп мінездейді:

*Кейбіреуі дүрсін жүр  
Жер тәңірісін кер мағыз.  
Кейбіреуі — законшік  
Оңдырмассып, берсе арыз.  
Кейбірі пірге қол берген,  
Іші залым, сырты абыз.  
Кейбірі қажыға барып жүр  
Болмаса да қаж парыз.*

Осылай өзімшіл даңғой, мақтаншақтарды, арызқой жалақорларды, екіжүзді залым адамдарды, мұсылманшылық жолын тек бас пайдасы үшін ұстанатындарды ашы мысқылмен түйрейді. Сөйтіп келіп ағайынның араздығы қоздыратын, талас-тартыс болғанда басу айтудың орнына өршелендіріп, қыздыра түсетін кезбе шал да аз емес деп, соған бетпе-бет келгендей сөзін тура қаратып айтып, қатты шүйіледі:

*Партия жиып, мал сойса,  
Бата оқисың, жейсің бас.*

*Басалқа сөз сенде жоқ,  
Айтқан сөзің «малың шаш».  
Итше індет тілемей.  
Жат үйіңде, өлсең де аш!*

Ақын сөзін осы шалды айтумен тамамдап, басқа түйіндеу жасамайды. Бірақ біз өлеңнің басына еріксіз қайта оралып, ой түйінін сондағы:

*Қайғы мен ыза қысқан соң  
Зар шығады тілімнен,—*

деген сөзден табамыз.

Топтама мінездеудің бірнеше түрін «Бөтен елде бар болса» атты өлеңнен көруге болады. Алдымен тату, сыйлас, сырлас болып жүрген адамдардың қиын-қыстау жағдайдағы іс-әрекеті, жалтарма мінезі тыңғылықты сипатталған:

*Басыңа жұмыс түскен күн  
Татулықты бұрынғы  
Не қылып ол ойласын.  
Ашып берер жауыңа  
Өзі көрген қоймасын.  
Желіккен жауың кез болса,  
Араздығы сөз болса,  
«Бәрекелді, батыр»,— деп,  
«Мықты боп бара жатыр»,— деп  
Мақтап-мақтап қоздырар.  
Ескі досың көргенде  
Есебі жоқ ант ішіп,  
Аруақ, құдай айтысып,  
Сыр алғалы айттым,— деп,  
Жауыңды алдап қайттым,— деп  
Құдайдан қорықпай антұрған  
Иман жүзін тоздырар.*

Жақын, туыс, ағайын адамдардың тұрақсыздығын айтқанда да ақын олардың мінез-құлқын, қылықтарын психологиялық жағынан өте нанымды етіп суреттейді. Және осындай адамдардың мінезін ақын бір қырынан ғана алмай, жан-жақты ашып беруге ұмтылады. Оларға тән тұрлаусыздық, тұрақсыздық тек айлакерліктен, қулықтан тумайтынын, жігерсіздік, тартыншақтық, тайсалышылықтың, жөнсіз еркінсудің көрінісі екенін айқын аңғартады:

*Өз үйінде кезексіз  
Шешен келер сартылдап.  
Білетін біреу кез келсе,  
Сөз таба алмас қалтылдап.  
Қалжыңға келер шорқақтау,  
Жауға келер қорқақтау,  
Еркін жерде ызақор,  
Томырық келер тарқылдап.*



Абай поэзиясындағы психологизм, әр түрлі адамдардың мінез-құлқын, психологиясын, қандай жағдайда қандайлық әрекет ететінін ашып көрсету шеберлігі жағынан алғанда үздік шығармалар аз емес дегенде, алдымен осы «Бөтен елде бар болса» және «Сабырсыз, арсыз, еріншек» секілді өлеңдерді атауға болар еді.

«Сабырсыз» арсыз, еріншек» дейтін өлеңінде Абай «бір сөз үшін жау болып, бір күн үшін дос болып», қырық құбылып жүретін адамдарды өткір тілмен әшкерелейді. Ел қамын ойламайтын, еңбек етпейтін, «қызмет қылып мал таппай, ғылым оқып ой таппай», ел қыдырып, өсек-аяң іздейтін арызшыл адамның мінез-сікын Абай өте әсерлі бейнелеп көрсетеді. Сол заманның сұрықсыз, өрескел қылық-істерін бойына жиып алған, жинақталып жасалған жағымсыз тұлға нақтылы бір көрініс тапқандай. Өлеңнің соңында Абай сөзін «елдің жайы солай-ды» деп тұжырымдайтыны да тегін болмаса керек.

Осы өлеңінде акын жалтарғыш пысықтарды:

*Өтірік, өсек, мақтанға  
Ағып тұрса бейне су —*

десе, баска бір орайда бүкіл елді айтқанда:

*Өтірік пен өсекке  
Бәйге атындай аңқылдар —*

дейді.

Осының екеуінде де бейнелеу ажуа, мысқыл-сықақ түрінде берілген. Соңғы мысалдағы суреттеу тәсілінің өзгешелігі әдетте бәйге атымен қандайда бір жүйріктікті, озаттықты, артықшылықты салыстыратын болса, Абай бұзықтықты, өтірік-өсекке әуестікті айтады. Жақсы ұғымда айтылатын бейнені жексұрын мінезді сипаттауға қолданып, мазмұн-бағыты әр түрлі нәрселерді шарпыстырып, сол арқылы ойын әсерлі етіп жеткізеді.

Ақын өлеңдерінен оның халық тағдырының сол кездегі қазақ қоғамындағы терең әлеуметтік қайшылық тудырған кесапатын көре білгені анық аңғарылады. Қазақ қоғамын жегідей жеген әкімшілік, әртүрлі топтар тартысы мен алауыздық ақынды ашындырып, ызасын келтіреді. Патша әкімшілігінің өкілдері мен жергілікті ел билеушілер өз басының пайдасы үшін тұтандырып, әдейі қыздыратын рулық тартыс пен жікшіл топтар күресін, осы бір қоғамдық өмір кеселін Абай өз шығармаларында айрықша қатты сынап отырды. Билік құмар, мансапқор билеушілердің керіс-таласы талай адам-

ды әуре-сарсанға түсіріп, және алуан түрлі жіктердің алауыздығын қоздырып, халықтың қайғы-қасіретін күшейтті. Халық үшін ауыр қасірет болып табылатын ел билеушілер мен әр түрлі топтардың арасындағы тартыс-керістің күшеюін ақын қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси дағдарыс көріністерінің бірі деп білді.

Елді бірлікке, татулыққа шақыру — «Сегіз аяқ» өлеңінің ең бір күшті сарыны.

*Біріңді, қазақ, біріңді дос  
Көрмесең, істің бәрі бос —*

деген үлкен қоғамдық мәні бар терең мағыналы түйінді ойын ерекше тебіреніспен айтады.

Елдің берекесін кетіріп, көзін аштырмай отырған бір-бірімен дауласу, қастасу, өтірік арыз беру секілді жаман әдеттер екенін нақтылап көрсеткен ақын:

*Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
Қор болып құрып барасың,—*

деп өкініш білдіреді.

«Сегіз аяқ» өлеңінде Абайдың көптеген шығармаларына тән аса маңызды ерекшеліктері — өмірді көрегендікпен тани білуі, шындық пен әділеттілікті сарыла іздеуі, халықты «түзу жолға» — мәдени, прогрестік даму жолына шығуға бағыттау сияқты аса маңызды идеялар айқын танылады.

Ақынның көңілін толқытқан ойларын айту, жеткізу тәсілі әр түрлі, өзгеріп, түрленіп отырады. Бірде ойланар сиқы жоқ жұртты сырттан сынап, шенеп отырғандай:

*Қайнайды қаның,  
Ашиды жаның,  
Мінездерін көргенде:  
Жігерлен, сілкін,  
Қайраттан, беркін  
Деп насихат бергенде  
Ұятсыз, арсыз салтынан  
Қалғып кетер артынан.  
Аулаққа шықпай,  
Сыбырлап бүқпай  
Мейірленбес еш сөзге.  
Пайдасыз ақыл,  
Байлаусыз тақыл,  
Атадан бала ойы өзге.  
Санасыз, ойсыз жарым ес,  
Өз ойында ар емес.*

Ал кейде өз күй-жайын да жасырмай, сыр ашқандай сөйлеп, арманы мен өкінішін де білдіріп отырады:

*Ауырмай тәнім,  
Ауырды жаным,  
Қаңғыртты, қысты басымды.  
Тарылды көкірек,  
Қысылды жүрек,  
Ағызды сығып жасымды.*

Немесе:

*Кадірлі басым,  
Қайратты жасым  
Айғаймен өтті, амал жоқ.  
Болмасқа болып қара тер,  
Қорлықпен өткен қу өмір.*

Өз жайын, осындай сезім-күйін ашып айтқанда басқаларды аямай сынап, шенеген сөздері өтімдірек болатынын ақын жақсы түсінгені хақ.

Абайдың суреткерлік шеберлігін өзі туралы айтылған мейлінше жатық, қарапайым, әрі терең мағыналы сипаттауларынан да аңдаймыз.

*Қайратым мәлім  
Келмейді әлім,  
Мақсұт алыс өмір шақ,  
Өткен соң базар,  
Қайтқан соң ажар,  
Не болады құр қожақ!*

«Сегіз аяқтың» осы шумағындағы бейнелі сөздердің, сипаттаулардың қай-қайсысын алсақ та, зор мағыналылық, көркемдік қасиетімен көзге түседі. Мақсұт — алыс, өмір — шақ дегендегі алыс, шақ деген сипаттаулар қарапайым ғана сөздер. Ал, бірақ осы сөздерде терең мағына жатыр. Алыс деген сипаттауы арқылы ақын өзі алдына қойған мақсаттың, сөз зергері, қоғам қайраткері болғандығы негізгі міндетім деп түсінген мақсатының қаншалықты зор әлеуметтік, жалпы халықтық мәні бар екенін аңғартады. Осы мақсаттың жолына бар қалған өмірі жұмсалса да аз екенін айтқанда да, ақын екі ұғымды (алыс мақсат пен шақ, аз өмір) шендестіру әдісімен қарама-қарсы кою арқылы, екі нәрсені екі түрлі сипаттау арқылы тағы да сол негізгі ойын ширата, шындай түседі. Ақынның ойын өрістету өзгешелігі де көз тартарлық. Алғашқы үш тармақта барлық сөз ешбір әшекейлеусіз, астарлаусыз айтылған. Тек онан кейінгі «өткен соң базар» деген сөздерде астарлы мағына, бейнелілік сипат бар. «Базар» — бұл жерде қазақ ұғымында әбден қалыптасқан мәніне сәйкес қызы-

ғы мол, той-думанға толы жастық шақтың балама бейнесі — көркемдік символы.

Ал енді «Мақсұт — алыс, өмір — шақ» деген үшінші тармаққа қайта оралсақ, осы сөздер кейінгі:

*Кеш деп қайтар жол емес,  
Жол азығым мол емес,—*

деп келетін ақын келбетін жолда жүрген жолаушы бейнесінде көрсететін сипаттамаға тірек болып тұрғанын байқаймыз. Жол деп отырғаны — өмір жолы, мақсат дегені үлкен өмірлік мақсат екені осы соңғы екі тармақты оқығанда анық аңғарылады. Ендеше ақын мақсатым зор, бірақ өмірдің көбі кетіп, азы қалды деп, осы екі ұғымды қарама-қайшы етіп келтіреді. «Жол азығым мол емес» деп сол өмірімнің азы қалды деген мағынаны тұспалдап жеткізген.

Көшпелі елдің санасында жол деген ұғымның мәні ерекше. Көшпеліліктің өзі кең даладағы ұшы-қиырсыз жолдарды елестетеді. Сондықтан жол деген кеңістікті білдіретін, аспан астындағы дүние-болмыстың аумақтылығын, шексіздігін мезгейтін ұғым. Жолдың алысқашықтығы, ұзақтығы, жүру мөлшері арқылы кеңістік ұғымы уақытпен де байланысты. Жолдың алысқашықтығы уақыттың өтуінен гөрі де көрнектірек, көзге айқын елестетерлік сипаты бар. Сондықтан поэзияда жол деген ұғымның өзі тура мағынасынан басқа ауыспалы, символдық мәнге ие болатыны тегін емес. Абай жол деген ұғымның осы ауыспалы, символдық мағынасын үстемелеп, өсіре түскен.

«Кеш деп қайтар жол емес»,— дегенде адамның, ақынның өмір жолы деген мағына туады десек, ол кәдімгі әркім күнде жүретін жол деген ұғыммен жақын, жалғас көрінгенімен мүлде басқа, әлдеқайда терең бейнелі ұғым болып шыққан. Өткен уақыт қайта оралмайтындықтан, өмір жолы — тек алға жүретін жол, мұнда жол деген сөздің барып, қайтып жүруге келеді дейтіндей үйреншікті мағынасы жоқ, бірақ уақыттың тынымсыз өтіп жатқанын аңғартатын мәні бар. Міне осының өзінен-ақ поэзиядағы сөздің астарлы, бейнелілік мағынасы қаншалық бай, терең болатынын толық аңдаймыз.

Абай басқа бір өлеңінде осы жол деген сөзді тағы жаңаша жандандырып, мағынасын басқаша өсіріп қолданады.

*Адасып алаңдама, жол таба алмай,  
Берірек түзу жолға шық қамалмай,  
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,  
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.*

Мұндағы жол — көпшіліктің, қауым жұрттың жолы. Бірақ бұл қайтып келе жатқан жолаушылардың, не бір көштің жолы секілді өзінің тура, заттық мағынасында айтылып отырған жоқ. Түбі сондай жолаушының түзу жол таба алмай жүрген кезі сияқты өмірдегі нақтылы жағдайға негізделген, бірақ ауыспалы мағынада қолданылған, халықтың тарихтық, қоғамдық жолын білдіретін метафора. Ақын осы метафораны дамытып, тұтасқан көркем сурет жасаған.

Осы жолдағы елдің жөн таба алмай, адасуы — ескілік қараңғылық шырмауынан шыға алмауы десек, Абай айтып отырған, елді соған бастап, бағыттап отырған жол — өрісті енбектің, ғылым-білімнің жолы.

«Сегіз аяқ» өлеңіндегі ең бір өзекті, түйінді ойды, ақынның арман-мұңы, сезімі көпшілікке жетсе, жұрт оны қабыл көрсе, ұға алса деген тілегін ашып көрсететін — жартас бейнесі.

*Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым.  
Онан да шықты жаңғырық,  
Естісем үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып.  
Баяғы жартас — бір жартас,  
Қаңқ етер, түкті байқамас.*

Құр жаңғырығы болмаса, үнсіз тұрған, тұнжырап мелшиген жартас — бұл мешеулік, надандықтың, «көздің жасы, жүректің қаныменен» «ішкі мұзын» ерітуге болмайтын топас адамдардың символдық бейнесі.

Бұл көркем бейне «моласындай бақсының» жалғызбын деп күңіренген ақынның трагедиясын танытады. Сонымен бірге ол өнер, ғылым, прогресс жолына айқын беттей алмай, тұңғыыққа қамалған елдің басына түскен трагедияны да жақсы елестетеді.

Халықтың жүрегіне жол табуды, жаңа ой-пікір, жаңа сөзге жұрттың бетін бұруды армандау — бұл Абай поэзиясында асқан көркемдікпен бейнеленген және зор әлеуметтік мағына алған тақырып желісі.

*Адасқан күшік секілді,  
Ұлып жұртқа қайтқан ой,—*

деген ақын поэзиясындағы ең бір келісті жасалған метафоралық бейне де оның осы асқақ арманымен ұштасып жатыр.

«Сәулең болса кеуденде» атты өлеңінен Абайдың халықты бір кемел, ақылды адам билеуін елдің бірлігі-

нің, берекелі болуының шарты деп санайтынын көреміз. Оның осы ойын толық, терең түсіну үшін өленнің мына көркемдік ерекшелігіне, құрылыс-бітіміне, айтылу қалпына назар аударалық. Ақын сөзін бірден әлдебіреумен пікір таластырғандай бастап, ең соңында іштей айтысып, сөзін соған қаратып айтқан адаммен қағысқандай:

*Рас сөзге таласып,  
Ақжем болма, жаным, кел!—*

деп тынады. Ақынның өз пікірін ешқандай ымыраға келмейтіндей болып, түсіне алмасаң, өз обалың өзіңе дегендей сынай көрсетіп, әбден шегелеп айтқанын өлеңнің бас жағындағы:

*Егер сәулең болмаса,  
Мейлің тіріл, мейлің өл.  
Танымассың, көрмесің,  
Қаптаған соң көзді шел,—*

деген тәрізді сөздері де анық аңдатады. Ал, осындайлық ешбір күмәндануға болмайтын, толық илануды талап ететін пікірдің түйіні неде екенін анықтау үшін өлеңнің мазмұн-мәніне үңіле қарап зер салсақ, мұндағы идея ел басқаратын кемел басшыны қолдау, ел бірлігін, тыныштығын сақтау қажеттігін уағыздау екенін көреміз. Ақын өз пікірін бұлтартпайтын ақиқат санап отырғандықтан:

*Имамсыздық намазда —  
Қызылбастың салған жол.  
Көп шуылдақ не табар,  
Билемесе бір кемел?—*

деп тұжырымдап қысқаша ғана білдіреді де, одан әрі қарай берекелі ел қандай болады деген ойын сабақтастыра өрбітеді:

*Берекелі болса ел —  
Жағасы жайлау ол бір көл.  
Жапырағы жайқалып,  
Бұлғақтайды соқса жел  
Жан-жағынан күркіреп  
Құйып жатса аққан сел.  
Оның малы өзгеден  
Өзгеше боп өсер тел.*

Берекелі, құтты елдің тұрмыс-жайын ақын айнала ел қонған мөлдір, таза, суы тұнық шалқар көл мен оның жағасында жасыл шөпке тойынып еркін өскен төлдің бейнесі арқылы елестетеді. Мал баққан елдің өмір-тұр-

мысына бірден-бір тән белгілер осылар екенін тап басып, дәл тауып сипаттайды. Табиғат аясында дәулетті өмір сүрген ел өмірінің осы әдемі сурет-көрінісінің әсерін күшейте түсетін берекесі кеткен елдің суреті қатар, жалғаса келеді:

*Берекесі кеткен ел —  
Суы ашыған батпақ көл.  
Құс қаңқылдап, жағалап,  
Сулай алмас жазғы төл.  
Оның суын ішкен мал  
Тышқақ тип, аспас бел.  
Көл деп оны кім жайлар,  
Суы құрсын, ол — бір шөл.*

Ақын пікір айтудан суреттеуге ойысып, өлендегі бірден шиырланып, серпінді көрінген ой желісі өзгеше сипат алып, байсалды ширатыла түседі. Содан кейін, енді басқаша жағынан келіп, алғашқы пікірін нығайта, қайтадан үстемелеп дамытады.

Ел басқаратын адамды ақын балама символ арқылы елестетіп «единица» десе, ал ерген елді «нөл» дейді:

*Единица — жақсысы,  
Ерген елі бейне нөл.  
Единица нөлсіз-ақ  
Өз басыңдық болар сол.  
Единица кеткенде,  
Не болады өңкей нөл?  
Берекеңді қашырма,  
Ел тыныш болса, жақсы сол.*

Талас пікір түрінде берілгендіктен өлендегі ел басқаратын кемел басшы туралы айтылған сөздер жеке адамның қоғамдағы орнын жете бағаламауға қарсы айтылған деу қисынды. Ендеше өз алдына бөлек тұрған күйінде қарағанда біржақтылау көрінсе де қарама-қарсы пікір осылай айтылуы орынды болып шығады. Сондықтан ақын жеке адамның рөлін көтермелеп, көптің, көпшіліктің рөлін төмендеткен деуге келе қоймайды. Бұл пікірді Абай өз заманындағы нақтылы қоғамдық жағдайға байланысты айтқан деп қараған жөн. Ол кезде қазақ даласы болыс-болысқа бөлініп, бөлшектеліп, әр болысты билеген, Абай өзі «өңкей қиқым» деп атаған ұсақ, әлсіз басшылар билікке таласумен әуре болып, ел бірлігін ойлауға мұршасы келмей, елдің сиқын кетіргені тарихи шындық. Олай болса ақын елдің басын құрап, бірлігін сақтай алатын кемел басшы қажет дегенді жайдан-жай айта салмағаны әбден айқындала түседі.

Кеңірек көлемде алып қарасақ, «единица-нөл» деген шендестірудің астарлы, символдық мағынасы әдебиетте әр қырынан көрінеді. Бірегей бірдің өзі де көптің ішінен шығады ғой. Және единицаны, бірді мыңға, миллионға айналдыратындар да нөлдер емес пе? Абай бұл жағын тәптіштемей-ақ, елді ақылды басшы билеу керектігін ғана айтумен шектелген.

«Адасқанның алды-жөн, арты соқпақ» атты өлеңінде Абай адал сөзден гөрі, арам сөзді тез ұғатын, шаруаға қыры жоқ сидан жігіттің жинақталған портретін бейнелеген. Ақын өнімді іске ебі жоқ, сыртын түзеп, кербезденіп, уақытын ел қыдырумен өткізуге әуестенген адамның бейнесін көбінесе оның киім-киісін, сәнденген жүріс-тұрысқа нақтылы сипаттау арқылы айқын көзге елестетеді.

Адал еңбек етуге, мал бағуға құлқы жоқ, жақсы мінез, жақсы қылықтан жұрдай, тек сыртын түзеп, сәнқойлыққа әуес болып жүрген жігіттің киім-киісін, бір аршопке (өлшемге) дәл келетін шапанын, тымағын, бөркін, шалбарын, қолындағы сабау қамшысын ақын тәптіштеп көзге айқын елестетерліктей етіп сипаттап келеді де, жүріс-тұрысын, қимыл-қозғалысын, бет құбылысын бірнеше сөзбен қысқаша қайырып бейнелейді.

Соның мінез-құлқын, ішкі сырын, жан дүниесін арнайы сипаттамаса да, парықсыз, жеңіл ойлы, есерлеу адам екенін сыртқы пішінін, қылымсып орынсыз керілуін әсерлі суреттеу арқылы ишара қылып, шет жағалап-ақ шебер жеткізеді. Мұның өзі адамның мінез-құлқын сипаттаудағы портреттік суреттемеге тән айрықша ұтымды көркем тәсіл екенін атап кету қажет.

Осы өнерсіз, талапсыз, шаруаға олақ, күлкішіл-керден, мақтаншақ жігіттің портреті бұл өлеңге жалғаса келетін «Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген сияқты өлеңдердің мағынасын терең түсінуге де себін тигізеді. Сидан жігіттің сиқын, сырт көрінісін, қимыл-қозғалысын суреттеу арқылы аңғартқан ойын ақын енді туралап айтып, айқындай түседі.

*Демеңдер өнбес іске жұбаналық,  
Ақыл тапсақ, мал тапсақ, қуаналық.  
Қызды сүйсең, бірді-ақ сүй, таңдап тауып,  
Көрсө қызар, күнде асық — диуаналық.*

*Жастықта бір күлгенің бір қаралық,  
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.  
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,  
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық.*



Осындай еңбек ету, өнер үйренуді уағыздайтын пікірлерімен ұштастыра, жар сүю, үй болу мәселесін әсіресе «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» атты өлеңінде көбірек толғайды. Бұл — Абайдың жастарға арналған достық, татулық, жар сүю мәселесін қозғайтын насихат өлеңі. Ақын бірден «жігіттер» деп, есейіп, қатарға қосылып, бозбалалыққа, құрбыларымен араласуға, жар сүйеге, үй болуға жетіп қалған жастарға сөзін қаратып айтып, соларға татымды дос табу, жар таңдау, үй болу жайын қозғайды. Өлең еркін әңгіме-сұхбат түрінде құрылып, көбінесе жас жігіттерге айтылатын ақыл-кеңес іспетті болып келеді. Сондықтан өлеңді оқығанда өмірден көргені мен түйгені көп ақылгөй адамның біркелкі өңкей құрбы-құрдас жас жігіттердің ортасында кеңес құрып шын ықласымен ақтарыла сөйлеп отырған қалпын көргендей боламыз.

Насихаттылық сипаты жағынан өлең халық поэзиясындағы ертеден қалыптасқан дәстүрге жақын десек те, ой-пікірлерінің өткірлігі, сонылығы және еш жасандылықсыз тартымды, жатық етіп айтылуы бірден назар аударады.

*Керек іс бозбалаға — талаптылық,  
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық,—*

деп жастардың алдына үлкен өмірлік мақсат қоюы қажет екенін ақын айрықша атап көрсетеді.

Терін сатып адал еңбек етпей, басқа оңай жолмен мал табам деу ер жігіттің бойына лайық емес деген ойын да әсерлі жеткізіп, лайық қасиет — татулық, достық деген пікір түйеді.

*Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз!  
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,  
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!*

*Жолдастық, сұхбаттастық — бір үлкен іс,  
Оның қадірін жетесіз адам білмес.*

Жастардың сүйіспеншілік сезімінде айнымас беріктік, тұрақтылық, адалдық болуына айрықша мән бере отырып, ақын жігіттердің құбылма, айнығыш, жеңілтек мінезін қатты сынап шенейді.

*Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,  
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе,  
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар  
Оңғақ бұлдай былғайды, бір дым тисе.*

Өлеңдегі тағы бір назар салынған жай — жігіттердің жар таңдауы, үй болуға байыппен қарап, алдымен өмір-

лік серік болатын қыздың мінезіне, адамгершілік қасиетіне, ақылына, инабаттылығына көз жеткізу шарт екендігі:

*Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!*

*Жасаулы деп, малды деп байдан алма,  
Кедей қызы арзан деп құмарланба.  
Ары бар, ұяты бар, ақылы бар  
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.*

Осындай сөздерінен, әсіресе «Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас» деген секілді өлең жолдарынан жасы үлкен адамның өзінен кішілерге шып ниетімен жаны ашып сөйлегенде көңіліндегісін батыл, тура айтатын қазақтың халықтық дәстүрі айқын аңғарылады. Өлеңнің соңында сүйіп қосылған жастардың от басындағы татулығы, көңілдес құрбылардың достығы жайлы пікірін ақын бүкіл елде береке-бірлік болуын аңсаған өрелі ойымен жалғастырады. Абайдың қоғамдағы әр түрлі топтардың өкілдерін сипаттаудағы сыншылдық пікірлері де, жастарға айтқан ғибратты ойлары, ақыл-кеңестері де халықты үлкен адамгершілік мақсат-мұратқа жетуге ынталандыру ниетінен туған. Олардың жағымсыз мінез, жаман әдеттерін мысқылдап, ажуалай отырып ақын адалдық, жігерлілік, еңбек сүйгіштік, әділеттілік сезімі, ой тереңдігі секілді қасиеттерді үлгі етеді. )

## Сыншылдық та— ШЫНШЫЛДЫҚ

Абайдың өмірді, адамды суреттеуі барынша сыншыл да терең. Қандай құбылысты сөз етсе де, ол оның қоғамдық, әлеуметтік тамырын, маңызын айқындап, адам үшін, қоғам үшін пайдалы немесе зиянды жақтарын ашып және осының барлығын өмірдің ілгерілеу, даму тұрғысынан суреттейді. Міне, бұл ерекшелік Абайдың өмірді суреттеушілік тәсілін жаңаша қалыптастырды, әдебиетте сыншылдық бағытты орнықтырды, мұның бәрі сайып келгенде, қазақ әдебиетінде реалистік, сыншыл реалистік көркемдік әдістің туып, қалыптасуы еді. Абай әдебиетке әкелген аса зор жаңа сапалық өзгерістердің бірі және негізгісі — осы дейміз.

Абай қазақ әкімдерінің, ел билеушілерінің бейнесін көбінесе сыншылдық тұрғыдан сипаттайды.

Патша үкіметі орнықтырған әкімшілік тәртіп бойынша қазақ арасынан сайланатын болыстар бас-басына би болып, ел іші бұзылатынын және өздері пара беріп сайланып, кейін тағы арыз айтушыларды тия алмай, уезді басқаратын мәртебелі чиновникке — ұлыққа жағынуға мәжбүр болған болыстардың мүшкіл халін ақын сол кездегі заман шындығы ретінде терең ашып көрсетеді.

Абайдың «Болыс болдым, мінеки» атты өлеңі болыстың монологы түрінде құрылып, кейіпкердің атынан оның өз аузынан шыққандай болып айтылған сөздер, өзі баяндап отырған іс-әрекет, мінез-құлықтары арқылы сол болыстың тұтас бітімді сом тұлғасы жасалады.

Абайдың осы бастан-аяқ болыстың атынан айтатын өлеңді бастау шеберлігі де көңіл қоярлық.

*Болыс болдым, мінеки,  
Бар малымды шығындап,—*

деген алғашқы екі тармақты алсақ, осындағы сөздер — айтылатын ойдың алғашқы түйіні де, және өлеңнің аяғына дейін үзілмей үнемі үдеп өрістеп отыратын ой арнасының бастау көзі. Осынау кейіпкердің бір сәт ойға кетіп, болыстыққа жету үшін қандай қам жасағанын, қанша малын шашып әуреге түскенін, болыс болғандағы іс-әрекеттерін, әр түрлі адамдармен қарым-қатынасын — бәрін көз алдынан өткізіп, өзіне-өзі есеп бергендей, тұжырымдап бағалағандай болып отырған қалпы мейлінше нанымды да, әсерлі-ақ! Абай осы өлеңінде алдына жан салмайтын мысқылшыл, сатирик-ақын, кемел психолог-суреткер ретінде әсіресе айқын танылады. Бір ғажабы — өлеңде әдейі әсірелеу арқылы күлкілі жағдай туғызу деген мүлде жоқ. Болыстың баяндап отырған жағдайлары түгелдей шындыққа үйлесімді, пәлендей дерлік асырмай да, жасырмай да айтылғаны аңғарылады. Сол заманда қазақ қоғамында болыстық үшін таласқан адамдардың басында үнемі кездесіп отыратын жағдайлардан, өмірдің өзінде бар қайшылықтардан келіп күлкілі, комедиялық, тіпті керек десеніз, трагикомедиялық жағдай туады.

Күлкі әдетте аяқ астынан әлдеқандай бір кездейсоқ шыға келетін оғаштық, өрескелдіктен, үйлесімсіз жағдайдан туатын болса, ал мұнда өмірде үнемі кездесіп отыратын үйреншікті жағдайлардың, ойланып істелген іс-әрекеттердің өзі ешбір қоспасыз, әдейілеп өсірусіз-ақ күлкілі болып шығады.

Болыстың өзімен-өзі отырып өз жағдайын таразылап, өз іс-әрекеттеріне сын көзімен қарап баға беруге тырысуы әбден қисынды, бұл алданып қалмаудың амалы, істеген қылмыстары үшін жазаға тартылып қалмауды ойлаған сақтығы деуге де болады. Болыстың өз кемшілігін өзі көре білуі, өзі істеген ісін, қылған әрекетін, әр кездегі көңіл-күйін сырт көзбен қарағандай бағалауы оның сыншылдықтан, өзін де, өзгені де бір сәт ажуалап, әзілдеп айтуға бейімділіктен құр алақан емес екенін де аңғартады. Бұдан біз болыс мінезінің бір қырын айқын танығандай боламыз. Ал енді тағы бір тұста:

*Оңашада оязға  
Мақтамаймын елімді.  
Өз еліме айтамын:  
«Бергенім жоқ — деп — белімді».  
Мақтанамын кісімсіп  
Оязға сөзім сенімді,—*

дейтіні сырын ақтарудан, өзін сынаудан гөрі ептілігін, жағдайға қарай жалтарғыш, кәсіпқойлығын көңіліне медеу қылған деп бағалауға келеді. Не десек те, осы өлеңдегі болыс бос мақтанға салынған жадағай, жайдақ жан емес. Ол бірден-ақ «елімді ұстай алмадым мығымдап» деп, өз әлсіздігін сезетінін де жасырмайды. Керек жерде айламды асыра алмадым деп, өзін-өзі аяғандай болады.

Болыс «антұрғанмен өзім де» деп өзінің монтаны, екіжүзділігін, пайдақорлығын мойындайтын секілді, алайда соны пысықтығым, қулығым деп те санайтындай, қалайда жаздым-жаңылдым деп райдан қайтуға ұмтылғаны байқалмайды. Ол өткенге өкіну үшін емес, жағдайым оңай емес, алдағы күнім не болады деген ретпен ашылып, ақтарылып айтқандай сыңай танытып отырғанға ұқсайды. Бұл тұста біз болыстың қысыл-таяң уақыттың жақындағанын сезіп, енді бір сәт ағайынға ақыл салғалы отырған ниетін де байқаймыз.

*Ақыл айтар туғандар,  
Бұл сөзімді ойлаңдар.*

Тек ақыл қосуды сұрап қана қоймайды, жазадан құтылып кетуіне көмек беріндер дейді:

*Мынау елді ұстарлық  
Кісі емеспін, кел, құтқар!*

Абайдың асқан суреткерлігі, ақындық шеберлігі болыстың психологиясын, мінезін, көңіл күйін, кимыл-әрекетін нанымды бейнелеуінен, ағынды жырдың үлгісінде жазылған өлеңнің басынан аяғына дейін саулап құйы-

лып тұрған, болыстың аузымен айтылатын ұтымды, ұтқыр сипатталған сөздерден айқын көрінеді.

*Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындап.  
Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындап.  
Съезд бар десе жүрегім  
Орнықпайды суылдап.  
Сыртқыларға сыр бермей,  
Құр күлемін жымыңдап...  
...Сасып қалдым күн тығыз,  
Жүрек кетті лүпілдеп.  
Тың туяқ күнім сүйтсе де,  
Қарбаңдадым өкімдеп.  
Қайраттанып халқыма  
Сөз айтып жүрмін күпілдеп...  
...Күн батқанша шабамын,  
Әрлі-берлі далпылдап,  
...Оязға жетсін деген боп,  
Боқтап жүрмін барқылдап.  
Кейбіреуге таяғым  
Тиіп те кетті бартылдап...  
...Ашылып омырау, күн ыстық,  
Қойын кетті алқылдап.  
Табаныңнан тозасың,  
Құр жүгіріп тарпылдап.*

Кімді болсын амалсыз езу тартқызатын осындай суреттемелерде қаншалықты ащы мысқыл жатыр. Кейіпкердің қимыл-әрекетін дәл сипаттап, көзге айқын елестететін, көңілге берік ұялататын бейнелілік қуаты күшті, ойнақы сөздерді (етістіктен жасалған эпитеттерді) ақынның мол қолданатыны айрықша назар аударады. **Шыбындап** тұрған малдай өзінің зорға бас шұлғуы, немесе елемеген адамның ескермейтін, құлаққа ілгісі келмейтін сөзін қырындап тұрып тындағаны сияқты, күпілдеп сөз сөйлейтіні, далпылдап шауып жүретіні, тарпылдап жүріп, табанынан тозатыны, ашу шақырып, сестенгенде барқылдап ұрысқан болатыны, кейбіреуге ұрған таяғы бартылдап тиіп жататыны,— бұлар болыстың әр түрлі жағдайдағы қалпын, әрекетін дөп басып бедерлеп, бейнелеп көрсетеді. Мұндай сипаттауларға тән мысқыл бадырайтып сырттан берілген бағадай айтылмай, кейіпкердің өзіне айтқызу арқылы бүркемеленіп тұрғаны тегін емес. Осындай сөздер қатар-қатарымен, еселеп, еспелеп берілсе де, әдейілеп тізбектегендей әсер қалдырмайды. Дәл сондай жағдайда өзінің хал-жағдайын, жәй-күйін анық сезіне алатын адамның аузына өзінен-өзі түсетін, бірден-бір орынды сөздер болып көрінеді. Аз-көп аяласы бар, көзі, көңілі соқыр емес, қисынды сөйлей ала-

тын нағыз айтатын сөздері осы деп еріксіз иландырады. Өлеңде әр тұста бой көрсетіп қалатын басқа кейіпкерлерді де біз осы болыстың көзімен көріп, оның мінездеуі арқылы елестетеміз.

Өктем, елді шошытып, қырып-жойып, сестендіре келетін ұлықтың «Ояз жатыр шартылдап» деп сипатталатыны, ояздың елге шыққанын хабарлаушы атшабардың лепілдеп келіп, қарсы алындар, үй тігіндер деп дікілдеп жүрген болып көрсетілетіні, немесе, оязға беделді болыстарды айтқанда, олар тарқылдап мақтанып жүр, қарқылдап күледі, аңқылдап сөйлейді, дауыстары сартылдап естіледі дегендей әр түрлі қимыл-әрекеттерді дәл тауып айқындайтын сипаттамалар арқылы бейнелейтіні де осы өлеңнің басты кейіпкері болып отырған болыстық жағдайда қалай бағдарлап, өзінен басқаларға да тиісті баға бере алатынын танытқандай әсер береді.

Өлең бастан-аяқ болыстың аузымен айтылған сөз түрінде келетіндіктен онда кейіпкердің кескінін, түр-түсін сипаттау деген мүлде жоқ. Оның есесіне өлең қимыл-қозғалысқа толы, үнемі тынымсыз әбігерге түсіп жүретін болыстың іс-әрекеті көз алдымыздан тізбектеліп өтіп жатады. Адамның бейнесін әрекет үстінде көрсету — Абайдың осы өлеңдегі үлкен табысы.

Сонымен, Абай бұл өлеңінде болысты, оның мінез-құлқын іс-әрекетін суреттеуде аса бір ұтымды тәсіл қолданып, қазақ сахарасындағы ел билеуші адам бейнесін типтік дәрежеге көтере шебер мүсіндеп берген.

Абайдың осы шығармасындағы болыс бейнесін суреттеу әдісінің өзгешелігін айқынырақ байқау үшін «Мәз болады болысың» атты тақырыптас өлеңін еске түсіріп, екеуін салыстырып көрелік. Соңғы өлеңде болыстың мінез-әрекетін мүсіндеп-сипаттау азырақ та, мысқылдау әлдеқайда басымырақ.

*Мәз болады болысың  
Арқаға ұлық қаққанға,  
Шелтірейтіп орысың  
Шенді шекпен жапқанға.*

Өлең мазмұнына тірек, арқау болған өмір құбылысы, уақиға — осы. Патша чиновнигі арқаға қағып, шекпен кигізіп, шен бергенге болыстың әлдеқандай болып қуанғаны осылай аз сөзбен түйіп айтылған. Одан әрі болыстың осы қылығын масқаралап, әшкерелеуге көбірек мән беріледі.

Мысалы:

*Оқалы тон тола ма  
Ар-ұятың сатқанға?!  
Еш нәрсе емес жұбанар  
Ақыл көзбен баққанға.*

*Қуанарлық қыз емес,  
Жылтырауық таққанға.*

*Осы да есеп бола ма  
Ар-абұйыр тапқанға?*

Өлеңде болыстың жай-күйін, қимыл-қозғалысын бейнелеп көрсететін «күлмен қағып, қасқайып», «қампайып, жоқты-барды шатқан», «елең қағып», «елертіп көзді аспанға», «бос желігіп шапқан» деген секілді айрықша ұтымды сипаттаулар да бар. Бірақ бұлар және болыстың үйі қой сойғаны секілді басқа бірлі-екілі жайлар ой желісін дамытып әкететін әшкерелеу сөздердің арасында қосарланып айтылып отырады.

Абайдың болыстың кескін-кейпін, мінез-құлқын, іс-әрекеттерін суреттеуі қазақ поэзиясына үлкен жаңалық әкелгенін айта отырып, алдындағы ақындармен жалғастығы да бұл тұста анық байқалатынын атап кеткен жөн. Осы өлеңдеріндегі сыншылдығы, сықақшылдығы жағынан алғанда Абайдың әсіресе Дулатпен үндес шығатын тұстары жоқ емес. Ел билеушілерді сынап-шенеу Дулат поэзиясындағы күшті сарынның бірі.

Дулат ел билеушіні бетпе-бет келіп те әшкерелей мінездейді:

*Тістеуік айғыр секілді  
Үйірінді сұйылтып.  
Тай, құнанды қуғансың.  
Ел билерлік ісің жоқ,  
Дегдар емес, будансың.  
Будан дейтін себебім:  
Айналаңды торисың.  
Түзден тоят тілемей,  
Өлексені қорисың.  
Алдыңа келсе жүгініс,  
Терісті оң деп жорисың.  
Қол бала құс секілді  
Биялайға қарайсың.  
Не тұлғама тұтқа боп,  
Не керекке жарайсың?  
Ішің аяз ақ қырау,  
Сырты сұлу сарайсың.*

Тағы бірде сырттай мысқылдап сипаттайды:

*Майырдың алса бұйрығын,  
Борбайға қысып құйрығын,  
Ел пысығы жортады-ай,*

*Өзі елді қорқытып,  
Онан өзі қорқады-ай.*

Ел пысығының Абай айтқан ұлықтың алдында құрдай жорғалайтын жарамсақтығын Дулат та тап басып, дәл көрсеткенін аңғарамыз. Дулаттың мына сөздеріне көңіл қойсақ:

*Қайырсыз сараң малыңды,  
Еріншек есек жарыңды,  
Халыққа емес сыйым<sup>2</sup>,  
Парақор баспақ биіңді,  
Ел бүлдіргіш бегіңді  
Улы тілмен улаттым.  
Сана беріп ойына.  
Қуат беріп бойына,  
Аққан жасы сел болған,  
Етегі толы көл болған.  
Беріш боп шері байланған,  
Ұйқы беріп қайғы алған  
Қайғылыны уаттым,—*

ақынның сыншылдық пенен адамгершілікті, әділеттілікті жақтауды тамырлас, бір-бірімен терең байланысты санағанын көреміз.

«Күлембайға» деген жалпылама атпен басылып жүрген Абайдың екі өлеңінің ең көбірек тілге тиек болатыны «Болыс болдым, мінеки» түгелдей сол болыстың өз аузынан шыққан сөз түрінде келсе, екіншісі өлеңді айтушы (ақын) болыспен бетпе-бет келіп тілдескендей, болысқа тура қаратып айтылған қағытпа сөз қалпында беріледі. Кенет табан астында тауып айтылған тұжырымды экспромт, қазақ поэзиясындағы қалыпты жыр үлгісіне де сәйкес келетін осы ықшамды өлең басталғанда әзіл-қалжың мен зілсіз ажуаға ұқсайды да, одан әрі өткір келемеж, ащы мысқылға ойысады:

*Уағалайкүмүссәләм,  
Болыс, мал-жан аман ба?  
Мынадайға кез болдың  
Аума-төкпе заманда.  
Ел билеген адам жоқ.  
Ата менен бабаңда.  
Болыстықтан пайда қып,  
Шығыныңды алсаң, жаман ба?  
Қалжыңдаймын әншейін,  
Оған келе де бермес шамаң да!*

*Орныңнан тұра шабасың,  
Атшабар келсе қышқырып,  
Ояз келсе, қайтер ең,  
Айдаһардай ысқырып.  
Отырасың үйіңде  
Өз-өзіңнен күш кіріп.*



*Босқа-ақ түсін қаларсың,  
Біреу кетсе үшкіріп!...*

Осы өленді қай жағынан алсақ та — болысты бетпе-бет келіп, қалжың-әзіл түрінде сөзбен қағытуы да, әзілдей отырып, адамның жағдайын, жай-күйін дәл танып, тап басатын тапқырлығы да, жыр өлшемін әдемі өрнектеп қолданып, шешендік сөз нақысына келтіре табан астында суырып салып айтқан шеберлігі де — бәрі де нағыз халықтық поэзияға, халық тіліндегі бұрыннан қалыптасқан үлгілерге тән сипаттарды танытады. Бірақ бұл Абайдың өз қолтаңбасы байқалмайды деген сөз емес, ақын шеберлігі өленде халықтық дәстүрлермен ұштаса көрініс тапқан деген сөз. Осы не бары ықшамды екі түйдек көлемінде келетін жыр-өленде парамен билікке қолы жетіп, енді алар жерді көздеп отырған болыстың елге сұсты, озбыр оязға жалынышты мінез-құлқын әсерлі бейнелеп, оның тұтас тұлға-бейнесін айқын көзге елестетуінен ақынның суреткерлік шеберлігі айқын сезіледі. Оған қоса өлендегі ой желісінің өрістеуі — әуелі жеңіл әзіл-қалжыңмен болыстың көңілін өзіне аударып алып, содан кейін барып қана сынға, ащы мысқылға ауысу тәсілі де назар аударарлық. Алдымен жайдары сәлемдесіп, тіпті сөзін ниеттестік көңіл танытқандай, жаны ашығандай етіп айтып, жіңішкелеп қана, болыстықтың пайдасын көріп шығарған шығынды қайтарып алмайсың ба?— деу арқылы пара беріп болыс болдың, енді өзін пара алып есесін қайтарасың дегенді еппен, емеурінмен білдіреді. Соны айтуын айта отырып, жай қалжың ғой, деп жуып-шайып қояды. Алайда, оған шамаң келмес, оны істеу қолыңнан келмес,— деуі ақтау да, жақтау да емес, кеміту, келекелеуге көбірек ұқсайды. Міне, нағыз қатал сын, әшкерелеу, ащы мысқыл осыдан әрі қарай басталады. Және оның өзі енді тосын, күтпеген нәрседей көрінбейді. Ақын енді сыпайылыққа салмай, оязға бағынышты болыстың халі мүшкіл екенін, сөзге ілінсе, бір-ақ күнде биліктен айырылатынын бетіне басып, тура айтады.

«Ішім өлген, сыртым сау» деп басталатын өлең де әлдекімге қаратып айтылған сөзге ұқсайды. Туралап ешбір адамның атын атап, түсін түстеп жатпаса да, нақтылы біреудің ойламаған жерден жат мінез көрсеткенін сынап, соның сырттан айтқан дауына ашына жауап қатқандай сыңай танытады:

*Ұрлық пенен қулыққа  
Байлағанда, кестің бау.  
Берерменде бесеусің,*

*Аларманда және алтау.  
Топ болғанда көрерсің  
Түрлі дауды жүз тарау.  
Аяғында сендейлер  
Көрмей жүр ме қанталау?  
Қайта келер есікті  
Қатты серіппе, жарқын-ау!  
Жетілсең де, жетсең де,  
Керек күні бір бар-ау.*

Өлеңнің табанда суырып салып айтқандағыдай дауыс толқыны бірыңғай ағыммен келіп отыратын серпінді ширақтығы да, әр сөздің бұлтартпайтындай дәлелділігі де көңіл аударарлық. Әрине, бұл айтылғандар өлеңнің көркемдік бітім-ерекшелігіне көбірек қатысты. Ал шығарманың мәнділігі — онда кең мағынасында үлкен өмір шындығы жатыр, үйткені адам мінезі белгілі бір қырынан алынып, типтік дәрежеде кескінделеді.

Абай адамның мінез-құлқын, қасиет-сипаттарын бейнелеу арқылы да, әдетін, іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын, бет пішінін, сымбатын көрсету арқылы да нанымды портрет жасауға шебер. «Қатыны мен Масақпай» атты өлеңінде ақын ері мен жұбайының кескін-кейпін үлкен тапқырлықпен кекесінді түрде бейнелейді. Осындағы екі адамның портреті бірін-бірі толықтырып тұрғаны назар аударарды. Алдымен әйелді сипаттайтын:

*Сырмақ қып астына  
Байының тоқымын,  
Отының басына  
Төрінің қоқымын  
Бүксітіп,  
Бықсытып.  
Қоқсытып келтірді.*

*Осының бәрімен  
Көңілінде міні жоқ,  
Жүзінің нәрі мен  
Бойының сыны жоқ,  
Бүкшііп,  
Сексііп,  
Түксііп өлтірді,—*

деген сөздерді оқығанда қатынның салақтығын, ұқыпсыздығын, олақтығын көзге айқын елестетсек те, осынша лайықсыз қимыл-қылықтарының себебін әлі әбден толық түсіне қоймаймыз. Онан кейін байын сипаттаған:

*Күлкі боп көргенге,  
Құрбыға қадірсіз.  
Ас қылып бергенше  
Шыдамас сабырсыз.*

*Келді, ойбай,  
Салды айғай,  
Түк қоймай боқтады.*

*Сөзінің жөні жоқ,  
Ақылсыз томырық,  
Қатынның күні жоқ —  
Қамшы мен жұдырық.  
Барқылдап,  
Тарқылдап,  
Салпылдап тоқтады,—*

дегенді оқығанда барып, осы ашушаң, шыдамсыз, өзін-өзі ұстай білмейтін тоң-геріс мінезді, әйеліне мейірімсіз адамның сикын айқын тани отырып, қамшы мен жұдырықтан көзі ашылмайтын сорлы қатынның жайын да, мінез-қылығын да түсінгендей боламыз. Әрине, мұнда әйелін жақтау, байы мен қатынын бір-біріне қарсы қою жоқ, екеуі де өткір мысқылмен бейнеленген. Дегенмен зәбірлеуші — байы, зәбір көруші — қатыны екені анық байқалады. Бұл жерде ерекше назар аударатын жай — қатынның мінезі байының атынан айтылады да, байының мінезі қатынның атынан айтылады. Қатынын байының көзімен қарап танысақ, байын қатынының көзімен қарап танимыз. Сөйтіп, қай сипаттама болсын сөз болып отырған адамды ғана емес, айтушы кейіпкердің бейнесін де көзге елестетуімізге мүмкіндік береді. Түгелдей алғанда бұл өлеңде адам мінезін қимыл-қозғалысы, әрекеті арқылы сырттай суреттеу жағы басымрақ. Ал «Дұтбайға» деген атпен басылып жүрген өлеңді алсақ, оны тұтас психологиялық портрет деуге болады:

*Жылуы жоқ бойының,  
Жылмиғаны неткені?  
Құбылуы ойының —  
Кетпей құйтың еткені.*

*Мұңды, жылмаң пішінін  
Кезек киіп, ел жиып.  
Болыс болса, түсінің  
Түксігін салар тырсыып.*

*Бір көрмеге тәп-тәтті  
Қазаны мен қалбаңы.  
Дөң айналмай ант атты,  
Бүксін, бықсып ар жағы.*

*Сенен аяр түгі жоқ,  
Бүгін сыйлас көрініп,  
Бүгін — жалын, ертең — шоқ,  
Сөзі мен өзі бөлініп.*

*Әлі үміт, әлі серт,  
Жын сықылды бұзылып.  
Қулық емес, бұл — бір дерт,  
Тұрлауы жоқ құбылып.*

Ақын сөз болып отырған адамды нақтылы сипаттау, қимыл-қозғалысын, іс-әрекеттерін бейнелеу арқылы оның мінезіне тән құбылмалылық, тұрақсыздықты, екі-жүзділікті ашып көрсетеді. Қажет деген жағдайда көрер көзге көлгірсіп, жанын аямайтындай көрініп, достық, тілектестік пердесін жамылып, монтанысып, мүләйімсіп қалатыны, бірақ сырт айналғанда жалтарғыш, қолына билік тисе, кекірейіп, басқаны көзге ілмеуге тырысып, суық, сұсты түрімен сескендіре қарайтыны — кейіпкердің мұндай әдеттерін ақын айлакерлік қана емес, шектен шыққан ерсілік, жөнсіздік, жосықсыздық деп санайды.

## Ғылым-білім, ақыл-парасат жайлы ойлар

Ескілікке, кертартпалыққа қарсы тұрған Абай халықты еңбекке, өнер-білімге ұмтылуға шақырады. Тіпті оның өткір сынға құрылған шығармаларының өзінде халық өмірінің көкейкесті мәселелеріне жауап беруге тырысу айқын сезіледі, оның шығармаларындағы наразылық ағартушы-ақынның арман-мұраттарымен ұштасып жатады. Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың әнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі — міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл творчествосының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің біріне айналды. Ақын талантты, өнер іздеген жандар туралы айрықша зор сүйіспеншілікпен айта отырып, олардың алға қойған зор мақсатқа жету жолындағы күресте табандылық, жігерлілік көрсететініне үлкен сенім артады.

*Ішінде кімнің оты бар,  
Қар жауса да сөнер ме?!*

Елге білім тарату, ғылымды меңгеру тақырыбы Абай творчествосында бұрын-соңды болмаған, шын мәнінде орасан зор әлеуметтік мазмұнға ие болды. Халықты ағарту, білім тарату ісін ол адамдарды қандай да болсын әлеуметтік кеселден азат етудің қуатты құралы деп

түсінді. Абай ескі ұғым-нанымдарға сену әдетінен, топастықтан бойы жоғары тұрған білімді адамдарды аңсады. Ол надандыққа, қандай да болсын теріс, кертартпа ықпалға қарсы тұра алатын оқыған, біліммен қаруланған адамды құрметтеу керек деп санайды. Ең алдымен білімді, ғалым адам мақтан тұтуға лайықты. Ол үшін адам еңбексүйгіштік, мақсатқа жету, кішіпейілділік, мейірімділік сынды өнегелі қасиеттерге ие болуға, өтірік айту, жалқаулық, мақтаншақтық сияқты деректерден аулақ болуға тиіс. Ақылды, парасатты адамның идеал бейнесін ұсына отырып, Абай оған жақсылықты жамандықтан ажырата білмейтін, ағыммен ілесіп жүре беруге бейімделген надан, қараңғы адамды қарсы қойды. Топас, кертартпа адамның осы жағымсыз типі ақынның творчествосына өте тән және ағарту ісін, өнер-білімді жақтаушы Абайдың алдыңғы қатарлы көзқарасын білдіреді.

Абай поэзиясында жастарға білім беру, ғылым үйрету мәселесі қай тұрғыдан баяндалатыны сөз болғанда көбірек ауызға алынатын екі өлең бар. Олар — «Интернатта оқып жүр» және «Ғылым таппай мақтанба».

1909 жылғы жинақ пен 1922 жылы Қазанда жарық көрген басылымдарда «Ғылым таппай мақтанба» кейінгі жылдарда бөлек өлең саналып жүрген «Интернатта оқып жүр» дейтін өлеңге қосылып, біртұтас шығарма болып келеді.

«Ғылым таппай мақтанба» деп аталып жүрген өлең шынында «Интернатта оқып жүр» деп басталатын өлеңнің жалғасы деудің қисыны жоқ емес.

Бұл екі өлеңнің біртұтастығына көз жеткізу үшін, әрине, оларды салыстыра талдап шығу қажет. «Ғылым таппай мақтанба» дейтін өлең түгелдей ғылым үйренуге талпынған жастарға айтылған ақыл-кеңес түрінде құрылған болса, «Интернатта оқып жүр» атты өлеңде осындай ақыл-кеңес, насихат сөздердің алдында сол оқушы жастарға тұжырымды сипаттама, мінездеме беріледі.

*Интернатта оқып жүр  
Талай қазақ баласы.  
Жас өспірім, көк өрім,  
Бейне қолдың саласы.*

Өлеңнің беташары іспетті осы ықшамды суреттемен-ақ бұл екі бөлшектен тұратын шығарманың бастапқысы деуге лайық екенін аңғарамыз. Бұл сөздерден Абайдың білім алу, ғылым үйрену жайлы ақыл-кеңестерін кімдерге қаратып айтып отырғаны анық байқалады.

Интернатта оқып жүрген балаларды ақын соншалық жылы сезіммен, сүйсіне бейнелейді, «Талай қазақ баласы» деп олардың көбейіп келе жатқанын да көңілге медеу етеді. Алайда осылардың ертең ел үмітін ақтай алатынына ақынның сенімі толық емес. Абай ел тағдыры, елдің арасы бұзылмауы, бірлігі сақталуы осы жастардың келешекте қандай болуына байланысты деген ойын ашық айтады. Осы балалар орысша арыз жазып беруді үйреніп, кімнің ісі ақ, кімнің ісі қара екеніне мән бермей, әйтеуір арызды көбейтумен пайда тапса, үкімет орындарына, әкім-ұлықтарға берілетін қаптаған арыз ел ішінде өкпе-наразылықты күшейте түсетінін аңдатады.

Ақын еңбексіз, ықылас-ынтасыз, мекнатсыз нағыз ғылым-білім қолға түспейді дей келіп, содан әрі бірден негізгі ой желісін үздіксіз өрбітіп, оқудағы мақсат не, алған білімді не қажетке жұмсау керек, не істеу, қандай қызмет атқарған жөн болады деген мәселе төңірегінде сөз қозғайды. Сонда Абай айтатын тілмаш я адвокат болуға ұмтылма, оқалы киім киемін деп әскери («военный») қызмет іздеме, ұлыққа жағынып күн көрем деп оязға қызмет қылма деген пікірлерді көп қазаққа пана боларлықтай адам бол, өнбес іске алданба, талабыңа лайықты тұрақты, орнықты істі іздеп табуға («кореннойға кіруге») ұмтыл деген түйінді, қазықты идеясымен астаса байланысып келеді. Осы идеясын дамыта түсіп, ақын жастарға «не байларға қызмет қыл», онда да ерінбей, «адал жүріп, адал тұр», немесе өз бетіңмен жүріп қарекет қыл, бірақ оған да талаптылық, ғылым да, ой да керек дейді.

*Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге,—*

дегенді Абай осы өлеңнің орта тұсында әртүрлі қарекет жайын сөз қылғанда және атап айтады.

*Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба  
Ойнап босқа күлуге,—*

дегенді оқысақ «Ғылым таппай мақтанба» деп аталып келген өлеңнің жоғарыда талданған «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде мазмұн-мағынасы, ойдың түйдектегіп айтылуы, сөздердің үйлесімі жағынан да жалғаса

келетінін бірден аңғарамыз. Ал «Ғылым таппай мақтанбаны» бүтіндей алып, екі өлеңді бастан-аяқ салыстырып қарасақ, жоғарыда аталған екі тамырлас тақырып, яғни ғылым іздеу және сол ғылымды жұмсап қарекет қыларлық тұрақты орын табу туралы ой-пікірлерін акын жібін үзбей әрі қарай жалғай беретінін көреміз. Сонда «Ғылым таппай мақтанба» деген сөзге ілесе келетін «Орын таппай баптанба» дегеннің мәнісі әбден айқында-ла түседі. Ол — алған білімді, үйренген ғылымды жұмсайтын орын. Және бір қызығы осы жоғарғы «Ғылым таппай мақтанба» деп басталып, «Ойнап босқа күлуге» деп аяқталып, мүлде окшауланып тұратын басқа келесі тармақтармен үйлеспейтін төрт жол өлең «Интернатта оқып жүр» атты өлеңдегі «білуге — көруге — киюге — керуге — сөнуге — сөуге — шіруге — жүруге — кіруге — сүруге — желуге — келуге — еруге — беруге — сенуге — енуге» деген тізбектелген бірыңғай ұйқасы бар тармақтардың соңынан келгенде, қатарластыра қаққан қазықтай барып өз орнына тұра қалады да, әлгі ұзақ созылып тізбектелген ұйқастардың аяқталған жері осы екені ап-анық байқалады. Ой желісі де бір жерге сайып келеді де, енді одан әрі сәл басқаша өріледі. Абай

*Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,—*

деп адамдық, адамгершілік жайын қозғайды. Алайда ойының негізгі желісін үзбейді. Бұл тұста ерекше бір көңіл бөлерлік жай — Абай ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды. Ғалым болудың басты шарты — не нәрсені болсын ақыл таразысына салып өлшеу, ақыл сенген нәрсеге ғана сену және көзің анық жеткен шындықты тура айтудан тайынбау екендігін акын нақтылап, мейлінше дәлелді етіп, шегелеп айтады. Осы өлеңдегі Абайдың надандықпен айтылған сөзге ерме дей отырып, «ақсақал айтты, бай айтты», егер қисық көрінсе кімнің сөзі болса да, тіпті жақын адам айтса да, ақылменен жеңуді үлгі етуі, әсіресе, сол өткен ғасырдағы қазақ өмірінің жағдайында бірден-бір батыл айтылған пікір болғаны анық. Үлкен адамға, лауазымы жоғары адамға қарсы келіп, өз пікірін көлденең тарту сыпайыгершілікке келмейді дегенді желеу қылып шындықты тура айтуды қалайда шектеу, қолдамау ол заман ғана емес, бүгінгі заманда да аз кездеспейтінін ескерсек, Абайдың осы пікірлерінің мәні зор дейміз. Ендеше:

*Ақымақ көп, ақылды аз,  
Деме көптің сөзі — бұл,—*

дегенді көпке топырақ шашқандай емес пе деп көлгірсімей, ашық айтылған, жастарды артық сенгіштіктен сақтандыратын ащы өмір шындығы деп бағалауымыз орынды.

Абай сөзінің мәні терең келеді, сондықтан қай сөзді болсын жеңілдетіп, үстірт қарап, біржақты түсінуге болмайды. Осы өлеңде Абай ғылыми пікір қорытуда, дүниетаным мәселесінде кімнің де болсын жасы, мансабы, атағына қарамай, тек қана шындыққа жүгіну қажет екенін шегелеп айтқан болса, ал «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» дейтін өлеңінде шынға сенбей, жоққа сенетін адамдарды:

*Ақсақалдың, әкенің, білімдінің  
Сөзінен сырдан тартып, тез жиренбек,—*

деп сынайды. Сырт қарағанда осылар екі түрлі тіпті бір-біріне қайшы пікір секілді көрінуі де ықтимал. Ал тереңірек үңілсек, әр қырынан келіп айтылған, бірін-бірі толықтыра ақындай түсетін сөздер. Ғылымда басқаның пікіріне сын көзімен қарау қандай қажет болса, өмірде жеңіл-желпі әңгімеге әуестенбей, білікті, тәжірибелі адамдардың сөзін ұғып, тәлім алу да сондай қажет екенін ақын орынды айтқан.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі жоғарғы пікірлерге:

*Сөзіне қарай кісіні ал,  
Кісіге қарап сөз алма,—*

деген нақыл түрінде келетін түйін де орайлас, жалғас. Сырттай қарағанда мұның өзі бір түрлі тосын естілуі мүмкін, үйткені кісіні сөзіне қарай бағалама, ісіне қарай бағала дейтін үйреншікті пікірге қарама-қарсы келетін секілді. Ал байыптап қарасак, мұнда терең мағына жатыр. Кісіні сөзіне қарай, яғни, ақылына, ойына қарай бағала, кісіге қарап, оның мансабына, дәулетіне қарап ақылға сыймайтын, қисынға келмейтін сөзіне иланып алданып қалма, «надандықпен кім айтса, ондай түпсіз сөзге ерме» деген даналық пікірді аңғартады.

Ал енді «Интернатта оқып жүр» мен «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің тұтастығы мәселесіне қайта оралсақ, олардың мән-мағынасы, мазмұны жағынан да, ойдың түйдектеліп айтылу ерекшелігі және қатарлас тармақтарды бірыңғай желілі ұйқас арқылы топтастыруы жағынан да бірине-бірі жалғасып келетінін байқадық.



Әрине, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі бөлек тұрғыдан да өз басындық құны бар, бас-аяғы тұжырымды, жеке өлең деуге жарамды. Оның жеке өлең ретінде көп жылдан бері басылып, осы ұғым әбден қалыптасып кеткенін ескермеуге де болмайтын секілді. Солай деп санап, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін «Интернатта оқып жүр» атты өлеңмен біріктірмеген күнде, қатар алып ілестіре басу, әрине, кейінгі жинақтардағыдай алға шығарып, арасына басқа екі өлеңді салып басудан әлдеқайда қисындырақ.

Ғылым-білімді уағыздаған ағартушы ақын ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалайды. Не нәрсеге болсын ақыл — таразы, («ақыл-мизан, өлшеу қыл»). дүниенің сырын танып білуге ақылдың мүмкіндігі шексіз мол деп санайды.

*Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,  
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.*

Абай ақыл туралы айтқанда ақылдылық, естілік деген ұғыммен ақылмен танып-түсіну қабілетін білдіретін ұғымды ажыратып, оларды екі нәрсе деп қарайды. «Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек» дегенде Абай ақылды осы соңғы мағынасында алған. Философиялық тұрғыдан келіп ой мен сезімді бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы екі ұғым деп қараған Абай «суық ақыл» мен «ыстық жүрек» (ыстық сезім) бір-бірін толықтырады деп санайды. Осы екеуіне қайрат, жігер қосылса ғана, адамның қасиеті кемеліне келеді деп есептейді.

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда талық боласың елден бөлек,  
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,  
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.*

Абайдың айтып отырғаны — ақылдың зеректігі, танымдық қуаттылығы, жүректің сезімталдығы, адамгершілік сезімінің күштілігі және қайраттылық, жігерлілік — осы үшеуінің бірлігі. Бұл пікірін Абай он жетінші қарасөзінде толықтырып, басқаша өрбітеді. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып, ғылымға жүгінеді дейді де, ғылымға төрелік айтқызады. Ол қайратқа: «қаруыңа қарай қаттылығың да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің» десе, ақылға: «амал да, айла да — бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның — екеуінің де сүйенгені — сен» дейді. Солай деп келіп, үшеуіннің басың қосылғанда, «сонда билеуші,

әмірші жүрек болса жарайды»,— деп түйеді. Сөйтіп, ақылды өте жоғары бағалаған Абай, ақыл, жүрек, қайрат үшеуін қатар алғанда, ар-ұждан, мінез-құлық талаптарын ескеріп, бірінші орынға ақыл мен қайратты қоймай, жүректі қояды. Осылай түйінделген пікірдің қалыптасқан сюжеттің ретімен айтылуы да ықтимал. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің айтысына төрелік айтқан ғылым сөзін «кітаптың айтқаны осы» деп аяқтайды ғой. Қалай десек те, өлеңдерінде Абай ақыл, жүрек (сезім), қайрат үшеуінің бірлігіне, оларды бірдей ұстау қажеттігіне назар аударады. Мысалы «Лай суға май бітпес қой өткенде» дейтін өлеңін алсақ, онда да Абай жоғарыда айтылған «Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек» атты өлеңіндегідей осы үш ұғымды адамшылық сипат тұрғысынан түйістіріп, бірлестіре қарайды, және бірін артық, бірін кем демей, бірдейлік мағынада алады:

*Осыны оқып ойлай бер, болсаң зерек,  
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?  
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.*

«Әсемпаз болма әрнеге» дейтін өлеңінде қайрат пен ақылды Абай адамның артықша қасиеті ретінде бөліп айтады да, бірақ солар адамгершілік, әділеттілік, мейірімділік қосылғанда ғана игі ниетке, зор мақсатқа жеткізеді деген ой түйеді:

*Қайрат пен ақыл жол табар  
Қашқанға да, қуғанға,  
Әділет, шапқат кімде бар,  
Сол жарасар туғанға.  
Бастапқы екеу соңғысыз,  
Біте қалса қазаққа,  
Алдың — жалын, артың — мұз,  
Барар едің қай жаққа?*

Абайдың мәселеге осылай адамгершілік тұрғысынан қарауының үлкен мәні бар. Ақылдылық, алғырлық адалдықпен, адамгершілікпен ажырамас бірлікте болсын дегені. Ал, былайша қарағанда не нәрсені болсын жете танып, дұрыс түсініп оған тиісті баға беру жағынан жүректен, яғни сезімнен гөрі ақылдың атқаратын міндеті басым деген пікір, әрине, көбірек айтылады. Мысалы, Шәкәрім ақын да:

*Ақылмен сыналмаған іс бұлдырлау,  
Көз, құлақ, қол, мұрын, тіл — бәрі алдайды,  
Тетігі таза ақылмен өлшеп сынау,—*

деп осы пікірді өткір, ұтымды етіп айтады. Абайдың өзі де ақылды әр нәрсенің сырын, сипатын, мәнін анықтайтын өлшеуіш деп санайтынын жоғарыда келтірілген сөздерінен байқадық. Бірақ ол сонымен қатар мәселеге тағы бір қырынан келіп, ақылмен адамгершілік сезімді, қайраттылық, жігерлілікті ұштастыра сөз етіп, өнегелі, өнімді пікір толғаған.

Ақылды аса жоғары бағалай отырып, Абай адамды игілікті іске бастайтын адалдыққа бұратын жүрек деп санайды. Мұны қарасөздердің 14-бабында айтылатын мына сөздерден байқаймыз: «Рахымдылық, мейірбандық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға болса игі еді демек — бұлар жүрек ісі».

Сонымен қатар Абайға рахымсыздық, қаталдық, біреуге қастық ойлау да жүректен шығуы мүмкін деген тұжырым да жат емес. «Достық, қастық, бар қызық — жүрек ісі» — дейді Абай «Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас» деген өлеңінде. Абай сезімнің өлшеуіші болатын, ар мен ұятты сақтайтын күзетшісі ақыл деп санайды («Ар, ұяттың бір ақыл күзетшісі»). «Жүректің ақыл суаты» деп ақыл жүрекке қуат бере алатынын, адам сезімге шектен тыс бой алдырып алса, соның көмегімен барып жол табатынын аңғартады.

Бұдан біз Абай намыс, ұждан, парасат сияқты адамгершілік қасиеттерді сезіммен тығыз байланыстыра келіп, ақылдылық, естіліктен бөліп алуға болмайтынын жақсы түсінгенін көреміз. Абай адамның жақсы іске ұмтылуы үшін жамандықтан тартынып, бойын жиып алу үшін қайраттылық керек екенін де атап көрсетеді:

*Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық —  
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.*

Алайда ақын қайратты жүрек, ақылдан бөлмейді, ұштастыра қарайды.

*Жүректе қайрат болмаса,  
Ұйықтаған ойды кім түртпек?  
Ақылға сәуле қонбаса,  
Хайуанша жүріп күнелтпек.*

*Аспаса ақыл қайраттан,  
Тереңге бармас, үстірттер.*

Бұл тұста Абайдың ақылды қайраттан артық санайтыны байқалады. Бірақ бұл асырып айтқандық емес. Ақыл қандай іс-әрекеттің, талап-ниеттің болсын өлшеуіші екені ешбір талассыз.

Осы «Жүректе қайрат болмаса» атты өлеңді түгелдей алып қарасақ, ондағы басты идея адамның жан дүниесінің байлығын, ақыл мен сезімнің қуаттылығын қас-терлеу екенін бірден көрер едік. Бұл ойын бірте-бірте өрістетіп, ақын оқырмандарды адам өмірінің мәні алдына үлкен мақсат қойып, соған жетуге ұмтылу деген түйінге жетелегендей.

*Малда да бар жан мен тән,  
Ақыл, сезім болмаса.  
Тіршіліктің несі сән,  
Тереңге бет қоймаса?*

Ақын жүрегінің түбінде жатқан өмірлік мүддесін, азаматтық міндетін, алдында қанша тосқауыл бөгет көлденең тұрса да, қиыншылыққа қарамай жетуге ұмтылған зор мақсатын:

*Атымды адам қойған соң,  
Қайтіп надан болайын?  
Халқым надан болған соң,  
Қайда барып оңайын?!*

деп осы өлеңінде жария ететіні де көңіл қоярлық.

Дүниенің сырын ақылмен танып-білу үшін, тыңдаған сөзді ұғу үшін адамның ниеті, көңілі таза болуы, іштегі кірден арылуы шарт деп санайды Абай:

*Жүректің көзі ашылса,  
Хақтықтың түсер сәулесі,  
Іштегі кірді қашырса,  
Адамның хикмет кеудесі.*

*Жүректе айна жоқ болса,  
Сөз болмайды өңгесі.  
Тыңдағыш қанша көп болса,  
Сөз ұғарлық кем кісі.*

Абай адамның ақыл-ойының танымдық мүмкіндігі аса зор дей отырып, тек жаратушыны толық тануға ақыл жетпейді, сондықтан оны жүрекпен сезу керек деп санайды:

*Өзгені ақыл-ойға қондырады,  
Біле алмай бір тәңіріні болдырады.*

*Ақыл мен хауас барлығын  
Білмейдүр, жүрек сезедүр.*

Жүректі, сезім күшін (интуиция) осылай жоғары бағалағанда да Абай «жүректің ақыл — суаты» деп көрсетеді.

Ақиқатты, шындықты ақылмен танып, соған ғана сенуді Абай нағыз саналы адамға лайық деп біледі. «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде ақын жастарды нанғыштықпен, аңқаулықпен біреудің сөзіне еруден қаты сақтандырады:

*Надандықпен кім айтса,  
Ондай түпсіз сөзге өрме,  
Сізге айтамын, қауіп — бұл.*

Жас адамның сенгіштігін Абай аккөңілділік белгісі деп санайды. Жастарға тән адалдық, ар жағы қалай болады демей, қисық-түзуін анықтап алмай, айтқанға сене беру жарға соғуы мүмкін екенін естен шығармай, аңдап жүрмек керек.

*Жұрты құрғыр сенгішке,  
Тұра ма қулық жалғамай,—*

дейді ақын «Жастықтың оты жалындап» деген өлеңінде.

Кейінірек «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» деген өлеңінде Абай осы мәселеге арнайы назар аударып:

*Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,—*

деп, қулықпен мақтағанға мәз болып, алданбау қажеттігін баса айтады. Мақтан құмарлық, мақтан сүйгіштік адамның үлкен міні, осалдығы деп түсінетін Абай мақтауға берілу сенгіштікке бастайтын, адамды ақылынан адастыратын жол деп қарайды. Бұл кеселден адамды арылтатын адал еңбек пен ақыл:

*Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,  
Еңбегің мен ақылық екі жақтап.*

Түгелдей насихат, байсалды кеңес түрінде келетін осы өлеңінде Абай жас адамға жігерлілік, тайсалмайтын табандылық, еліктіргенге ермейтін тұрақтылық лайық деп келіп:

*Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,  
Сонан тапқан — шын асыл, тастай көрме,—*

деп түйіндейді. Ақынның бұл сөздері адамды парасаттылыққа, бойындағы жақсы қасиеттерді жетілдіруге ұмтылуға ынталандыратын қуаттылығымен құнды.

Абайдың бірталай өлеңдерінде сенгіштіктен бой тартып, әр нәрсеге ой көзімен, сын көзімен қарай білуді зор қасиет тұту маңызды тақырыптық, идеялық сарын болып келетіндіктен, Лермонтовтың осы сарынмен үндес шығатын «Исповедь» (Я верю и обещаю верить) деген

өлеңін аударып, «Ал, сенейін, сенейін» деген өлең жазуы әбден орынды деуіміз керек.

Бұл — ақын ішкі сырын ақтарып, ашып айтатын өлең үлгісінде жазылған сыршылдық сипаты күшті лирикалық туынды.

Ақынды тебірентетін — жақсылыққа, адамдардың адалдығына сену мен күнделікті өмір тәжірибесі аралығындағы қайшылық. Сондықтан ол ойын «ал, сенейін, сенейін» деп кекесіндеу, мысқылдау түрінде айтып, сенгіш болмау, алданбау қажет екеніне көз жеткізе иландыра сөйлейді. Ақын өзін бұрынғы сенгіштіктен, аңғалдықтан арылып, өмірдің қайшылықты шындығын біліп, содан күш алғандай сезінеді.

Абай өлеңнің соңғы жағында еркін кетіп:

*Его ничто не испугает,  
И то, что было б яд другим,  
Его живит, его питает  
Огнем язвительным своим,—*

яғни, қысқаша қайырсақ, «өзгеге у болатын нәрсе менің жүрегіме қуат береді» деген сөздерден алшақ кетіп:

*Басыңа тиді байқадың,  
Бәрінен басты шайқадың,—*

деп өлеңдегі негізгі, өзекті идеяны үстемелеп, күшейте түседі.

## Сыршыл көңіл мұңаймас

Сыршылдық сипаты айрықша көрінетін көңіл күйі лирикасы — Абайдың қазақ поэзиясына қосқан аса құнды жаңалықтарының бірі. Өзі сыршылдық лирика болған соң онда қуаныш та, қайғы-мұң да, күйініш те бәрі болатыны заңды құбылыс қой./Көңіл күйі лирикасында ақынның өз жан дүниесін сезінуі әсіресе айқын және әлдеқайда толық көрінеді. Осыған орай лириканың бұл түрі ауызша әдебиет дәстүріне жақын ақындардың өлең-жырларынан гөрі жазба поэзияда кеңінен орын алады. Абайдың бұл салаға жататын өлеңдерінде мұңды сарын басым болса, ол оның сыршылдығы қоғамдық құбылыстарды бағалаудағы сыншылдығымен астасып жатқандықтан.

Абайдың өткенге көз жіберіп, өмірдің өріне шыққан

тұста, енді алдағы жаңа, өзгерісті кезеңін шолған өлеңі — 1890 жылы жазылған «Келдік талай жерге енді». Өлеңнің көркемдік құрылыс-сипаты да, лирикалық ойдың айтылу тәсілі де өзгеше, мейлінше тартымды. Бұл өлеңнен анық байқайтынымыз — Абай лирикасының сыршылдық сипаты кейде өзімен-өзі сырласқан қалпынан да айқын көрінеді. Ақын бір сәт ойға шомып, өзімен-өзі тілдескендей:

*Енді аяңда, жығылма,  
Сыймас жерге тығылма,  
Қой бұрынғы желгенді!  
Қайғы шығып иыққа,  
Камалтпасын түйыққа,  
Сергі, көңілім, сергі енді!  
Балапан құстай оңдалып,  
Қанатыңды қомданып,  
Жатпа ұяда қорғанып,  
Ұш, көңлім, көкке, кергі енді!*

Осындай тұста тебірене ой толғаған ақын өзіне өзі «сен» деп сөйлейді:

*Өзің жалғыз, надан көп,  
Ұқтырасың сен не деп  
Әулекі арсыз елге енді!*

Өзіне өзі бұйрық бергендей, оған өзі жауап айтқандай, сөз жарыстыра толғанады:

*Барма топқа шақырмай,  
Жат үйіңде шатылмай.*

Осындай терең сыршылдық сезіммен айрықша тебіреніп сөйлеуі ақынның үлкен толғаныс үстінде отырып, ең көкейкесті ойын ақтарып айтқан көңіл күйіне әбден лайық. Өмірдің өрін тауысып, биік белге шыққан кезіндегі ақынның алды-артына көз жіберіп, ендігі бетін айқындау мақсатымен айтқан ойының түйіні:

*Туған жерді қия алмай,  
Тентекті жеңіп тыя алмай,  
Әлі отырмыз ұялмай,  
Таба алмадық өңге елді.  
Адам деген даңқым бар,  
Адам қылмас халқым бар,  
Тұла бойым шіміренді,—*

дейтін, кімді болса селт еткізбей қоймайтын сөздері болса керек. Осыны айтып отырған Абай, қиналса да, өзі тандап алған жолынан таяр ма? Адамдықты, адалдықты уағыздауын қояр ма? Жасым ұлғайды деп, жан тыныштығын іздеуге көнер ме?

Бұл сөздерде абыржу болса да, айну жоқ екені, өмір бойы білімсізбен алысып келген ақын тыныш жатуға шыдай алмайтыны еш күмән туғызбайды.

*Шыдармын ба, япырмай,  
Жатуға шықпай үйде енді?*

Ақынның өзіне-өзі қойып отырған бұл сұраудың жауабы жоғарыдағы сөздерінен-ақ байқалғандай. «Адам деген даңқым бар» деп отырған ақын ештемеге араласпай тыныш жатуға көне алмайтыны айқын секілді. Бірақ осыған өзін де, өзгені әбден сендіруді мақсат еткендей. Ешкімнің бұған күмәні, шүбәсі болмасын дегендей өлеңнің соңғы шумағында ақын:

*Қатыныңның ойнасын  
Көрсен, білсен қоймасын,  
Не ойлар едің өз басың?—*

деп тыңдаушының өзіне тосыннан сұрақ қояды. Осыған дейін тек өзі туралы ғана айтып, өз көңіл күйін баяндап келген ақын енді аяқ астынан ауыр сауалды өзіне емес, басқаға — тыңдаушыға арнайды. Оны әйелінің екі жүзділігін кенет біліп қалып, жанын қызғаныш оты күйдіргендей сезіндіріп, қинайды. «Сонымен тең біз де енді»,— деп, қызғаныш сезімі қысқанда шыдау қандай қиын болса, елдің жайын біле отырып, менің ештемеге араласпай жай жатуым да сондай дегенді аңғартады. Ақтарыла сырын айтып толқып сөйлеп отырған ақынның тыңдаушысын толық иландыру үшін оған осындай тұрпайылау сөзді тікесінен айтуында ешбір оғаштық жоқ секілді. Үйткені осы сөздің өзі «көрсен, білсен» деп жалпы өмірде болуы мүмкін нәрсе туралы шартты түрде айтылғаны анық қой.

Өлеңнің ең басында-ақ «Кіруге-ақ қалды көрге енді» дегенді ақын бірден айтып салса да, өмірім осымен таусылды деген ойдан аулақ. Сондықтан ол өмірдің көбі өтіп, азы қалды дегенді күшейтіп, әсірелеп солай айтқан деп қараған жөн. Шынында Абай өлеңнің өн бойында өзіне-өзі күш беріп, қайраттандырып, ширыға түседі.

Абайдың көңіл күйі лирикасында ақынның өзімен-өзі ойласқандай, өзімен-өзі сырласқандай қалпын, көңіл толғанысын танытатын: «Жүрегім, нені сезесің?» «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүрегім соқпа, кел, тоқта», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?» деген сияқты арнау үлгілерін кездестіреміз.

*Жүрегім, нені сезесің,  
Сенен басқа жан жоқ па?*



*Дүниені, көңлім, кезесің,  
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта!*

Мұнда ақын жүрек, көңіл деген ұғымдарды кейіптеу бейне ретінде алып, ой-сезімін соларға қаратып айтқандай болады. Міне, бұл оның жан-сезімін асқан лирикалық нәзіктікпен, айрықша бейнелі етіп жеткізуіне мүмкіндік береді. Өзіне сауал қойып, өзіне тоқтау айтуы, өз сұрағына өзі жауап іздеуі, өз ой-тұжырымына өзі дәлел іздеуі — мұның бәрі ой-сезім тереңдігін, әсерлі жан тебіренісін көрсетеді.

Арнауды осындай ұтымды көркемдік тәсіл етіп пайдаланып отырған ақын бір сәт тіпті өз көңілімен, жүрегімен көлденең, сырт адамша сөйлеседі:

*Сезгеніңді сездіріп,  
Жете алмадың ортаққа,  
Тірі жаннан бездіріп,  
Апарасың, қай жаққа?*

«Жүрегім, ойбай, соқпа енді» ақынның көңіл күйін білдіретін сыршыл лирикасының үздік үлгісі деуге лайық.

*Жүрегім, ойбай, соқпа енді!  
Бола берме тым күлкі.  
Көрмейсің бе, тоқта енді,  
Кімге сенсең, сол шикі.  
«Жетім қозы тас бауыр,  
Түңілер де отырар».  
Сорлы жүрек мұнша ауыр  
Неге қатты соқтығар?...*

Осы өлеңнің мағыналық сыйымдылығы, ақынның сезім күйін бейнелеу жағынан әсерлілігі таң қаларлық. Алайда ақын жанын тебірентіп, сезімін қозғаған дейтіндей өлеңде айтылатын нақтылы жай-жағдай аз. «Кімге сенсең, сол шикі», деп ақын сенерлік жан табылмағанын ешкімнің атын атап, түсін түстемей ғана айтады. Ендеше осы өлеңге тән сыршылдықтың, психологизмнің қуаттылығы неден туады? Психологизм, сыршылдық дегенді ақынның үнемі ішіндегіні ақтарып айтып тастауы деп түсінбесек керек. Өлең де кейде нәзік сезім күйін ырғақ-әуенімен білдіріп күшті әсер ететін әдемі күйге, музыкалық шығармаға біршама ұқсас келетіні болады. Осы тұрғыдан қарағанда ақынның өз жүрегінің қиындыққа амалсыз төзетін жетім қозымен салыстырып бейнелеуі, тірлікте бір қана алмай қиналысқа түскендей жайын айтуы-ақ жеткілікті. Өлеңнен оның өзімен-өзі отырып, жүрегінің толқытқан сезімді ой елегінен өткізіп жұбаныш тапқандай қалпын аңғарамыз. Ақынның өз

көңіл күйін, ішкі сезімін осылай етіп ұстамдылықпен, сыпайылықпен жеткізе білуі де айрықша ұтымды.

Ақынның поэзиялық шығармаларындағы көңіл күйі — бастан өткенді тәптіштеу, тергіштеу емес, өмірден түйгені, толғанысы мен тебіренісінен туған ой-пікірлері, сезім-эсерлері, жан дүниесінің жинақталған бейнелі көрінісі. Мұны нағыз ақындар жақсы түсінген. Лермонтовтың жас ақындарды өз басының қайғы, мұңын тамылжытып айтуға әуестенбеген жөн деп сақтандыратыны бар. Лермонтовпен жарыса, еркін аударылған «Өзіңе сенбе, жас ойшыл» дейтін өлеңінде Абай:

*Кез болсаң қайғы я зарға  
Құрсатып тілді ұмтылтып,  
Алып шықпа базарға,  
Асаудайын бұлқынтып...*

*Өз бойыңа болып сақ,  
Жан-жағыңа қараңдар!  
Күн көріп жүр күліп-ақ  
Сенен басқа жарандар.*

*Олардың да ешбірін  
Қайғы аман қойған жоқ шығар.  
Ойлап, байқап көр түрін,  
Таттырмап па дүние зар?*

дейді.

Лермонтов жас ақынның құрғақ қиялдан туған өктем, өршіл сезімге толы шығармасын елірген, долы жас әйелге теңесе, Абай жүген-құрық тимеген асаумен салыстырады. Ал жас ақынның өзі елігіп, басқаны да елік-тірмек әрекетін театр сахнасында трагедиялық актердің ойыншық семсерін оңды-солды сермеуіне ұқсатып бейнелейтін тұсын Абай басқаша келтіріп, ауыр азап көріп, жүрсе де, шыдамынан айырылмаған жұртқа мазақ болма деп, бастапқы ойын ширата түседі:

*Күлкі болмай қой, жаным,  
Сен бүйтесің, ол қайтты?  
Олар көрген арманын  
Кімге шақты, кімге айтты?*

Абайдың ақындық өнерін жаңа қырынан танытатын, оның жазба поэзия үлгісіндегі нағыз сыршылдық лириканың асқан шебері екенін дәлелдейтін көркем туындыларының бірі — «Ем таба алмай». Өлеңнің ырғағы да өзінше өрнектелген:

*Ем таба алмай,  
От жалындай*

*Толды қайғы кеудеге.  
Сырласа алмай,  
Сөз аша алмай  
Пендеге.  
Босқа ұялып,  
Текке именіп,  
Кімді көрсем, мен сонан,  
Бетті бастым,  
Қатты састым,  
Тұра қаштым  
Жалма-жан.*

Өлең шумағы төрт буынды қысқа қос тармақтан басталып, олардан гөрі салмақтырақ жеті буынды тармаққа ауысады. Ал сол төрт буынды қос тармақ тағы қайталанып келгенде, келесі тармақ үш-ақ буын болып келте қайырылады. Осыдан келіп ырғағы жеңіл, толқымалы, ойнақы болып шыққан. Мұның өзі өлең мазмұнына, жас адамның сезім иірімдерін ерекше бір тапқырлықпен еркін жеткізу тәсіліне бірден-бір сәйкес келеді. Лирикалық тұлғаның жүрек сырын, қайғы-мұнын еш адамға білдіре алмай, сенісерлік жан таппай, әркімнен именіп, қысылған көңіл күйі оның өз аузымен ешбір іркілмей айтылған сөздер арқылы көрінуінің өзі айрықша әсерлі. Бір ғажабы, осы айтушының кеудесін кернеген қайғы-мұны не екені нақтылы айтылмаса да, оның жүрегінің сезім толқыны еріксіз тебірентеді.

*Жас жүрегім  
Жанды менің  
Жай таба алмай, япырым!—*

деген секілді тұралап айтылған сөздері де,

*Жас теректің  
Жапырағы  
Жамырайды, соқса жел,  
Түсті мойын,  
Толды қойын,  
Ақты сел,—*

деген суреттеме түріндегі баяндауы да бұрынғы қайғысыз, қамсыз жүрген жас адамның күшті сезімге берілген күй-жайын жақсы елестетеді. Соңғы шумақтағы:

*Тез дерттендім,  
Кейде өртендім,  
Кейде мұз,—*

деп келетін сөздерден де осы өлеңге тән адамның ішкі сезімін сипаттап жеткізудегі шынайылықты көре аламыз. Тек осындағы «кейде өртендім, кейде мұз» деп шендесті-

ре бейнелеу өлең сарынына қосымша бір реңк бергендей. Бірақ мұның өзі өмір шындығына толық сәйкес, сөздің бояуын қоюлату үшін айтылмаған. Бойын күшті сезім билеген адамның бірде күйіп-жанғандай болса, бірде суынып, қалтырап тоңғандай күйге түсуі әбден нанымды. Осы өлеңнен «Жас жүрегім жанды менің» деп басталатын біз түгелге жуық келтірген соңғы үш шумағын алып, Ыдырыс Мұстамбайұлы өзінің Абай жайында жазған мақаласында: «Бұл сөз талабы зор болған, бірақ неге кірісерін, не істерін білмей дел-сал болып жүрген адамның сөзі» деп кесімді байлам жасаған. Лирикалық өлеңде автордың өз басы, өз пікірі үнемі тікелей көріне бермейді, көп ретте ол болғанды ғана емес, болатын жағдайды, күй-жайды психологиялық жағынан нанымды етіп бейнелеуге ұмтылып, жинақталған лирикалық тұлға атынан сөйлегендей болады деп біз жоғарыда айтып өткенбіз. Және бұл өлеңнің мәнділігі де алдымен адамның көңіл күйін, жас кездегі бейқамдықтан енді қайғы ойлауға көшкен кезіндегі бір сәтін көрсетуде екенін де ескеру қажет. Қайғы ойлау дегенді сары уайымға салыну деуге және келмейді. Мұны Абайдың өзі «Қарасөздерінде» айтқан «әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ақирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек» деген пікіріне орайлас түсінген жөн. Сондықтан бір ғана өлеңдегі жеке сөздерге қарап, сол өлеңнің авторының өзін алдына ешқандай айқын мақсат қоя алмай жүрген адам болған екен деп бағалау, әрине, қисынсыз. Мұның өзі тіпті ап-айқын тұрған нәрсе, оған тоқталып жату да артық секілді. Бірақ осындай, осыған ұқсас байлам жасау бұрын да, кейін де кездесіп келгенін мүлде ескермеуге тағы да болмайды. Мұстамбайұлының біз үзінді келтірген, түгелдей алғанда құнды деп санауға боларлық мақаласының өзінде, бір емес, бірнеше осындай сын пікірлер арнайы дәлелдеусіз-ақ жолжөнекей айтылып кетеді.

«Ем таба алмай» өлеңі — Абайдың сыршылдық лирикасындағы алғашқы озық үлгілерінің бірі. Бұл өлеңнің жазылған кезеңі дәл анықталған деп айту қиын, сондықтан бұл мәселе жайлы ойласу да артық емес секілді. Ақынның жинақтарында ол 1890 жылы жазылған өлеңдер қатарында беріліп жүр. Ал өлеңнің мағынасына қарасақ:

Жас жүрегім жанды менің, — дегенді бұрынғы емес, қазіргі жай-жағдайды сөз етіп айтатынын ескерсек, бұл өлеңді Абай ұлғайған кезінде, «Келдік талай жерге енді» деп толғанатын уақытында жазған деу қисыны ке-

ле қоймайды. Екінші жағынан өлеңнің стиліндегі, өлең өрнегіндегі үлкен ізденістен туған қалыптасқан шеберлікті еске ала отырып, және Абайдың ақындық өнерді шындап қолға алған кезі қырыққа келген тұсы деген тұжырымға сүйеніп, бұл өлең кейінірек жазылған болар деуге де негіз жоқ емес. Олай десек, бұл өлеңде лирикалық тұлғаның мәні айрықша зор екенін мойындауымыз қажет болады. Абай ой-сезімін тікелей өз атынан айтып жеткізуден гөрі, жинақталған лирикалық тұлғаның атынан айтқан болады. Әрине, қандай өлеңде болсын, болғанды ғана емес, болатынды да жинақтап айту кездеседі. Алайда кейбір өлеңдерінде ақынның өз көңіл күйі тікелей, тура көбірек көрінсе, басқа бір өлеңдерде жинақталған лирикалық тұлға айқынырақ көрінеді. Осы тұрғыдан қарағанда «Тайға міндік» дейтін өлеңге тоқталудың реті бар. Бұл өлеңнің композициялық құрылысына тән бір өзгешелік — әр шумақтағы алғашқы алты тармақта жастық шақтағы бастан кешкенді, болған жайларды ақын өзі де соған тікелей қатысушы ретінде баяндап айтады да, онан кейінгі қысқалау үш тармақта сол іс-әрекеттерге сырттай қарап баға беру тәсілін қолдануға ұмтылады. Мұны әсіресе мына шумақтардан айқын байқаймыз:

*Тайға міндік,  
Тойға шаптық,  
Жақсы киім киініп.  
Үкі тақтық,  
Күлкі бақтық,  
Жоқ немеге сүйініп.  
Күйкентай күтті,  
Құс етті,  
Не бітті?*

*Бозбалалық —  
Қыз қарадық,  
Қалжың, әзіл сөйлестік.  
Ат жараттық,  
Сән тараттық,  
Әуейлік күйлестік.  
Көңілге келер,  
Кім жолар,  
Кім көнер?*

Жастық шақ туралы ой толғағанда ақын өзінен гөрі өзгелер жайын көбірек айтатынын жиі кездестіреміз. Бұл орайда «Жастықтың оты жалындап», «Жастықтың оты қайдасын» секілді өлеңдерін айтсақ болар. «Жастықтың оты жалындап» әуелі жастық шақты, оның артықшылығын сипаттайтын сөздермен басталады:

*Жастықтың оты жалындап,  
Жас жүректе жанған шақ.  
Талаптың аты арындап,  
Әр қияға салған шақ,*

*Уайым аз, үміт көп,  
Ет ауырмас бейнетке.  
Бүгін-ертең жетем дей  
Көңілге алған дәулетке.*

Өмірге үлкен сеніммен қараған, арман қуып алға ұмтылған, әлі еш нәрседен көңілі қайтпаған кезді, албырт жастық шақты осылай тұжырымды суреттей келіп, ақын сөзін одан әрі жас адамның жақсы мінезі, жағымды іс-әрекеті қандай болмақ керек деген оймен жалғастырады:

*Қайратпен кіріп, жалынбай,  
Ақылмен тауып айласын,  
«Мен қалайға?» салынбай,  
Жылы жүзбен жайнасын.*

*Қайратқа сеніп қақтықпай,  
Жазасын тауып жауласар.  
Қатынша тілмен шаптықпай,  
Майданға шықса, жарасар.*

Бұдан әрі өлең ой-толғау түріне ауысады, ақын сол жастардың өзімен тікелей тілдесіп, сұхбаттасқандай, оларға ақыл-кеңес айтқандай:

*Талайғы кәрі дүниенің  
Бір кетігін ұстап бақ.  
Досыңа достық — қарыз іс,  
Душпаныңа әділ бол.  
Ақ көңілді жақсыдан  
Аянбай салыс ортаға.  
Ақылы, ары тапшыдан  
Қу сөзін алма қолқаға*

Өлеңнің соңғы тұсында ақын өзі сол жастарға араша түсіп, олардың сенгіштігін, адалдығын пайдаланып кетуге тырысатын ұсақ қулыққа үйір адамдарға сын айтады:

*Ары кеткен алдағыш,  
Мені-ақ алда, сөкпейін.  
Балы тамған жас қамыс  
Ормасаңшы көктейін!  
Сені жақсы көрмесе,  
Сенер ме еді сөзіңе?  
«Япырмай!...» деп терлесе,  
Ар емес пе өзіңе?!*

Ақынның сол алдамшыға бетпе-бет келгендей сөзін тура қаратып, қадап айтуында ешқандай жасандылық байқалмайды. Жүрек тебіренісінен туған лирикалық сезімнің қуаттылығы айқындала түседі. Бірақ Абай жастық шақты өлеңнің басында да, кейін де өз басының күйі етіп айтпайды, жалпы жастарға тән жай-жағдай, сипат-мінез етіп көрсетеді. Жастардың жайы, тағдыры ақынды қатты толғандырады, өлеңге ерекше лирикалық леп, күш дарытады.

«Жастықтың оты қайдасын» атты өлеңінде Абай ғылым үйрену қажеттігін кісілікті ойлау, мал бағу, өнер іздеу, махаббат, достық мәселелерімен қабыстыра сөз қылады.

Ақын өз жайын, өз басын айтудан гөрі көбірек басқалар туралы, жалпы жұрт туралы ой толғап отырғаны байқалады. «Құр айғаймен әуре боп» жүргендер солар деуіміз лайық. Әсіресе келесі соңғы шумақтағы:

*Енді нені істейміз,  
Бәрінен де бос қалдық?  
«Ауызға келіп тұс» дейміз,  
Қылып жүріп құр салдық!—*

деген сөздерін салмақтап көрсек, ақын «біз» деп өзін қоса айтқан секілді болғанымен, оның өзге адамдарды, ел қыдырумен, салдық құрумен уақытын босқа өткізіп, дайын асқа ие болсам деп жүргендерді нысанаға алып отырғаны айқын аңғарылады. «Біз» дегені — тура, ашық соқтықпай жағалатып келіп, ажуалап қана айтқаны. Сөз түсінер адамға осы да жетер дегендей.

Абай адамдардың санасын өзгерту арқылы заманды түзетуге («түзетпек ем заманды»), қоғамның кемшіліктерін жоюға тырысты. Бірақ ол адамға білім беру, жамандық пен жақсылыққа көзін жеткізу арқылы әдет-ғұрыпты, заманды мүлде өзгертуге, түзетуге, қоғамды бүлдіретін кеселдің тамырын жоюға болады деген сенім оп-оңай іске аса қоймайтынын да аңғартады. Міне сондықтан ақынның шығармаларында торығу, қайғы-мұңға берілу сарыны да күшейе түсті. Қазақ қоғамында нағандық, ескілік атаулы өте терең тамыр жайып кетті. Қазақ топырағына өзі еккісі келген идеялар ұрығы көңілге толымды жемісін бермеді деген ащы ой ақынның еңсесін басқандай. Бірде:

*Ермен шықты ит қылып,  
Бидай шашқан егінге,*

деп, тағы бірде:

*Жапырағы үзілмес ескі үмітпен  
Қиял ғып өмір сүріп, бос жүріппін.  
Жыбыр қағып көңілді тыншытпайды,  
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн,— деп налиды.*

Жоғарыда кезінде Ғ. Сағди Абай пессимистік жолға түскен, дүниеден безінуге дейін барған деген байлам жасағанын айттық. Бұл мәселеге қайта оралып отырғанымыз сондай, немесе соған ұқсас пікірлер кейін де талай айтылды, бүгінге дейін қайталанып келеді. Және поэзиялық шығармадағы қайғылы, мұнды сарын мен ақынның өмірден түңілуі дегеннің арасын ажырату әдебиетке қатысты ең бір күрделі, қиын мәселенің бірі. Талай сыншы, зерттеушіні сүріндіретін жер — осы.

Абай «Жүрегім менің қырық жамау» деген өлеңімен «хатта адамзаттың өзінен безгендігін аңғартады»,— деп Сағди осы өленді өз байламына үлкен дәлел санаған.

*Жүрегім менің — қырық жамау  
Қиянатшыл дүниеден.  
Қайтіп аман қалсын сау,  
Қайтқаннан соң әрнеден.*

*Өлді кейі, кейі — жау,  
Кімді сүйсе бұл жүрек.  
Кімі — қастық, кімі — дау,  
Сүйенерге жоқ тірек.*

*Кәрілік те тұр тақау,  
Алдымызда айла жоқ.  
Қайғысыздың бәрі — асау,  
Бізге онан пайда жоқ.*

*Қан жүректі қайғылы-ау,  
Қайырыла кет сен маған.  
Қасиетін ойлан-ау  
Қам көңілдің тынбаған.*

Осы бар болғаны төрт шумақ шағын өленде қайғы-мұң, кейіс бар десек те, өмірден күдер үзгендік, мүлде безінгендік бар деуге ешбір негіз жоқ.

Әуелгі төрт жолда жүрегім — қырық жамау, (үйткені) дүниеде қиянатшылдық көп, әр нәрседен көңілім қалды деген бастапқы тезис түріндегі ой айтылады. Ой-сезімнің осы алғашқы толқынынан ақынды тебіrentкен, жүрегін қозғаған өмірден көргені, бастан кешкен жайлары екенін аңдауға болады. Қандай қиянатшылдық көрді екен, неден көңілі қалды екен деген сауал тууы да ықтимал. Келесі екінші, үшінші шумақтарда осы жайларды ақын көп тәптіштеп түгендемесе де, айтайын дегенін біраз нақтылап, анықтай түседі, соның нәтижесін-



де ой-сезім ағыны енді тиянақтылық сипат алады. Ақынның қайғы-мұңы өмірдегі болатын трагедиялық жағдайларды терең сезінетін «сырты бүтін, іші түтін» ойлы адамның жай-күйін танытады екен. Бірақ сары уайымға салынғандық дейтіндей артық ештеме байқалмайды. Жанындай сүйген адамдары өмірден кетті, жақын достар қас болып шықты деп кейігені табиғи нәрсе емес пе? Кәрілік таянғанына қуанбаса, оны да түсінуге болар. Мәселе тек қайғысыз, ойсыз отыруда ғана емес десек, осының аяғы немен тынатынын күтсек керек. Соңғы шумақтан ақынның қайғы-мұңын серпілтетін, көңілін жұбататын жанашыр іздеп, қайғысын бөлісе алады-ау деген адамына «қайырыла кет сен маған» деп өзін-өзі сергітуге ұмтылатынын айқын көреміз. Алдыңғы айтылған сөздердің мағыналары осы тұста түйсетінін, аз-көп тыным тапқандай болған ойына жанасымды келетінін, байыптап қарасақ, аңғару қиын емес.

Және мықтап ескеретін нәрсе, қандай өлең болсын, ол ақынның көңіл күйінің бір сәтін, бір тебіренісін ғана байқата алады. Талай өлеңдерінен Абайдың өмір сынына төзімділігі, қайғы келсе, қарсы тұра білетін беріктігі айқын танылатынын естен шығармай, әр өлеңді басқаларымен байланыстыра қарастыру шарт.

Бұған қоса ақынның өлеңдеріндегі жекеленген сөздерді тірек ету, соған сүйеніп байлам жасау да, асығыс, біржақты қорытынды шығаруға әкеліп соғуы мүмкін екенін айтуымыз қажет. Өлеңнің бір жолын, бір шумағын бөлек алып қараудың үнемі ұтымды болмайтыны, поэзиялық шығармада ой-сезім ағыны бір сарынмен келмейтіні, әр түрлі ой мен сезім шарпысуы, қактығысы да болатыны, негізгі ой түйіні кейде алдыңғы, не кейінгі айтылған сөздерге басқаша мағыналық сипат дарытатыны ұмыт қалады. Мысалы:

*Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?  
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?  
Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,  
Желігін жерге тықпас кісің бар ма?!*

деген сөздер Абай поэзиясында шарасыздық, өмірден түңілу бар дегенге дәлел бола алмайды. Үйткені — бұл өлеңнің бастапқы шумағы ғана. Әрине, кімді болсын елең еткізбей қоймайтын, еріксіз ойландыратын сөздер. Зер салып қарасақ, осы сөздерді алдымен өмірдің бұлжымайтын заңдылығын түсіну, соны мойындау дер едік. Және бұл жай бір белгілі шындықты айту емес, өмірдің өтуін тебірене, терең сезіну. Осыдан үзілді-кесілді қоры-

тынды шығаруға асықпай, ақынның ой-сезімі әрі-қарай қай арнаға түсіп, қай бағытта өрістейтінін аңғарған абзал.

*Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?  
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.  
Қай қызығы татиды қу өмірдің  
Татуды араз, жақынды жат қыларға?*

*Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін,  
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін.  
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?  
Шымалдық боп көрсетпес шынның жүзін.*

Мінеки, өлеңдегі негізгі ойдың түйіні, салмағы осы соңғы шумақтарда жатқаны айқын болды емес пе? Ақын өмірдің өтуі жайлы толғанғанда көбіне-көп адамгершілік мәселесін қозғап, қанша астамшылық жасап, мен-менсінген адамның да желігі басылатын кезі болады деп, сондай тез-ақ өте шығатын баянсыз мінезден сақтандырып, татулық пен достықты, қулық сақтап жалған айтпай, адал болуды қуаттайды. Және көңілін толқытқан осы ойларын нақтылы біреулерді орынсыз істен, жеңіл сөзден сақтандырғандай, иландыра айтуы да назар аударарлық.

Өмір қысқа, дүние жалған дегенді арманды, мұнды сарынмен айту да бар. Тіпті әйтеуір өмірдің байлауы жоқ, бәрі өткінші екен, олай болса, қолға түсетінді жібермей пайдасын көріп қалған жөн, адал боламын деп әуреге түсу не керек дегендей арам ниетін ақтауға соны тірек ету де кездесетіні де жасырын нәрсе емес. Абай, әрине, мұны жақсы білген.

Ендеше ақын өмірдің өтетінін білмейтін, ойламайтын адам секілді болмай, соны тебірене сезінген, ойға шомған күйде отырып, адамгершілікті жоғары ұстау қажеттілігіне кәміл сенетінін білдіре сөйлеуінің, сөзсіз, мәні зор.

Осы тұста поэзия тілімен айтылатын ойдың бейнелігі, өткірлігі, өзгеше түрленіп шығатыны туралы айта кету артық болмас. Өйткені соның өзі де ақынның сергектігін танытып, тыңдаушысын сергітуге де себін тигізеді. Поэзия тілінің, бейнелеп сөйлеудің аса бір ұтымды қасиеті өте маңызды, тың ой-пікірді әркімге белгілі қарапайым нәрсені айту арқылы-ақ айқындап жеткізе алатынын осы өлеңнен де байқайсыз. Мысалы: жоғарыда келтірілген «Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?» деген тура мағынасында алғанда өзінен-өзі түсінікті жәйтті аңғартатын жәй ғана сөздер. Ал осы сөздер өлеңде

астарлы, ауыспалы мағынада айтылып, терең мәнге ие болған. Сөйтіп, ол сөздер өмірдің өтуі жайлы толғанып, уақыт озады, бәрі де өзгереді, бірақ адамгершілік, адалдық, бауырмалдық, туыстық — баянды нәрсе деп түйген ақынның маңызды әлеуметтік, философиялық ойларын айқынырақ, әсерлірек жеткізуге мүмкіндік туғызады.

Зер сала қарасақ, осы «тәтті» деген бір ғана сөзбен ақын адамды қызықтыратын, тіпті еліктіріп те әкететін өмірдегі алуан түрлі жайларды, нәрселерді астарлап аңдатып отырғанын байқар едік.

Абайдын:

*Жақсылық ұзақ тұрмайды,  
Жамандық әр кез тозбайды,—*

деген сөзінен де өмірден үмітсіздіктің, уайымшылдықтың нышанын көруге тырысушылық байқалады. Ал осы сөздермен басталатын өлеңді байсалды түрде қарастырсақ, шынында олай емес екенін анық байқар едік. Ақын «жамандық» деп адамның басына қайғы әкелетін жайды айтып отырғанын көреміз. Сонда қайғы қанша қалың болса да:

*Шыдасаң есті қашырмай,  
Құлдатып, қор қып жібермес,—*

дейді. Алға ұмтылу, талап қылу үшін де қайғыдан арылу қажет дегенді аңдатады:

*Құрсаған бұлт ашылмай,  
Аспанның жүзі көгермес.  
Үрпейген жүрек басылмай,  
Талапты көңіл елермес.*

Осы ойларын тұжырымдай келе, сол қайғыдан да жанға қиынырақ бататыны жай-күйінді түсінбейтін өзімшіл, мақтаншақ адамдардың мінезі дейді.

*Кез келсе қайғы қат-қабат,  
Қайғыртпай қоймас адамды.  
Қасиетсіз туған — ол да жат,  
Күңкілдеп берер сазаңды.*

*Бәрінен де сол қымбат,  
Қайтерсің өңкей наданды.  
Сыпыра батыр сұм құрбәт  
Мақтанмен алды мазамды.*

Ал енді осы өлеңнің басындағы «Жамандық әр кез тозбайды» деген сөзге қайта оралсақ, ол көңілсе түскен қайғы оп-оңай тарқамайды дегендей мағынаны білдіретіні анық болды емес пе?

«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» деп басталатын өлеңінде де Абай өткен өмірге көз жіберіп, тұжырымды ой түйеді. Өлеңнің басындағы осы «өкінішті көп өмір» деген сөзден-ақ мұнды сарын сезіледі. Бірақ бұл — ойлы, сабырлы адамның мұңы деуге лайық, сары уайымға салыну емес. Өмірдің өтіп бара жатқанынан гөрі заманды, адамды түзете алмай келе жатқаны ақынның жанына көбірек бататыны әрбір сөзінен-ақ көрінеді.

*Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,  
Көп надандар өзіне тартар бейім,—*

деп байлам жасауы да соны аңғартса керек.  
Өзі туралы айтылған:

*Ойшылдың мен де санды бірімін деп,  
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп,—*

секілді сөздерді өкініш дегеннен де, өзіне айтылған сын деу дұрысырақ болар.

Ал шынайы өкініш, ақынның қатты қапа болатыны — тұрақты, бұзылмас достық табылмай келе жатқаны.

*Сенімі жоқ серменде сырды бұзды,  
Анық таза көрмейміз досымызды.  
Қылт етпеге көңілдің кешуі жоқ,  
Жүрегінде жатады өкпе сызы.*

Өмірі сенімін жоғалтпаған сергек ақын:

*Сол досты сая таппай іздейді жан,  
Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан,—*

деп тебіренеді. Адал достық — ақынның алдан күткен үміті. Өлеңнің:

*Артық жолдас таппадым татулықтан,—*

деп аяқталуы ақын аз да болса, қолда барды көңіліне медеу қыла білетінін аңғартады. Түгелдей алғанда өлеңнің негізгі пафосын, сезімге әсерін айқындайтын — оған тән ешбір жасандылығы жоқ сыршылдық пен сабырлы ойшылдық. Мұнды сарынды да жеңілдететін де — солар.

«Ауру жүрек ақырын соғады жай» — мазмұн-мағынасы, жанрлық түрі, стилі жағынан оқшау тұрған поэзиялық туынды. Бұл өзі орыс, еуропа классикалық поэзиясында кездесетін элегия түріндегі мұнды өлеңге жақын.

*Ауру жүрек ақырын соғады жай,  
Шаршап қалған кеудемде тулай алмай.  
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,  
Дөңбекшіген түндерде тынши алмай,—*

деп бастауына қарап, осы өлеңде Абай тікелей өз жай-күйін толғап, жүрегінің ауырғанын, жүрегі қысылып киналған кезін айтып отыр деп түсінуге бола ма? Ауру жүрек дегенді тура мағынасында айтылған деп санау дұрыс па? Бұл сауалдар бірден ойға келуі әбден мүмкін. Ал өлеңді әрі қарай оқып зер салсақ, жүрегі ауырған адамның хал-жайы баяндалмайды. «Еркелік пен достықты ауру көрген», надандықтан, арсыздықтан жиіркеніп, қайғырып көп киналған, өмірден торығып, налыған адамның бейнесі көзге елестейді:

*Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген,  
Еркелік пен достықты ауру көрген,  
Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты  
Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген.*

*Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп,  
Осы күнді күн демес қарғап, міндеп.  
Кейде тілеп бақ пенен тағы тыныштық,  
Кейде қайғы, азапты тағы да іздеп.*

*Кейде ойлайды жылауға қайғы зарын,  
Тынышсыз күнде ойлаған дерттің бәрін.  
Кейде онысын жасырар жұрттан ұрлап,  
Кетірет деп мазақтап беттің арын.*

Өлеңнің алғашқы жағында «шаршап қалған кеудемде» ауру жүрек тулай алмай, жайлап ақырын соғады делінсе, екінші шумақтан бастап ақын өлеңіндегі лирикалық тұлғаға сырттан қарағандай, оны «тұл бойы жиіркенген» деген секілді етіп сипаттайтыны көңіл аударарлық.

Өлеңде айтылып отырған қайғы, азаптан қорқып қашпайтын, бақ пен тыныштық тілеуден де жалықпайтын шарқ ұрып ізденуді қоя алмай мазасызданған адамды ақын осылай кейде сырт көзбен бейнелегендіктен оны автордың тікелей өзі емес, жинақталған лирикалық тұлға деп қарауға да негіз бар. Алайда ақын «шаршап қалған кеудемде» деп өз атынан сөйлейтіндіктен автор мен өлеңдегі лирикалық тұлға арасында бірлік, біртұтастық та сезілетінін жоққа шығаруға және болмайды. Сөйтіп, өлеңнің мағыналық аясы кеңейе түсіп, әр қырынан қарап тереңдеп бойлауға мүмкіндік беретінін аңдаймыз. Ақын ойлы адамның жан дүниесіне тән бір терең тебіреніс-сезімді, ерекше көңіл күйін аса тартымды, есерлі бейнелеген.

Өлеңнің аяғында ойын түйіндеу үшін ақын алғашқы шумақты сәл ғана өзгертіп, түгелге жуық қайталаған:

*Ауру жүрек ақырын соғады жай,  
Өз дертін тығып ішке, білдіре алмай.  
Кейде ыстық тағы да қан басады,  
Кейде бір сәт тыншығар үн шығармай.*

Өлеңдегі ауру жүрек дегеннің мағынасы қайғы дертін білдіретіні мұнда тағы да айқындала түседі. Ал алғашқы шумақта айтылып, енді қайталанған сөздер дәлелділік сипатқа ие болып, салмағы арта түскендіктен ойды қорытындылап тиянақтауға себін тигізіп тұр.

Осы өлеңге негізгі тақырыптық желі болып тартылған — өткен күнді, еркелік пен достықты сағынып, торығып, қайғыру сарыны бұл жерде өзгеше көркемдік шешімін тапқан десек те, жалпы мұндай ой-сезім Абай поэзиясында да кей-кейде кездеспейді емес. Ақын поэзиясында үнемі әр қырынан көрініп, бірнеше арнаға түсіп өрбіп, дамып отыратын бірталай тақырыптар тоғысып келетін «Сегіз аяқ» өлеңін алсақ, онда осы сөз болып отырған сарын анық байқалады:

*Ауырмай тәнім,  
Ауырды жаным,  
Қаңғыртты, қысты басымды.  
Тарылды көкірек,  
Қысылды жүрек,  
Ағызды сығып жасымды.  
Сүйеніп күлкі, тоқтыққа,  
Тартыпты өнер жоқтыққа.*

Елдің надандықтан, бейкамдықтан арыла алмай отырғанын көріп, дертті болған ақынның жай-күйі мұнда да айқын елес береді. Және мұндай күйге түсінудің өзі тән ауруы емес екенін, бас қаңғырып, көкірек тарылып, жүрек қысылса да, бұл жан ауруы екені тура айтылады.

«Ем таба алмай» атты өлеңінде де ақын: «Жас жүрегім, жанды менің» дей отырып, өзінің осындай жай-күйін «тез дерттендім» деп сипаттайды.

«Ауру жүрек ақырын соғады жай» — тұтастай алғанда Абай лирикасында өз алдына оқшау тұрған өлең. Кейіптеу тәсілімен «ауру жүректі» сипаттауы да, сол арқылы жинақталған лирикалық бейнені танытатыны да бұл өлеңнің өзіндік көркемдік шарттылығы бар бөлекше сыршылдық лирика түріне (жанрына) жататынын байқатады. Мұндай өлең үлгілері орыстың классикалық поэзиясында, Абай көп оқыған Пушкин, Лермонтов сияқты ақындардың шығармалары арасында жиі ұшырасады. Және жазба поэзиясындағы сыршылдық торығу, қайғы-мұңға берілу нәзік сезімталдықтың белгісіндей болып, өмірге құштарлықпен де ұштасып келетіні, ақынның өмір сүйгіштігін күшейтпесе, әлсіретпейтіні де талас тудырмайды.

## Махаббат сарындары, сұлулық сымбаты.

Махаббат лирикасына жататын өлеңдері тақырыбы жағынан, көркемдік сипат-өзгешелігі жағынан да сан алуан. «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Ғашықтық, құмарлық пен — ол екі жол» таза махаббат сезімдерін кастерлейтін өлеңдер болса, «Мен сәлем жазамын» — ғашығына деген сағыныш сезіміне толы мұңды өлең. Ал «Қор болды жаным» тіпті сағынышты, зарлы өлең деуге де лайық, бірақ қайғы мен үміт аралас келеді. Мұны өлеңнің соңғы шумағынан әсіресе айқын байқаймыз:

*Бұл қылған зарым  
Барса жардың маңына,  
Ол — қылған дәрім  
Ғашығымның жанына,  
Оңалдырып ойды,  
Түзетпей ме бойды?*

Мұңды сарынды мазмұн-мағынасы да, құрылыс-қалпы да айрықша күрделі өлең — «Сен мені не етесің?». Ол ғашық жарға арналып айтылған, сезім иірімдері мол, нағыз психологиялық монолог түрінде құрылған. Өлеңде ғашығын сарғая күткен жігіттің (лирикалық кейіпкердің) аласұрған жүрегінің толқыны, сүйгеніне жалынып-жалбарынған, күдіктенген, күдер үзген сезім күйі — әр сөздің айтылуынан да, өлең тармақтарының құбылмалы өрнекті ырғағынан да сезіліп тұрғандай:

*Шын ғашық мен саған!  
Кейіп жүрсем,  
Сені көрсем,  
Ләм-мим деп  
Бір сөз айтар  
Хал жоқ,  
Еріп кетер бой сол заман.  
Ойыңды сен маған  
Бір бөлмедің,  
Тез келмедің  
Мені іздеп,  
Ішінде ыстық  
Қан жоқ,  
Тас бауыр жар, бол қош-аман!*

Абай «Ғашықтық, құштарлық пен — ол екі жол» деген өлеңінде:

*Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,  
Мен не болсам болайын, сен аман бол,—*

десе, «Сен мені не етесің» өлеңінде:

*Серт бұзғанның, біл, орны — шоқ,—*

дейді.

Алдыңғы өлеңінде мейірімділік, кешірімділік сарыны басым келсе, екінші өлеңінде сөзінде тұрмаған жар жазалы болады, о дүниеде қасірет шегеді дейді. Мұны ақынның екі өлеңіндегі екі түрлі көркемдік шешім тапқаны деуге лайық. Біріншісінде ақын (айтушы) адал сезімін білдіргендей болса, екінші өлеңінде ғашық жігіттің (өлеңдегі жинақталған лирикалық кейіпкердің) ғашығына, сүйгеніне мені тастап басқамен мүлде кетер болсаң, кейін осындайға душар боласың деп кимастықпен айтқаны байқалады.

«Сен мені не етесің» өлеңіндегі әр шумағы ұзынды-қысқалы он төрт тармақтан құралатын бұл өлшемді Абай өзі де басқа өлеңдерінде қолданбайды.

Жастардың, көпшіліктің айтуына лайықтап жазған өлеңдерін ақын кең тараған жеті-сегіз буынды, немесе, алты буынды өлшеммен шығарған. Олар — әнге салып айтылатын «Айттым сәлем, қаламқас» («Жігіт сөзі» деп те айтылады), «Көзімнің қарасы» секілді өлеңдер.

«Жігіт сөзі» («Айттым сәлем, қаламқас») мен «Қыз сөзі» («Қиыстырып мақтайсыз») бір-біріне жалғас жазылғаны, бұларды қатарынан бір-біріне қоса алып қарастыру лайық екені осы өлеңдердің мазмұнынан да аңғарылады. «Жігіт сөзі» ғашық қызға арнап айтылған сәлем хат түріндегі өлең болса, «Қыз сөзі» соған жауап өлең екені анық. Олай болса, «Қыз сөзі» өлеңінің соңында келетін мына шумақтар:

*Мұны жаздым ойланып,  
Ойда бардан толғанып.  
Кірсе ішіңе оқи бер,  
Бозбалалар, қолға алып.*

*Мұны оқыса кім танып,  
Жүрегіне от жанып.  
Сөзді ұғарлық жан тапса,  
Айтса жарар ән салып.*

*Өлең жиған тырбанып,  
Ән үйренген ырғалып,  
Сорлы Көкбай қор болды-ау,  
Осыншадан құр қалып,—*

осы екі өлеңнің екеуіне де қатысты дей аламыз. Сонда Абайдың «бозбалалар қолға алып» оқысын дегенін ға-



шығына хат жазсаңдар, осындай қылып жазыңдар, және одан осындай жауап күтіндер деген ақыл-кеңес берген деп түсінуге болады.

Сүйгеніне ғашықтық сезімін хатпен білдіру қазақ арасында ол кезде әдет болған нәрсе. Жігіттің сәлем жолдап отырғаны да ғашық қызына бетпе-бет келмей, айтар сөзін өзі оңаша отырып, тебірене ойланған, сағыныш сезіміне әбден беріліп, ғашығына ынтық болған ынтызар қалпын байқатады. Жас жігіт сүйікті қызын жар етуді армандайтынын ақтарылып айтып:

*Бір өзіңнен басқаға  
Ынтықтығым айтылмас,—*

дейді. Бұл орайда ғашығына жігіттің:

*Иығымда сіздің шаш,  
Айқаласып тайталас,  
Ләззат алсақ болмай ма,  
Көз жұмулы, көңіл мас,—*

деген секілді сөздермен құмарлық тілегін айтуы әбден қисынды. Бұл — шын сүйген, баянды махаббат іздеген адамның құмарлығы десе болғандай. Жігіттің хатына қыздың жауап сөзі оның шынайы ғашықтық сезімді тани алатынын, бағалай білетінін аңғартады. Жас қыз өз көңілін, ризалығын сабырлы, салмақты мінезбен айтады. Алайда ол ғашық жігіттің құмарлық тілегіне келісті жауап қайырады:

*Көңілің тұрса бізді алып,  
Шыныменен қозғалып.  
Біз — қырғауыл, сіз — тұйғын,  
Тояттай бер кел де алып.*

*Тал жібектей оралып,  
Гүл шыбықтай бұралып,  
Салмағыңнан жаншылып,  
Қалсын құмар бір қанып.*

Бұл жігіттің ынғайына қарай құлай кетуге бейімділікті, көнбістікті көрсететін сөздер деуге келмейді. Қыз ғашық жігітінін:

*Асыл адам айнымас,  
Бір бетінен қайрылмас.  
...Көзім жатқа қарамас,  
Жат та маған жарамас,—*

деген сертіне, адал ниеттілігіне сенеді. Және өз тарапынан:

*Үйір қылма бойыңа,  
Шыны жақсы көрмесең,—*

деген түйінді сөзін алдымен анықтап айтып алады. Сонан соң, барып ғашық жігіттің құмарлық тілегіне орай қысылмай, қымтырылмай жауап береді. Мұны сахарда еркін өскен, адал, ашық мінезді жастардың көлгірсімей көңіл білдіру, өзара сыр ашу салтына лайық сөздер деп қарағанымыз жөн бе? Әлде өмір көрген, жастық дәуренді басынан өткізген ақынның ғашықтардың ұяң болмай, еркін болғанын құптағаны дейміз бе? Абай жігіт пен қыздың осы сөздерін сырт көзге білдірмей сүйгеніне ғана айтса болды демей, әнге салып айтса жарар деуі тегін емес болар. Қалайда, «Көзімнің қарасы», әсіресе «Қызарып, сұрланып» атты өлеңдердегі қысылып, қымсыну, пәк мінезділік мұнда байқалмайды.

«Қыз сөзі» («Қиыстырып мақтайсыз») өлеңіндегі «Сіз — бір сұңқар», «Біз — қырғауыл, сіз — тұйғын» деп келетін метафора түріндегі салыстыруларды халық поэзиясындағы бейнелі сезімдерді қолдану дәстүрлерімен жалғас келеді десек, ал мына:

*Сіз — жалын шоқ, біз — бір май,  
Ыстық сөзің кірді ішке,  
Май тұра ма шыжымай?!*

дегендегі салыстыруларды күнделікті тұрмыстан алынған, құлаққа әбден жағымды деумен бірге, үнемі қолданыла бермейтінін атап айтуымыз керек. Және салыстырудың өзін дамытып, жалының, ыстық сөзің ішке кірді, тұла бойымды майдай ерітті деп келтіруі — бұл да көңіл аударарлық, қалай десек те, осы көркем салыстырулардың алғашқылары да, соңғысы да қыздың атынан айтылған сөзде жарасымды, қазақ қызының ойлау, сөйлеу өзгешелігін жақсы байқатады.

Махаббат лирикасының ең тандаулыларының бірі — «Көзімнің қарасы» үнемі әнге салып айтылып жүретін, халық арасында кең тараған өлең. Осы баршаға мәлім, көпшілік аузынан түсірмей айтып жүретін өлеңнің жанрлық түрі жағынан ерекшелігі қандай десек, оны бір сөзбен бір қырынан ғана келіп айта салу жеткіліксіз болар еді. Неге десеңіз бұл өлеңнің өзіндік өзгешелігі мол. Ғашығына ынтызарлығын, махаббат сезімін тебіреніп айтуы, қыздың сұлулығын, жарасымды мінезін көркемдеп бейнелеуі жағынан оның сәлем хат түріндегі өлеңге жақын келетін тұстары аз емес.

*Қара көз, имек қас,  
Қараса жан тоймас.*

*Аузың бал қызыл гүл,  
Ақ тісің кір шалмас.*

*Қыр мұрын, қыпша бел  
Солқылдар, соқса жел.  
Ақ етің үлбіреп  
Өзгеше біткен гүл.*

*Қайғың — қыс, жүзің — жаз,  
Боламын көрсем мәз.  
Күлкіңіз бойды алар,  
Бұлбұлдай шықса әуез.*

*Кісімсіп дұрдараз,  
Бұраңдап қылма наз.  
Мал түгілі басымды  
Жолыңа берсем де аз.*

*Не десем саған еп?  
Ғашығың да қайғы жеп,  
Өртенген жүрекке  
Бір көрген болар сеп.*

Мінеки, осы жолдарды оқығанда ғашық қызға сүйіспеншілігін айту қалпы, қыздың қасиеттерін санамалап, тәптіштеп, әсерлі етіп сипаттауы — бәрі де дәстүрлі жігіттің қызға жазылған хатында айтылатын сөздер деуге әбден ұқсайды дейміз. Мұнда ынтызарлық сезім қаншалықты нәзік, терең көрінсе, ғашық жарын идеал тұту, қастерлеу, қызығып тамсану сарыны да соншалықты күшті шыққан. Осындағы қыздың белін жел соқса солқылдап тұрады деп әсірелеп айту ауызша поэзияға лайық бейнелеу тәсілі болса да, асырып айтылған демесе керек, өйткені осы өлеңдегі көтеріңкі леппен айту мақсатынан туған әсірелеулер, айшықты метафоралар жалғыз бұл емес.

*Исің — гүл аңқыған,  
Нұрың — күн шалқыған.  
Көргенде бой еріп,  
Сүйегім балқыған.*

Осындай сөздер ғашықтық сезімнің асқақтығын білдіреді деп қараған орынды.

*Жөндеп те айтпадым,  
Жүрегім лүпілдеп,—*

деген өлеңнің аяқ жағында айтылатын тұжырым да осындай байлам жасауымыз дұрыс екенін айқындай түсетін болса керек.

Осы айтылғандарды толық ескере отырып бұл өлеңге тағы басқа қырынан да қарауға болатынын да атап айтуымыз қажет. Бұған көзімізді жеткізу үшін мына төмендегі жолдарға назар аударалық:

*Өзі де білмей ме,  
Көп сөйлеп созбайын.*

*Назына кім шыдар?  
Бұрандап жүр шығар.  
Касқая күлгені  
Қылады тым құмар.*

*Ер емес қымсынар,  
Әркім-ақ ұмсынар.  
Күдай-ау, бұл көңілім  
Күн бар ма бір тынар?*

Арасында осындай өз бетімен отырып ішкі сырын ақтарғандай, ғашығын сырттай сипаттаған сөздер кездесетіндіктен, бұл өлеңді тікелей хат түріндегі өлеңге жатқызудың қисыны келмейтінін анық байқаймыз.

Осы өлеңде:

*Ақ тамақ, қызыл жүз,  
Қарағым, бетіңді аш!*

*Қарағым, бермен кел,  
Бізге де көңілің бөл,—*

деген секілді жүзбе-жүз келіп айтылғандай сөздер де кездеседі. Бірақ бұлар қызды сырттай сипаттайтын сөздермен алма-кезек келіп отыратын болғандықтан шартты түрде айтылғандай қабылданады да, өлеңнің жігіт (автор) атынан ғашық қызға арналып айтылған, өзінен-өзі отырып толғанып шығарылған сөз екенін жоққа шығара алмайды.

Сонымен түгелдей алғанда «Көзімнің қарасы» арнау өлең деуге лайық болып шығады.

Мұхтар Әуезов «Көзімнің қарасы» қазақтың шешен тілімен шеберлеп айтқан сезімдерді көрсетеді,— деп жазды,— сонымен қатар Шығыс поэзиясында Навои, Фзули лирикасында көп орын алған үлгілердің әсері де жоқ емес. Бұнда жастар махаббатының нақтылы шындығынан гөрі сұлудың көркін мадақтау көп»\*

Бұл пікірін жалғастыра келіп М. Әуезов: «Осы өзгешеліктері бұл шығарманы «Қызарып, сұрланып» өлеңнің шыншылдық, дәлшілдік үлгісінен алыстатып әкетеді. Анығында екеуі екі стильде жазылған бір-біріне контраст тәрізді өлеңдер»— деп түйіндейді. Зерттеуші «Көзімнің қарасы» өлеңнің жанрлық табиғаты мүлде өзгеше екеніне ерекше көңіл аударған. Сонымен қатар «Көзімнің қарасы» мен «Қызарып, сұрланып» екеуін салыстыра отырып, олардағы суреттеу тәсілі әртүрлі еке-

---

\* М. О. Әуезов, Абай Құнанбаев, 149-бет.

нін атап көрсетуі де осы өлеңдердің жанрлық сипатын, баяндау, суреттеу өзгешелігін тереңдеп түсінбек болған кісіге ой саларлық.

«Қызарып, сұрланып» өлеңінде екі ғашықтың оңаша кездескен шағын автор сирек ұшырасатын суреткерлікпен бейнелеп, жастардың жан сезімін, ішкі тебіренісін, психологиялық күйін олардың қимыл-қозғалысын, тұрысын, жүректерінің лүпілін, көз-қарасының, қас-қабағының құбылуын нақтылап көрсету арқылы шебер бейнелейді. Ал «Көзімнің қарасы» болса, ол қазақ жігітінің атынан айтылатын хат түріндегі арнау өлеңге көбірек ұқсас екенін жоғарыда айттық. Хат болған соң ол ақынның қолынан шыққандай бола тұра, сонымен бірге хатты жолдап отырған жігіттің аузынан түскендей, сол айтқан деуге лайық болуы керек қой.

Абай өзі әнін де шығарып бұл өлеңді көпшіліктің, әсіресе, жастардың айтуына лайықтап жазғандықтан онда қазақ арасында ғашық қызға арналатын хат өлеңге тән сипат-өзгешеліктер жеткілікті.

*Қазақтың данасы,  
Жасы үлкен ағасы  
Бар демес сендей бір  
Адамның баласы,—*

деген сөздер де үлкеннің жолын, ел мойындаған даналықты сыйлауды жастарға үлгі ету жағынан халықтық ұғым-түсінікке жақын келеді.

«Қызарып, сұрланып»— жазба поэзиясындағы таза сыршылдық лириканың озық үлгісі болса, «Көзімнің қарасы»— халық поэзиясы дәстүріне негізделген әнге салып айтатын өлең. Мұндай көпшілік жастар айтатын өлеңнің сөзі де әніне сай мейлінше қарапайым, тартымды келуі, халықтық үлгіге жақын болуы әбден заңды. «Көзімнің қарасы» Абай кезінде, өткен ғасырда ғана емес, бүгінгі кезге дейін ел ішінде кеңінен таралып, жалпы жұртшылық сүйіп айтатын, жанын салып тыңдайтын өлең болып келе жатқаны тегін болмаса керек. «Қызарып, сұрланып» екі ғашықтың кездесуін бейнелеудегі әдемі психологизм, олардың көңіл күйін, ішкі сезімін терең ашып көрсетудегі көркемдік шеберлігімен айрықша көз тартады.

Өлеңде жастардың алғашқы махаббатына лайық шынайы ынтықтық, пәк сезімділік, әдептілік, сыпайылық, ұялшақтық — бәрі олардың қимыл-қозғалысы, бет пішінінің өзгеріп-құбылуы арқылы нақтылы сипат алып, ғашықтардың жолығып тұрған сәтін көзге айқын елес-

тетіп тұтас бір көрініс-сурет жасалған. Ал сөз қолдану тәсілі жағынан алсақ, ғашық жастардың бойын билеген махаббат сезімін әрекет үстінде танытып, тұла бойындағы әр өзгеріс, қимыл-қозғалысты аңғартатын, көбінесе көсемше түріндегі етістіктен жасалған сипаттама сөздер — эпитеттер молынан пайдаланылған.

*Кызарып, сұрланып,  
Лүпілдеп жүрегі  
Өзгеден ұрланып...  
Жүрекпен алысып...  
Дем алыс ысынып,  
Саусағы суынып,  
Белгісіз қысылып,  
Пішіні құбылып,  
Иығы түйісіп,  
Төмендеп көздері.  
Үндемей сүйісіп,  
Мас болып өздері...  
Жүрекке құйылып,  
Жан рахат бір сәуле.  
Жүрегі елжіреп,  
Буындар босанып,  
Рахатпен әлсіреп,  
Көзіне жас алып...*

Өлеңде бастан-аяқ ғашық жігіт пен қыз өзді-өзі, оңаша тұрған қалпында, тіпті екеуін бөлмей, бір кісідей етіп, бірыңғай сөздермен сипатталғаны байқалады. Тек:

*Жанында жапырақ,  
Үстінде жұлдыз да,  
Елбіреп-қалтырап  
Жігіт пен ол қыз да,—*

деген шумақты оқығанда олардың жанындағы жапырақ, аспандағы жұлдыз әдемі салыстыру арқылы елес береді. Жігіт пен қыздың өздері құсап ағаштың жапырақтары да, жұлдыздар да елбіреп, қалтырап тұрғаны — табиғат көрінісімен адамның көңіл-күйінің ұқсас болуы — сезім-әсерімізді күшейте түсетін көркемдік тәсіл. Осындағы детальдар ғашықтардың кездесуі қай жерде, қай мезгілде болғанын да нақтылай түседі. Аулақта, жапырағы қалың ағаштың жанында, кеш батып, қараңғылық түсіп аспанда жұлдыздар көрінген мезгілдегі кездесу екенін аңғара аламыз. Бірақ бұл бір рет қана елес берген көрініс. Біздің назарымызды түгелдей өзіне аударатын — екі жастың көңіл күйі, пәк таза ғашықтық сезімі, жүрегінің лүпілі.

Сағынысып кездесіп тұрған ғашық жастардың жан дүниесін сипаттау арқылы бірден оқырманды еріксіз ел-

тітіп әкететін және түгелдей дерлік психологиялық тұрғыдан өте әсерлі, сезімге толы суреттеме болып келетін осы өлеңнің ең соңында өтіп кеткен жас шағын есіне алған автор бейнесі бір сәт елес береді.

*Жүйрік тіл, терең ой,  
Сол күнде қайда едің?  
Ғашыққа мойын қой,  
Жеңілдің, жеңілдің!*

Өлеңнің бұлайша тиянақталуы оған жаңа тосын бір сарын қосып, қамтылған көркемдік уақыт ауқымын кеңейте түседі. Өте тартымды бейнеленген екі жастың махаббатынан басқа дүниені мүлде ұмытқан оқырман енді басқа бір жайға көңіл ауып селт еткендей болып, ақынның бір кезде өз жүрегін тербеткен сезім күйін де аңғарып және сол жас шағына алыстан көз салып ойға шомған кейінгі қалпын да байқай алады.

«Есінде бар ма жас күнің» дейтін өлеңінде де махаббат тақырыбын өтіп кеткен жас шағын еске ала отырып толғайды:

*Махаббат, қызық, мал мен бақ  
Көрінуші еді досқа ортақ.  
Үміт жақын, көңіл ақ,  
Болар ма сондай қызық шақ?*

*Құдай-ау, қайда сол жылдар,  
Махаббат, қызық мол жылдар?!  
Ақырын, ақырын шегініп,  
Алыстап кетті-ау құрғырлар.*

*Көзіме жас бер, жылайын,  
Шыдам бер, сабыр қылайын.  
Жаралы болған жүрекке  
Дауа бер, жамап сынайын.*

Өткенді бір сәт қызықтап, оны жылы сезіммен ойға алған ақын сол жылдардың қайта оралмайтынын «құрғырлар» деп жеңіл әзілмен айтады. Өткенге өкініш білдіріп отырса да, мұнды сезімге бой алдырмай, көңілін тындыруға, жұбаныш етуге, төзімді болуға бейім екенін анық байқаймыз.

«Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында», «Асқа, тойға баратұғын» өлеңдерінде махаббат тақырыбы өзгеше қырынан баяндалған. Алғашқы өлеңінде халық арасында жиі кездесетін әйелді малға сату әдетін сынау үшін қыздың трагедиялық өлімі тек тілге тиек етілген, және бұл уақиға бұрынғы хандық дәуірде болған делінген. Жас қызды малға сату, шалға беру өтіп кеткен заманның ісі, қазіргі кездегі ұғым-түсінікке үйлеспейді деген

ойын айқындай түсу үшін осы сюжетті өленнің беташары ретінде алған. Сонымен бірге осы сюжет арқылы, малы бар бай адам ғана емес, тіпті хан болса да, кәрі мен жастың арасында махаббат болмайды деген түйінді пікірін дәлелді етіп жеткізеді.

Жас қыз бен оны мал беріп сатып алуға тырысатын кәрі шалдың бейнесін бір-біріне қарама-қарсы қойып, шендестіру тәсілімен суреттегені өте әсерлі:

*Біреуі — көк балдырған, бірі — қурай,  
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз.*

Жайнаған көк балдырған қыздың балама бейнесі болса, жапырағы жоқ сидиған қурай — шалдың балама бейнесі. Көркем символ ретінде алынған жаз бенен қыстың алғашқысы балғын қыздың үлбіреген нәзіктігі, сүйкімділігі секілді сипаттарын да елестетсе, соңғысы зорлықшыл шалдың мейірімсіз-қаталдығын да тұспалдап аңғарта алады. Қызды айтқанда Абай «ет жүрек», «жас жүрек» сияқты сипаттамаларды алса, шалды метонимия тәсілімен «қартайған қу сүйек» деп бейнелейді.

«Асқа, тойға баратұғын» — түгелдей аңыз сюжетке құрылған баллада түріндегі өлең. Оқиға ескі шапқыншылық заманда болғандай десек те тартымды, жедел дамып, шиеленісіп, бірден қызықтыра түседі. Жас жігіт қалыңдығын, той жасап, алғалы жүргенде кенеттен елді жаудан қорғауға жорыққа аттанып кетеді. «Тірі адамның ісі — үміт» деген автордың сөзі біздің көңілімізге медеу болып, сенім білдіргендей. Ойын-тойға асығып жүретін жас жігіт енді өзінің үйлену тойын өткізетін кезін асыға күтуге мәжбүр болады. Тез қайтып оралуға, қалыңдығын құшуға ынтық. Бірақ осы жерде автордың:

*Асықсаң да, шырағым,  
Саған деген құданың  
Жазылған қандай жарлығы,  
Есіткен жоқ құлағың,—*

деген алдағыны болжаудың қиындығын ескертуі біздің көңілімізге үміт пен бірге күдік те ұялатады. Қалыңдығы ғашық жарын күтіп қала береді, ол майданнан қайтып оралысымен қосылмақ ниеті бар. Қалыңдықтың күні-түні дамыл таппай күткенін көзге айқын елестету үшін қолданылған көркемдік деталь — оның тойға кие-тін ақ көйлегін тігіп дайындап қоюға асығуы. Бұл тұста тағы автордың сөзі араласады:

*Сен асыққан екен деп,  
Алла әмірін өзгертпес.*



*Айтқаның болар ма екен деп,  
Мен қорқамын, көз жетпес.*

Бұл сөздер қызға айтылғандай болғанмен, оқырмандарға (тындаушыларға) да айтылғандықтан енді үмітімизді бұрынғыдан да азайтып, күдікті зорайтқандай әсер етеді. Бұдан кейін уақиға желісі шарықтау шегіне жетіп, күрт өзгереді, трагедиялық жағдайға ұласады. Автор келте қайырып, жас жігіт «жаудан өлді ар үшін» дейді. Бұл хабарды естіген қалыңдығы да өмірмен қоштасады. Бұл жағдайды автор қысқа ғана:

*Ақ көйлекті бітіріп,  
Кебінім деп киді, өлді,—*

деген сөздермен білдіреді. Шапшаң, жедел өрістеген, біресе үміт, біресе күдік, күмән туғызған уақиғаның аяғы трагедиямен бітеді. Осы шығарманың сюжетінде қандай ерекшелік бар дегенде, баяндалып отырған өте сирек кездесетін жағдай екенін айтар едік. Әрине, жас жігіттің майданда қаза табуы өмірде кездесіп тұрады. Ал сарғая күткен сол ғашық жарының қаза болғанын естігенде қалыңдығы өмірден үзілді-кесілді күдер үзіп, өлім құшағына кіруге бел байлауы — сөзсіз, тосын жағдай. Алайда Абай қыздың өлімін таңғажайып іс етіп көрсетпейді, өлеңдегі қайғылы сарынды коюлатпайды. Жігіт елін қорғап, «ар үшін» өлді десе, оның қалыңдығы ғашықтық сезімі өте күшті болғандықтан махаббаттын құрбаны болды дегенге меңзейді:

*Қол жетпеген некені  
Сүйіп кеткен жан екен.*

*Шыны ғашық жар болса,  
Неге өлдім деп налымас.*

Және де акын оқырмандарды да болған жағдайды — қалыңдықтың қайғылы тағдырын ойласуға шақырғандай:

*Көзің неге жетеді —  
Қосылмақ онда бар ма екен?—*

дейді.

Абай он-ақ шумақ өлеңге соншалық шиеленісі мол уақиға сыйғызып, жігіт пен оның қалыңдығын әрқилы күйге түсіріп, нақтылы іс-әрекеттерін көрсету арқылы айқын мінездеп, бейнелеп береді. Акын бір жағынан уақиғаны баяндаушы да, екінші жағынан сипаттап отырған кейіпкерлермен тілдескендей сөйлесіп кететін, кейде оқырмандарға тіл қататын, сауал қоятын түсіндіруші, бағалаушы да. Сондықтан бұл өлеңді сюжеті бар,

кұрылысы күрделі кіші-гірім драмалық поэма немесе трагедия іспетті шығарма десек те болғандай.

\* \* \*

Абай ғашық жастардың жан дүниесін, ішкі сезімін, көңіл күйін, іс-әрекетін қандай нанымды бейнелесе, сырт көрінісін, кескін-келбетін, бой-сымбатын соншалықты келісті, әсерлі сипаттайды. Ақынның сұлу қыздың портретін суреттеуі айрықша көз тартарлық.

Қыздың бой тұлғасын, сымбатындағы сипат-ерекшеліктерді ақын жекелеп айтып, көркемдеп бейнелейді. Бұл жерде ол қазақ поэзиясындағы осы бір өзіндік оқшау өзгешелігі бар өрнекті қызықтап, сол әдісті ұстанады.

Абайдың ақындық шеберлігін айтқанда оның сұлу қыздың портретін сөзбен мүсіндеуі әр кез тілге тиек болып келеді. Бұл мәселеге қатысты ерекше көңіл қоярлық, кейде талас пікірлер туғызатындай жайлар баршылық. Алдымен ақынның осы тақырыптағы ауызға ең көбірек алынатын өлеңіне назар аударалық:

*Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,  
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.  
Жіңішке қара қасы сызып қойған,  
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.  
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,  
Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды.  
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,  
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.  
Сөйлесе, сөзі әдепті әм мағыналы,  
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды.  
Жұп-жұмыр ақ торғындай мойыны бар,  
Үлбіреген тамағын күн шалмайды.  
Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,  
Екі алма кеудесінде қисаймайды.  
Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,  
Нәзік бел тал шыбықтай бұрандайды.  
Етіндей жас баланың білегі бар,  
Әжімсіз ақ саусағы іске ыңғайлы.  
Қолаң қара шашы бар жібек талды,  
Тұрғандай толқын ұрып көз таңдайды.*

Ақын сұлу қыздың портретін сөзбен мүсіндегенде көркем детальдарды тірек етеді, яғни, оның бет-пішінін, дене бітімін мүшелеп санамалап сипаттау тәсілін қолданады. Оларды рет-ретімен сипаттауы да көңілге қонымды: ақ маңдайынан бастап, қара көзін, жіңішке қара қасын, қырлы мұрынын, ал қызыл бетін, аузы мен тісін (соларға қоса сөз сөйлеуі мен күлкісін де), жұм-жұмыр мойнын, үлбіреген тамағын, жауырыны мен иығын, бой-

тұлғасы мен жіңішке белін, нәзік білегі мен ақ саусағын, ең соңында жібектей төгілген қара шашын бірінен кейін бірін түгелдей тізіп, әр түрлі теңеу-салыстырулар қолданып бейнелеп шығады. Сұлу қыздың көркін, келбетін, сымбатын бейнелеуде Абай оның бет-пішініндегі, бойындағы көзге түсетін жекеленген өзгешеліктерін: көзін, қасын, аузын, мұрнын, мойнын, басқа дене мүшелерін бөлек-бөлек сипаттайтын қазақтың халық поэзиясында әбден орныққан ақындық дәстүрді бір сәт қызықтайды. Бұрынғы ақындармен шеберлік сынасқандай болса да, ол бұл тәсілді өзінше өрнек тауып ұтымды қолданады. Осы өлеңге ілтипатпен зер салып қарасақ, қыздың бейне-тұлғасын, сымбатын осылай мүсіндеудің ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі бейнелеумен тікелей жалғастығы бола тұра, сонымен қатар өзіндік өзгешелігі бар екендігін аңғарған болар едік. Өлеңнің ең басындағы:

*Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,—*

деп нақтылы, өзінше келістіріп келтірілген теңеуден де, және:

*Аласы аз қара көзі нұр жайнайды,—*

дегендегі көздің аласы аз деп сипаттаудан да Абайдың өз стилі, сөз қолданудағы өзгеге ұқсамайтын қолтанбасы айқын танылады. Осындағы «Қақтаған ақ күмістей» деп қыздың маңдайын сипаттайтын теңеуге зер салсақ, мұның мағынасы өте бай екенін көреміз. Бұл теңеу сұлу қыздың маңдайының ақ, кең деп тікелей көрсетілген сипаттарымен қатар жарқыраған, жазық, нәзік, ешбір мінсіз, көз тартарлық көркем деген сияқты талай қасиеттерін де қоса аңғартады. Ал қыздың сызып қойғандай жіңішке қасын жаңа туған айға ұқсатамын дегенін алсақ, бұдан ақынның өз тұлғасы, ақындық бейнесі және айқын елес береді. Ақынның сол өзі суреттеп отырған қызға тамсанып, тамашалап қарағандай қалпын, ішкі көңіл күйін, эстетикалық сезім-әсерін байқататын «тіл байлайды», «іш қайнайды» деген сияқты сөздерді де көңіл аударарлық. Жібектей қолаң қара шашы «тұрғандай толқын ұрып көз таңдайды» деген салыстыруда да осындай өзінше нақтылап суреттеудің, өз қатынасын көрсетудің ізі жатыр. Және мұнда «Нәзік бел тал шыбықтай бұрандайды» деген сипаттамадағыдай қыздың пішінін, сымбат-көркін жандандырып, қимыл-қозғалысымен көрсетуге ынталылық байқалады. Ал, ақ саусағы «іске ыңғайлы» деген сипаттаманы алсақ, бұл Абайдың

қыздың сұлулығын оның іскерлігі, өнерпаздығымен ұштастыра бейнелеуге ұмтылуына дәлел болғандай. Қыздың пішініне тән сипат-белгілерді ақын жай ғана жіпке тізгендей санамалап, қалыпты сөздермен айтып отырған жоқ, бейнелеу, салыстыруын өзінше өрімдеп, арагідік болса да өз сезім-әсерін, толғаныс-тебіренісін де байқатып отыр. Енді осы өлеңнің жалғасы деп саналып келген, ал кейінгі кезде (1977 жылғы жинақ) «мағынасына қарай дербес алынды» (357 бет) деп бөлек басылған екінші жартысын еске алалық:

*Қандай қызда ләззат бар жан татпаған?  
Сұлуы бұл заманның тек жатпаған.  
Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,  
Алмасы өкпе болар қол батпаған.  
Бұлардың кейбірінің мінездері  
Ешнәрсе көрмегенсіп бұртақтаған.  
Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,  
Орынсыз адамдармен жыртақтаған.  
Әуелден сұлу жайы бізге мәлім:  
Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған.  
Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай,  
Бойына майдалықпен сыр сақтаған.  
Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,  
Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған.  
Орынды іске жүріп, ой таппаған,  
Не болмаса жұмыс қып мал бақтаған.  
Қасиетті болмайды ондай жігіт,  
Әншейін құр бекерге бұлғақтаған.*

Мұхтар Әуезов «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңін осы келтірілген екінші жартысымен бірге тұтас бір өлең деп санап, солай талдаған. М. Әуезовтың осы өлеңге берген бағасын, айтқан сын-пікірін дұрыс түсіну үшін мұны ескермей болмайды. М. Әуезовтың осы бағалауында, талдауында сын айту жағы басым болса да, Абайтануға ерен еңбек сіңірген білгір зерттеушінің айтқан пікірін аттап өту жол емес, қалай да мәселенің байыбына бару үшін ойласу дұрыс. «Дәл осы өлеңнің тұсында, Абай әйел жынысына қазақы көзбен, әсіресе бойжеткен қызға феодалдық орта қарайтын көзбен қарағандай болады. Сол себепті, сұлудың жүзін бізге айтып беріп отырған ақынның көзі көбінше қыз көре келген жігіттің, келін айттыра келген құданың көзқарасы сияқты.

Нақтылы дәлдік болғанмен ішкі сезім сыры жоқ шығарма көрінеді. Белдеуге сұлу атты байлап қойып, мүсін-тұлғасына көлденеңнен қарап отырған бағалаушының мінезін аңғарамыз.

Кейінірек жазылатын «Ат сынын» осы қыз суретінің

тұсында еріксіз еске алуға тура келеді. Онда да аттың кекілі, құлағы, қабағы, мойны аталып келіп, ұлы денесі сипатталып кетеді. Бірақ, атқа солайша сырт мүсінін санап, сынау қаншалықты қонымды болса да, адамзатқа қолданған әдіс оншалық орынды емес»\*.

Алдымен М. Әуезовтың осы өлеңді «нақтылы дәлдік болғанмен ішкі сезім сыры жоқ шығарма» деуін бұл көркем туындының кемшілігінен гөрі өзіндік өзгешелігін көрсеткен деп түсінгеніміз жөн сияқты. Өйткені, өлеңдегі негізгі мақсаттың өзі қыздың бет-пішінін, келбетін, сымбатын, сыртқы көрінісін сөзбен бейнелеу ғой. Ал осының өзі де айрықша көркемдік шеберлікті талап ететіні анық. Және поэзияда адам портретін нақтылап бейнелеу қиын екендігі, сондықтан сирек кездесетіні талай айтылып, дәлелденіп келеді. Лессинг өзінің әйгілі «Лаокоон» атты еңбегінде осы мәселені арнайы сөз етіп, адам портретін бояумен жасайтын қыл қалам шеберлері—суретшілер болмаса, ақындардың адамның пішінін, бет әлпетін нақтылы бейнелеумен әуестенуінің өзі тіпті артық нәрсе, қолдан келмейтін іске уақыт кетіріп, босқа әуре болу деуге дейін барған. Гомерден бастап ақындар адам портретін нақтылы сипат-белгілерімен көзге айқын елестетерлік етіп тікелей көрсетуден гөрі, адамның алатын әсері арқылы, біреудің сүйсінген сезімі, жақсы, жағымды деп санауы арқылы, әйтеуір қалайда сондай бір жанама тәсілдер арқылы сипаттау жиі кездесетінін жан-жақты талдап, дәлелдеп айтады. Орыс, еуропа поэзиясында шынында да адам портретін бейнелеу өте сирек кездеседі. Ал қазақ поэзиясында, өлеңдер мен поэмаларда, ғашықтық жырларда әйелдің, сұлу қыздың портретін сөзбен мүсіндеу — кеңінен өріс алған дәстүр. Ендеше Абайдың қазақ поэзиясында қалыптасқан осы дәстүрге назар аударып, өлең тілінің сөз өрнектерін мол пайдаланып сұлу қыздың кескін-келбетін, бой сымбатын бейнелеуде өнер өлшесіп байқағаны таңқаларлық іс болмаса керек. Қалай бағаласақ та, бұл салада Абайдың өнегелі еңбегі бар екені даусыз. Әуезов те өлеңнің сұлу қызды сипаттайтын алғашқы жағын «күшті бөлімі» деп бағалап, екінші бөлімін көбірек сынаған:

«Рас, кейінгі жолдарында дәл осы қыздың өзін айтпаса да, жалпы қыздарға сол Абай кезінде, патриархалдық-феодалдық ортада айтылып жүретін арзан, үстірт, әділетсіз сындар айтылады. Онда да Абай қызды міней түсіп, ақылдың салмағын жігітке айтады. Қыздың

---

\* М. О. Әуезов, Абай Құнанбаев, 106-бет.

іс-әрекетінен айтылатыны — тек «іске ыңғайлылығы» деуге ғана болады.

Осылайша әйелдің сырты мен ішін екі бөліп алғандықтан өлеңнің жалпы құрылысында тұтас бітімді бірлік болмай қалған. Өлеңнің алғашқы күшті бөлімі сипаттау болады да, екінші бөлімі көпке мәлім, орташа шындықтарды ақсақал ортасының аузымен сынап, ақыл-өсиет етіп айтуға ауысып кетеді.

Екінші бөлімі Абайдың бұл өлеңін композициялық тұтастық, көркемдік күйден айырып, әлсіздікке ауыстырып әкетеді. Оның себебі өлеңнің бас жағы бір тақырыптан басталып, аяқ жағы екінші бөлек тақырыпқа ауысқаннан. Әуелде іш пен мінез жоқ, тек сырт болса, кейін сырт жоқ, тек мінез аталады. Басында сұлулыққа сүйсіне сөйлеп, кейін ұрсып тоқтайды. Сондай екіұдайлылық сыртқы түрден, ақындық теңеу лексикасында айқын көрінеді. Күлкісі «бұлбұлдай» деп «іш қайнататын» жарастық тауып отырған ақын, кейінгі бөлімде «жыртақтап», «тыртақтаған» деген тәрізді, келісімге шалғай, ұрысқа жақын сөздерді қолданады\*.

Әуезов өзінің сын пікірін өлеңде тұтастық жоқ, мазмұнында екі бөлімнің сарыны мүлде екі басқа қарама-қарсы болуынан туған қайшылық бар деген тұжырымға тірейтінін көреміз. Мейлінше өткір, өтімді айтылған осы пікір 1977 жылғы жинақта өлеңді екіге бөліп, «Қандай қызда ләззат бар жан татпаған?» деп басталатын екінші бөлігін өз алдына жеке өлең етіп басуға тірек болғаны анық емес пе? Бірақ Әуезовтың өзі «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» екіге бөліп тастауға тиісті өлең деп айтпаған ғой. Ал екіге бөліп, екі өлең қылып басқанда осыдан ұтқанымыз бар ма?

Әрине, өлең екіге бөлінген соң екеуінде ақын көңіл күйінің екі түрлі сәті, әр кезені көрінгендей болады. Толғанып отырған бір уақыттағы біріне-бірі ілісе, тайталас келген екі сарындай емес. Ал өлең тұтас алынғанда, әр қырынан қарап, әркелкі айтылған қарама-қарсы пікір, кереғар сезім-әсер шарпысқандай болады. Қыздың сұлулығын тамашалап, идеал түрінде бейнелеу өзінше ұтымды десек те, ақынның бір сәт іркіліп, толқуы, өмірде сұлулық пен мінезділік, тұрақтылық, адамның бойында бірдей кездесе бермейтінін ойлап, өкініп-күйінуді де табиғи нәрсе емес пе? Ендеше осы өлеңдегі тосын нәрседей көрінген қарама-қайшылық өмір шындығынан алыс деп үзілді-кесілді айта аламыз ба?

---

\* М. О. Әуезов. Абай Құнанбаев. 106—107-беттер.

Шынында да ақын қарадан қарап отырып, ойда жоқ жерден қыздардың мінезіне күдікпен қарап, жұлып алғандай:

*Қандай қызда ләззат бар жан татпаған,  
Сұлуы бұл заманның тек жатпаған,—*

деп ала жөнелгеннен гөрі алдымен қыздың сұлулығын, әдемілігін сүйсіне бейнелеп, сырт пішінін, көркін қызықтай келіп, әттен, көркіне үнемі мінезі сай келе бермейді-ау деп өкініш білдіргені қисынды емес пе? Тыңдаушысын сұлу қыздың келісті портретін көзіне айқын елестетіп, елітіп барып, бірақ осындай көз тартарлық көркі бар сұлудың бәрі ұстамды, мінезі болмайды деп сақтан-дырғандай айтуы әлдеқайда әсерлі ғой.

*Ә дегенде көрінер сұлу артық,  
Көбі көпшіл келеді ондай қаншық,—*

дегенді басқа өлеңдерінде де ашынып айтатын Абайдың сыншыл ойы сұлулықты мақтап, мадақтаған сөздерімен жарыса келіп, өлеңнің екінші бөлігінде ақынның ішіне сыймай, кемерінен асып бір төгіліп сыртқа шыққандай әсер етеді емес пе? Өлеңде екі түрлі сарын ұштасып келуіне орай жағымды сипаттаулармен қатар оғаш мінез-қылықты сынап-шенеп айтатын тұста кездесетін нақтылы мағыналық сипаты бар «жыртактаған», «тыртактаған» деген сияқты еліктеуіш (дыбысқа, немесе әрекет-қимылға еліктеп жасалған) сөздерді де басы артық сөздер демесек керек. Шығарма бірыңғай, бір сарынды келмей, екі түрлі сарынды шендестіру — мұның өз артықшылығы бар. Мұндай тәсіл поэзиялық шығармада да, әсіресе музыкалық туындыларда да кездесіп отырады.

Сұлу қыздың портретін көркем бейнелеген Абайдың тағы бір өлеңі — «Білектей арқасында өрген бұрым». Бұл өлеңінде Абай халықтық, сұлулық, әдемілік жайлы ұғымдардың ұлттық өзгешеліктерін, терең көркемдік мәнін айрықша шеберлікпен ашып береді. Ұлы ақын бұрыннан қалыптасқан түсініктерді, сөз өрнектерін қайталап қана қоймайды. Соларды пайдалана, қолдана отырып, халықтың эстетикалық ой-санасындағы бағалы, құнды сипаттарды өзінің ақындық дүниетанымымен ұштастырып әкетеді.

Өлеңді «Білектей арқасында өрген бұрым» деп бастаған ақын, қыздың өріп қойған бұрымын қимыл-қозғалыс үстінде көзге елестетіп, «Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын» деп, құлағымызға сыңғырлаған үн естілгендей әсер береді. Қызды кара көз, ақ тамақты, кара

қасты, ақ етті, ашық жүзді, бұраң бел, кішкене аяқ секілді қалыпты салыстыруларды қолданып сипаттаса да, ақын өлеңді оқыған адамға сол қызға жанасып, жақындай келіп, оның көркін анықтап көргендей әсер беруге, сондай бір көңілі толқыған күйге түсіруге күш салады. Қыздың қара көзі жүректі жылытқандай болуы да оқырманды елеңдеткендей болса,

*Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?...  
Түсі әдемі көріп пе ең қыздың жайын,—*

деп тура қаратып айтуы оған тікелей әсер етеді.

Осы әсерді тағы да күшейтіп, ақын өзі сондай сұлу қызды:

*Боламын да тұрамын көргендей-ақ —*

деп, үстемелей түседі.

Барған сайын қыз бейнесін оқырманға жақындатып қыздың пішінін, тұлғасын ол жуықтап бетпе-бет келіп өз көзімен көргендей, қолынан ұстап, жүзіне үнілгендей қып, соған илаңдырғандай:

*Егерде қолың тисе білегіңе,  
Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе.  
Бетіңді таяп барсаң тамағына,  
Шымырлап бу енеді сүйегіңе.*

Сұлу қызға осынша елтітіп, төндіргендей болса да, осы суреттеуде ешқандай тұрпайылық жоқ, әдеппен ғана көрінген сезім нәзіктігі бар.

Мұнда дайын әдеби үлгіні пайдаланғандықтың ешбірі ізі көрінбейді. Осының өзінен біз Абайдың әйел бейнесін суреттеуде алдына қандай мақсат қойғанын да аңғарамыз. Ол қазақ поэзиясындағы әйелдің сұлулығын көркемдеп сипаттайтын үлгіні құптай отырып, осы бағытта жаңаша ізденістер керек екенін жақсы түсінгенін байқаймыз.

Поэзиядағы сөзбен бейнелейтін адам портретінің қиындығы — алдымен оның жекелеген сипат-белгілер негізінде жасалатыны болса, оның үстіне тұтастай алғанда мелшиген тас мүсінге ұқсап кетуге бейімділігі. Абай қыз портретін бірыңғай тәптіштеп сипаттауды мөлшерден асырмай, оқырманның көңіл күйіне әсер етуге көбірек мән беріп, сирек кездесетін көркемдік шеберлік танытады.

Бір назар аударарлық нәрсе — қазақ қызының портретіне тән ерекше белгі ретінде Абай осы өлеңінде өрген бұрымға сән беретін сылдырлаған шолпы екенін тап



басып дәл көрсеткен. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Тоғжанның портретін бейнелегенде шолпысының сылдырын жас Абайдың жүрегін толқытқан сиқырлы күші бардай етіп үлкен мән беріп арнайы суреттейтінін білеміз.

Шолпының әдемі сылдыры жас қыздың қимыл-қозғалысының, жүрісінің бір ажырамас белгісіндей көрініп, Абай мен Тоғжанның алғашқы кездескен сәттері суреттелгенде-ақ біздің көңілімізге берік ұялайды. Шолпының дыбыстық әсері жас қыздың қимыл-қозғалысының айрықша келісті сәнділігін көзге елестетеді.

Әуезовтың бұл тұста Абайдың өз өлеңімен үндес шығуы әбден заңды ғой. Ал Мағжанның да «Шолпы» атты әдемі лирикалық өлең жазғанын Әуезов, сөз жоқ, білген. Мәселе, әрине, тікелей сабақтастық іздеуде емес, кең мағынасындағы әдеби дәстүр жалғастығын ескеруде.

Көлемді прозалық шығармада қыздың мінезі, іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы жан-жақты бейнеленетіндіктен мұндағы портреттің ауқымы кеңірек. Бірақ сөзбен мүсінделіп берілгендіктен ол портрет те көркемдік детальдар — жеке сипат-белгілер арқылы жасалады. Осының өзін кемшілік деп қарамай, өзгешелік деп санау орынды.

Қылқалам шебері кейіпкердің түсін түстеп, кескін-келбетін көзбен айқын көретіндей түрлі бояумен нақтылы бейнеленгендіктен онда портреттің өзгеге ешбір ұқсамайтын даралық сипаты басымырақ болады. Және адамның бет-пішіні, келбеті қалайда толық, бүтіндей алынады. Ал әдеби шығармадағы портреттің қасиеті өзінше бөлек, мұнда сурет өнеріндегі портретке қарағанда кейіпкердің бет-әлпетін, кескінін оқырманның ойша толықтырып көзге еркін елестетуіне мүмкіндік молырақ.

## Суреткерлік шеберлігі (табиғат көріністері)

Абайдың табиғат лирикасы үлгісіндегі өлеңдерінде ақынның ой-сезімі, жан дүниесі де терең ашылған. Ол өзінің шығармаларында жыл маусымдарын: қысты, күзді, көктем мен жазды қайталанбас, соны бояулармен бейнелеп берді. Туған ел табиғатын сипаттауда оның суреткерлік шеберлігі айқын аңғарылады. Абай пейзажды адамның тұрмыс кешетін табиғи ортасы, мекен-жайы ретінде ала отырып, әлеуметтік өмірмен, қазақ халқы-

ның көшпелі тұрмысымен тығыз байланыстыра көрсетеді.

Табиғат лирикасының ішінде өзгелерден тақырыбы жағынан оқшаулау тұрған өлең — саятшылық өнерді өте көркем, келісті бейнелейтін «Қан сонарда бүркітші шығады аңға». Осы көпшілікке белгілі өлеңнің мазмұнына, ондағы оқиғаның баяндау тәсіліне аз-көп зер салсақ, кейбір жайларға көңіл аударуға болар еді. Алдымен өлеңді көрнектілігі, айтылған жай, оқиғаны айқын көзге елестетерліктей нақтылығы жағынан алғанда сөзбен салынған әдемі сурет дерлік екенін айтсақ болар. Бірақ бұл қимыл-қозғалыссыз тұрған сурет емес, әрекетке толы, талас-тартысқа, бетпе-бет айқасқа құрылған драмалы оқиға. Өлеңде сол оқиға бірден басталып, саятқа шығатын қансонар дейтін жаңа қар жауғаннан кейін аңның басқан ізі айқын көрінетін кезді күтіп жүрген бүркітші баптаған құсын алып, атына мініп, тауға қарай беттегені баяндалады. Міне, ол ақша қардың үстінен тастың арасында жүретін түлкінің қайтқан ізін аңдып, көзі шалған соң қыран құсын, томағасын сыпырып алып, ұшырып қоя береді. Бүркіт түлкіні аңдып, төмен ұшсам өрге қашар деп, жоғарылап барып, туралап түсетін тұсын бағдарлайды. Енді қашып құтылатындай жағдай жоқ екенін аңғарған түлкінің не де болса қарсы келіп қарсыласып көрмекші болып, «аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап» тұрған қалпын көреміз. Оқиғаның осы бір әбден шиеленісіп шегіне жеткен тұсында ақын тыңдаушысын тежеп, қызықтыра түсіп, енді аңшының сол айқас болғалы тұрған жерге жанталасып асыққанын айтады. Осы азғана шегіністен кейін барып, бүркіттің екпіндете, зуылдап келіп түлкінің үстіне түсіп, екеуі жарқ-жүрқ етіп шайқасқаны бейнеленеді. Бірақ ақын бұл айқасты екеуі адам үшін қызыл қанға батысты деген сөздермен ғана қысқа қайырып, не болғанын көбінесе салыстырма көрініс — тұспалды сурет арқылы аңдатады.

*Қар — аппақ, бүркіт — қара, түлкі — қызыл,*

*Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.*

*Қара шашын көтеріп екі шынтақ,*

*О да бүлк-бүлк етпей ме сипағанда?*

*Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш.*

*Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.*

*Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып,*

*Бейне ұқсар тар төсекте жолығысқанға.*

*Арт жағынан жаурыны бүлкілдейді,*

*Қыран бүктеп астына дәл басқанда.*

Талай оқырманды таңдандырып, тамсандырып келе жатқан осы екі салыстырма суретте байқағыштық та,

тапқырлық та, содан туған көркемдік нақтылық та, және қызыл қанға батысқан айқасты әдемілеп, есірелеп көрсету шеберлігі де — бәрі де бар. Сүйтіп Абай қыран құстың түлкімен айқасын, аңшылықты кімді де болсын баурап алатындай әсем суретке айналдырған. Біз бұл айқасты драмалы оқиға дегеніміз сондықтан. Мұны жан тебіренерлік, өте тартымды оқиға десек те, жан түршігерлік оқиға, яғни трагедия да дей алмаймыз. Ақын қыран құстың бетінен қайтпайтын батылдығын, және түлкінің өзінен басым жауынан қаймықпайтын қайсарлығын, айлалылығын көтере, сүйсіне сипаттаған. Өлендегі Абайдың тебірене айтқан авторлық тұжырымдама сөздері де осы әсем суреттемеге толық сәйкес шыққан:

*Таудан жиде тергендей ала берсе,  
Бір жасайсың құмарың әр қанғанда.  
Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,  
Аң болады кеңесің құс салғанда.  
Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген  
Бір қызық ісім екен сұм жалғанда.*

Бұл сөздер Абайдың бүркіт салып түлкі алуды өзі соншалық ұнатқанын, әуестенуге лайық адамның көңілін сергітетін іс деп қарағанын ғана емес, сонымен бірге қазақ арасында саятшылықтың үлкен өнер саналып келгенін де айқын аңғарта алады.

Абайдың «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» деген өлеңінде «Қан сонарда бүркітші шығады аңға дағы» секілді әдемі табиғат та, жарқын көрініс те жоқ. Бұл тұспалды өлеңге, мысалға көбірек ұқсайды. Халықтың ұғымында құстың асылы, ерліктің, батырлықтың символындай болған қыран бүркітке мұнда күйкентай мен қарға қарама-қарсы қойылған. Олар бүркіт ұшса, қалмай қабаттасып, бірге ұшып, оған кедергі жасап, өздері де ештеме бітірмей әуреге түседі.

Ақын ықшамды ғана суреттеме береді де, сөз салмағын күйкентай мен қарға ұшырдық деп мәз болған құс иелерін сынауға ауыстырған. Өленнің аяғында жұрттың қылып жүрген мұндай істерінің берекесіздігі жайлы түйін жасайды:

*Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ,  
Қайран ел осынымен жүр далақтап.*

Өленді түгелдей алғанда онда еріксіз езу гартқызып, күлкі туғызатындай жайлар да жетерлік, мысалы: «Қарғаның «қарқылдап» қыраннан қалмайтыны, күйкентайдың «шықылықтап» қосарланып жүргені, осы құстардың иелері «бос салақтап» күн ұзын шаба беретіні, түнімен

«күпілдеп» құстарын мақтайтыны. Ал «қайран ел осыны-мен жүр далақтап» деген сөзінен ажуа мен мысқылға ел жайын ойланудан туған жанашырлық пен өкініш сезімі қосылатынын байқаймыз. Өлеңнің соңғы екі тармағында автордың түйіндеу сөзі комедиялық сарынға енді басқаша сипат береді.

«Күз» (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан) атты өлеңінде ақын жылдың төрт мезгілін суреттейтін басқа өлеңдеріндегідей үлкен суреткерлік шеберлік таныта отырып, табиғат көріністеріне жанастыра ауылдың күнделікті машықты өмір тұрмысын мейлінше қарапайым нақтылы түрде, ешқандай көріктеп, әдейі әсірелеусіз сипаттайды. Аспанды қаптаған сұр бұлтты, жерді басқан дымқыл тұманды, жапырағы түскен ағашты, сарғайып тозған күзеуді суреттеу арқылы көшпелі ауыл тіршілік ететін табиғи ортаны, айналаны нақтылы қалпында айқын көзге елестетеді. Ойнақтаған жылқылар, үйірінен қашып, оқшауланған биелер, жарыса шапқылаған тайлар — бұлар да мал баққан елдің өмір-тұрмысының айнымас, әрқашанда қосақталып жүретін белгі-нышандары десек болады. Өлеңді түгелдей алып қарасақ, онда табиғат көріністерінен гөрі көшпелі елдің өмір-тұрмысын, тіршілік әрекетін бейнелеу жағы басымырақ екенін мойындауға тура келеді.

Дәл тауып, айнытпай берілген нақтылы күнкөріс әрекеттері — қазақтардың теріні малмаға салып, иін қандырып алып илейтіні, қыс бойы қорек ететін астықты күзде түйемен барып басқа жақтан әкелетіні, киіз үйдің іші ыс болады деп күзгі суықта от жақпай отыратыны, әйелдердің түйенің шудасынан жіп иіріп киіз үйдің жыртылған жерін жамайтыны — бәрі де көшпелі елдің дағдылы тіршілігін, тұрмыс-жағдайын, әдет-салтын анық аңдатады. Мал бағумен күн көрген елдің өмірге бейімділігі, тіршілікке икемділігі, ептілігі де байқалмай қалмайды.

Қара суыққа тонып дірдектеген балалар мен кемпіршалдардың сиқы күзгі табиғаттың жабырқанқы түріне толық сәйкес келеді. Ақынның «Жазғытұры» (Жазғытұры қалмайды қыстың сызы) дейтін өлеңіндегі шұғылалы сәулесін шашқан күнді, жарық айды, жымындасқан жұлдыздарды қызықтау, шат, жарқын көңілді адамдар бейнесін алға тарту, табиғатты көтеріңкі леппен суреттеу мұнда жоқ. Бұл өлеңде:

*Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айрылған ағаш-құрай,—*

деп ағаш пен қурайдың кемпір-шалмен салыстырылатыны көңіл қоярлық. Әдетте адамды жансыз нәрсемен салыстыру қолайлы, ұтымды саналса, Абай керісінше тәсіл қолданып, жансыз нәрсені сипаттау үшін оны адаммен теңестіреді. Бұл бүрісіп үрпиген кемпір-шалдың мүшкіл халіне оқырманның аяныштылық сезімін күшейте түседі. Өлеңде тек кедей, жоқ-жітік адамдардың халжайы айтылатыны тегін емес. Ол көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігі күз түскенде қиындайтынын нанымды етіп көрсету үшін қажет. Өлеңнің осындай мазмұны оның сарынына әсер ететінін мойындасақ та, бірақ бұдан ақынның өз көңіл күйі де сондай жабыңқы демесек керек. Табиғатты, елдің өмір-тұрмысын суреттеудегі ақынның байсалдылығы, пікір парасаттылығы ешқандай күмән туғызбайды. Өлеңнен боямасыз, қоспасыз ақиқат өмірдің өз көрінісін тапқандай әсер аламыз.

«Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңінде табиғат көрінісі жоққа тән, ақын жылдың осы мерзімі мал баққан елдің тұрмысына, әсіресе кедейлердің өміріне қаншалық ауыртпалық әкелетінін нақтылы сипаттап береді:

*Кедейдің өзі жүрер малды бағып,  
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.  
Тоңған шін жылытып, тонын илеп,  
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.*

*Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,  
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап,  
Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын,  
Бір жағынан қысқанда жел де азнап.*

*Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,  
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?  
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,  
Ол да — қылған кедейге үлкен сыйы.*

Көшпелі елдің тіршілігін, күн көрісін айрықша жанашырлық сезіммен суреттеген осы өлең шумақтарында сирек кездесетін байқағыштық, шыншылдық бар екенін қанша айтса да артық емес. Сонымен қатар, кедейдің тұрмысының ауыр екенін жас балалардың аянышты халін бейнелеу арқылы көрсетуі ерекше әсерлі:

*Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,  
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.*

*Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып.  
Бала шықса, асынан үзіп-жұлып.  
Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес.  
Үйген жүктің күн жағын орын қылып.*

*Асын жөндеп іше алмай қысылады,  
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр.*

Жалбыр-жыртылып, жалбыраған, тозған киім жоқтықтың, кедейліктің белгісі, сондықтан бұл сөз ауыспалы мағынасы бар метонимия түрінде жасалған көркем бейне болып шыққан. Ол кедей баласының тұлғасын, оның ауыр, аянышты халін анық, дәл танытады.

Абайдың тағы бір шығармасында кездесетін осыған ұқсас метонимиялық сипаттама-бейне: жағалайды әркімді жыртық киім — дегендегі жыртық киім. Мұның жыртық киім киген адам деген мағына беретіні түсіну оп-оңай-ақ. Мәселе онда ғана емес. Көңіл қоярлық нәрсе осындағы айту әдісі, адамның киімін айту арқылы оның кескін-тұлғасын суреттеу өте ұтымды екендігі. Мұндағы мағына ауыстырудың әсерлілігі — осы жыртық киім дегеннің өзі адамның жәй ғана бір әлдеқандай сипаттамасы емес, сол адамның балама бейнесі реуішті болып тұр. Сондықтан ол құр сұлдері жүрген панасыз, қайыршы адамның аянышты халін жақсы байқатады.

«Қыс» атты өлеңінде Абай жылдың осы мезгілін мейірімсіз, түсі сұсты, катал, кәрі құданың кейпінде сипаттайды.

Бұл тәсіл ақынға қыстың көшпелі тұрмыс кешкен қазақ елінің өміріндегі ең бір ауыр, жайсыз кез болғанын неғұрлым айқындап, әсерлі етіп көрсетуге мүмкіндік береді.

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.  
Үсті-басы — ақ қырау, түсі суық.  
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.  
Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,  
Кәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды,  
Үшпадай бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып, ажарланды.  
Бұлттай қасы жауып екі көзін,  
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.*

Қысты осылай кәрі шалдың кейпінде бейнелеу қазақ поэзиясында бұрын болмаған мүлде тың, жаңа көркемдік тәсіл болатын. Орыс мәдениетінің ықпалымен қазақ өміріне кейін кірген жаңа жылда келетін Аяз-атадан Абайдың кәрі құдасы басқарақ. Өйткені ол — қаһарлы, кәрі шал.

Қыстың бар ызғарын бойына жиып алғандай осы кәрі құданың бейнесі көркемдік қиялдың жемісі десек те, оның қыс мезгілін көзге айқын елестетерлік мәні де зор екенін мойындаған жөн. Сонымен қатар өлеңде ұйытқып соққан бораннан теңселген алты қанат ақ ұй, беті-қолы аяздан домбыққан жас балалар, шидем мен тон қабаттап кісе де, ызғарлы қатты желге тура қарай алмай

сырт айналған малшы, қалың оппа қарда малшынып титығы құрыған жылқылар, қыспен бірге араны ашылып малды ауылды торыған аш қасқыр секілді көшпелі елдің өмір-тұрмысынан алынған нақтылы көріністер де жеткілікті.

Өмірдегі, табиғаттағы көркемдікті, әсемдікті өте нәзік сезініп шебер бейнелеу жағынан Абай поэзиясында ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясындағы үздік туындылар — «Жазғытұры» (Жазғытұры қалмайды қыстың сызы), «Желсіз түнде жарық ай», «Жаз» (Жаздыгүн шілде болғанда).

«Жазғытұры» өлеңіндегі негізгі сарын — сахара табиғатының көркін сипаттай отырып, қазақ халқының көшпелі өмір тұрмысын реалистік шынайылықпен нақтылы бейнелеу. Сонымен қатар бұл өлеңде табиғат көркін, сұлулығын асқақ шабытты суреткердің көзімен қарап тамашалау, тамсану пафосы да ерекше күшті.

*Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,  
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.  
Жан-жануар, адамзат анталаса,  
Ата-анадай елжірер күннің көзі.*

Осы бастапқы бір шумақтан-ақ ақын адам өмірі мен табиғат құбылыстарының арасындағы жалғастық-үндестікті бар жанымен сезінетінін айқын аңғаруға болады. Мал баққан елдің қарекетін, тұрмыс-жайын, жазды жадырап, қуана қарсы алғанын көрсететін нақтылы суреттемелерде табиғат көркін, малды, құсты мейлінше шынайы бейнелеген тұстарда өлеңнің жаңағы айтылған өзгешелігі бірте-бірте толығып, табиғат аясында отырған елдің тұтас бір өмір көрінісі алдымызға тартылғандай болады. Адамның іс-әрекеті, мінезі, қимыл-қозғалысы қандай нақтылы, нанымды болса, малдың, құстардың бейнесі де сондайлық нақтылы, нанымды, ешбір қоспасы жоқ. Әрине, «гүл мен ағаш майысып қарағанда» деген сияқты суреттеулерде көркемдік әсірелеу жоқ емес, бірақ ол — поэзияға тән сипаттау тәсілі.

Осылай өмір-тұрмыс, табиғат көркін нақтылы қалпында, айрықша шынайылықпен бейнелейтін өлеңде бара-бара дүние-болмыстың, табиғаттың керемет сұлулығына тамсану сарыны да күшейе түседі:

*Қара тастан басқаның бәрі жадырап,  
Бір сараңнан басқаның пейілі енер.  
Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне,  
Бойың балқып, еридi іште жігер.*

Өлеңнің бірінші шумағындағы аспаннан нұрын төккен күн бейнесі енді ақын табиғат құбылыстарын, жер мен аспанды, ай, жұлдызды, желді символдық мағына беріп, жанды бейне түрінде тұспалдап суреттеген тұса жаңа қырынан көрінеді:

*Күн — күйеу, жер — қалыңдық сағынысты,  
Құмары екеуінің сондай күшті.  
Күн күйеуін жер көксем ала қыстай,  
Біреуіне біреуі қосылыспай.  
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,  
Жер толықсып түрленер тоты құстай.*

Мұндағы күннің балама бейнесі қазақ ұғымында әбден қалыптасқан қалыңдығын айттырып қойып, арада бірнеше ай өткізіп, сағындырып келетін күйеудің тұлғасын айқын елестетеді. Жұлдыз бен айдың бейнелері де қыз айттыру, келін түсіру ғұрпына орайлас беріледі. Олар атастырылған күйеуі бар қалыңдыққа күйеу алыста жүрген кезде қызыққанын сездіріп, кісімсініп жүреді де, күйеу келерін білгенде өндері қашып, берекесі кетеді. Жылы жел де күйеу мен қалыңдықтың үйлену тойы болатынын айтып, ауыл-ауылды аралап, шапқылап жүрген хабаршы бейнесінде көрінеді. Күннің күйеуше қырындауы, жұлдыз бен айдың күн жоқта кісімсіп, қожандауы, желдің тойдың хабаршысы болып жүруі және жердің қыстайғы қары азалы ақ көрпе бейнесінде суреттелуі — осы өлеңде табиғат көріністері қазақ даласының нақтылы тіршілік, болмыс белгілерімен қаншалықты орынды қабысып жатқанын айқындай түседі.

Осының бәрі қазақ елінің өмір салты, әдет-ғұрпына жанасымды жасалған көркемдік салыстырулар десек, ал мына:

*Анамыздай жер иіп емізгенде,  
Бейне әкеңдей үстіңнен аспан төнер.—*

дегендегі теңеулер ежелден бірталай халықтарға белгілі ескі аңыз-мифтерде кездесетін бейнелеу үлгілерімен ұштасады, бірақ ешбір оғаштығы жоқ, поэзиялық көркемдеп айту тәсіліне әбден-ақ үйлесімді болып көрінеді. Табиғатты көркемдік қиялға беріліп, осындай символдық суреттер арқылы жарқын елестеткен ақын өлеңнің соңғы шумағында өмір-болмысты, табиғатты, аспан мен күнді тағы да нақтылы, шынайы қалпында және терең сезіммен тебірене бейнелейді:

*Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,  
Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.  
Қызыл арай сары алтын шатырына  
Күннің кешкі кіргенін көрді көзім.*



Табиғат құбылыстары Абай поэзиясында күнделік өмірмен, адамдардың күн-көрісі, іс әрекетімен және ақынның өз көңіл күйімен тығыз байланысты келетінін ақынның бірталай өлеңдерінен, соның ішінде жылдың төрт мезгілін суреттеуге арналған өлеңдерінен айқын аңғарамыз. Мұны Абайдың дүниежүзілік поэзияның таңдаулы үлгілерімен тең түсетін, біз арнайы талдап, қарастырмақшы болып отырған екі өлеңнен әсіресе толық көре аламыз.

Алдымен тілге тиек ететініміз:

*Желсіз түнде жарық ай  
Сәулесі суда дірілдеп;  
Ауылдың жаны терең сай,  
Тасыған өзен күрілдеп,—*

деп басталатын не бары 20-ақ жол өлең.

Осы өлеңдегі тіл кестесінің барлық ерекшеліктері, бояулары, эпитет, метафора, басқа суреттеу, бейнелеу құралдары — бәрі не нәрсеге, не құбылысқа болсын ақынша қарап, эстетикалық тұрғыдан баға беру талабына бағындырылған. Түн желсіз, ай жарық. Су бетінде ай сәулесі дірілдеп көрінеді. Ауылдың жанында, терең сайда өзен тасып, күрілдеп, ағып жатыр. Ақын түнді **желсіз**, айды **жарық**, сайды **терең** деп бейнелейді, сәуленің **дірілдеп** көрінген қалпын, өзеннің **күрілдеп** естілген шуын нақтылап сипаттап береді. Бірақ бұл кімнің ауылы, жылдың қай кезі, айдың қай мөлшері, сайы қайдағы сай, ағып жатқан қандай су — оларды анықтап айтып жатуды мақсат етпейді. Одан әрі ауыл маңында қанша, қандай мал, кімнің малы жатыр, малшылар кім дегенді дәлдеп айтпайды. Тіпті оны қойғанда, аулақта жолыққан қыз, жігіт кім — бұл жай анықталмайды. Әрине, бұл дәл осы өлеңде суреттелмегенмен басқа бір өлеңдерде қыз бен жігіттің сипаты суреттеліп, портреті жасалуы мүмкін. Біздің айтпағымыз бұл емес, мәселе поэзияға тән көркем суреттеу әдісі жайлы. Сол портреттер болған күнде де, олар типтік образ сипатында берілген болар еді. Олардан біз көзге түскен, бар ерекшеліктерді теру емес, типтік қасиет-ерекшеліктерді үлкен талғампаздықпен сұрыптап алудың үлгісін көрген болар едік.

Бұл өлеңдегі ақын жүрегін толқытып, толғантқан — ауыл табиғатының таң қаларлық ғажайып сұлулығы, осы көріністің адам жан сезімінің сұлулығымен ұштасатыны. Сондықтан өлеңнің әр сөзі, сурет бейнесі де осыны аңғартуы керек. Айталық, мәселе бір ауылды атауда ма екен? Жок, үйткені мақсат мал баққан қазақ ауылы-

ның бейнесін жасап беру ғой. Осындай, немесе ұқсас сурет көрініс қай ауылда болсын бар емес пе? Қай жылы, қашан деп анықтап жату да қажет емес. Әр жылы осылай ғой. Ал жылдың қай мөлшері екенін айтып жату қажет пе? Жаздың іші екені өлеңдегі суреттен-ақ көрініп тұр. Жаздың ыстық кезінде, далалы жерде күн бойы адам да, мал да сая таба алмайтын кездерде, осындай бір жайлы, желсіз, қоңыр салқын, айлы түн болатыны айтпай-ақ түсінікті емес пе? Ауыл адамдарының күндізгі шаруа-әбігерден қолы босап, тыныс алған кезі екені, малдың ауыл маңында жусап жатқаны — бәрі де өлеңдегі суреттерде айқын көрініп тұр емес пе? Ауылдағы түнгі дауыс-үндер қандай шеберлікпен бейнеленген: анадайдан естілген өзен суының күрілдегені, жаңғырығып естілген малшылардың айғайы, иттердің үргені.

Өлеңнің мазмұнын бағдарлап қарасак, ондағы бір басы артық, жай айтыла салған эпитет, анықтама жоқ екеніне көзіміз әбден жетеді. Бәрі де ауылдың көркем бейнесін жасауға ат салысып, тікелей қатысып тұр. Маужыраған желсіз, әсем түн, жарық ай — бұл детальдар ауыл түнінің адамға жайлылығын, адамның бейне бір табиғат құшағында отырған қалпын танытады. Тау жаңғырығып дегені де, ақынның суреттеуінде таудың малшылардың айғайы мен үрген иттердің дауысына үн қосып кетуі де ауылды, қаншама елді аясына алған тау тасты, табиғатты үнсіз, тілсіз, мелшиіп тұрғандай қылмай, адам мен табиғаттың арасындағы жақындықты, байланысты аңғарту тілегінен туған. Суда дірілдеп көрінген ай сәулесі табиғаттың көркемдігі, сұлулығынан алған әсерімізді және күшейте түседі. Ағаштың жапырағын сыбырласып өзді-өзі дегені жалғыз осы штрихтың өзі елдің жаңа бір жаны жай тауып, тыным алып, тыныстап отырған кезін аңғартуға сөзсіз зор мәні бар. Терең сай деуі, өзен суының күрілдеп жатқанын айтуы ауылдың таулы жерге, сарқырап, тасып жатқан мол суы бар, шөбі шүйгін өңірге келіп орналасып отырғанын, еңбекқор елдің адамға да, малға да жайлы, мол ырысы бар жер іздейтінін байқатады.

Осындай көлемі шағын өлеңде ұлы ақын жазда өзен жағасына көшіп келіп қонып отырған мал баққан ауылдың өмір-тұрмысын асқан суреткерлікпен бейнелеуі ғажап-ақ. Қазақтың даласы, түні, айы, тауы, өзен суы, жапырағы жайқалған ағашы, жазғы жердің көк майса жасыл шөбі көшпелі елдің қонған қоныс-жайлауы, баққан малы, түн күзететін сақ малшылары, жастардың пәк, таза сүйіспеншілік сезімі, махаббаты, жастығын, алғашқы

махаббатын сағынып еске алған қазақтың осындай айлы түнде ауыл сыртында, аулақта жолығатын шағын армандауы — біз өлеңнен осыншама шындықты табамыз, өткен ғасырдағы қазақ өмірінің тұтас бір кезең суретін көреміз. Осының бәріне қоса, әсіресе бізді тебіrentетін жай — өлеңнен халықтың көркемдікті, сұлулықты сезінуінің қаншалықты терең, әсерлі екені де айқын танылады.

Даланың айлы түнінің осы бір әсем поэзиялық суретінің өзі-ақ қазақ әдебиетінде ақындық сезімнің, әдемілікті түсінудің дәуір шындығымен, өмір шындығымен қаншалықты қабысып, тамырласып жатқанына дәлел бола алады.

Осы айтылған өлеңге тақырыбы жағынан үндес келетін лирикалық жыр — «Жаз» (Жаздықүн шілде болғанда). Бұл шығарманың көркемдік сапасын өте жоғары бағалаған Илияс Жансүгіров ол туралы айта келіп, былай деп жазды. «Абайдың жыры ырғақ, музыка, дыбыс құралысы жағынан төгіліп кетеді.

Абайдың бұл өлеңіндегі бір ақындық өзгешелігі — ол өлең ұйқасындағы етістіктердің сайдың тасындай ірі, қимылды, қозғалысты көрсетуге жандылығы».

Илияс Жансүгіров ұлы ақынның осы өлеңінің көркемдік қасиетін әсіресе тіл ұйқасындағы өзгешелігін дәл тауып, өте орынды айтқан.

Бұл жырында Абай негізгі желілі ұйқасты ұзақ сақтайтын шұбыртпалы жыр өрнегін асқан шеберлікпен қолданып, өлеңнің басынан аяғына шейін дерлік бір ұйқасты қайталап отырады. Және үнемі бірыңғай үйлесетін грамматикалық құрылысы жағынан біріне-бірі ұқсас етістік сөздерді ұйқасқа кіргізеді. Осының өзі-ақ ақынның ұйқасқа өте үлкен мән бергенін байқатады.

*Жазды күн шілде болғанда,  
Көкорай шалғын бәйшешек  
Ұзарып өсіп толғанда;  
Күркіреп жатқан өзенге  
Көшіп ауыл қонғанда;*

Өлеңнің осы бас жағында ғана ұйқас басқаша. Бірақ бұл жеке шумақ емес, ұзақ жыр түйдегінің бір бөлшегі ғана. Мұндағы ұйқас тек қосымша, жанама ұйқас қана. Онан әрі өлеңде жаңа ұйқас, желілі ұйқас бірден жарк етіп шыға келіп, үнемі қайталанып, өлең аяқталғанша созыла береді.

*Шұрқырап жатқан жылқының  
Шалғыннан жоны қылтылдап,  
Ат, айғырлар, биелер*

*Бүйірі шығып ыңқылдап,  
Суда тұрып шыбындап,  
Құйрығымен шылпылдап...—*

дегендегідей болып өлеңнің өн бойында қылтылдап — ыңқылдап — шылпылдап деп басталып, әрі қарай жалғаса беретін негізгі бір ұйқас сақталады. Ақын жыр өлшемін, түйдегін қолданғанда, 7—8 буынды тармақтарды кесек топтастырып, тұтастырып әкетсе, және негізгі, желілі ұйқасты неғұрлым көбірек қайталаса, өлең ырғағының екпіні шырығып, күшейе түсіп, сөз ағымын үдетіп, тасқындатып әкетуге мүмкіндік туатынын мұқият ескерген.

Негізгі ұйқастан басқа, әдетте, жырда қолданылатын, әр жерде бір көрініп қалатын кейбір қатар тармақтардың өзара үйлесі де бар.

Мәселен:

*Сабадан қымыз құйдырып,  
Ортасына қойдырып;*

Немесе:

*Бай «байғұсым» десін деп,  
Шақырып қымыз берсін деп,—*

дегендегі құйдырып — қойдырып, десін деп — берсін деп деген секілді. Бірақ ондай тармақтар көп емес.

Бұл өлеңде, Илияс Жансүгіров айтқандай, ұйқаста қолданылатын қатарынан тізбектелген етістіктердің көшпелі ауылдың қимыл-әрекетіне толы өмір-тіршілігін көрсетуде орны ерекше. Абай осы шығармасында қазақ елінің өмір шындығын әсерлі, тартымды сурет арқылы бейнелеп берудің тамаша, үздік үлгісін туғызған десек, ақынның осындай асқан суреткерлік қуатын танытатын өлең тілінің бейнелілігі, сөздерінің бояуы жасанды емес, саф-тазалығы көбінен-көп сол орын-орнына өте қисынды тауып қойылған, қатарласып тұтасқан көп етістіктерден анық байқалады.

Әрине, ұйқасқа кірмеген етістіктер, не болмаса өлеңдегі басқа сөз құрамдарының көркемдік құны әлсіз дегенді айтпақшы емеспіз. Біздің бұл жерде айтпағымыз — ұйқасқа кіргізілген, самсап тұрған көп етістіктердің ерекше көзге түсетіндігіне көңіл аудару, олардың тынымсыз әрекет, қозғалыс-қимылды көрсетудегі айрықша бейнелілігі, суреттілігіне көңіл аудару. Өлеңнің бастапқы жолдарында ауылдың жаңа қонысқа, жазғы жайлауға көшіп келгені айтылады. Бұл өлеңнің бастамасы, кіріспесі ғана болса да, ақын тек ауылдың орнаған мекен-

жайын ғана баяндап отырса да, мұнда да қимыл-әрекет жоқ емес. Ауылдың көшуін болған, аяқталған оқиға деп санасак, өзенді күркіреп жатқан деп бейнелеуі бұл толассыз тынымсыз болып жатқан қимыл-әрекетті көрсетеді.

Жазды күнгі жайлаудағы қазақ ауылының өмір-тұрмысын суреттегенде Абай жаздың келуі мал бағумен күнелткен «жаз — жазыл, қыс — қысыл» дейтін көшпелі елге көп жеңілдік, қуаныш — қызық әкелгендей көрінетінін байқатады. Ақынның әр сөзі, сипаттамасы дала жазының осындай көркем бейнесін көрсетуге лайық, орайлы алынған. **Ұзарып өсіп, толған жасыл шөп, бәй-шешек гүлдер де, күркіреп жатқан өзен де** осы тұрғыдан қарағанда бірден-бір қажетті белгілер.

Өлеңде онан әрі әрекет-қимылы, абыр-сабыры мол өмір-тұрмыс көз алдымыздан тізбектеліп өтіп жатады. Осыдан бастап шынайы өмір ақиқатын танытатын көркем сипаттамалардың дені, басым көпшілігі ұйқастағы етістіктер арқылы беріледі, не осы соңғылармен тығыз байланысты келіп отырады. **Жылқыны шұрқырап жатқан** деп бейнелеуі секілді жекелеген эпитет, мәнерлі сөздер болмаса, мысалы ат, айғырлар, биелерді **бүйірі шығып** деуі, **ыңқылдап** деген ұйқастағы етістікпен бірігіп, тұтасып кетеді. Ал өлеңнің ұйқастарын құрайтын етістіктердің орасан көркемдік-бейнелілігі ақынның өміріндегі шындықты терең көрсетуге шеберлігінен, ұлы суреткерге тән не нәрсенің сыр-сипаты, өзгешелік қасиеттерін болсын мүлтіксіз байқайтын көрегендігінен туатыны даусыз. **Жылқының биік шалғыннан жоны қылтылдап** көрінуі, **көкке әбден тойып алған ат, айғырлар, биелердің бүйірі шығып ыңқылдап тұруы**, не шыбындағанда суға кіріп, құйрығымен **шылпылдап тұрған қалпы**, **құлын-тайлардың бұлтылдап шауып жүруі**, **үйрек-қаздың сымпылдап жоғары-төмен ұшып жүруі**, **үй тігіп жүрген қыз-келіншектердің бұрала басып былқылдап қимылдауы**, **сыңқылдап күлуі**, не болмаса, **аш баланың ет әпер деп қыңқылдап сұрауы**, **самаурынның бұрқылдап қайнауы**, не болмаса, **жарамсақ шалдың жалпылдап сөйлеуі**, **кошемет көрсеткенде қарқылдап күлуі**, **жылқышының күні бойы салпылдап жүргені** — осының бәрі дамылсыз тіршілік белгілері, ешбір қоспасы жоқ, қалтқысыз өмір шындығын ашып айқын көрсететін сипаттамалар.

Байқап қарасак, ұйқасқан сөздердің бәрі де жыр тармағының соңғы бунағын бүтіндей қамтиды, тегіс үш буынды. Мұның да өзінше мәні бар, үйткені бұл үйлес-

кен сөздердің дыбыс үндестігін қоюлатып, ұйқасты ірілетіп, ерекше көзге түсіреді.

Оның үстіне әсіресе көңіл аударарлық жай — өлең ұйқасына кіргізілген осы көп етістіктер түгелдей бір тектес сөздер болып келеді, олар грамматикада еліктеуіш сөздер деп аталатын, дыбыстық құрамы, айтылу — естілуі мағынасына ұқсастырылып, тікелей сәйкес алынған сөздер. Қазақ тілінде, соның ішінде өлең тілінде өте көп қолданылатын мұндай сөздердің көркемдік, мәнерлік қасиетін, қимыл әрекеттің көрінісін не дыбыс үнін айнытпай жеткізетін мағыналылығы Абай анық байқап, ұтымды пайдалана білген.

Ақын әр қозғалыс, қимыл-әрекетті көзге елестетерліктей етіп көрсетіп, сол сөзбен мүсіндеп отырған адамына, немесе атқа, құсқа, жан бітіргендей, жансыз нәрсе болса қолға ұстатқандай қып бейнелейді. «Жаз» (Жаздықүн шілде болғанда) өлеңінің бұл ерекшеліктері қайнап жатқан шынайы өмірді оқушының көз алдына алып келетін реалист ақынның бейнелеу әдісін, тендесі жоқ суреткерлік шеберлігін жақсы танытады.

«Жаз» өлеңінің Абайдағы ерекшелігі бұнда да ақындық мәдениеті ірілеп, шеберленген көркемдікті аңғарамыз. Барлық суреттер мен динамикалы қозғалыс-әрекеттер неше алуан бай құбылыс боп сипатталады»\*, — деп Мұхтар Әуезов тегін айтпаған.

Ақынның көркемдік шеберлігі, суреткерлігі осы өлеңде әртүрлі нақтылы көрініс, қимыл-әрекетті тап басып дәлшілдікпен бейнелеуінен де айқын көрінетінін атап айту орынды. Бірақ үлкен тапқырлықпен қолданылған сипаттамаларды жекеленген сипат-белгілер, жай тізбектелген ұсақ көркемдік детальдар деп қарауға болмайды. Ұйткені лирикалық шығармада өмірден алынған нақтылы, анық детальдардың кейбір нәрселерді ғана көзге елестетіп өзіндік қана мәні болады деу аздық қылады, олар тұтаса келе көркем бейнеге, бүтін бір көрініске айналып, сол арқылы ақынның өмір құбылысын қалай сезініп-қабылдайтынын, эстетикалық ұғым-түсінігін, ойқиялының күш-қуатын танытады, сөйтіп өлеңнің мағыналық ауқымы әлдеқайда кеңейе түседі.

«Жаз» өлеңі Абайдың ең таңдаулы шығармаларынан да халық поэзиясындағы өлең өрнегі, сөз кестесіне жақындық белгілер табылатынына дәлел бола алады. Мұ-

---

\* М. Әуезов. Абай Құнанбаев (мақалалар мен зерттеулер), 114-бет.

ны жыр өлшемін, онын түйдек, ұйқасын өте ұтымды ширатып, өзінше қолдануынан бір көрсек, ұйқаста бірімен-бірі үйлес көп етістіктерді тізіп келтіруінен және байқаймыз. Ал мұндай етістіктерден құралатын ұйқастардың халық поэзиясына да жат емес екенін, мысалы «Қыз Жібек» «Алпамыс» жырларынан, Дулат ақынның кейбір өлеңдерінен айқын көруге болады.

Абайдың жыл мерзімдерін сипаттайтын өлеңдері өз алдына бір лирикалық топтама деуге де боларлықтай. Олар көркемдік құрылысы, суреттеу тәсілі жағынан әртүрлі, бірақ тақырыбы жағынан бір-біріне жалғас келеді. Осы топтағы өлеңдердің бәрінде де ақын табиғат көрінісін мал баққан елдің өмір-тұрмысымен ұштастыра бейнелейді. Кейде қазақ аулының тұрмыс жағдайын сипаттауға көбірек мән беріліп, табиғат тек халық өмір сүретін орта болып екінші қатарда ғана көрінеді. Мысалы: «Күз» (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан), «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай», «Қыс» (Ақ киімді, денелі, ақ сақалды). Бұларда ақын көшпелі тұрмыстың ауыртпалықты жағын көбірек айтады, ал «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңінде әлеуметтік теңсіздікті де ашып көрсетеді. Ал «Жаз» (Жаздыгүн шілде болғанда), «Жазғытұры» (Жазғытұры қалмайды қыстың сызы) өлеңінде елдің кең далада, табиғат аясында бой жазып, жаны жадырап отырған кезін бейнелейді. Бұларда жарқын бояулар, ауыл өмірінің жақсы жағын айту, көтеріңкі леппен суреттеу басым келеді. Ақын көшпелі елдің өмір-тұрмысының ауырлығын, көлеңкелі жағын да, сонымен қатар ауыз толтырып айтарлық күнгеі жағын да көре білген. Бірақ бір өлеңде айтқанын басқа өлеңінде қайталай бермейді. Олай болса бір кездегі осы өлеңдердің кейбіреуін (мысалы, «Жаз» өлеңін) бөлек алып қоғам өміріндегі қайшылықты, кедейдің ауыр халін көрсету жағы әлсіз деп сын айтушылық, әрине, орынды болған деуге келмейді.

Жазба әдебиетте, мысалы, Пушкин, Лермонтов секілді классик ақындар поэзиясында табиғат көрінісі мен ақынның көңіл күйі терең астасып, жалғасып келеді десек, осы тұрғыдан қарағанда Абай лирикасына жаңа бір сарын әкелген өлең — «Күнді уақыт игеріп».

Оны Абай Лермонтовтан мазмұн-мағынасын, көркемдік ерекшеліктерін негізінен толық сақтай отырып аударған.

Лермонтовтың өлеңі «Вечер» — ақынның көңіл күйін, махаббат сезімін толғайтын лирикалық туынды. Өлеңнің көлемі шағын болса да, мағыналық сыйымдылы-

ғы мол, ой-сезімге бай. Кешке күннің қызарып батуын сипаттайтын әдемі табиғат суреті ымырт жабылған кезді көзге айқын елестетіп, сол қас қарайған уақыт пен лирикалық кейіпкердің өзімен-өзі жалғыз отырып, ойға шомған қалпын бір-бірімен жалғас сезінуімізге мүмкіндік береді. Ол өзінің ғашығымен кенескендей болады. Екеуіміз қанша үміттеніп көкке көз тіксекте бізге ештеме тимес, өйткені мен бұл өмірдің бар қызығынан бас тартып, бәрінен сенің махаббатыңды қымбат көрдім ғой дейді. Ағаттығым да болды дегендей, бірақ соны бір сен үшін істедім деген ой басымырақ секілді. Лермонтов бұл өлеңді жас кезінде жазған. Өлеңдегі лирикалық кейіпкер енді тағдырға мойынсұнып, дүниеде ғажайып күштің бар екеніне сенетінін айтса да, тәкаппар болуға, ғашығының көзіне солай көрінуге ұмтылғаны байқалады. Оның осындай көңіл күйі, ой-тебіренісі Абайдың сипаттауында да айрықша әсерлі шыққан. Мұндағы сәл өзгеше реңк беріп тұрған — Лермонтов аспанға, көкке қараймын, онда ғажап нәрсе көп десе, Абай «алла» деген сөзді қоса айтады.

Абай өлеңнің осы түйінді жерінде, тұтас алғанда Лермонтовпен үндес шығып, алланың рахматынан бас тартуда албырттық та, адасқандық та бар дегендей пікір білдірсе де, тәкаппарлықты, өр мінезділікті жақтаудан тайынбайды.

Абай Лермонтов өлеңдерінен көбінесе өзіне үндестік іздесе, кейде орыс поэзиясына тән өршілдік сарынды, арман қуған ізденгіштікті қызықтайды. Сондықтан Лермонтовтың «Парус» атты алғыр ой, ұшқыр қиялға суарылған өлеңіне назар аударғаны да әбден түсінікті. Лермонтовтың осы бір ықшамды ғана лирикалық шығармасында қылқалам шеберінің қолынан шыққандай әдемі табиғат суреті мен сыршыл ақынның көңіл тебіренісі әсерлі ұштасқан. Өлеңнің композициялық құрылысына көз салсақ, үш шумақта да алдымен шетсіз, шексіз дарияны, толқын ұрған желқайықты және теңіздің үстінде аласұрып, арман қуған қайықшыны айқын елестететін нақтылы суреттеме бірнеше сөзбен ғана беріледі де, оған желқайықтағы адамның көңіл күйін білдіретін авторлық лирикалық толғама сөздер қосылып отырады. Ең басындағы Лермонтовта:

*Белеет парус одинокой,  
В тумане моря голубом.  
Что ищет он в стране далекой?  
Что кинул он в краю родном?—*

деп келетін шумақты Абай:



*Жалғыз жалау жалтылдап,  
Тұманды теңіз өрінде.  
Жат жерде жүр не тыңдап?  
Несі бар туған жерінде?—*

деп тәржімалайды. Мұнда желкен, желқайық деген сөздер жоқ. Бірақ «жалғыз жалау жалтылдап» дегеннен-ақ теңіз өрінде алыстан ағарандап көрінген желқайық екені әбден түсінікті. Соңғы екі тармақтағы жат жерде «не тыңдап» жүр, туған жерінде «несі бар» деген қазақша келісті айтылған сөздер (орысша «что ищет?», «что ки-нул он») желқайықтағы адамның бейнесін көзге елестетуге мүмкіндік береді.

Екінші шумақтағы суреттеме:

*Ойнақтап толқын, жел гулеп,  
Майысар діңгек сықырлап*

орысша текстегі:

*Играют волны, ветер свищет,  
Мачта гнется и скрипит,—*

деген сөздерді бар бояуымен, айныпай жеткізеді. Бұл да нақтылы табиғат көрінісі, көзбен көріп, қолмен ұстайтындай анық, әсерлі сурет! Жалғаса келетін:

*Ол жүрген жоқ бақ іздеп,  
Қашпайды бақтан бойды ұрлап,—*

деген жолдар тағы да жел қайықтағы адамның бейнесін көзге елестетіп, оның көңіл күйін, арман-мақсатын айқындай түседі. Осы сөздерде өленнің бас кезіндегі жат жерде «не тыңдап» жүр? «несі бар туған жерінде?» деген сауалдарға енді оралғандай. Бірақ толық жауап әлі жоқ. Өйткені, бақ іздемесе, олжа қумаса, сонда не іздеп жүр деген сауал тағы көңілге келіп, әзірше жауапсыз қалады.

Соңғы шумақтағы суреттемеде теңіз суымен шағылысқан, аспаннан құйылып, жарқыраған күн сәулесінің нұрына желқайық та, қайықтағы адам балқығандай көрінеді де, осы бір ғажап сәтте жаңағы сауалға жауап айтылады: оның тыным таппай іздейтіні, құдайдан күнітүні сұрайтыны дауыл екен!

Осыншама тартымды табиғат суреті: теңіз де, толқын да, желқайық та — бәрі ақиқат өмірдің нақтылы көріністері, бірақ осы көріністер өзінің заттық сипатынан тыс үлкен ойды мегзеп, күресті, әрекетті аңсайтын адам тұлғасын елестететін болғандықтан өлендегі тура мағы-

надан туынды, астарлы мағына асып түсіп тұр.

Сөйтіп, бұл өлеңде нақтылы табиғат суреті, адам өмірінің, іс-әрекетінің айқын бір көрінісі нағыз ізденгіш, алға ұмтылғыш адамның бейнесін танытатын үлкен әлеуметтік мәні бар көркем символға айналады.

Абайдың Лермонтов тексі бойынша атақты неміс ақыны Гетеден аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» дейтін өлеңі де — ақынның көңіл күйін табиғат суретімен жанастыра бейнелеу жағынан айрықша атап айтуға тұрарлық лирикалық туындысы. Лермонтов «Горные вершины» өлеңінде немісше тексінің мазмұн-мағынасын еркін, бірақ әсерлі, шебер жеткізген. Осы бір қып-қысқа ғана өлеңінде бүтіндей табиғат суреті беріліп, және сол табиғаттың аясында адам бейнесі, оның тағдыры мен сезім күйі бір сәт айқын елес береді. Лермонтовты да, Абайды да қызықтырған, шабыттандырған да сол болса керек. Абай бұл өлеңді көркемдік қуатын түгелдей сақтап, әдемілеп қазақшалап және оған өзі келісті, әсем ән де шығарғаны белгілі.

## Ойшылдық сарын, шеберлік қырлары

Абайдың өмір, дүние-болмыс туралы ойларының қорытып жинақтап айтатын сипаты және әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, қоғамдық құбылыстардың өзара себеп-салдарлы байланысты келетінін терең түсінуі жағынан үлкен философиялық мәні бар екені талассыз. Сонымен қатар ол философиялық ой-толғамдарын көбінесе ақынша айтатынын да ескерген жөн. Ақын ғылыми ұғым тілімен сөйлеуге тек қарасөздерінде ғана барады.

Абайдың ақындық ойының философиялық тұжырым жасауға дейін көтерілетіні әсіресе адам мен заман, өмірдің мағынасы, өмір мен өлім, уақыттың өтуі және мәңгілік (фәни мен бақи) секілді мәселелерді қозғайтын өлеңдерінен айқын байқалады.

Абайдың ойшылдылығы, дүниетанымы жайлы сөз қозғағанда назар саларлық өлеңінің бірі — «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес».

Ал осы өлеңнің бастапқы тармағындағы сөздердің мәнісіне үнілсек, әрине, табиғат дегенді қазіргі, бізге үйреншікті мағнада алып, аспан мен жер, күн мен ай, жұлдыздарды, тау-тасты айтып отырған жоқ сияқты. Өйт-

кені олардың өмірі адам өмірінен ұзақ екені талассыз емес пе? Табиғат деген сөздің бүгінгі қалыптасқан мәніне қарасақ, солай көрінеді. Алайда ескі философиялық еңбектерде табиғат өлсе де, адам өлмейді деп, осы екеуін бірі-біріне қарама-қарсы қою кездеседі. Мысалы, Сократ адамды табиғатқа қарсы қойып, әділдік, ізгілік секілді адамның жақсы қасиеттерін зерттеу қажет те, ал табиғатты зерттеу деген көңіл бөлуге тұрмайды деп санаған.

Ал діни кітаптарда адамның денесі, табиғаты мен оның жаны екі бөлек алынып, адам өлгенде тәні топыраққа айналады, күнәға бату, арамдану, жексұрындық тәнге, денеге байланысты, жоғалтатын сол тәні, денесі, ал жаны өлмейді деген түсінік орын алған. XI ғасырда өмір кешкен Византия жазушысы Филипп Пустыниктің «Зерцало» атты белгілі кітабында осындай пікір айтылған. Табиғат өзгереді, құриды, мәңгі өзгермейтін жаратушы бір алла ғана деген ұғым кейінірек Еуропада таралған. Сонымен қатар жақсы адамның өзі өлсе де, жаны өлмейді деген пікірді философтар да айтқан.

«Адам өлмес» деп бірден кесіп айтқан Абай ойын қалай жалғастырады, соған тоқталалық:

*Ол бірақ қайтып келіп ойнап-күлмес,  
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын  
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.*

Дәл осы өлеңінде «мен» және «менікі» деген ұғымдарды Абай ажыратып, дәлірек айқындамайды. Келесі шумақта:

*Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып аяғын көп шалдырған,—*

дей келіп, алғашқы ойын енді тікелей жалғастырғандай:

*Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,  
Өлмейтұғын аргына сөз қалдырған,—*

дейді.

Бұл орайда «адам өлмес» дегеннің мағынасы өзі өлсе де, сөзі өлмес, кейінгіге сөзі, айтқан ойы қалады деген пікірге саяды.

Абайдың бұл пікірі бір жағынан халық даналығын танытатын сөз үлгілерімен де жанасып жатыр. Нақыл сөз үлгісінде келетін Бұқар жыраудың:

*Өлмегенде не өлмейді?  
Жақсының аты өлмейді.  
Әлімнің хаты өлмейді,—*

деген сөзін еске алсақ та болар. Мағыналы сөз өлмейді дегенді ақындар өз шығармаларына қатысты да айтады.

*Мен кетермін, сөз қалар,  
Ақ қағазға басылып,  
Бозбалалар қолға алар,  
Әр ауылға шашылып,—*

дейді Шәкәрім ақын.

Мәселе, ақынның кейбір басқалар да айтқан, айта-тын пікірді қай қырынан келіп, өзі қаншалықты терең мән беріп айтуында екені талассыз. Осы жағынан келгенде өлең сөздің әлеуметтік мәнін жаңаша танып, жоғары бағалаған Абайдың «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» дегенді аса зор, жаңа мағына беріп айтқаны айқын.

Ал «Көк тұман — алдындағы келер заман» атты өлеңінде Абай осы «мен» және «менікі» деген ұғымдарды дәлірек айқындай түседі:

*Ақыл мен жан — мен өзім, тән — менікі,  
«Мені» мен «менікінің» мағынасы — екі,  
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,  
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.*

Сөйтіп, адамның тәні өлсе де, ақыл мен жаны өлмейді деген тұжырым айтылады.

Осы адамның тәні қалып, жаны о дүниеге ауысады деу діни ұғыммен сабақтас дейміз бе?

Келесі шумақтағы:

*Әділеттік, арлылық, махаббат пен —  
Үш жолдасың қабірден әрі өткенде,—*

деуіне қарағанда адамның адамгершілік қасиеттері жанымен бірге болатын сияқты.

Ал жоғарыда келтірілген «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» дегенді еске алсақ, Абай адамның ақыл-ойы кейінгі ұрпақтарға қалады деп санайтынын аңғарамыз. Адамның жаны өлмейді деген пікірді шығыс философтары, мысалы, Әбу-Насыр әл-Фараби да айтқан. Ол наданның емес, адал ниетті, білімдар адамның жаны өлмейді дейді. Мұны адамның ақыл-ойы кейінгіге қалады, солардың санасында сақталады деген мағынада түсінсек, мұндай пікірді Л. Фейербах секілді ғалымдар да айтады.

Қалай десек те Абайдың «адам өлмес» дей отырып толғайтын пікірі әлдеқалай айтыла салған нәрсе емес, өмір мен өлім, адам тағдыры, келешек, мәңгілік туралы терең толғандудан туған тұжырым.

Ерекше көңілге қонарлық нәрсе — Абай жоғарыда аталған «Көк тұман — алдындағы келер заман» деген өлеңінде:

*«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі,—*

дей отырып, өмірдің мағынасын адамгершілік идеясымен ұштастырып ашып беруге ұмтылады.

*Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,  
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.  
Көптің қамын әуелі тәңірі ойлаған,  
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.*

*Ғадәләт пен мархабат — көп азығы,  
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек.*

Көпке қызмет қылу, әділеттілік, рахымдылық, жапа шеккен адамды аяу — міне, осыларды Абай нағыз адамгершілік қасиет деп санайды.

Өмірдің өтуі, дүние-болмыстағы мәңгілік пен адамның тағдыры жайлы толғаныстан туған өлең — «Сағаттың шықылдағы емес ермек». Сағат, оның шықылдағаны өмірдің тоқтаусыз, толассыз өтіп жатқанын білдіретін, әрдайым біркелкі жылжып отыратын уақыттың өлшеуіші деп қарайды ақын. Минут, сағат, күн, ай, жыл деп қандай өлшеммен өлшенсе де, уақыт үнемі ілгері жылжиды, шегінбейді, біріне-бірі қосылып, жиылып, көбейе түседі. Уақыттың үздіксіз зымырап өтіп жатуы заманның бірқалыпта тұрмайтынын, өзгеріп отыратынын, өткен өмірдің айналып келмейтінін, өткен шақтың қайта оралмайтынын танытады. Мәңгілік тұрғысынан алғанда бір адамның өмірі — бір минут, қас қағым уақыт қана дерлік. «Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас»,— дейді Абай. Уақыттың, өмірдің үздіксіз өтіп жататыны, заманның ауысуы дүние-болмыстың айнымас, мызғымас заңдылығы деген тұжырым жасай отырып, ақын адам баласы өмірдің тұрлауы жоқ деп шарасыздыққа бой алдырмауы керек деп түйеді.

*Өткен өмір белгісі — осы сыбдыр;  
Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.  
Ақыл анық байқаған қылығыңды,  
Қу шыққансып қағасын босқа бұлдыр,—*

деп, түкке тұрғысыз ұсақ қулық, өнбес іске уақыт кетірмей, ақылмен ойлап, баянды, көңіл толарлықтай іспен айналысу ләзім екенін аңғартады. Өзінің жасы ұлғайғанын, өмірдің өрін тауысуға жақындап қалғанын ойына алған ақынның көңілі діншілдік наным, имандылық сезім арқылы жұбаныш, тыныштық тапқандай болады:

*Күн жиылып ай болды, он екі ай — жыл,  
Жыл жиылып, қартайтып қылғаны — бұл.  
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,  
Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл.*

Бұдан біз «Сағаттың шықылдағы емес ермек» атты өлеңінде ақынның философиялық ой-толғауы нақтылы сезім әсерлерімен, ұлғайған шағындағы көңіл күйінің бір көрінісімен ұштасып келетінін көреміз.

Абайдың өзінен бұрынғы белгілі ғалымдардың, ойшылдардың, философтардың еңбектерімен таныс болғандығы өзінің өлеңдерінде, қарасөздерінде кейбір сөздерді жай күнделікті айтылатын мағынасында ғана емес, жүйелі ғылыми ұғым (категория) дәрежесіне көтере түсініп, солай қолдануынан анық көрінеді. Мысал үшін ақыл (разум), жүрек (сезім, чувство), қайрат (воля) үшеуін Абай адамның жан дүниесін танып-білуге тірек боларлық негізгі қасиеттер деп қарайды.

Абайдың философиялық ойлары, философиялық лирикасы дегенде алдымен осындай жүйелі, терең пікірлеріне көңіл бөлу, соларды неғұрлым тұтастыра алып, зер сала талдаған ұтымды болар еді. Өмір өтеді, дүние бір қалыпта тұрмайды деген секілді әр сөзден кейде үлкен философиялық ой іздеушілік те кездеседі. Бірақ ондай қай ақынның шығармаларында болсын табыла беретін сөздер Абайдың философиялық ойының биік деңгейін таныта алмайтыны анық.

Өмірдің өтуі жайлы Абай бірде философиялық толғаныс түрінде айтса (мысалы, «Сағаттың шықылдағы емес ермек»), тағы бірде ойын нақтылы сурет арқылы елестетіп көрсетуді мақсат етеді.

*Тоты құс түсті көбелек  
Жаз сайларда гулемек.*

Мұны оқығанда ауылдың шетінде бәйшешек, гүлдер жайқалған даланың сайы көз алдымызға келеді. Бірақ бұл әдемі табиғат көрінісіне ықылас қойып, қызықтағандай күйімізді ақын кенет өзгертіп, басқа арнаға бұрып жібереді:

*Бәйшешек солмақ, күйремек,  
Көбелек өлмек, сиремек.*

Жаңағы көркем сезім-әсерді таратып жібергендей, жоқ қылғандай ой-толғаныс жаздың ертең-ақ өте шығатынын, күзгі салқын түсіп, гүлдердің тез солатынын, көбелектер азайып, жоғалатынын еске салады. Өмірі қысқа көбелек пен гүлді айту арқылы адамның өмірі де соншалықты ұзақ емес қой деген ой көңілге өзі-ақ келе-

ді. Абайдың осы тұста адамның өмірі жайлы толғануға ауысатыны тегін емес. Ақын адам өмірден нені іздеп, нені күнкөріс қылады деген сұраққа тұжырымды жауап береді:

*Адамзатқа не керек:  
Сүймек, сезбек, кейімек,  
Қарекет қылмақ, жүгірмек,  
Ақылмен ойлап сөйлемек.*

Адамның өмірі мағыналы, саналы болу керек деген байламын осылай айқын айтып жеткізеді де, енді ойын жаңа бір қырынан алып өрбітіп, адамның өмір сүруі, іс-әрекеттері, алдына қоятын мақсаттары өз заманына, заман талабына сәйкес болуы қажеттігін айрықша ескертеді.

*Әркімді заман сүйремек,  
Заманды қай жан билемек?  
Заманға жаман күйлемек,  
Замана оны илемек.*

Үлкен философиялық мәні бар осы тұжырымның қоғам өмірінің күрделі заңдылығын, елеулі шындығын терең түсіну негізінде айтылғаны анық. Саналы, ойлы адамның артықшылығы заман талабын, әлеуметтік өзгерістердің бағыт-бағдарын дұрыс түсіне білу болса керек.

Әрине, бұдан тағдырға бойсұну, көнгіштік, ағынға ілесіп кете беру де дұрыс екен деген қорытынды шықпайтыны ап-айқын. Адамның ең басты қасиетінің бірі қайраттылық, жігерлілік деп санаған Абай қандай да қиыншылықты жеңу үшін аянбай күресу қажеттігін қолдайтыны оның өлеңдерінен анық аңғарылады. Мысал үшін:

*Жігерлен, сілкін,  
Қайраттан, беркін,—*

немесе:

*Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,—*

деген сөздерін еске алсақ та жеткілікті.

Абай шығармаларындағы ойшылдық сарын дегенді, әрине, кейбір шығармалармен ғана шектемей, кең мағынасында түсінген жөн. Ойшылдық сарын дегеніміз таза философиялық лирика деген ұғымнан әлдеқайда ауқымды.

Абай өз шығармаларында сол дәуірдегі әлеуметтік өмірге, қоғамдық қатынастарға терең, жан-жақты талдау жасайды. Заманның беті, ел жайы, халық тағдыры туралы ой толғап, әр түрлі топтардың іс-әрекетін, мінез-құлқын сипаттап береді. Осындай өлеңдерде ойшылдық

сарын да, кеңірек алып қарағанда терең философиялық мән-мағына бар деп санау да әбден орынды.

«Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, Абайдан кем болмаса да, білімі кем болмағандығы даусыз»— дейді Ахмет Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында.

Бұл — Абайдың қоғамдық өмірдің күрделі мәселелерін, халық тағдырын терең талдап айта білетінін, оның дүние-болмыс, өмірдің өтуі жайлы толғаныстары зерделі ойшылдықтан туғанын толық ескеріп айтылған сөз. Сонымен бірге Абайдың ақындық дарыны аса қуатты. Әлихан Бөкейхановтың «Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ»\* дейтіні де бұлтартпас шындық.

Абайдың орасан зор ақындық дарыны терең ойшылдығымен қатар, не нәрсені болсын нақтылы, көркем бейнелей білетін керемет суреткерлігінен де, адамның нәзік сезім ирімдерін әсерлі жеткізетін сыршыл-лирик екендігінен де толық байқалады.

Абай аса күрделі қоғамдық мәселелерді терең талдап, тұжырымдап айтатын кемеңгер ойшыл ақын, сонымен қатар ол кісінің кескін-кейпін (портретін), мінез-құлқын, қимыл-қозғалысын, табиғат көркін нақтылы, дәл сипаттайтын асқан суреткер ақын және өзінің де, өзгенің ішкі сезім дүниесін, көңіл күйін әсерлі жеткізетін нәзік сыршыл лириканың шебері дегенде, бұлар оның жан-жақты ақындық шеберлігінің әр қыры, әр түрлі сипат-қасиеті екенін, ақын тұлғасының біртұтастығын, көп қырлы болса да, бір сырлы екенін есте сақтаған абзал. Әр түрлі лирикалық жанрлар, тақырыптық сарындар арасында пышақ кесті шек-жік, айқын айырым, шекара бола бермейді, көбінесе бір-бірімен қабысып, ұштасып, сабақтасып, бір өлеңнің, жеке шығарманың өзінде бірін-бірі толықтырып отырады.

Абай өмір құбылыстарын бейнелеп суреттеу, немесе баяндап жеткізу, адамның ішкі жан дүниесін, психологиясын ашып көрсету секілді әр түрлі көркемдік тәсілдерді шебер қолданады. Бірақ қандай түрлі әдіс-тәсілді қолданса да, оның шығармаларынан терең ойшылдық

---

\* Ә. Бөкейхановтың «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» деген мақаласы алғаш 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде (№ 250—252) орыс тілінде басылды. Қазақша текст «Абайды оқы, таңырқа...» атты кітап («Ана тілі» баспасы, 1993, 19 бет) бойынша берілді. Аударған Білге Тұрсынтегі.



айқын сезіледі. Ойшылдық көбіне лирикалық сезіммен, терең тебіреніспен ұштасады, немесе баяндап айту арқылы да көрінеді, кейде суреткерлік шеберлік басым келеді. Қалайда осының бәрі бірін-бірі үстемелеп, жандандыра түсетін қасиет-сипаттар болып шығады.

Абай қазақ поэзиясының идеялық ауқымын, тақырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер қалыптастырды.

Абайдың лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда сан салалы, алуан түрлі, тақырыбы, идеялық мазмұны жағынан да аса бай, әр қилы өмір құбылыстарын қамтиды. Халықтың тағдырын, заман жайын толғайтын сан алуан әлеуметтік, философиялық лирика түрлері, адамның ішкі жан дүниесін бейнелейтін жырлары, махаббат лирикасы, сатиралық өлеңдері, табиғат суреттері, оларға қоса жеке адамдарға арналған жырлары, тағы басқа өлең түрлерін Абай поэзиясынан мөлінен табамыз. Оларда қуаныш сезімі де, өмірге деген зор сенім де, мұң мен наз да, зәрлі, ащы сын да — бәрі де бар. Абай лирикасының жанрлық түрлі бай, ақын шеберлігінің қырлары мол екенін толығырақ байқау үшін тағы бірнеше өлең үлгілеріне көңіл қойсақ. Алдымен айтатынымыз — көлемі шағын келетін, миниатюра түріндегі өлеңдері. Олардың өзгешелігі артық сөзі жоқ ықшамдылығында, мағыналық сыйымдылығында. Осындай өлеңдерінің ең көлемдісі мынау:

*Балалық өлді, білдің бе?  
Жігіттікке келдің бе?  
Жігіттік өтті, көрдің бе?  
Кәрілікке көндің бе?  
Кім біледі, сен кәпір,  
Баяндыдан сөндің бе,  
Баянсызға төндің бе?  
Әлде, айналып, кім білер,  
Боталы түйе секілді  
Қорадан шықпай өлдің бе?*

Қазақ ақындарының өлең-жырларында адамның жасын, әр түрлі кезеңдерін сипаттай айту — дәстүрге айналған нәрсе. Он, жиырма, отыз, қырық дегендей, әр онжылдық кезеңді бейнелеу жиі кездеседі. Абайдың өлеңі басқаша. Өмірдің өтуін ақын адам өміріндегі үш кезеңді — балалық, жігіттік, кәрілікті айту арқылы аңғартады. Ақынның ылғи сұраулы сөйлемдерді қатарластыра келтіріп, біреулерден жауап күткендей айтатыны — өмірді мағыналы етіп өткізу қажет деген ойын жеңіл әзілмен жеткізу тәсіліне үйлесімді.

Шағын өлеңнің нақыл сөзі түрінде басталатын үлгісі:

*Ғашықтың тілі — тілсіз тіл,  
Көзбен көр де, ішпен біл.  
Сүйісер жастар қате етпес,  
Мейлің илан, мейлің күл.*

*Ол тілге едік оңдайлы,  
Қапысыз біліп сондайды.  
Біліп-ақ ұғып қоюшы-ек,  
Енді ішіме қонбайды.*

Ақын ғашық жастардың сезімінің нәзіктігін байсалды түрде, парасатпен сипаттаған десек, жастық шағын еске алып, өз көңіл күйін әзілмен айтуында да еш жасандылық жоқ.

Композициялық құрылысы өте келісті өрнектелген тағы бір шағын өлеңге назар салалық:

*Көк ала бұлт сөгіліп,  
Күн жауады кей шақта.  
Өне бойың егіліп,  
Жас ағады аулақта.*

*Жауған күнмен жаңғырып,  
Жер көгеріп күш алар.  
Аққан жасқа қаңғырып,  
Бас ауырып, іш жанар.*

Өлеңде адамның көңіл күйі табиғат көрінісімен салыстырыла бейнеленеді. Алғашқы шумақта адамның сезімкүйі табиғат құбылысымен сарындас келгендіктен, екінші шумақта да солай болатындай көрінуі әбден ықтимал. Бірақ ақын шендестіру тәсілін қолданып, жер көгергендей, адамның бойы да жадырайды демейді, «бас ауырып, іш жанар» дейді.

Бұл бір қарағанда үйреншікті ұғымнан басқаша, тосын көрінсе де, мағыналы екені талассыз. Осының өзі адам тағдырының оңай емес екенін, қайғы-мұңнан айығу үшін батылдық, сергектік керек екенін аңғартпай ма?

Поэзиядағы миниатюра түріндегі өлеңге бірден-бір тән қасиет жинақылығы, идеялық мазмұны жағынан сыйымдылығы, тиянақты ойды білдіретіні болса керек. Осы тұрғыдан қарасақ, Абайдың жоғарыда айтылғандардан басқа «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Күшік асырап ит еттім» секілді кейбір өлеңдерін де осы топқа жатқызуға болады.

Ықшамдылық дегеніміз қалайда қысқа қайыру емес, аз сөзбен тұжырымдап айтып, көп мағына білдіру.

Көлемді шығарманы көлемділігі үшін мақтау қандай орынсыз болса, қысқа шығарманы тек қысқалығы үшін мақтау сондай орынсыз. Ал өзі қысқа болып, мағыналы-

ғы жағынан ұтымды болса, сонда ғана «өзі қысқа, өзі нұсқа» деудің қисыны келеді.

Әрине, созбақтап, шұбалаңқы жазғаннан тиянақты етіп қысқа жазған артық екені рас. Ал бірақ тақырыпты жан-жақты қамтып, терең талдап айта білсе, көсіліп ұзақ айту да ұтымды болатыны ешбір талассыз.

Абай поэзиясында мазмұны, тақырыбы, жанрлық және стилдік ерекшелігі жағынан оқшау тұрған бір топ өлеңдер — інісі Оспан мен баласы Әбдірахманға арналған жырлар. Оларды Мұхтар Әуезов «бас қайғысымен байланысты жоқтау жыры» деген.

Абайдың Оспанға арналған үш өлеңі тақырыбы жағынан біртұтас көрінсе де, құрылыс-қалпы, жанрлық түрі жағынан бірдей емес. «Жайнаған туың жығылмай» деп басталатын өлең Оспан өліміне байланысты көңіл білдіру түрінде жазылса, «Кешегі Оспан» деп басталатын екі өлеңі, оны еске алып, мінездеген өлең деуге лайық. Алдыңғы өлеңнің мазмұны да, ойды көтеріңкі леппен бейнелеп, өрнектеп жеткізу мәнері де, тіпті:

*Жайнаған туың жығылмай,  
Жасқанып жаудан тығылмай,  
Жасаулы жаудан бұрылмай,  
Жау жүрек жомарт құбылмай,  
Жақсы өмірің бұзылмай,  
Жас қуатың тозылмай,  
Жалын жүрек суынбай,—*

деп, осы үлгіде барлық тармақты бас жағынан бірыңғай үйлестіріп келтіруі — бәрі де өзгеше, тосын бір тәсіл тапқандықты байқатады. Өлімге қайғыру сарыны мүлде жоқ дерліктей, бастан-аяқ мадақ өлең түрінде келіп, соны «Жақсы өліпсің, япырым-ай» деп бітеді. Бұл — әрине, өзгеше айту тәсілі. Қайғы үстінде көңілге медеу боларлық көтеріңкі сарынды күшейту үшін солай еткен. «Кешегі Оспан», «Кешегі Оспан ағасы» дейтін өлеңдерде Оспанның турашыл өр мінездігі, адалдығы, ашық қол, жомарттығын басқаға өнеге етіп айтады. Қайғы-мұңға берілуден гөрі, қасиетін сүйсіне айтуы әлдеқайда күштірек. Мұны «Кешегі Оспан» деп басталатын өлеңнен әсіресе айқын байқаймыз. Мазмұны сәйкес, орайлас өлеңнің сөз ырғағы, интонациялық ағымы да жеңіл келеді:

*Кешегі Оспан  
Бір бөлек жан,  
Үйі — базар, түзі — той.  
Ақша, нәрсе  
Ала берсе,  
Ат та мінсе, көнді ғой.*

*Жауға мылтық,  
Досқа ынтық.  
Жан асар ма осыдан?  
Қорықпай өтті,  
Жанға жетті,  
Арман етті досынан.*

Әбдірахманға арналған өлеңдерді тұтас алып қарастырсақ, бұларда ақынның нақтылы жағдайдағы көңіл күйі, жан күйзелісі, қайғысы поэзияда үнемі кездесетін көріктеп, өңдеп айту жағы аз болып, жүректі жарып шыққан қалпында тікелей көрінетінін байқар едік. Дегенмен бұл жағынан алғанда өлеңдер түгелдей біркелкі емес. Сондықтан Әбдірахманға арналған өлеңдерді екі топқа бөліп қараған орынды. Алғашқы топқа жататындары — ол науқастанып ауруханада жатқанда, нақтылы өмірлік жағдайда жазылып өз атынан немесе, Кәкітай атынан жолданған «Я, құдай, бере көр», «Алланың рахматын», «Тілім, саған айтайын», «Көзімнің нұрысыз» деп басталатын өлеңдер. Бұлар өлең түрінде жазылғанымен, алдымен тура мағынасындағы хаттың дәл өзі деуге лайық. Яғни, оларда көркем туындыға тән ойдан қосылған ештеме жоқ. Жинақтап, жалпы өмірде болатын жағдайды көрсету мақсатымен жазылатын хат түріндегі өлеңнен бұлардың айырмасы — міне осында. Алайда өлеңге тән көркемділік, бейнелілік сипаттар да анық байқалады. Ақынның науқас баласының халіне ортақ болып, тағат таппай қиналған сәттеріндегі жүрек сезімі оның тезірек ауыр дерттен айығуына, жазылып шығуына сенім білдіріп жігерлендірген сөздерімен жалғасып, бір үміт, бір қайғы аралас келіп отырады.

Екінші топ өлеңдері — Әбдірахман қайтыс болғанда оның мезгілсіз қазасына қайғыру үстінде шығарылған «Арғы атасы қажы еді», «Кешегі өткен ер Әбіш», «Тұл бойың ұят ар едің», «Жиырма жеті жасында», «Талаптың мініп тұлпарын», «Орынсызды айтпаған», «Бермеген құлға, қайтесің» секілді өлеңдер. Бұлар — жоқтау өлең үлгісіне жақын. Сондықтан қайғы, зарға толы болып келсе де, Әбіштің адамгершілік қасиеттерін көңілге медеу етіп, сабырлық қылу — бұл өлеңдердегі күшті сарын деуге болады. Сонымен қатар жоқтау өлеңдердегі дәстүрлі болған өмірден өткен асыл азаматтың жақсы қасиеттерін сипаттау жағы да басым жатыр. Абай Әбдірахманның адалдығын, адамгершілігін, талабының зор екенін, жігерлілігін, ғылым үйренуге ерекше ынталылығын тебірене жыр етеді:

*Кешегі өткен ер Әбіш  
Елден бір асқан ерек-ті.  
Жүрегі жылы, бойы — құрыш.  
Туысы жаннан бөлек-ті.  
Өнері оның жұрт асқан,  
Ғылымға көңілі зерек-ті.  
Аямаған ғаріптен  
Қолдан келген көмекті.*

Жанын күйзелткен өкінішін:

*Құйрықты жұлдыз секілді,  
Туды да, көп тұрмады.—*

деп бейнелеп жеткізе отырып:

*Жаңа жылдың басшысы — ол,—*

деп, Әбдірахманды өнер-білімге, ғылымға ынтық жас буынның өкілі еді деп аса жоғары бағалайды. Әбдірахманға арналған өлеңдерді түгелдей алып бағалағанда олардың тақырыптық ерекшелігі, көркемдік сипаты жағынан Абай творчествосында өз орны бар поэзиялық цикл екенін атап айтқан жөн. Мұхтар Әуезов осы өлеңдердің ерекшелігіне назар аударып, былай деп жазған болатын:

«Тақырып жағы мен нақтылы факт жағынан алғанда бұл өлеңдер Абайдың жеке ғана өз басының үй-ішілік қайғысы, бас лирикасы деуге болады. Бірақ сырт қалыптары қазақ поэзиясында көп кездесетін көңіл шеріне, мұң жырларына, жоқтау сарындарына ұқсаса да, дәл осы өлеңдердің өзінде де Абайдың ақындығы өзгеше үлгі тудырып, тағы бір бұрын шықпаған шеберлік танытады»\*.

Назар аударарлық жәй — Абайдың өлеңдерінің ішінде өзге шығармаларына ұқсамайтын, мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар мол. «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің», «Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Жаз», (Жаздыгүн шілде болғанда) «Желсіз түнде жарық ай», «Болыс болдым, мінеки», «Қызарып, сұрланып», «Келдік талай жерге енді», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Көк тұман — алдыңдағы келер заман» секілді өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, мүлде тың дүние, шығармашылық жаңалық. Бұларға қоса «Ем таба алмай», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сағаттың шықылдағы емес ермек», «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен», «Ауру жүрек ақырын

\* М. О. Әуезов. Абай Құнанбаев, 151-бет.

соғады жай», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», аударма өлеңдерден «Жалғыз жалау жалтылдап», «Жолға шықтым қараңғы түнде жалғыз», «Қанжар», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» сияқты тағы сан алуан шығармаларды атауға болар еді. Абай өлеңдерінің көбі не тақырыбы, не стилі, жанрлық сипаты, немесе өлең өрнегі жағынан мүлде жаңа болып келетіндіктен осы топқа жатқызуға болады деген туындыларды түгел қамтып, бөліп алудың өзі өте қиын. Міне, осындай ондаған кемеліне келген өлең үлгілерін туғызған Абай соларға ұқсас, біртектес өлеңдер жазуға ұмтыла бермейді. Әрине, қай ақында болсын бірнеше өлеңдер тақырыбы жағынан жалғас келіп отырады. Бұл сол тақырыпқа тереңдеп бару үшін қажет. Бірақ ол тақырып әр өлеңде әр қырынан ашылады. Біздің айтпағымыз — Абайдың сарқылмас шығармашылық тапқырлығы, оның қолынан шыққан кемеліне келген, көркемдік бітімі жағынан мүлтіксіз өлең үлгілерінің көптігі және әрқайсысының бір-біріне ұқсамайтын, жаңаша сипатты дүние болып келетіні.

Ақынның тіпті жылдың төрт мезгілін суреттейтін «Қыс», (Ақ киімді, денелі, ақ сақалды), «Күз» (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан), «Жаз» (Жаздыгүн шілде болғанда), «Жазғытұры» (Жазғытұры қалмайды қыстың сызы) секілді бір топқа, циклге жататын өлеңдерінің де әрқайсысы мазмұн-мағынасы, суреттеу тәсілі, құрылысы жағынан әр түрлі болып шыққан. Сондай-ақ өлең сөз, ән-күйдің мәнін, ақындық өнердің қасиетін бағалайтын, тақырыбы жағынан бір-біріне жалғас «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол», «Мен жазбаймын өленді ермек үшін», «Көңіл құсы күйқылжыр шартарапқа», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Адамның кейбір кездері» деген шығармалары да ойды әр қырынан өрбітуі, пікір сонылығы, бейнелеу, айту ерекшелігі бойынша бір-бірінен өзгеше сипат алған.

Осындай бір-біріне ұқсамайтын әр өлеңінде ақынның өнерпаздық тұлғасы әр қырынан көрініп, жаңаша сипат табады. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман алдындағы келер заман», «Сағаттың шықылдағы емес ермек» деген сияқты өлеңдерді оқығанда Абай керемет ойшыл ақын екен деп тандансақ, «Жүрегім, нені сезе-сің», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің», Жүрегім, ойбай, соқпа енді» секілді өлеңдерді оқығанда Абай асқан сыршыл лирик ақын-ау деп тамсанамыз. Ал «Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Жаздыгүн шілде болғанда»,

«Желсіз түнде жарық ай», «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы» сияқты өлеңдерге назар салсақ, Абайдың өмір құбылыстарын сөзбен мүсіндеп жанды бейнеге айналдырып сипаттауда алдына жан салмайтын суреткер ақын екеніне ден қоямыз. «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Бөтен елде бар болса» тағы сондай туындыларға қарап нағыз сықақшыл, өткір мысқылға шебер ақын осындай-ақ болар десек, «Мәз болады болысың» атты өлеңді еске түсіріп, әжуалап келемеждеудің мұндай да өте нәзік, өтімді түрі болатынына тәнті боламыз. «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» атты өлеңдердің қазақ поэзиясында қалыптасқан насихат, өсиет үлгісіндегі нұскалардан мазмұны да, ойды бейнелеп айту тәсілі де мүлдем өзгеше екені де көңіл аударарды. Ал, «Сен мені не етесің», «Ем таба алмай», «Қор болды жаным» секілді нәзік лирикалық туындылар қазақ поэзиясында бұрын орын теппеген сыршыл лириканың жаңа үлгілері екені айқын аңғарылады. Абайдың әр өлеңінде оның осындай ақындық тұлғасын жаңа бір қырынан танытатын өзгешелігі болады десек, олар іштей астасып жатқан сипат, қасиеттер екенін де айтуымыз керек. «Сегіз аяқты» оқығанда мұнда терең сыршылдық, ғибратты насихатшылдық, бейнелеп суреттеуге, тіпті өлең өрнегін өзгеше өрнектеуге шеберлік те — бәрі ұштасып келетіні анық көрінеді.

Түгелдей алғанда, Абайдың көркемдік ойлау, бейнелеп айту, суреттеу тәсілі мүлде жаңа, лирикалық стилі еркін, икемді, поэзиядағы қалыптасқан, дайын үлгілерді қайталамайды. Осының өзі-ақ оның поэзиясына жаңашылдық сипат дарытады.

## **Ақындық өнер мен ән-күй туралы толғаныстар**

Абай қазақ жұртшылығы алдында ақындық өнердің мүлде жаңа, соны жолын ашу мәселесін өзінің міндеті деп санады. Сөз өнері, өлең, ән-күй туралы пікір толғайтын өлеңдерінде Абай бұрынғы жыршылар мен ақындардың салып кеткен дайын сүрлеу жолымен жүруге құмар емес екенін ашық айтты. Сөз өнерінің ұлы суреткері ретінде Абайдың орасан зор тарихи еңбегі мынада:

ол жаңа заман қазақ әдебиетінің алдына жаңа міндеттер қоятынын жақсы түсінді, ұлттық әдебиетті жаңа дәуірдің тілек-талаптарына сәйкес жаңғырту қажеттігін ерекше көрегендікпен сезе білді, және де бұл іске өз талантының бар күшімен қызмет етті. Ол заманның озат идеяларымен сусындаған жаңа ақындық өнердің дәйекті күрескері болды, жыршының, ақынның өмір шындығын жаңа көзқараспен реалистік әдіспен терең бейнелеу керектігін паш етті. «Өлең — сөздің патшасы» өлеңінде Абай: «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» — деп, жұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қарауын поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етеді. Әлбетте, жаңа идеялардың баурап аларлық күшін, жаңа ақындық сөздің құнын әрбір адамның оп-оңай және толық ұға алатынына қазақ өмірінің сол кездегі жағдайында толық сенім арту қиын еді. Абай оны жақсы түсінді, мұны оның «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңіндегі мына шумақтар толық дәлелдейді:

*«Шу дегенде құлағың тосаңсиды,  
Өскен соң, мұндай сөзді бұрын көрмей».*

Бұдан біз өлең-жырларындағы жаңа, соны ой-пікірлерді жұртшылықтың қалай қабылдайтынына Абайдың ерекше мән бергенін айқын аңғарамыз. Ол өлең-жырға көңіл қоятын қауымнан айтылған сөздің мәнін терең түсініп, байыбына жетуді талап етті. «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей»). Сондықтан да ақын өзінің сөздеріне құлақ асатын, кеңесін іске асыра алатын адамдарды көруді өзінің ең зор тілегі деп санады. Ақын халықтың тағдыры мен қасіретін терең түсініп, оның малдарында қоғам өмірінің күрделі проблемаларын көтермейтін жыршылар мен ақындарды қатты сынға алады. Кейбір ақындардың өлең-жырды тек көңіл көтеру үшін айтып, өнерге жеңіл-желпі мақсат қоятынын үлкен мін деп санады. Басқа елдерді шауып, талан-таражға салған батырларды мадақтауға, көз қызықтыратын сұлуларды, әлдеқандай ғажап нәрселерді жырлауға ғана әуестенбеу керек дейді. Абайдың кейбір ақындардың ескі аңызға және жалпы қызғылықты сюжетке көбірек көңіл бөлетін әдетін сынауы поэзияны алдымен жаңа дәуірдің түпкі, түбегейлі, қоғамдық маңызы зор мәселелерімен тығыз байланыстыру мақсатынан туған еді.

Абай теңдесі жоқ ақын болумен бірге аса дарынды композитор болғаны, халық арасына кең тараған көптеген әдемі, әсерлі әндер шығарғаны мәлім. Ол халық



өлеңдерінің, музыкасының аса зор қоғамдық мәнін, эстетикалық көркемдік қасиетін терең түсініп, бағалай білді. Өлең мен ән-күйді ол халық өмірінің, арман-қуанышы мен мүддесінің, қайғысының, ой-сезімінің тамаша көрінісі деп санады. Және өлең-жырлар, ән мен күйлер халық даналығын, оның сарқылмас талантын танытатынын, халық өмірінің қайнар бұлағынан шыққан баға жетпес өнер екенін Абай зор шабытпен толғана айтып отырды. «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» атты өлеңінде ол әннің орасан зор мағыналық және мәнерлік қасиетін ашып көрсетті. Ол «ақылдың өзіндей ойлы күйді» қандай жоғары бағаласа, терең сезімге толы әнді де сондай бағалайды.

Абай әдебиетті идеялық, көркемдік жаңа биікке көтере отырып, оқушысына идеялық, эстетикалық тәрбие беруді, басқаша айтсақ, әдебиеттің өмірдегі атқаратын қызметін арттыруды бірінші мәселе етіп қойды. Оқушысын озық мәдениетке, өнер-білімге, адал еңбекке шақырып, оның бойында шынайы адамдық қасиеттерді тәрбиелеуге, жамандықтан қашып, жақсылыққа ұмтылушылықты қалыптастыруға тек өресі биік әдебиет қана ат салысатынын ақын терең түсініп, өзі сол жолда қажымай, талмай ізденді.

Абай өлең сөздің, әннің қоғамдық мәні, өмірдегі алатын орны, көркемдік сипаты жайлы көп толғанғаны ақын шығармашылығы сөз болғанда үнемі айтылып келеді. Алайда бұл мәселені сөз қылғанда анықтай түсетін жайлар жоқ емес. Алдымен бұл мәселені сөз қылғанда анықтай түсетін жайлар жоқ емес. Алдымен бұл орайда өлең деген ұғымның өзі Абай поэзиясында қандай мағынада қолданылатынына тоқтала кетелік. Қазақ тілінде өлең деген сөз термин ретінде бүгінге дейін бірнеше мағынада қолданылады.

Біріншісі — ән өлең, ән салып, ән шырқап айтатын өлең, яғни музыкалық өнер мен сөз өнеріне ортақ туынды. Ән өлеңде көбінесе әннің мәні сөзінен гөрі маңыздырақ келеді. (Кейде, мысалы, таңдаулы өлең тексіне ән жазылса, әні де, сөзі де бірдей құнды болуы да ықтимал).

Екіншісі — көбінесе, жеңіл ықшамды ғана әуенмен, мақаммен, термелеп айтылатын өлеңдер, жырлар, яғни ауызша поэзияның туындысы.

Қазақ поэзиясында соңғы кездерге дейін өлең, жырларды домбырамен әуендетіп, белгілі бір сарынға келтіріп айту орын алып келді. Бірақ созылмалы, күрделі әні бар өлеңдер өзінше бөлек сипат алып, ал өлең-жырды

жатқа ауызша айтқанда сүйемел болатын терме, желдірме түрінде келетін, шырқап салатын әннен гөрі ықшамды, қысқа қайырылатын әуендер (речитатив) басқаша құрылатын болған.

Үшіншісі — оқылатын, сөйлеп айтылатын өлең, яғни, жазба поэзиясының туындысы, әр алуан лирикалық шығармалар. Сонымен қатар, өлең деген сөзді кең мағынада алып, көлемі қысқалау келетін поэзиялық шығармалардың бәріне ортақ жалпылама атау ретінде қолдану да жиі кездеседі.

Абай өлең деген сөзді көбінесе осы соңғы өлең сөз, поэзиялық шығарма деген мағынада қолданады. Мысалы, «Мен жазбаймын өленді ермек үшін» дегенге ақын өз шығармаларын да, сонымен бірге «өлеңі бар өнерлі інім» деп жас ақындардың поэзиялық туындыларын да осы мағынада өлең деп атаған. Бірде өлең десе, бірде сөз деп айтатыны сондықтан:

*Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз...  
Жалынамын мұндай сөз айтпа бізге.*

Абайдың сөз деген ұғымды өлең, өлең сөз деген мағынада, солардың толық баламасы ретінде қолданатынын «Талап сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» дейтін өлеңінен әсіресе анық көре аламыз. Мұнда Абай өз шығармалары туралы:

*Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,  
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.  
Біржаңдамай тыңдасаң нең кетеді.  
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін,—*

деген секілді айтып, өлең дегенді ұғымды мүлде қолданбайды. «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңінде де ақын өлең дегенді өлең сөз деген мағынада қолданатынын байқаймыз.

*Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың қиыстырар қай баласы...  
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел...  
Ақыл сөзге ынтасыз жұрт шабандан,—*

деген секілді сөйлемдердің қайсысы болса да, ақын өлеңді сөз өнері деп бағалап отырғанын аңдатады. Алайда, мысалы:

*Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап,—*

дегенді алсақ, сол ақындардың өлеңі әдетте әуенмен ауызша айтылатыны түсінікті болады. Яғни, бұдан өлең

сөз, оқылып айтылатын өлең және әуенмен айтылатын өлеңнің арасына шек қойылмағаны айқындалады.

Ал енді «Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол» дейтін шығармасында Абай өлең дегенді өлең сөз және ән өлең деген екі мағынада қатар қолданады. Ақын өз сөзін зарланып әнге салып айтатын жоқтау өлеңнен бастағаны да көңіл қоярлық. Жар-жар, беташар секілді өлең түрлерін содан кейін атайды. Өмірдегі ең ауыр, қиын кезде де, қуаныш, қызық кезінде де өлең адамға серік болатынына көңіл аударады.

*Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.  
Өмірдегі қызықтың бәрі өлеңмен,  
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең.*

Туғандағы нәрестенің алғашқы еститін өлеңі шілдехананда айтылатын өлең, әндер болса, кейін өмірмен қоштасатын кездегі айтылатын жоқтау өлең болса, ал адамға өмір бойы еріп жүреді деп өлеңнің барлық түрін айтуға болар. Абай өмірдегі өлеңнің мәні қандайлық зор деген ойын одан әрі жалғастырғанда өзі де өлең сөз туралы да, ән туралы да араластырып айтып отырады:

*Өлең деген — әр сөздің ұнасымы,  
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.  
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе  
Оған кімнің ұнасар таласуы?*

*Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді,  
Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді.  
Қадірін жақсы сөздің білер жанға  
Таппай айтпа оған да айтар кезді.*

*Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,  
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан.  
Сүйсінерлік адамды құрмет қыл,  
Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан.*

Шортанбай, Дулат, Бұқар жырауды ауызға алғанда да, Абай олардың шығармаларын өлең деп атайды, яғни, өлең сөз деген кең мағынада айтады, терме, толғау, жыр, өлеңнің термелеп, әуенмен айтылатын түрі дегендей жіктеп саралап жатпайды.

*Мақсұтым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.  
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,  
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ,—*

дегенін еске алсақ, өз шығармаларын алдымен идеялық мазмұны, мағынасы, сөздік, тілдік қасиеті жағынан бағалап отырғаны аңғарылады.

Абайдың таза ән өлеңді бөліп алып, тек ән туралы айтатын шығармасы — «Көңіл құсы құйқылжыр шарта-рапқа».

*Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,  
Жүрек тербеп оятар баста миды.  
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,  
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.*

*Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,  
Оның тәтті оралған мәні оятар.  
Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап,  
Жас балаша көңілді жақсы уатар.*

*Көбінесе ән басы келеді ащы,  
«Кел, тыңда!» — деп өзгеге болар басшы.  
Керім толғап тауысар қаңғыр-күңгір.  
Сол жеріне ойыңмен араласшы.*

*Әннің де естісі бар, есері бар,  
Тыңдаушының құлағын кесері бар.  
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді  
Тыңдағанда көңілдің өсері бар.*

Бұл сипаттаулардан әннің ең басты ерекшеліктерін — созылмалы әннің дауыс толқынының өзгеріс-қозғалысына негізделетінін, музыкалық дыбыстардың бірінен-бірі жоғарылы-төмен сатылап, әр түрлі үнмен айтылуына, осындай өзгеше бітім-құрылысына сәйкес әсем әуезділігін, адамның сезім күйін терең ашып бере алатын мәнділігін тани аламыз. Абай әнді күй деп те атайды:

*Адам аз мұны біліп ән саларлық,  
Тыңдаушың да аз, ол әннен бәһра аларлық.  
Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге  
Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық?*

Күй дегенді жалпы әуен мағынасында алып, әннің сазын, музыкалық қасиетін, әуезділігін жекелеп, әннің сөзінен бөліп айтады. Осы тұрғыдан келіп әннің өмір шындығын танытатын мағыналылығын («Өмір сәуле көрсетер судай тұнық») «ақылдың сөзіндей ойлы күй» деген сипаттама арқылы жеткізеді.

Абай өзінің поэзиялық шығармаларын өлең сөз ретінде қараған дедік. Бірақ ол жазған өлеңдерін әнге салып, не ықшамды термелі әуенмен айтпаған деуге болмайды. Өйткені, өлеңді оқып, сөйлеп айтумен бірге, әнмен, әуенмен айту әдетін, қазақ арасында ертеден кең тараған үлгіні Абай да ұстаған. Өзі жанынан ән шығарған, музыканы жақсы түсінген, дарынды композитор болған акынның өз өлеңдерін әнге салып, әуенмен айтуы заңды нәрсе ғой. Бұл ойымызды дәлелдеу үшін Абайдың

«Өзгеге, көңілім, тоярсың» атты өлеңіндегі мына жолдарды еске алсақ болар:

*Өзгеге, көңілім, тоярсың,  
Өлеңді қайтіп қоярсың?  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дертті жоярсың.*

*Сайра да зарла, қызыл тіл,  
Қара көңілім оянсын.  
Жыласын, көзден жас ақсын,  
Омырауым боялсын.*

*Қара басқан, қаңғыған,  
Қас надан нені ұға алсын?  
Көкірегінде оты бар  
Құлағын ойлы ер салсын.*

*Тыңдамаса еш адам,  
Өз жүрегім толғансын.  
Әр сөзіне қарасын,  
Іштегі дертім қозғалсын.*

*Әуелесін, қалқысын,  
От жалын боп шалқысын.  
Жылай-жырлай өлгенде,  
Арттағыға сөз қалсын.*

*...Қабыл көрсе сөзімді,  
Кім таныса, сол алсын.*

Осы келтірілген үзіндіден-ақ ақынның өз өлеңін әнге салып тебіреніп айтып отырған кейпін, күйін көз алдымызға айқын елестете аламыз.

Айрықша көңіл аударарлық жай — Абай өлең турасында айтқанда жазып шығарылып, оқылып айтылатын өлең сөз бен әнге салып айтатын өлеңнің арасын бөліп, шек қоймайды. Жоғарыдағы келтірілген сөздерінен Абайдың «өлең» деген сөзді қазақ тілінде қалыптасқан мағынасы кең екенін ескеріп, оқылатын өлең мен әндіп айтатын өлең деген екі мағынада бірдей қолданатынын көреміз.

«Өзгеге, көңілім, тоярсың» өлеңін идеялық мазмұны жағынан алсақ, ол поэзияның, сөз өнерінің зор қоғамдық мәнін ашып көрсетуімен құнды. Ақындық өнердің, өлең жырлардың, ән мен күйдің халықтың өмірінде алатын орнын Абай өте жоғары бағалайды. Поэзиялық шығармадан, өлең жырдан, әннен халықтың арман-тілегі, қуаныш-қайғысы айқын көрініс беретініне айрықша мән береді. Сондықтан ақындарға, өлеңді, әнді айтушыларға биік талап қояды. Өлеңнен Абайдың поэзиялық шығарма нағыз өмірлік қажеттіктен туатын, үлкен мақсатқа жұмсалатын сөз деп қарайтыны анық байқалады. Ол өлеңнің айтпауға болмайтын, қанша айтса да тоймай-

тын қасиеті, адамды қайғы-мұңнан, дертінен айықтыратын қуаты бар деп есептейді. Абай өзінің өлеңін көзден жас ағып отырып айтылатын, жүректі жарып шығатын зарлы сөз деп сипаттайтыны назар аудартады. Ақын тебіреніп, іштегі сырын ақтара айтқан сөзін тыңдаушылар зер салып, саналы түрде қабылдауын аңсайды. Айтылған сөздің мән-мағынасын, ой-пікір тереңдігін толық түсініп, көркемдік қуаттылығын терең сезінетін болса дейді.

*Не пайда бар — мың надан  
Сыртын естіп таңдансын.  
Онан дағы бір есті  
Ішкі сырын аңғарсын...*

Бұл сөздерден ақынның осы өлеңінің соңғы жағындағы тыңдаушыларға өкпе-наз айтқандай болып, сөзді құр құлақпен қармамай, жүрегінмен тыңда деп ақыл беруінің мәні зор екені байқалады.

Абай поэзиясының танымдық, тәрбиелік мәнін терең түсініп, оны адам мінезін, заманды түзетудің күшті құралы деп қарағанын көптеген өлеңдерінен, әсіресе сөз өнері, ән-күй туралы ой-толғамдарын арнайы баяндайтын «Мен жазбаймын өленді ермек үшін», «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе қаралы — ол», «Көңіл құсы құйқылжыр шартаралқа», «Адамның кейбір кездері», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Өзгеге, көңілім, тоярсын» секілді шығармаларынан толық байқаймыз. Бұларда Абай қозғайтын мәселелердің аясы кең. «Адамның кейбір кездері» атты өлеңінде ол ақындық шабыттың қуаттылығын бейнелеп көрсетіп, поэзиядағы шындық адамды рухтандыратын күшті шабыттан, ақ пен қараны, адалдық пен зұлымдықты айыра білетін ақыл мен әділеттілік сезімнен туатынын айтады. Осы өлеңдегі Абайдың бөлекше қастерлейтіні — елдің мұңын жоқтайтын сыншыл ақын.

*Кектеніп надан, зұлымға,  
Шыршық атар, толғанар.  
Ызалы жүрек, долы қол,  
Улы сия, ащы тіл  
Не жазып кетсе жайы сол,  
Жек көрсеңдер өзің біл —*

міне осылай сипаттауынан қоғамдық өмірдің келенсіз жақтарын аяусыз әшкерелейтін ақынның кейпін көреміз.

«Құлақтан кіріп бойды алар» дейтін өлеңінде Абай ән мен күйдің адамға аса зор әсер ететінін өзгеше бір қырынан ашып берген. Ақын ән мен әуенді бар жаны-

мен сезініп, көз алдынан өткен өмірдің тасқыны қайта өткендей көңілін қозғап, еліктіріп, тағы сендіріп, үйіріп әкетіп бара жатқандай күй кешеді.

Жоғарыда аталған өлеңдердің қай-қайсысында болсын, Абай өлеңнің, поэзияның қоғамдық мәнін өзінің озат адамгершілік идеялары, шығармашылық ізденістері тұрғысынан жанаша түсінеді.

«Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен» деп отырған Абай қазақ поэзиясындағы сан алуан жанрдағы өлеңдердің, жыршы-жырау, ақындар туғызған шығармалардың құндылығын айрықша дәлелдеп неге айтпаған деудің өзі артық. Абайдың «сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел» дей отырып, өлең-жырларды бағалауға үлкен талғампаздықпен қарайтыны, сый дәметіп мақтау өлең айтуға бейім тұратын ақындарды қатты сынап, шенейтіні әр түрлі әдеби мақалаларда, кітаптарда аз айтылды демейміз. Айтылу жағынан кемшілігі жоқ, мәселеге жан-жақты қарау жетіспейтіні болмаса.

*Батырды айтсам ел шауып алған талап,  
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,  
Әншейін күн өткізбек әңгімеге  
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап,—*

дейді ғой Абай. Осы айтылған сөздерге қарап ол батырлар жырын, ғашықтық жырларды түгелдей мансұқ еткен, жоққа шығарған, олардан үзілді-кесілді бас тартқан деуге бола ма?

Сол сияқты:

*Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,—*

деген сөздеріне қарап, Абай билерді, билердің сөзін (шешендік сөздерді), бұрынғы жыршы, жыраулардың, ақындардың өлең-жырларын бағалы, құнды нәрсе деп санамаған, ескі ақындардың бәрі өлеңді пайда үшін, мал үшін айтқан деуге болмайтыны анық. Қазан төңкерісінен бергі дәуірді асыра мақтаған, өткен заманды қатал, кертартпа, топастыққа жол берген деп бірыңғай сынап айтқан кездерде билердің сөзіне, көптеген акын, жыршылардың өлең-жырларына тиісті, жеткілікті мән берілмеген жағдайда жаңағыдай сөздердің мағынасы, әрине, үнемі дәл, дұрыс ашылып келген жоқ. Олай дейтініміз, Абайдың:

*Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,  
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара,—*

дегені қоса, бірге айтылмаса, сол сөздердің мағынасы

өткен замандағы әдебиет туралы тар, таяз ұғым-түсініктерге орай оп-оңай бұрмаланып шыға келетінін талай байқадық.

Осы орайда айрықша көңіл аударарлық жай — Абай өлеңді, поэзиялық шығарманы кім қалай қабылдайтынына, яғни, тыңдаушыларға үлкен мән береді. Сөзді түсінетін, зейіні жетіп ұғатын, содан өзіне сабақ алатын адамдар болса ғана, оның ықпал-әсері күшті болатынын естен шығармайды. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп сөзін алдына қандай мақсат қоятынын айтумен бастайды да, бірден сол өлеңді қабылдайтын тыңдаушылар қандай болу керек деген мәселеге ойысады:

*Бұл сөзді тақсыр ұқпас, талапты ұғар,  
Көңілінің көзі ашық, сергегі үшін.*

*Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,  
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.  
Таң қаламын, алдыңғы айтқанды ұқпай,  
Және айта бар дейді жұрт тыным бермей.*

Поэзияда адамды еліктіретіндей қызықты тақырып іздеушілікті сынағанда да:

*Әсіре қызыл емес деп, жиренбеңіз,  
Түбі терең сөз артық бір байқарсыз,—*

деп осыған тыңдаушыларды иландыруға, сендіруге ұмтылады.

«Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы»,— деп өзінің өнеріне көзқарасын білдіріп, «көр-жерді өлең қылған» ақындарды сынағанда, «сендерге де келейін енді аяңдап»,— деп «ақыл сөзге ынтасыз» тыңдаушыларды назарынан тыс қалдырмайды. Өлең, поэзия ғана емес, басқа әр түрлі қоғамдық мәселелерді қозғағанда да, Абай жұрттың сөзге ынта-ықыласы қандайлық болатынына қатты көңіл бөледі.

«Сегіз аяқ» атты өлеңінде:

*Бойда қайрат, ойда көз,  
Қалмаған соң айтпа сөз,—*

деп ақын тыңдаушыдан зейінділік, зеректік, естіп-білгенін кәдеге асыратындай жігерлілік, табандылық секілді қасиетті іздейтінін аңдатады. Абайдың «Білімдіден шыққан сөз» атты өлеңін алсақ, ол түгелдей тыңдаушыларға, оларды саралап бағалауға арналған.

Мәселеге кеңірек қарасақ, Абай өз өлеңінде тыңдаушылар туралы айтпаған кезде де, олардың арман-мүд-



отыратыны — оның ақындық өнерінің қуаттылығын танытатын қасиет.

десін, тілек-талабын жақсы түсінетіні, толық ескеріп Ақынның көптеген өлеңдерінен сөзін тыңдаушыларға қарата сөйлейтіні анық байқалады.

«Білімдіден шыққан сөз» дейтін өлеңінде Абай ақылының сөзін қандай адам ұға алады дегенге үлкен мән берген. Сезімтал, сергек, «жүрегі — айна, көңілі ояу» адам болса, сөзді ұғатын сол болады.

*Көкірегінде болсын көз  
Нұрын, сырын көруге,—*

дейді ақын.

Әсіресе өзі өнерлі, талапты кісінің ұғымтал келетініне айрықша назар аударған. Өлеңді бар ықыласымен елжіреп, қайғы-мұңнан айықтырып, бойын сергітетін емдей көріп қабылдайтын тыңдаушы сөздің қадір-қасиетін тани алады, мән-мағынасын түсіне алады:

*Жақсыға айтсаң жаны еріп,  
Ұғар көңіл шын беріп,  
Дертті ішіне ем көріп,  
Неге алтынды десін жез.*

Осыған қарама-қайшы келетін ұқпай жатып жалығатын, түзу сөзді санасына құйып алуға ынтасыз, өсек-аянға алдымен көңіл бұратын адамның жағымсыз бейнесін де ақын нақтылы, дәл сипаттайды:

*Жас баладай жеңсікқой,  
Байлаулы емес ақыл-ой,  
Ойлағаны — айт пен той,  
Ыржаң-қылжаң ит мінез.  
Сұлу қыз бен я батыр  
Болмаған соң, тәңір алғыр,  
Шығып кетер, я қалғыр,  
Оған ақыл — арам без.*

Осындай нағыз терең мағыналы сөздің, шынайы поэзияның қадірін білмейтін адамды сынап, шенеп айтуынан да ақынның сөз ұғатын зейінді тыңдаушыларға қандай зор талап қоятынын аңдай аламыз.

Абайдың өлең сөздің, поэзиялық өнердің мәнін, сырын толғайтын шығармаларының тағы біреуі — «Қуаты оттай бұрқырап». Мұндағы бір көңіл қоярлық ерекшелік — ақын сөз өнерінің маңызын, қуат-күшін сипаттай отырып, өлең-жырды қабылдайтын тыңдаушы жайына да арнайы тоқталып отырады, тіпті бұл мәселені өз алдына өзекті тақырып ретінде өрбітеді. Мұны өлеңнің алғашқы шумағынан-ақ анық байқаймыз:

*Қуаты оттай бұрқырап,  
Уәзінге өлшеп тізілген.  
Жарқырап жайдай сырқырап,  
Көк бұлттан үзілген.  
Қайран тіл, қайран сөз,  
Наданға қадірсіз.*

Ақын өлең сөздің өткірлігін, өтімділігін, өлшемді әуезділігін осылай өте тартымды түрде бейнелеп сипаттайды да, оның бағасын біле алмайтын тыңдаушы бейнесін бірақ ауыз сөзбен айқын елестетеді. Келесі шумақта тағы осы тәсілді қолданып, алдымен өлең өнерінің қиындығын, ақынның өз ойын айтып жеткізуге ұмтылған әрекеті жанталасқан күрес, талас-тартыс сияқты екенін аңғартады да, аяғында тағы тыңдаушыға ауысып, оның селт етпейтін, селсоқ кейпін байқатады:

*Тәуекел мен батыр ой,  
Өткір тілді найза етіп,  
Сайысып-ақ бақты ғой,  
Неше түрлі айла етіп  
Оянбай, қайран жұрт,  
Ұялмай қал жым-жырт.*

Бір назар аударарлық нәрсе — бұл шумақта ақын тыңдаушылар туралы сырттай айтқандай болмай, «қайран жұрт» деп, оларға арналған сөзін оянбай, ұялмай жымжырт отырсындар деген өкінішін өздеріне тура қаратып айтады. Үшінші соңғы шумақта да ақын осы қалыппен өз тыңдаушыларымен тілдескендей болып:

*Ақылмен ойлап білген сөз  
Бойыңа жұқпас, сырғанар.  
Ынталы жүрек сезген сөз  
Бар тамырды қуалар,—*

дейді. Ақынның адам өленді күр ұғып, біліп қана қоймай, шын пейілімен сезініп, тебірене қабылдаса, өзінің жан дүниесіне, көңіл күйіне одан бір жақындық, жалғастық таба алса, сонда ғана ол бойға, қанға сіңеді, еш уақыт естен шықпайды дегенді меңзейтін бұл пікірі айрықша маңызды. Бірақ әркімнен мұндай қасиет табыла бермейтінін ескеріп, тыңдаушыларға алғашқы берген бағасын өзгертпей, ойын:

*Ән салар, жатқа алар,  
Түбінде құр қалар,—*

деп түйіндейді. Осыдан келіп Абай өленді жанымен тебірене сезінетін, ақынның қайғы-мұңын, арман-мұратын терең түсінетін тыңдаушы бар демей, соның болуын аң-

сап отырғаны айқын танылады. «Базарға қарап тұрсам әркім барар»— мұнда да сөз өнері жайында, дәлірек айтқанда өлеңді шығарушы мен оқып қабылдаушылар (тыңдаушылар) жайы сөз болады. Бірақ Абайдың поэзия, ақындық өнер туралы ой толғайтын шығармалары сөз болғанда әдетте ол ауызға алына қоймайды. Бұл бәлкім кұрылысы өзгешелігінен, мүлде басқа жайларды айтумен басталатынынан болар.

*Базарға, қарап тұрсам, әркім барар,  
Іздегені не болса, сол табылар,  
Біреу астық алады, біреу маржан,  
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.  
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,  
Сомалап ақшасына сонан алар.  
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,  
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.*

Өлеңнің осы тең жартысында әңгіме базар туралы, базарға барып сауда-саттық жасау туралы секілді көрінеді. Ақынның бұл айтып отырған базары аллегория түріндегі тұспалды бейнелеу екені өлеңнің екінші жартысын оқығанда барып айқындалады. Негізгі мақсат — сауда орнының — базардың жайын баяндап беру емес, өлең сөзді әркім әр түрлі дәрежеде пайымдап, түсінгенінше зейінге алады деген ойды білдіру. «Базарға... әркім барар» дегені өлеңді әркім-ақ оқиды, тындайды дегенді аңғартса, «әркімге бірдей нәрсе бермес базар» деуі сөздің асылын, маржанын бағалай білу қабілеті әркімнен табыла бермейтінін мегзейді. Базарда әркім керегін, ақшасы жеткенін алатын секілді, поэзияны да әр адам түсінгенінше ақылы, ойы жеткенінше бағалайды деген ойын аңдатады.

*Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?  
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.  
Жазған соң, жерде қалмас тесік моншақ,  
Біреуден біреу алып елге тарар.  
Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,  
Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар.  
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,  
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.*

Ойды осылай тұспалдап айту тәсілін қолданып жеткізудің аса бір ұтымды жері — ақын алдымен мейлінше қарапайым, баршаға жақсы мәлім базарды, онан астық, әр түрлі керек-жарақты сатып алу секілді жайларды айтып отыр. Сөйтіп, поэзиялық шығарманың аса маңызды қоғамдық мәнін, ой-сезім тереңдігін, көркемдік қасиеттерін түсіне білу қажет деген пікірін сол жұртқа

мәлім үйреншікті жайлармен, көпшілікке таныс нәрселермен салыстыра айту арқылы ерекше әсерлі етіп жеткізген.

1898 жылы Абай «Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма?!» деген өлеңін шығарып, онда өзінің творчествосы туралы толғанып, келер ұрпаққа ұран тастады. Бұл өлең Абайдың ақын ретінде әдебиетте өзіндік жол салғанын жақсы сезінгенін тағы да айқын дәлелдейді. Және осы бір өсиет жыр-толғауда ақынның бүкіл өмірі, атқарған ісі, сарылып іздеп тапқан өнеге-үлгісі, бүкіл ой-арманын көркем бейнелеген поэзиясы келер ұрпақ, жаңа қауымның кәдесіне асар деген зор сенім бар екенін аңғарамыз. Осы өлеңнің әр сөзі келер ұрпаққа арналып айтылуының өзі-ақ ұлы ақынның болашаққа үлкен үмітпен қарап, өз халқының келешегіне кәміл сенгенін байқатады. Өлеңнің айрықша құндылығы — ақын алға, алысқа көз жіберіп, келер заман адамдарына сыр ашқысы келеді. Осындай күйге түсіп толғана отырып, ол өзінің өмір жолы, алдына қойған мақсаты жайлы түйінді ойларын ақтарады.

Осы өлең туралы М. Әуезов былай дейді: «Өмір, тірлікке лағнат-қарғыс айтпайды. Жауласып, жарғыласып кетіп жатқан жоқ. Тіршілік есігін ақырын жауып, анық дана ақынның кең, сабырлы мінезділігімен кетіп жатыр. Ол мінезділіктің тірегі — болашаққа үмітпен қарауында, күдіксіз сенуінде»\*. Я, бұл өлең ұлы ақынның өмірмен қоштасар уақыт келгенде, сонда айтуға лайық деген және кейінгі келер ұрпаққа қаратып айтқан сөзі ғой! Сондықтан ол ең маңызды, ең айтуға қажетті деген жайларды ғана сөз ету тиіс екенін, әрине, мұқият ескерген. Шынында, Абайдың әр сөзі өлшеулі, өз орнында. Асырып айтпайды, шалқып кетпейді. Аз сөзбен, ықшамды түрде көп жайды аңғартады. Әр сөйлемі түйінді ойды білдіретін осы өлеңнің көп жері жеке тұрғанда да тиянақты мағына беретін тұжырымды нақыл секілді. Абайдың ақындық тұлғасы, тағдыры туралы айтылғанда үнемі дәйекті сөз ретінде келтіріліп отырады. Осының өзі, әрине, орынды да. Өйткені, Абайдың:

*Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!—*

---

\* М. Әуезов Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы — кітапта: М. О. Әуезов. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, Ғылым баспасы 1967, 166-б.

деген сияқты сөздерінің қай-қайсысы болсын, ақын тұлғасын танып-білуге сенімді тірек боларлықтай түйінді байлам ғой. Осыны мойындай отырып, бұл өлеңде ешбір басы артық сөз жоқ деген пікірімізге қайта оралайық.

*Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,  
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.  
Өлең шіркін — өсекші, жұртқа жаяр,  
Сырымды тоқтатайын, айта бермей.*

Өлеңнің осы соңғы шумағындағы, яғни, ойды түйіндеп, тұйықтауда ерекше мәні бар шумақтағы, кейбір сөздер бір қарағанда тосын, асырып айтылғандай көрінуі ықтимал. Бірінші тармақтағы:

*Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,—*

өлеңнің бас жағындағы:

*Қаны қара бір жанмын, жаны жара,—*

деген ойды өрістетіп айқындай түседі деуге болар. Ал одан кейінгі:

*Мен келмеске кетермін түк өндірмей,—*

деген сөздер:

*Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,—*

дегенге жалғас келсе де, артық айтылмағандай. Әлде мұны кішіпейілділік дейміз бе? Оның да шегі бар ғой. Ақынның үзілді-кесілді пікір айтып, «түк өндірмей» кетермін деп отырғаны қалай?

Абай өз еңбегін өзі жоғары бағалаудан бас тартқаны былай тұрсын, тіпті оны азсынатынын баса айтады. «Жүрегімнің түбіне терең бойла», «Мыңмен жалғыз алыстым!»— деген сөздеріне Абай, түсінетін адамға осы да жеткілікті дегендей, үстемелеп ештеме қоспайды. «Мыңмен жалғыз алыстым» дегеннің өзін де жар салып айтпай, сыпайы сыр ашқандай қылып, «кінә қойма» дегенге орайлас келтіріп айтқан. «Мыңмен жалғыз алыстым» дегендегі **мың**, **жалғыз** деген сөздер — келісті, терең мағыналы шендестіру — антитеза. Мұндағы **жалғыз** басқадан ойы озық, батыл күрескер бейнесін көрсетсе, **мың** оған қарсы тұрған кертартпа топты, надан, топас қауымды жақсы елестетеді, олардың қатарының көптігін, ескішіл күштердің тамыры терең жатқанын аңдатады.

Ал «жүрегімнің түбіне терең бойла» дегенін жүрек сырын баяндайтын өлеңдеріне түніле қара деген мағы-

нада түсінсек керек. Бірақ ол ойын да Абай туралап айтпай, сөзін іркіп, «өлең шіркін — өсекші» деп, артық, орынсыз сыр ашуды жақтырмайтынын білдіріп барып, тынады. Мұхтар Әуезовтың Абай осы шығармасын әзілмен аяқтайды, өз өлеңін сол әзілмен «өсекші» деп атандырады, «әдейі ырық беріп отырған өлең атты сырласына наз айтып тоқтайды»\* — деуі тегін емес. Әзілдеп айтқаны десек, бұл тартынып сөйлеу талабынан туған салмақты, ойлы сөзге лайық жеңіл әзіл және әзілде де шындық бар: ақын ішкі сыры, ой-арманы өлеңінен көрінетінін де аңғартып отыр.

Ал, енді осы өлеңнің бейнелілік сипатына үңілсек, ақынның өз қолтаңбасы айқын сезілетін тың сөз үлгілері қаншалықты тартымды, көркем және терең мағыналы екені айқындала түседі.

## **Жолға жол жалғасады**

**(Орыс классиктерімен үндестік сарындары)**

М. Әуезов Абай творчествосының үш қайнар көзі, тірегі бар деген тұжырымды пікір айтқаны белгілі. Білгір зерттеушінің Абай творчествосының бастау-бұлағы ұлттық сөз өнері, халықтың поэзиялық дәстүрлері екенін айта отырып, сонымен қатар Шығыс мәдениетін, сондай-ақ орыс әдебиетін, және сол арқылы Еуропа әдебиетін айтып көрсетуі тегін емес. Абайдың шығармаларындағы, дүниетанымы, философиялық, этикалық және эстетикалық пікірлеріндегі басқа елдердің мәдениетімен, әдебиетімен жалғастық, үндестік сипаттарды танып-білу қажеттігі ескеріліп айтылған.

Ал енді концепциялық сипаты бар осы пікірді нақтылап, айқындай түсу жағына келсек, бұл салада кейінгі зерттеушілер бірталай еңбек сіңірді десек те, әлі де айқындауға, анықталуға тиіс жайттар аз емес екенін аңғарамыз. Сонымен бірге осы пікірді зерттеу принципі ретінде Абай творчествосына қатысты әртүрлі тақырыптарды тексеріп талдағанда орнымен қолдана білу де оңайшылықпен іске аса қоймайды. Үйткені, қандай да болсын қайраткердің творчествосын басқа елдердің мә-

---

\* Бұл да сонда, 166-бет.

дениетімен жалғастыра тексеріп анықтау — аса күрделі де қиын мәселе. Ұлы ақын дайын үлгіні пайдаланбайды. Қандай дәстүр, үлгі-өрнекті қызықтаса да, оны өзінше жаңартып, өзгеше қуат, сипат дарытып, мүлде басқаша қолданады. Тіпті жалғастық-үндестіктің ізін таптық дегенде, көзге көрінетіні көбіне жеке пікірлердегі, сөз қолданудағы, тағы басқа сондай сырттай ұқсастық болып шығады. Ал оларды тергіштеу айтарлықтай нәтиже бермейді.

Орыс әдебиетінен оқығаны қаншалықты көп болса да, Абай поэзиялық шығармаларды аударуға, немесе еркін тәржімелеп сарындас өлең жазуға келгенде, үлкен талғампаздықпен таңдап, кейбір өлеңдерді іріктеп қана алған. Пушкин, Лермонтов, Крыловтан басқа ақындардың шығармасын аударуы сирек. Полонскийден «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы», Буниннен «Қорқытпа мені дауылдан» деген өлеңдерді, басқа ақындардан тағы екі-үш өлең ғана аударарды.

Кейде Абай поэзиясы, ақындығы туралы сөз болғанда аударма өлеңдеріне пәлендей мән беріле қоймайтын әдет байқалады. Бұдан аударма өлеңнің түбі, негізгі нұсқасы басқа ақындікі, сондықтан ондай туынды Абайдың негізгі, төл шығармалары қатарында талдануы қажет емес дегендей ұғым-түсінік те бар екенін көргендейміз. Ал шындығына келсек, ақынның аударма өлеңдерінің ешқайсысы оның төл шығармаларынан бөлекше, екінші қатардағы шығарма деп саналмауы керек. Абайдың ақындық шеберлігін, ойлау, бейнелеу өзгешелігін танытуы жағынан олардың мәні ешбір кем соқпайды.

Абайдың аударма өлеңдерін түпнұсқаға барабар аударма және еркін, төл шығармаға айналған аударма деп екі топқа бөліп жіктеудің өз қисыны бар. Ол аударма өлеңдердің бәрі біркелкі емес екенін ескеріп, негізгі екі түрін бір-бірінен ажыратып айыру үшін қажет. Ал кең мағынасында аударма өлеңдердің қайсысы болсын Абайдың қолынан шыққан көркем туынды, оның ақындық өнерін сипаттауда төлтума шығармаларын бірыңғай бөлек алып, аударма дегендерін шетқақпай қалдыру дұрыс болмайды.

Бұл жерде мықтап есте болатын нәрсе, Абайдың аударма өлеңдерін бүгінгі аударма туралы ұғым-түсінік тұрғысынан келіп бағалау дұрыс емес. Аудармаға қойылатын қазіргі талап басқа. Біздің заманымызда қалыптасқан ұғым бойынша аудармашы — төл шығарманы мүмкіндігінше мазмұн-мәнін, көркемдік қасиеттерін то-

лық сақтап, әлсіретпей басқа тілде жеткізуші, сондықтан ол туғызған аударма өлең қалайда төл шығарма емес, оның екінші тілдегі басқа нұсқасы, туынды шығарма.

Ал Абай болса, ол қазіргі аудармашылардай тек түпнұсқаны бар қалпында жеткізуді ғана мақсат етпеген. Қай шығарманы болсын өз көңіл күйіне үйлестіре, қысылмай, қымтырылмай еркін тәржімелейді. Сонда да кейбір аударма өлеңдері түпнұсқамен өте жақын келіп, мейлінше үндес шығып жатса, ол — оның ақындық шеберлігінің бір қырынан көрінуі, қызықтап, қазақшалап отырған түпнұсқаның сарыны мен өз ой-сезімінің арасындағы үйлестіктің нәтижесі.

Абайдың қолынан шыққан бара-бар, дәлме-дәл аударма дерлік өлеңдер бар да, сонымен қатар еркін тәржімеленген, әртүрлі өзгерістер енгізілгендіктен сарындас шығарма дерліктей сипат алғандары және аз емес. Осы топтағы шығармалардың ішінде төлтума туындыға айналған өлеңдер де бар. Сондықтан аударма өлеңдеріндегі сәйкес, дәлме-дәл түсетін тұстарын артықшылығы, ал өзгеше, өзгертіліп берілетін жерлерін кемістігі деп санау қисынға келмейді. Үйткені Абай аударып отырған өлеңнің мағынасын бастан-аяқ дәл, тура жеткізуге үнемі ұмтылмайды. Кейде еркін аударма Шығыс поэзиясында орын алған нәзира дәстүріне келеді деп айтылып жүр. Асылында, нәзира деген белгілі сюжетке жазылған шығармаға қатысты ұғым. Өлең туралы айтқанда біз еркін аударма, сарындас шығарма дейміз. Сарындас деп кем дегенде жартылай аударма болып келетін, бірақ түгелдей алғанда төлтума туындыға айналған өлеңді ғана айтамыз: Себебі жай сарындас, жалпы үндестік дегеннің жөні мүлде басқа, ол, жорамалдауға болмаса, тиянақты байлам жасауға келетін нәрсе емес. «Евгений Онегин» романын алсақ, оны Абай оның сюжетін әңгімелеген емес, кейбір үзінділерін алып, кейде жақын, бара-бар, кейде өте еркін тәржімелеген. Ал «Онегиннің өлердегі сөзі» деген өлеңді Абай түгелдей өз жанынан шығарған, «Евгений Онегин» романында Онегиннің өлімі туралы тура ештеме айтылмайды. Рас, қолжазба нұсқалардың бірінде Онегиннің аузына «Мен неге оққа ұшып өлмедім екен» («Зачем я пулей в грудь не ранен?») деген сөз салатыны бар. Бірақ Онегиннің өлімі Абайдың өзінің тапқан көркемдік шешімі деп санаған орынды.

Орыс әдебиетіне зер салғанда Абайдың назары алдымен Пушкинге ауғаны тегін емес-ті. Пушкин орыс әде-



биетіндегі жаңа дәуірдің, қоғамдық мазмұны, тақырып-идеялары мен көркемдік сапасы мүлде жаңа классикалық әдебиеттің басы болды. Ол қоғамдық ой-өрісі, дүниетанымы, тарихи мақсат-нысанасы, эстетикалық-көркемдік жүйесі — барлық сипат-қасиеттері өзгеше сөз өнерін қалыптастырды, орыс әдебиетінде реализм әдісін берік орнықтырды. Пушкин қазақ жерінде, Орынбор, Орал қалаларында болған кезінде қазақ халқына сүйіспеншілік сезіммен қарап, оның өміріне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне зер салды. Ол қазақ жігіттерінің Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне бел шеше қатысқанын білумен ғана тынған жоқ, сонымен қоса қазақ халқының бай сөз өнеріне құмарта қызығып, ауыз әдебиетінің асыл нұсқаларының бірі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастанын жаздырып алды.

А. С. Пушкиннің аса кесек көркем туындыларының бірі «Евгений Онегин» — шын мағынасында халықтық шығарма. Мұндағы басты кейіпкерлер төменгі таптан шыққан адамдар емес екені рас. Бірақ ең маңызды нәрсе — Онегин мен Татьяна, Ленский мен Ольга — осылардың қай-қайсысы болсын қарапайым халыққа қаншалықты жақындығы тұрғысынан бағаланады, олардың халық мүддесін түсіне білу — артықшылығы болса, халықтың ой-түсінігінен алшақтығы — осалдығы болып шығады. Мұны кезінде В. Г. Белинский өте қисынды дәлелдеп көрсеткен болатын. Пушкин өз романында халықтың өмірін мейлінше толық, жан-жақты суреттейді, дворяндар мен шаруалардың өзара қарым-қатынасын да айқын көрсетеді. Халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, әралуан адамдардың мінезін, іс-әрекетін, табиғат көрінісін бәрін де терең және көркем бейнеленгендіктен бұл шығарма шын мәнінде «орыс өмірінің энциклопедиясы болды. Әрине, Пушкиннің поэмалары, «Борис Годунов» атты драмасы, «Дубровский», «Капитан қызы» секілді шығармаларында да сан алуан қоғамдық құбылыстар, тарихи уақиғалар мол өмір шындығы жатыр. Алайда «Евгений Онегиннің» алатын орны ерекше.

«Онегин» — Пушкиннің ең бір ішкі сыры молынан ақтарылған шығармасы, оның қиялының сүйікті перзенті, Пушкиннің тұлғасы «Онегинде» көрінгендей ақын тұлғасы мейлінше толық, жарқын және анық көрінетін туындылар өте сирек кездеседі. Мұнда оның бар өмірі, барлық жан-сыры, барлық махаббаты да, сезімдері, ұғым-түсініктері, идеалдары да айқын көрініс тапқан» деген Белинскийдің пікірі көп жайды аңғартады. «Евге-

ний Онегиннен» алған үзінділерді Абай бір жүйеге түсіріп, өзара байланысты етіп береді. «Онегиннің сипаты» (Жасынан түсін билеп сыр бермеген) деген өлеңі романдағы басты кейіпкерді мінездейді. Мұнда Абай Пушкиннің Онегинді ең толық, тұжырымды, келісті мінездейтін тұсын түгелдей алған, сонымен қазақ оқырмандарының Онегиннің психологиялық портретін айқын елестетуіне мүмкіндік туғызған. Орысша текст:

*Как рано мог он лицемерить,  
Таить надежду, ревновать,  
Разуверять, заставить верить,  
Казаться мрачным, изнывать,*

деп басталады.

Абай он бір буынды өлеңмен жазса да, аударманы Пушкин тексіне мағынасы жағынан өте жақын етіп бере білген, аударма түпнұсқаға жолма-жол сай келеді. Жоғарыда келтірілген өлең жолдары былай қазақшаланған:

*Жасынан түсін билеп сыр бермеген,  
Дәмеленсе, күндесе білдірмеген.  
Нанасың, не айтса да, амалың жоқ.  
Түсінде бір кәдік жоқ «алдар» деген.*

Осыдан-ақ Абайдың Онегин мінезіне тән қасиет-сипаттарды айнытпай, дәл бейнелейтінін байқаймыз. Осы өлеңде Онегинге берілген сипаттамалар — өр мінезділігі, ғашықтық сөзге жүйріктігі, көңіліне жаққан адамды елітіп әкететіні, ұнатпаған адамын қорлаудан тайынбайтыны алдымен Онегиннің өз басын, мінез-бітімін танып-білуге мүмкіндік берсе, сонымен қатар оның Татьянамен және Ленскиймен қарым-қатынасын түсіну үшін де мәні бар. Мысалы:

*Ғашық құмар, ақылмен бойыңды алып,  
Жылы жауап есітер не қылсаң да.  
Ел аулақта оңаша қолына алып,  
Көңіліндегі сабағын айтып тынар,—*

деген мінездеуге сай Онегин Татьянаның өзіне ғашық сезімін білдіріп хат жазғаннан соң, жар сүйеге, үйленуге менің жайым келмейді, бүгін сені сүйсем, ертең жалығамын дей отырып, әлі жассың, өзіне лайық емес адамнан саяқ болғайсың деп біраз ақыл айтып, «сабағын» беріп тынады. Онегиннің Татьянаға айтқан, «мен баянсыз еркектің біреуімін» деген сөздерін, әрине, ақтарылып адал сырын ашқаны дей алмасақ керек. Онда біз Абайдың Онегинді, Пушкинмен үндес шығып, ол «түсін би-

леп, сыр бермейтін адам» деп сипаттайтынын ескермеген болар едік. Ал енді Онегиннің тағы бір мінез ерекшелігін танытатын мына сипаттаманы алсақ:

*Өзіне күндес шықса жол таласқан,  
Ажуаға, қорлауға тілі орамды,  
Не түрлі тұзақ құрып көңілін басқан,—*

осы сөздер Онегиннің Ленскиймен қарым-қатынасын түсінуіміз үшін бағалы дей аламыз. Онегиннен өз сүйіктісі Ольганы қызғанған Ленский аяқ астынан амалсыз онымен күндес адам болып шыққанда, Онегиннің жас досының албырттығын, қызбалығын елемеген сыңай көрсетуге тырысып, қасарып, өршілдігімен мәселені шиеленістіре түседі. Ленскийдің қорланып, азапқа түскенін көрседі, дос адамша түсінісейік деген рай білдіре қоймайды. Қатесін өзі мойындамаса, азап шексе, өз соры, мен несің иілемін дегендей.

Бұл өлеңдегі Онегин сипаты романда алғашқы таныстыру түрінде берілген. Ал уақиға барысында, іс-әрекет үстінде оның мінез ерекшеліктері әбден айқындалып, толыға түседі.

Онегинге Татьянаның махаббат сезімін білдіріп хат жазатыны — романның сюжетіндегі ең бір түйінді жері. Абай «Татьянаның Онегинге жазған хаты» (Амал жоқ — қайттым білдірмей) деп сол «Я к вам пишу — чего же боле?» деп басталатын Татьяна хатын кейбір жерде сөз қалдырып кетіп еркін аударғанмен, Пушкин тексінің жалпы мағынасын дұрыс береді. Аудармада Татьяна бейнесі, орысша түпнұсқаның басты ерекшеліктері сақталып, шебер суреттелген. Мысалы:

*Зачем вы посетили нас?  
В глуши забытого селенья  
Я никогда не знала б вас,  
Не знала б горького мученья,—  
Келмесең егер сен бізге,  
Сау болмас па ем, әлбетте?  
Болмасам ашына мен сізге,  
Түспес ем мұндай бейнетке,—*

деп қазақшалаған.

Татьянаның осы хатынан орыс қызының ашық мінезділігі, адалдығы, сезімталдығы, сенгіштігі — бәрі де апайқын көрініп тұр. Сондықтан бұл хаттың Татьянаның мінез-бітімін, психологиясын, жан сезімінің нәзіктілігін танып-білуде үлкен мәні бар екені сөзсіз. Абай Татьяна хатының терең мазмұнын толық жеткізуді көздей отырып, бұл мақсатын қазақ жастарының ұғым-түсінігіне

орай іске асыру қажеттігін де ескерген. Татьяна мінезін, оның еркіндігін, адалдығын өнеге ету үшін хатты қазақ қыздарының ұғымына сай келтірген. Қазақша текстегі кейбір өзгешеліктер осыдан туған деп қарауымыз жөн сияқты. Мысалы:

*Шеш көңілімнің жұмбағын,  
Әлде бәрі — алданыс.  
Жас жүрек жайып саусағын  
Ұмтылған шығар айға алыс,—*

деген шумақтағы қыз жүрегін аспандағы айға саусағын жайып тұрған бір жанды бейне кейпінде алып сипаттағаны — Абайдың өзі тапқан көркемдік тәсілі.

Абайдың «Татьяна хаты» атты бұл өлеңі терең мағыналы болумен бірге көңілге қонымды, тілге жеңіл болып шыққан. Оған Абайдың өзі әдемі ән шығарып, «Татьяна хаты» ертеден ел арасына кең тарап, айтылып келгені мәлім.

Абай Онегиннің Татьянамен бақшада кездескендегі айтқан қыздың хатына жауап сөзін «Онегиннің Татьянаға жауабы» (Таңғажайып бұл қалай хат) деп жеті-сегіз буынды өлшеммен бір аударған да, он бір буынды өлшеммен түгелдей тағы тәржімелеген. Абай бұл екінші аудармасында алғашқыдағыдай: «Мен — жаралы жолбарыспын, жұрттың атқан оғы өтіп», «Сен — тоты құс бақта жүрген» — деген сияқты өзі тыңнан қосқан айшықты теңеулерді қолданбай, Онегинді мейлінше қарапайым тілмен сөйлетеді. Бірақ түпнұсқада бар бейнелі салыстыруды сақтап:

*Жас қыз бен жас бәйтерек бәрі бірдей,  
Жапырағы тұра ма жылда өзгермей?—*

деп келтіреді. Ол Татьянаның адалдығын, таза махаббатын, сенгіштігін бағалай білсе де, жүрегі елжіреп тұрған жоқ. Бұл кездесуде ол сезімге бойын билетпейтін, өзінің бас бостандығын бәрінен жоғары бағалайтын, салқын қанды қалпында көрінеді. Ал кейін Татьянаға ерге шығып, басқа адаммен тұрмыс құрғаннан соң қайта кездескендегі Онегиннің күйі басқаша, оның Татьянаға ғашықтық сезімі сонда ғана оянады. «Онегиннің Татьянаға жазған хаты («Хұп білемін, сізге жақпас») — Онегин бірнеше жыл арада өткеннен соң өзі бір кезде жар етуден бастартқан Татьянаға қайтадан жолыққанда ғашықтық сезімін білдіріп жазған, түпнұсқада «Письмо к Татьяне» деген атпен берілген:

*Предвижу все, Вас оскорбит  
Печальной тайны объяснение,*

деп басталатын хаттың өте еркін жасалған аудармасы.

Мысалы:

*Сен бетіңді әрі бұрсаң  
Шықты көзім, болды көр.  
Жанды аларсың, разы болсаң,  
Біздің орын — қара жер;*

Немесе:

*Бар ма өмірім, қармалайын,  
Жоқ болса, мен өлейін,—*

деген сияқты сөздер түпнұсқада жоқ.

Онегинге Пушкин:

*Я знаю: век уж мой измерен,  
Но чтоб продлилась жизнь моя,  
Я утром должен быть уверен,  
Что с Вами днем увижусь я,—*

деген сөздерді ғана айтқызған болса, Абай Онегинге:

*Менің өмірім таянып тұр,  
Үзілуге әм жаным,—*

дегенді ғана айтқызып қоймай, оған махаббатсыз өмірмен қоштасуға бел байладым дегенді айтқызады. «Онегиннің өлердегі сөзі» деген өлеңді өзі шығарып Онегинге:

*Атам, анам, қара жер,  
Сен аша бер қойныңды,—*

дегізіп, оны өмірмен қоштастыратыны да осыған орайлас келеді.

Онегиннің осы хатында Татьянаның екеуі кездескенде айтқан жауап сөзін Абай «Татьяна сөзі» (Тәңрі қосқан жар едің сен) деп аударған. Бұл да мейлінше еркін тәржімаланған, өзгертулері көп. Олар қандай десек, тастап кеткендері сол кездегі қазақ қауымының, жастардың ұғым-түсінігіне үйлес келмейді-ау деген жерлері, қосқаны — солардың көңіліне қонымды қазақша сипаттама сөздер.

Татьянаны қазақша ойлап, қазақша сөйлеген етіп көрсететінін мына сөздерінен аңғаруға болады.

*Сен жаралы жолбарыс ең,  
Мен киіктің лағы ем.  
Тірі қалдым өлмей әрең,  
Қатты батты тырнағың.  
Қаймақ еді көңілімде,  
Бізге қаспақ болды жем.*

Татьянаның алғашқы хатына жауап сөзінде Онегин өзі де:

*Мен жаралы жолбарыспын,  
Жұрттың атқан оғы өтіп,—*

деген болатын. Абай Татьянаның аузына:

*Сен шошыдың ғашығыңнан,  
Өзге жұрттан қамшы жеп,—*

деген сөзді салған. Орысша түпнұсқада Онегинді олай ақтау кездеспейді. Татьяна тек ол кезде сіз мені ұнатпаған едіңіз («Я вам не нравилась») дейді.

Ал бүтіндей алсақ, Татьянаны баяғыдай адал, бірақ кісіге сенгіштігінен арылып, өзіне сенімділігі артқан, сертіне берік, алған бетінен қайтпайтын жан етіп сипаттауы жағынан Абай Пушкинмен толық үндес шыққан. «Татьяна сөзі» (Тәңірі қосқан жар едің сен) Абайдың өзі шығарған әнімен ерте кезден бері ел арасында айтылып келеді.

«Онегиннің өлердегі сөзі» атты Абай өз жанынан шығарған өлеңінен ол Онегин бейнесін, тағдырын сол кездегі қазақ жұртшылығына жақсы таныс Шығыс поэзиясының дәстүріне жақындата, Пушкиннің сипаттауынан басқарак баяндағанын көрсек, ал «Куда, куда вы удалились» деп басталатын Ленскийдің монологын «Ленский сөзінен» (Барасың, қайда, қайда болмай маған) деп аударғанда мазмұн-мағынасын көп өзгертпей жеткізуге ұмтылғаны байқалады. Бірақ Ленский сөзін түгел алмай, ықшамдап, жартысынан азын ғана еркін қазақшалаған, өлең не бәрі сегіз жол ғана болып шыққан. Онегинмен жекпе-жек атыспақ болып, дуэльге шығар алдында айтқандықтан мұны Ленскийдің өлердегі сөзі деуге келеді. Онегин тағдыры тұжырымды, дәлелді сипатталған болса, Ленскийдің тағдыры, сүйген қызы Ольганы Онегиннен қызғанып, оны жекпе-жек ұрысқа шақырып, дуэль үстінде қаза болғаны ол кездегі «Евгений Онегин» романының мазмұнынан бейхабар ортаға белгісіз болып қала береді. Ленскийге өзіне өлім қаупі төніп тұр деген сөзді айтқызған соң, оның солай деуінің сыры неде, нендей мәнісі бар екенін анықтаса керек еді. Қызу қанды, қиялшыл, албырт жас ақын жігіт Ленскийдің бейнесін Пушкин салқын қанды Онегин бейнесіне қарама-қарсы қойып сипаттаған. Қызғаншақтықпен сенімсіздік білдіріп өш алмақшы болған жас досына Онегин де иіле қоймай, өз басын да оққа байлап, оны да жазатайым өлімге қиюдан тартынбайды. Бұл Онегиннің, Абай сипаттап айтқандай мінезін, бәсекелес адамына кешірім жасай қоймайтынын, қайта оны «жеңуге, қор қылуға» бейім тұратынын, «өрлігі жаннан бөлек» екенін

айқындай түседі. Ленскийдің жекпе-жекке шығар алдындағы, яғни оның өмірінің ең бір түйінді кезеңінде айтылған осы сөзін Абай назардан тыс қалдырмай, оған әдейілеп көңіл бөлгеніне қарағанда, Онегин және Татьяна екеуімен қатар Ленскийді де қазақ жұртшылығына толығырақ таныстырып, оның Онегинмен қарым-қатынасын кеңірек ашып көрсетуді ниет қылған деп жорамал жасауға болады. Бірақ Ленский туралы жазғаны осы ғана ма, әлде сақталып жеткені сол ма — оны айту қиын.

Абайдың «Евгений Онегин» сарынымен шығарған өлеңдері,— бара-бар, немесе еркін аударғаны бар, жанынан қосқаны бар,— түгелдей алғанда бір желіге түсірілген, біртұтас топтама шығарма деуге лайық. Сондықтан Мұхтар Әуезов «Қазақ халқының ұлы ақыны» атты мақаласында: «Абай версиясында «Евгений Онегин» эпистолярлық роман түріне айналған»\* дейтіні тегін емес. Әрине, хат түріндегі, яғни, эпистолярлық роман дегенді шартты түрде айтылған деп түсінген жөн. Өлеңдердің кейбіреуі хат түрінде, ал бір тобы кейіпкерлер сөзі (монологы) түрінде берілген ғой, автордың атынан айтылған сипаттама («Онегин сипаты») және бар. Өлеңдер түгелге жуық кейіпкерлер атынан айтылған сөз (не хат, не монолог) болғандықтан оларда лирикалық драманың сипаты бар деуге де қисын жоқ емес. Қалай айтсақ та, мәселе Абайдың «Евгений Онегин» сарынымен жазған өлеңдерінің ажырамас біртұтастығын ұғып-түсінуде. Әуезов пікірінің құндылығы да осында.

Пушкин ұлылығын сол заманда, сол ортада отырып тани, бағалай білгендігі — Абай ұлылығының бір жарқын көрінісі. Абайдың Пушкинмен үндестігі, оны жақын тартуы тегін емес еді. Ол қазақ әдебиетінде өз дәуірінде бір кезде Пушкин орыс әдебиетінде атқарған қызметті атқаруды, сондай жүкті көтеруді мақсат етті. Қазақ қоғамы алдына қойған зор міндетті — жаңа реалистік әдебиетті қалыптастыру ісін Абай тиянақты атқарған болса, оған орыс әдебиетінің асқар алыбы Пушкиннің әдеби мұрасының өнегелік мәні аз болған жоқ. Тек осының өзі ғана Пушкиннің мұрасы, есімі қазақ әдебиетімен қаншалықты жақын болып кеткендігін айқын-ақ көрсетсе керек. Әсет, Әріп сияқты ақындардың «Евгений Онегинді» дастан етіп айтып жүргені Абай орнықтырған дәстүрдің сол кездің өзінде-ақ жалғастық тапқанын дәлелдейді.

---

\* Кітапта: *Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы.* 1954, 2-том, 306-бет.

Абай Пушкин шығармаларынан «Евгений Онегинді» айрықша бағалап, үніле ізерлеп, таңдаулы үзінділерін қазақша өлең еткен болса, орыстың лирикалық поэзиясынан көптен-көп сүйіп аударғаны — М. Ю. Лермонтов өлеңдері. Өзі әдебиетке Пушкиннің ізін суытпай келген, оның дәстүрлерін тікелей жалғастырған десек те, Лермонтов екеуінің ақындық тұлғасында айырмашылық та жетерлік. Пушкин мен Лермонтовтың поэзиясын салыстыра келіп, Белинский олардың тарихи тамырын анықтау үшін осы екі ақынның екі дәуірде өмір сүргенін айтқан болатын. Пушкин декабристердің қозғалысы бел алған, декабристік идеялар әбден тарап өрістеген дәуірде өмір сүрсе, әдебиет майданына сол кезде шыққан болса, Лермонтовтың әдебиетке келген кезі — онан кейінгі дәуір, декабристердің қозғалысы сәтсіздікке ұшыраған дәуір, жаңа революциялық күштер әлі қалыптасып жетпеген кезең. Сондықтан да Белинский Лермонтовтың жырларынан, әр сөзінен ерекше бір күш-жігер, қуатты леп еседі, бірақ оларда Пушкин поэзиясына тән жарқын үміт, алдағыға сенім әлдеқайда азырақ еді деді. Лермонтовтың поэзиясы, сыншының айтуынша, жанды тітіркендіріп, жүректі мұздататындай сауалға толы. Олай болса, Лермонтов — Пушкиннен кейінгі дәуірдің, енді революцияшыл-демократиялық күштер ояну басталатын дәуірдің, өткеннен үміт үзіп, алдан жаңалық іздеген дәуірдің жыршысы, жаршысы. Арынды жігер, қажырлы қайрат, әрекет-күрес сағынған ақынды осынау заман туғызған.

Тіпті Лермонтовтың поэзия әлеміндегі алғашқы барлауы есепті, 16—17 жасында жазған өлеңдеріне көз салсақ, солардың өзі алдымызға ақын поэзиясының өзегі — аласұрған алып-ұшқан ой-қиял, өмірді терең талдау, ізерлеу, іздену, сыншылдық, әрекет-күреске құмарлық екенін жайып салғандай. Ерте есейген жас Лермонтовтың өлеңдерін оқыған адам тұтқиылдан ой-қиялдың соншалық бай, соншалық сарқылмас қызық дүниесіне кіргендей болады. Ұшқыр қиял — Лермонтов поэзиясының рухы, жаны секілді. Өмірдің әрбір күнін өлмес, өшпестей ете алсам деп арман етеді ақын. Әрекетсіз, күрессіз өмір бос, ынтасыз, іске ықылассыз қызық жоқ дейді ол.

Ал, Лермонтов поэзиясының бір берік қазығындай «Ой» деген толғау-жырын еске алсақ, оның Абайдың назарына тегін ілікпегенін байқай аламыз.

Дүние, өмір жайлы тынымсыз ойға батып, бәрін сынап, ақылменен саралап, асқақ қиялға, үміт пен арманға әбден берілген күйі де, жазықсыз жапа шеккен, ауыр



бейнет тартқан көптің атынан азулы, күштілерге айтқан қатты наразылығы да — бәрі де осы өлеңнен молынан сезіледі. Қақтығысы, қалтарысы есепсіз өмірде әділет пен шындық жол таба алмай қамауда қалып жатса, ал сол өмірдің ызғарын айықтыратын күш әлсіз көрінсе, қайғы-мұң неге болмасын. Мейірімсіз қатал заман жан түршігер зорлық, озбырлыққа жол берсе, ыза, кек неге тумасын. Рас, ақынның ортасын қомсынатыны да бар. Бірақ, бұл озық жандарға бойы теңдес адамдар көбейе, молая түссе, олар сол ортада үлкен іске орайлас жай-жағдай таба алса деген тілектен туады. Ақынның заман соққысына мойымайтын, қайта өмір ауыртпалығы ширата түсетін тасқындаған қайрат-жігері бар адамды көксеуі де осы келешекке сенім артуымен сабақтас қой. Осыны былай қойғанда, бұл өлеңнің салмағы тек қана сында емес. Үйткені ақынның нені жек көретіні, нені жоққа шығаратынын қандай айқын болса, нені құптайтыны, қандай іс, өнеге өріс алсын дейтіні де соншалықты ашық, айқын-ақ. Осының шығарушысы, айтушысы өмірдің қызығын тебірене сезінбейді деудің өзі тіпті қиянат. Ақын жаны кейісе де, күйінсе де, көңілді үміт қозғап, алыс арман толқытып, содан барып жыр шертетіні байқалады. Лермонтовтың осындай өлең-жырларының бағытын, идеялық өзгешелік сырын тереңірек түсіну үшін оларды басқа, өмірге деген орасан зор сүйіспеншілік сезімі, жалынды махаббатты тікелей, айқын көрінетін шығармаларымен қатар алып қарастырған жөн. Сонда «Ой» және «Әм жалықтым, әм жабықтым» сияқты сын, сықаққа лық толы, қамыққан көңілдің күйін шерткендей жырларды жазған Лермонтов болса, өмірге құмарлық, оның қызығына құштарлық, ынтықтық асқан ақындық қуатпен белгі берген «Дұға», «Жолға шықтым қараңғы түнде жалғыз» сияқты жырларды туғызған да сол Лермонтов екенін айқын аңғарамыз.

Бұл тұста Лермонтовтың халықтың, қауым елдің жоқшысы, бейнет шеккен көптің жоқтаушысы ретінде әсіресе айқын көрінетін және осындай ойларын дәлдеп, туралап айтқан шығармаларын атасақ болады. Соның ішінен «Өзіне сенбе, жас ойшыл» атты өлеңін алсақ, осы бір ғана сом бітімді, сондайлық шебер келістіріп жасалған поэзиялық туындының өзі-ақ ұлы ақын ауыр азап шеккен бұқара халықтың халіне қандай жанашырлық, жақындық сезіммен қарағанына толық дәлел боларлықтай. Қорлықта, езде жүрген, есесі кетіп, еңсесі түскен кедей-көптің қажырлы-беріктігін, жасу-налуды, күйініш-күйреуіштікті білмейтін орасан төзімділігін айтып сүйін-

се, бұқараның осындай қиын хал-жайын білмей нағыз өнімді, өмірлік күші бар поэзия туғызу мүмкін емес деп қорытса, мұны халыққа қамқорлық еткендік, оның қамын жегендік демей не дейміз. Бұл жерде көңіл қоярлық мәселе мынау — осы айтылғанның өзі де белгілі бір шығармалар тобына ғана тән, солармен шектеліп жатқан ой-пікір емес. Осыған жақын пікірді талай-талай өлең-жырларынан, мысалы, «Ақын» деген жырынан да кездестіреміз. Тегінде Лермонтов бір өлеңдерінде азаматтық намыс-арын жоғары ұстайтын адамның бұлжымайтын беріктік, тұрақтылығын қастерлеп отырса, ондай жанды кеудесін толқын қанша ұрса да, мызғымайтын жартас бейнесінде көрсетсе, енді бір өлеңдерінде тартыс жолын, күрес жолын қалаған ақын-жыршының қайсар, ешкім бас имейтін табанды, темірдей берік болуын талап етеді. Мұқалмайтын, қайтпайтын алмас қанжардың образы — Лермонтов шеберлеп жасаған образ — ақынның осындай алғырлығы, таңқаларлық табандылығының символындай болып поэзия қазынасынан берік орын алады.

Абайдың Лермонтов поэзиясына деген ықыласы ерекше болды. Ол орыс ақынын айрықша жақын көрді, сырлас, мұңдасын тапқандай болды. Орыс поэзиясына бейімдене ден қойған Абайдың ең көп үндестік тапқан ақыны, ең бір өзіне үндес сезінген адамы Лермонтов еді десек, артық бола қоймас. Абай ұлы ақынның, тіпті сол кездегі орыс қауымының тілек-талабын, мұңын ұға алатын дәрежеде еді. Ол мұңын ұққан халықтың жырын да ұқты. Лермонтовтың ыза-кегі, наразылығы орыс халқының, езілген қауымның кегін, наразылығын танытатынын, оның қайғы-мұңына налуынан ел мұңы, халық мұңы көрінетінін сезінді. «Соктықпалы, сокпақсыз жерде өскен», «мыңмен жалғыз алысқан» жырларына нәр еткен-ді. Оның «қаны қара бір жанмын, жаны жара» деп ашулы мұң шерткені де белгілі.

Лермонтовты ол «ерекше ызаның ақыны, махаббаты ашумен уланған ақын» деп, өте-мөте іш тартып, жақын көрді.

Абайдың ұлылығы алдымен лирикалық поэзиядан анық көрінетіні айрықша дәлелдеуді қажет етпейді. Абай қазақ әдебиетіне, поэзиясына лирикалық шығармалардың бұрын орын теппеген, таралмаған жаңа түрлерін енгізді десек, соның ішінен адамның жан дүниесін суреттейтін өлең-жырлар, ақындық өнерді, оның қоғамдық мәнін айқындайтын өлеңдер, табиғатты суреттейтін өлеңдер тобын еске алуымызға болар еді. Осы шығар-

малардың мүлде жаңа әдеби дәстүр орнықтырғандығы айқын-ақ. Әрине, қанша тың, соны болса да, бұлар — қазақ топырағында туған жаңалық. Халықтың өлең-жыр теңізіне терең бойлап өскен жеміс. Сонымен бірге олардың ішінде суреттеу әдісі, тәсілі жағынан орыс классикалық әдебиетінің үздік туындыларымен, Пушкин, Лермонтов шығармаларымен үндес көрінетіні де бар екеніне ешкім таласпас. Абайдың кейбір өлеңдері өмірдегі ақынның орнын, мақсат-міндетін терең түсіну, өлең сөздің халықтық сипатын жоғары бағалау жағынан Пушкин, Лермонтов шығармаларына ұқсас келсе, тағы бір топ өлеңдері адамның ішкі сезімін және табиғат көрінісін таңқаларлық көркемдік шеберлікпен суреттеуімен, өмір шындығын мейлінше айқын, әсерлі көрсетуімен соларға жақын сезіледі. Мұндай ұқсастықты өмірдің өзі туғызған бірнеше ақынға ортақ белгілер деп қараған жөн.

«Альбомға» атты өлеңінде Абай поэзиялық шығарма кімнің қажетіне жарайды деген мәселені қозғайды. Бұл тұста «Қарасөздердің» бас жағында келетін мына жолдар ойға оралады: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, «керегі жоқ» десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ».

Осындай пікірін Абай өлең жайында да айтқан («Өзгеге көңілім тоярсың»). Енді Абай Лермонтовтың өзіне үндес шығармасын аударып, мынаны айтып отыр:

*Қол жазуды ермек ет, жатпа бекер,  
Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер.  
Өзі қысқа, өзі асау тентек өмір,  
Арттағыға бір белгі қойса нетер?*

*Кім біледі, кез болса, арттағылар,  
Ойға салып оқыр да, сөзін сынар.  
Көзін салып, ойланып кейбір сөзін,  
«Рас-ау», — деп, мағынасын ол дағы ұғар,*

*Кім білер, жабырқаңқы жазған сөзім,  
Жібермей кеп, тоқтатар оның көзін,  
Жолаушы жол үстінде тамаша еткен  
Сықылды өлген жанның бір күмбезін.*

Сөйтіп, Лермонтов шығармасын аударып отырып, Абай өз пікірін де анық білдірген.

Лермонтовтың өлеңі «Альбомға» деп аталғаны тегін болмаса керек. Ақын жазған сөздерін кейінгілерге өнеге етуге құштарлық ниет білдірсе де, айналасындағы адам-

дарға сырын ақтарудан тартынған. Өз бағытын, алған бетін берік ұстанып, көлденең адамдардың орынсыз пікірін есепке ала алмайтынын «Я не хочу, чтоб свет узнал» деген өлеңінен айқын байқаймыз. Абай оны «Менің сырым, жігіттер, емес оңай» деп тәржімелеп, ақындық өнердің тәуелсіз, еркін болуы қажет деген идеяны толық жеткізген. Абай да өзін «судан қайтпас», «үлкен жартас», «үлкен жан» деп сезінеді, өзінің қандай қиыншылыққа болса да, «теңізден таудай толқып соқса дағы», «бет бұрып» қайтпайтын қажырлылығына сенеді.

*Надандар былшылдайды, құп алмайды,  
Үлкен жанның қиялын ұға алмайды.  
Теңізден таудай толқын соқса дағы,  
Жағадағы жартасты жыға алмайды.*

*Құдай мықты жаратқан үлкен жартас,  
Были-были еткен бет бұрып судан қайтпас,  
Бұлтта суық дауыл, жаймен сырлас,  
Өзгені жан екен деп сырын айтпас.*

Осы орайда «Қорқытпа мені дауылдан» дейтін өлеңінде Абай өмірдің күр әншейін күн өткізу емес, мағыналы, үмітке, ізденіске толы болуын, адамның үлкен мақсатқа жетуге күш жұмсай алатындай батыл, қайсар мінезді келуін аңсайтынын да айта кету орынды дейміз.

*Қорқытпа мені, дауылдан  
Дүрілдеп тұрса тау мен сай,  
Шатырлап тұрған жауыннан  
Жарқылдап тұрса түскен жай.*

*Көк торғындай аспан-көк,  
Білемін, жайнап ашылар.  
Исі аңқыған бәйшешек  
Түрленіп жерді жасырар.*

*Қорқытпайды қар мен мұз,  
Өзге нәрсе қорқытты.  
Ойсыз, доссыз, бақытсыз.  
Жыбырлақпен өмір өтті.*

Өлеңдегі негізгі ойды білдіретін осы үш шумақта Абай өзі аударып отырған «Не пугай меня грозою» дейтін Н. А. Буниннің тексінен көп алшақ кетпеген. Үйткені қиындыққа мойымай, қажымай, алдағы өмірге сеніммен қарауды ол өз жанына жақын сезінді. Осыған ұқсас пікірлерді оның көп төл шығармаларынан жиі кездестіруге болады. Қарасөзінің бірінде Абай «Үміт үзбек — қайратсыздық» деп келіп: «Қары қалың қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді? деп түйіндейтінін еске алсақ, тіпті сөзбе-сөз ұқсастық та бар екенін көреміз. Әрине, мәселе жеке сөз, сөйлемдер ұқ-

састығында емес, біз бұл жерде Абай өз ой-пікірлерімен жанасып, жалғас келетін, өз көңіл күйіне үйлес, үндес өлеңдерді аударуды қажет деп санағанын атап айтпақшымыз.

Абайдың Лермонтов тексін қазақша жеткізу әдістері әр түрлі, аударманың түпнұсқаға жақындық дәрежесі ығи бірдей емес,

Бара-бар, дәлме-дәл аудармаларында Абай Лермонтов шығармасының ішкі әлемін, оның толқын-лебізін, жаңа сапасын қазақ тілінің суреттеу мүмкіншіліктерін пайдаланып мол жеткізеді. Абай Лермонтов оригиналын барлық жарастық сәнімен, бар ерекшелігімен қазақ тілінде қайтадан туғызады. Мысалға «Альбомға», «Жолға шықтым қараңғы түнде жалғыз» сияқты өлеңдерді атауға болады. Абайдың Лермонтовтан тәржімелеген шығармаларының тең жартысы дерлік — осындай дәл, жақын аудармалар.

Ал қалған жартысы еркін аудармалар. Бұған мысал ретінде «Ой», «Теректің сыйы» сияқты өлеңдерді атауға болады. «Ой» атты өлеңнің бастапқы шумағында Абай Лермонтовтың бұл жұрт көңілде сенім жоқтықтан білген білімді іске жарата алмай отыр деген пікірін өзгертіп, сол кездегі қазақ жағдайына ыңғайлап:

*Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,  
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды,—*

деп кетеді. Мұндайда Абайдың Лермонтов өлеңінің мазмұнын бастан-аяқ бұлжытпай дәл жеткізуді мақсат етпей, кейде толғанып, тебіреніп жарыса отыратыны көзге түседі.

Осы өлеңнің аяққы біраз жолдарының орнына тыңнан біраз сөз салып, өз заманының тағы бір өрескел мінін былай суреттейді:

*Мал үшін аш қатасың, жан сатасың,  
Әкесі аштан өлген кісідей-ақ,  
Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын!*

Абай қазақтың қанына сіңген малқұмарлықты әшке-релеуді мақсат еткен.

Сөйтіп, Абайдың түпнұсқаға өзгеріс енгізіп мағынасын басқаша ашып келтіруі оны қазақ өмірінің шындығына жақындастыру, өз көңіл-күйіне үйлестіру мақсатынан туады. Абай Лермонтов шығармаларының жаңа жағдайда мейлінше әсерлі және түсінікті болуын, оның идеялық, көркемдік сапасының жоғары болуын көздейді. «Теректің сыйы» атты өлеңнің айрықша мәнділігі, ке-

зінде Белинский айтқандай Кавказды мадақтау — Терек өзені мен Каспий теңізінің бейнелері арқылы Кавказды елестетеміз. Кавказдан бастау алып, Каспийге құятын Терек оған қажет сыйлықтар әкеледі. Кәрі Каспий басында қалғыған бойымен елең етпей, үн шығармай, тек «казак-орыс қатыны бір сұлуды әкеліп ем» дегенде көзін ашып, сылқ-сылқ күліп, жылы жүзбен амандасады.

Лермонтов өлеңінде нақтылы, табиғат суреті мен көркемдік қиял осылай әдемі ұштасып келеді десек, Абай соның бәрін өзіндік бояуын сақтай отырып, әсерлі қазақша айтып жеткізген.

Ал жеке сөздерді, сөйлемдерді аударғанда алшақ кеткен тұстары бар дегенге, көбірек айтылатыны өлеңнің алғашқы шумағындағы:

*Арыстанның жалындай бұйра толқын,  
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып,—*

деп келетін тармақтар. Бірақ осындағы «айдаһардай бүктеліп» дегенін еркіндікке жатқызсақ та, «арыстанның жалындай» дегені Лермонтовтың басқа бір шығармасындағы:

*И Терек, прыгая как львица,  
С косматой гривой на хребте,—*

деп келетін сөздермен үндес екені байқалады. Және жал арыстанда ғана болатынын Абай дұрыс ескерген (львица» деп жаңылыс айтылған ғой).

«Асау той, тентек жиын, опыр-топыр» өлеңінде Абай ойсыз, топас тобырдың ішінде отырған өзгеден ойы озық, көреген, алдағыны болжай алатын адамның ерекше тұлғасын салмақты етіп, ірілетіп көрсетуге мән бергенін байқаймыз. Бұл — Лермонтовтың «На буйном пиршестве задумчив он сидел» деген өлеңінің аудармасы.

Лермонтов өлеңі француз жазушысы Ж. Ф. Лагарптың әңгімесі негізінде жазылған. Онда бір той-жиында монархист жазушы Ж. Казот (1719—92) француз революциясы болатынын, отырған адамдардың және өзінің тағдырын алдын ала болжап айтқан екен делінеді. (Казот өзі 1792 жылы дарға асылған). Алда патша тақтан құлайтын күн туады («когда царей корона упадет») деген сарын Лермонтовтың өз өлеңдерінде де кездеседі. Бұл өлеңде уақиға болған жай, жиналған топтың ішінде «түсі суық бір жан» отырғаны сол жиынға қатысқан, өз көзімен көрген адамның аузымен айтылады. «Құла-

ғымда әлі түр соның үні» деп, алдағыны болжай білетін сәуегейдің топта айтқан сөзін бізге жеткізетін де жанағы куәгер баяндаушы. Абай өлеңде айтылатын жай-жағдайды баяндағанда пәлендей ауытқымайды, бірақ түсі суық жанның көрегендік сөздерін өзінше өзгертіп келтіреді. Оған сендердің төбелеріңе бастарыңды шабатын айбалта төніп тұр (Над вашей головой колеблется секира) дегенді айтқызбай, тағдырға амалсыз көнесіндер, «қайда айдаса, барасын» дегізумен шектеледі.

Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңдерінің ішінде өмірден күткен үміті ақталмағанын сезіну, жалғыздық сарыны елеулі орын алған туындылар да кездеседі. Солардың бірі «Рахат, мені тастап қоймадың тыныш» — орысшасы «Хоть давно изменила мне радость». Осы алғашқы тармақтың мағынасы қазақшада сәл басқаша:

*Ғашық жар, ағайын, дос — бәрі алдағыш,  
Жастық құмар, үміттің нұры қайтып,  
Күңгірт тартты бәрінің аяғы реніш,—*

деп жалғасқандықтан, түпнұсқаның мағынасы айтарлықтай өзгере қоймайды.

Лермонтовтың өлеңіне негізгі арқау болған сарын — жалғыздығын, өмірден күткен үміті ақталмағанын сезіну. Сонымен бірге өлеңнен талай алданса да, тағдырға бас имейтін, именбейтін, қайғы келсе, төзе білетін адамның бейнесін көреміз. Абай да өлеңдегі лирикалық қаһарманның осы қасиеттерін әсерлі, нанымды сипаттайды. Ол өмірдің соққан дауыл сияқты тез өтіп кететініне әбден көзі жетсе де, жақсылықтан да әлі мүлде күдерін үзбеген. Абай өлеңдегі лирикалық қаһарманның осы қасиеттерін нанымды, әсерлі сипаттайды. Осы айтылғанды:

*Алладан бәрібір деп тосып тұрмын  
Алғалы жақсылықты я өлгелі,—*

деген түйінді ойды білдіретін сөздерден-ақ айқын аңғаруға болады. Орысшасы:

*И я хладно приход ожидаю  
Кончины иль лучшего дня.*

Бұл орайда басқа өлеңнің мына сөздері еріксіз еске түседі:

*Өлімнің ұйқысы емес іздегенім,  
Ұйқы, тыныштық, ұмыту — бер дегенім.  
Көкірегімде өмірдің күші тұрып,  
Іздеймін дем алысты үзбегенім,—*

дейді.

Бұл да — Абайдың Лермонтовша толғанғаны, «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» дейтін аударма өлеңінің бір шумағы. Өлеңнің идеялық өзегі, тірегі болған өмірге құштарлық осы келтірілген сөздерден әсіресе айқын аңғарылады. Бұл лирикалық шығарма өмірге ой көзімен қарай білудің, терең сезімталдықтың, сыршылдықтың үлгісі боларлықтай. Өлеңнен жарық түнде жалғыз жолға шығып, аспан мен жердің, жоғарыда жалт-жұлт етіп көрінген жұлдыздардың ғажайып әдемілігін тамашалап, ғарыштық кеңістікті бар жанымен сезінген ақынның бейнесін көреміз. Сондықтан оның өз көңіл күйін қозғайтын әрі сөзі ерекше салмақты, мәнді болып шыққан. Өлеңдегі мұңды сарын да, тыныштық, азаттық іздеу де адамды жадырататындай әсер береді.

Абай осының бәрін қалт жібермей дәл жеткізген.

Мысалы:

*Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын,  
Жер ұйықтап, көкшіл шықпен бу алғанын.  
Менің не мұнша қапа, қысылғаным?  
Үміт пе, өкініш пе ойлағаным?*

*Дүниеден үмітім жоқ менің деймін,  
Өмірге өткен шиттей өкінбеймін.  
Азаттық пен тыныштық көксегенім,  
Ұйықтамақ пен ұмытпақ деп іздеймін.*

Тек соңғы шумақта ғана еркіндік байқалады.

*Чтоб всю ночь, весь день мой слух лелея,  
Про любовь мне сладкий голос пел.  
Надо мной чтоб, вечно зеленея,  
Темный дуб склонялся и шумел,—*

деп Лермонтов махаббат жыры мен жапырағы сарғаймай, мәңгі жасыл болып тұратын ағаштың сыбдырын аңсаса, Абай тамылжыған табиғаттың үнімен жылылық пен достық, өнген, өскен жақсы екені мадақталуын армандайды:

*Су сылдырлап, жел гулеп, күн шуақтап,  
Жылылық пен достықты тұрсын мақтап.  
«Өнген, өскен жақсы» деп емен ағаш  
Теңселіп айтып тұрса ол шайқақтап.*

«Күлімсіреп аспан тұр» дейтін өлеңінде:

*Қапамын мен, қапамын,  
Қуаныш жоқ көңілімде.  
Қайғырамын жатамын,  
Нені іздеймін өмірде?—*



деп акынның налыған күйі жасырмай еш жасандылығы жоқ сенімсіздікпен айтылғанын көреміз. Осы сөздерді акынның өз жан тебіренісі десек те, немесе лирикалық кейіпкердің мұнды сезімі десек те, мұнда өмірде болатын шындық бүкпесіз тура айтылғанын еріксіз мойындаймыз. Осы тұңғыққа келіп тірелгендей жағдайдан жол тауып шығатын мүмкіндік бар ма деген ой да мазамызды алғандай. Осындай сәтте бейне бір музыкалық шығармадағыдай, алдыңғыға қарама-қарсы басқа сарын естіліп, бара-бара әбден күшейгендей әсер аламыз. Ол сарын — қат-қабат қайғы келсе де, адамның дүниенің қызығын қимайтын сезімі, өмірге құштарлық:

*Іздегенім тәтті ұйқы,  
Дүниені ұмытып.  
Өлімнің суық дым сиқы,  
Тұрсын өмір жылытып.*

*Көз ұйқыда, ой тыныш,  
Дем алып жатсын көкірек.  
Кім таласса, кім ұрсып,  
Көрсем оны — сол керек.*

*Өзім аулақ бетінен,  
Бір орында оңаша.  
Дүние деген не деген —  
Қыла жатсам тамаша.*

Лермонтовтың уақыт, өмірдің өтуі, өлім мен өмір жайлы толғанатын тағы бір өлеңі — «Пленный рыцарь». Абай оны «Тұтқындағы батыр» деп тәржімелеген, Қазақша батыр деп аталса да, оның серілік сипаты «дұға» оқып, талай тойда «өлең айтып жүрген» мінезінен байқалады. Рас, Абай оның сондағы айтқаны сүйгенін мадақтаған жыр еді деп айқындап жатпайды.

Лермонтовтың өлеңі Абайдың аудармасы да бастанаяқ сол қамаудағы тұтқынның аузымен айтылып, соның көңіл-күйін білдіреді. Ол қараңғы қапаста отырып, тек терезеден «көгерген көктің жүзін», жарық сәулені, аспанда еркін ұшып жүрген құстарды көріп қапа болады, бұрынғы еркін өмірін, майданға «қайрат қылған» кезін еске алады. Қазіргі жағдайын бұрынғы кезімен салыстырып, ерекше тапқырлық таныта сөйлеп, тас дулыға, тас сауыт киіп жатырмын, киімімді оқ пен қылыш бұзбастай, тек астымда мінген атым жоқ, киген сауытым, жатқан үйім — тас дулыға, шойын есік — шарайнам, қалқаным деп түсіндіреді. Жүйрік уақыт қажытпай қоймас, бұл азаптан өліп құтылуға ғана болатын шығар деп, өлімнен қорықпайтынын да айтады.

Жарық дүниені бір көруге зар болып жатқан сорлы

тұтқынның сөздері арқылы азаттықты, бостандықты аңсау идеясы осы өлеңде айрықша көркемдік шеберлікпен жеткізілген.

Лермонтов бейнелеген демон бейіштен қуылған шайтан кейпіне келеді, сонымен жалғас туған десек те, орыс поэзиясында ол — өте күрделі, өзгеше сипатталған тұлға.

Лермонтовтың «Демон» атты поэмасының бастапқы екі бөлімшесін түгел алып, сөз қосып өте еркін аударған.

Лермонтов өз поэмасында демонды символ ретінде алып, сол өршілдікпен бейіштен қуылған эзезіл, перінің бейнесі арқылы тәкаппарлықтың, еркіндік іздеудің шегі бар, шексіз болса, қайғыға ұшыратады деген ойды аңғартқан. Қарсылық еткені үшін құдайдың лағнетіне душар болған пері өлмес өмір, сарқылмас қайрат-күшке қолы жетсе де, адамға не қиянат жасап жүрсе де, еш нәрсеге қуана да, сүйсіне де алмайды. Абай «Печальный демон, дух изгнания, летал над грешною землей» деп басталатын, періні тұжырымды сипаттайтын поэманың кіріспесін алып, бірақ демон тұлғасын толығырақ көрсетуге ұмтылып, еркін қазақшалаған. Өлеңнің аяғын өзінше қайырып, шайтанның аузына:

*Ақылға, өмірге де адам кенде,  
Өлмес өмір, қайрат, күш — бәрі менде,  
Күнінде жүз қуанып, күліп жүрген  
Осы адам уайымсыз не еткен бенде?—*

деген сөздерді салады.

Лермонтов поэмасында демон айтатын сөздерден бұған біраз үндес келеді деп:

*Что люди? что их жизнь и труд?  
Они прошли, они пройдут,—*

деген жолдарды айтпасақ, басқадай мағынасы сәйкес сөздер кездеспейді.

Абай Лермонтовтың бітпей қалған «Вадим» атты романының алғашқы екі тарауы және үшінші тарауының біраз жерін өлеңмен еркін аударған. Бұл шығармада шаруалардың крепостнойлық тәртіпке наразылығы баяндалған. Лермонтов жазып бітірген 24 тарауды бірінші бөлім деп белгілеген. Кейбір зерттеушілер, оның ішінде профессор Н. К. Пиксанов, романның келесі бөлімдерінде Пугачев образы суреттелген болар еді деген пікір айтады.

Вадимды қайыршылардың ішінен Палицын деген

бай қайсарлығына, қайраттылығына қызығып, бүкір екеніне қарамай, қызметші етіп жанына алады. Емельян Пугачев көтерілісі Пенза губерниясына да жайылып, Палицын қашып қалың ағаштың ішін паналайды. Палицынның баласы Юрий Вадимның қарындасы Ольгаға қызығып, алып қашпақшы болып, оны алып келуге қызметшісін жұмсайды. Вадим оның жіберген кісісін өлтіріп, топтанып жүрген бүлікшіл кедейлерді сонынан ертіп, Палицынның өзін іздеп тауып, өш алуға бел байлайды. Лермонтов шығармасы аяқталмай қалғандықтан, бұдан әрі не болатыны айтылмайды. Кедей шаруалардың көтерілісін, Палицынның бас қорғалап қашқанын, болған бүліншілік істерді, нақтылы жағдайларды Лермонтов ел аузында айтылып жүрген әңгіме-аңыздарға сүйеніп жазған. Абайдың өлеңмен аударған шығармасында уақиға Палицынның Вадимді үйіне ертіп келуімен тынады. Әрі қарай шаруалар көтерілісін, Вадимның қарындасын іздеген, зорлықшылардан өш алу үшін істеген әрекетін бейнелеген тұстарын да аударған деген болжам айтылғанымен, біздің қолымызға келіп жеткен дерек жоқ. Бірақ, Абайдың осы Вадим уақиғасын, оның іс-әрекетін түгел әңгімелеп беруді ниет еткені анық. Әйтпесе, құр басын бастап, қоя салу үшін тәржімелеуге кіріспейтіні түсінікті ғой.

Абайдың Лермонтовтан аударғандары — негізінде әлеуметтік өмірдің көлеңкелі жақтарын, еріншек, белсенділігі жоқ адамды сынайтын шығармалар, азамат ақынның образын беретін өлең-жыр жайындағы шығармалар, жалғыздығын, бірақ оған мойымайтын беріктігін айтатын шығармалар.

Ал Абай Крыловтың мысалдарын тәржімелегенде олардан қандай үндестік тапты десек, айтылатын ойды мысалдағыдай тұспалдап айту қазақ поэзиясында, әдебиетінде жиі кездесетін тәсіл екенін атар едік. Мұның талай үлгілерін Абайдың өлеңдерін талдағанда көрдік. Бұл жерде оның «Ғабидоллаға» деген атпен басылып жүрген мына өлеңіне назар аударалық:

*Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын,  
Қайдан білсін өмірдің көбін-азын,  
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,  
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.  
Күз келген соң тамырын үсік шалып,  
Бетегеге жете алмай болар жазым.*

*Мен дағы көп есіттім жастың назын,  
Қол жетпеске қол созар бар ма ылажың?  
«Боламын» мен жүргенде болат қайтып,  
Жалын сөніп, жас жүзін басады ажым.*

Осыны мысал түріндегі тұспалды өлең десек, ешкім таласа қоймас. Өлеңнің алғашқы негізгі бөлігінде қазақ даласындағы нақтылы табиғат көрінісі бейнеленгендей болса да, сол арқылы бір адамның өмірін тұтас алып, тұспалдап айтып отырғанын айқын аңдаймыз. «Боламын» жүргенде болат қайтып, сол адамның өнерсіз қартайғанын айтуы да нағыз мысалдағы қорытынды-түйін деуге лайық.

«Базарға қарап тұрсам әркім барар» да — осындай түгелдей тұспалдап баяндауға негізделген өлең.

Абай тұспалдау тәсілін осы сияқты өлеңдерінде қолдана отырып, мысал жанрын қазақ поэзиясының дербес саласы ретінде қалыптастырудың қаншалықты маңызды іс екенін де жақсы түсінді.

Мысал өлеңдердің дүние жүзі әдебиетінде қалыптасып дамуына айтарлықтай үлкен әсер еткен Эзоп, Федр, Лессинг, Лафонтендердің еңбегі қандай зор болса, Крыловтың орыс әдебиетінде мысал жанрын поэзиялық үлгіде дамытуға қосқан үлесі де сондайлық мол болды. Крыловтың қаламынан туған мысал өлеңдер 1806 жылы жарық көре бастады да, 1809 жылы олар жеке кітап болып басылды. Ақынның мысал өлеңдері әдебиет сүйгіш қауымның назарын бірден аударып, жақсы баға алды. Крыловтың көзі тірі кезінде-ақ мысал өлеңдерінің тоғыз жинағы басылып шықты.

Крылов мысал өлеңдерді орыс поэзиясында дербес әдеби жанр ретінде қалыптастырып, жаңа дәуірдің тілек-талаптарымен ұштастыра, биік белеске көтере алды. Ол мысал өлеңдерді орыс өмірінің шындығымен тығыз байланыстырып, оларға шынайы халықтық, ұлттық сипат дарытты. Сондықтан да оның мысалдары дүние жүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылып, кеңінен тарады. Мысал өлеңдерінде Крылов қоғамдық өмір қайшылықтарын, әр түрлі топтардың мінез-құлқын ашып көрсетіп, күнделікті тұрмысқа қатысты сан түрлі жайттарды орынды қозғап, баяндап бере алған. Бір алуан мысалдардан үстем тап өкілдері мен төменгі тап өкілдері арасындағы қайшылықты, еңбекқор қарапайым шаруа адамдарының жағымды қасиеттерін көреміз («Қасқыр мен қозы», «Жапырақтар мен тамырлар», «Шегіртке мен құмырсқа» т. б.). Орыс халқының сол дәуірдегі өмірін асқан шыншылдықпен суреттеуінен, әр түрлі таптар мен топтардың өкілдерінің мінезін, іс-әрекетін дәл көрсете білуінен, халық тілінің байлығын, бейнелілік нақышын шебер пайдалана білуінен — осы-

ның бәрінен Крыловтың үздік көркемдік шеберлігі толық танылады.

Абайдың мысал өлеңдері Крылов шығармаларынан аударма деп саналып жүр. Алайда осы өлеңдерді талдап, бағалағанда бір жайды толық ескеру қажет. Олар толық мағынасында аударма емес, көбінесе белгілі бір сюжет еркін баяндалады. Абай орысша мысалдың текстің дәлме-дәл тәржімелеуді мақсат етпеген, уақиға желісін негізінен сақтай отырып, бірақ мысалдағы жай-жағдайларды қазақ өміріне, ұғым-түсінігіне, ойлау, сөйлеу ерекшелігіне жанастырып, өзінше бейнелеуге ұмтылған. Сондықтан Абайдың мысал өлеңдерін орысша текске сәйкестігі тұрғысынан қарап, ана жері дәл түскен, мына жері дәл емес, кем түскен деудің ешбір қисыны жоқ. Кейде қазақша баяндау, бейнелеу орысша текстегі сөздің айтылу қалпына ұқсас шыққанда ұтымды болса, ал кейде қазақша ойлау, сөйлеу ерекшелігіне орай басқаша берілгенде келісті, оралымды болатыны — кім де болсын санаспай тұра алмайтын бұлтартпас шындық, оны сөз зергері жақсы сезінеді. Мұның өзі ақынның қолын байлайтын, шеберлігіне шек қоятын жағдай деп емес, керісінше, ойдың, сөздің оралымын өзінше келтіріп, тың, жана өрнек табуына мүмкіндік беретін жағдай деп түсінген жөн.

Абайдың мысал өлеңдерінің ішінде кейбір аудармаларға жатқызуға болатыны да кездессе, дені еркін тәржімелегендіктен белгілі сюжеттің сарынымен жазылған деуге лайық болып келеді. Айталық, «Жарлы бай» атты мысал өлеңінде Абай оқиға желісін еркін баяндап, соңында:

*Алтын қайда, сөз қайда?  
Қу нәпсіден не пайда,—*

дегенді өз жанынан қосады. Сондай-ақ «Шегіртке мен құмырсқа» атты өлеңдегі:

*Мен өзіндей шаруашыл  
Жұмсақ илеу үйлі ме?*

деген сөздер, шегірткенің құмырсқаға барған қалпын:

*Селкілдеп келіп жығылды,  
Аяғына бас ұра,—*

дегендей суреттеме орысша нұсқада жоқ. Абай құмырсқаның еңбекқорлығын, шегірткенің қамсыздығын көзге айқын елестетерліктей белгілермен үстемелей түскен.

Осы өлеңдегі құмырсқаның атынан айтылатын:

*Қайтсін, қолы тименті,  
Өлеңші, әнші есіл ер!*—

деген Абайдың өзі қосарлап келтірген сөздері де нағыз қазақша сөйлеу қалпындағы әдемі кекесіннің үлгісі деп санауға лайық. Әдейі аяныш сезімін, жаны ашығанды білдіргендей етіп, керісінше айтылған нағыз ирония, келемеждеудің келісті, өткір түрі.

Кейде мысалда оқиғаны баяндауы, айтуы ұқсас болса да, содан қорытынды шығарып, түйіндеуі әрқалай келеді. Айталық, «Қарға мен бүркіт» атты мысалда Крылов үлкен ұры құтылып, кішкене ұры тұтылады, қолға түседі дегендей түйіндейді. Бүркітті ұры деу қазақ ұғымына үйлесе қоймайды. Сондықтан болар Абай ол жағын сөз қылмай, тек қарғаның әліне қарамай қайрат етуге ұмтылғанын ажуалап:

*Азат басың болсын құл,  
Қолдан келмес іске ұмтыл,—*

деп тұжырым жасайды.

Тағы бір көңіл аударарлық нәрсе — мысал дегеннің өзін жанрлық түрі жағынан шарттылығы басым, қалыптасқан, өзгермейтін, ескі сюжетке негізделетін, ойды аң-құстың, жануар-жәндіктің іс-әрекеті арқылы тұспалдап қана білдіретін, белгілі бір шындықты уағыздап айтуға бейім тұратын шығарма деп қарау жиі кездеседі. Осындай түсінік мысал өлеңнің өзгешелігін, поэзиялық қасиетін жете түсінбеуге әкеліп соғады. Ал, шындығында, мысал өлеңдегі шарттылық, тұспалдап айту тәсілін, белгілі сюжетті әр түрлі, тұспал бейнелерді қолдану — мұның бәрі тек сыртқы сипат-белгілер. Мысал өлеңдердің артықшылығын алдымен олардың поэзиялық қуат-күшінен, тұспал бейнелер арқылы сан алуан адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін аңдатып, айқын көзге елестетіп, сол арқылы қоғамдық өмірдің шындығын, қайшылықтарын терең ашып бере алатын мол мүмкіндігінен іздесек керек. Көркем шығармада мәселе не айтылғандығында ғана емес, сонымен бірге қалай айтылғандығында, қандай әсер ететіндігінде десек, осыны әсіресе мысал өлеңге, яғни өмірлік шындық пен көркемдік қиялды, көркемдік шарттылықты шебер сабақтастырып, ұштастырып келтіретін жанрға байланыстыра айтуымыз орынды. Мысалдағы ойды тура, ашық айтпай, ақтара салмай, тұспалдап, алыстан орап, орағытып айтудың өз артықшылығы бар екені сөзсіз. Оқушы бүкпелеп айтылған жайды, астарлы мағынаны өз ойымен бағдарлап, өзінше аңғарып, ұғып-түсінуге мәжбүр бо-

лады. Бұл одан тапқырлықты, сөздің астарына үңіле білуді, айтылып отырған нәрсені де, ишарат етіп, тұспалмен аңғартылған нәрсені де айқын елестете білуге қабілеттілікті талап етеді, ойына түрткі болып, сезіміне әсер береді.

Сонымен қатар мысал өлеңде сан алуан жан-жануар, аң-құстарды, жәндіктерді іс-әрекет үстінде бейнелеуі, тілдестіру, айтылған жайдан ғибратты түйін түйю және осы орайда жасанды, жаттанды ақылгөйлікке әуестенбей, терең мағыналы қоғамдық ой қорыту үлкен ақындық шеберлікті, талғампаздықты танытады. Абайдың мысал өлеңдерінен осындай қасиеттерді, әсіресе ақынның әзілдеуге, мысқылдап келемеждеуге, сықақ етуге шеберлігін айқын байқаймыз.

Кейде мысалда тілге тиек болатын шынында да әлдеқандай бір ғажайып жай да кездеседі. «Жарлы бай» атты өлеңдегі түбінен қанша алсаң да ділдә бірінен кейін бірі шыға беретін дорбаның кедейдің қолына келіп түсуі — бұл, әрине, арғы түбі ескі ертеке, аңыздармен жалғасатын сюжет. Ал кейде мысал өлеңдегі оқиғаның өзі мейлінше қарапайым, күнделікті өмірде кездесетін жай боп шығады. Айталық «Қазаға ұрынған қара шекпен» дейтін өлеңдегі қораға ұры түскенін айту ешкім таңқалатындай нәрсе емес. Өлеңнің түйіні басқада, барынан бір сәтте айрылып жұрдай болып қалған адамға ағайындары келіп әр түрлі ақыл-кеңес беріп, желдей есіп, «бишара», «байғұс» деп жарылқаған болады. «Бақа мен өгіз» атты мысалда өгіздей бола аламын деп ісініп, кебініп, іші жарылған бақаның ессіз мақтаншақтықтың құрбаны болғаны баяндалады. Мұндай шартты түрде әдейі әсірелеп айтушылық мысал жанрында жиі кездесетін үйреншікті жай, сондықтан оны табиғи құбылыс деп санап, осы уақиғаға қандай мағына беріліп айтылғанына көбірек көңіл қою орынды секілді.

Крылов осы мысалдың сюжетінен әр түрлі қоғамдық топтардың өкілдері бірдей бола алмайды деген нақтылы тұжырым жасап, қатардағы жай адам (мещанин, мелкая сошка) атақты адамдай, ақсүйектей (дворяниндей) бола алмайды деген түйін жасаған. Ал Абай жалпы моральдық тұрғыдан келіп, іш тарлықты, басқа біреуді көре алмай, күндеуді, қалайда соған жетем дейтін мінезді сынауды жөн көрген. Сондықтан мысалды:

*Таласпа, жаным-ай,  
Қолыңнан келмесе,  
Боларсың бақадай,  
Көп түссең егеске,—*

деген ғибрат сөзбен аяқтайды. Және мысалды деген ғибрат сөзбен аяқтайды. Және мысалды Крыловша бірден уақиғаны баяндаудан бастамай кіріспе ретінде жанынан сөз қосарлап былай дейді:

*Қарасаң, дым-ақ көп  
Көре алмас іші тар.  
Несі артық бізден деп  
Салыспақ жұртта бағ.*

«Есек пен бұлбұл» атты мысал өлеңін Абай есекті сипаттаудан бастаған:

*Тойған есек шөпті оттап маңайдағы,  
Сонырқап шатқа кетті қай-қайдағы.  
Қаңғырып өлкені өрлеп келе жатып,  
Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы.*

Орысша тексте мұндай кіріспе жоқ, есек бұлбұлды кездестірді делінеді де, бірден оған айтқан есектің сөзі келтіріледі. Абайдың өлеңді бастауынан есектің қарны тойып, көңілденіп, ерігіп келе жатқандықтан тоғайдағы бұлбұлды көріп, соған ән салғызып, өзінше сынап көрмекші болғанын аңғарамыз. Есектің бұлбұлмен ұшырасуы кездейсоқ болса да, оған тіл қатып, бір ән салып жіберші деп тілек айтуы көңіл күйіне үйлес сезіледі. Ал есектің сыншыл болып шыға келуі, бұлбұлға (Абай «ақын бұлбұл» дейді) сын айтуы — әбден қисынды. Бұл топас, ақымақ, өнерден мақрұм адамның басқаны сынағыш болатынын аңғарту жағынан ұтымды.

Ал бұлбұлдың аңыратып, шырқап ән салғанын суреттеген тұста Абай Крыловтан айтарлықтай алшақтамайды. Есектің бұлбұл әнін тындап алып, «сен біраз әтеш әнін үйрен!»— деп өзінше білгішсіп ақыл бергенсінгендей болғаны орысша текстегідей мейлінше әсерлі тартымды көрсетілген.

Өлеңнің аяғын Крылов:

*Избави, бог, и нас от этих судей,—*

деп қысқа қайырса, Абай осы тұжырымды тірек ете отырып, істің мәнісін түсінбейтін, шынайы өнерді бағалай алмайтын топас сыншысымақты келемеждеп:

*Демеймін мені мақтасын,  
Я жақсын, я жақпасын,  
Сүйтсе де мұндай сыншыдан  
Құдайым бізді сақтасын,—*

деп, ойын нақыл сөз үлгісінде өрбітіп, мысалды бір шұмақ өлеңмен қорытындылай түйіндейді.



«Емен мен шілік» атты өлеңдегі еменнің шілікке айтқан:

*Құдай басқа салмасын сен секілді  
Желмен жерге жығылып, жар сүзбекті,  
Обалың бір құдайға, байғұс, сенің,  
Қақтырып қойған мұнша бос селтекті.*

*Қарашы маған, сендей сорлы емеспін,  
Тау, жартасқа ұзатып бой теңестім.  
Сенің қорыққан дауылың — маған өлкек,  
Маңыма сәуле өткізбей күнге егестім,—*

деген сөздерін, немесе:

*— «Есіркегіш екенсің,— деді шілік,—  
Онша сорлы емеспін, тартпа күйің!  
Сынбаймын майыссам да, солқылдаймын,  
Желден маған келмейді еш кемшілік,—*

деген сөздер емен мен шіліктің бойына лайық деуге болатын сипаттамалар десек те, оларға тіл бітіп, сөйлеуі шартты түрде алынғанын былай қойғанда, жаңағы сөздер өркеуде, мәнменсіген адам мен дене бітімі нәзік, жұқа да болса жаны берік, қиындыққа төзімді адамды меңзеп, тұспалдап айтылғаны айқын байқалады. Бір жағынан емен мен шілікті сол көрсетілген нақтылы сипаттары арқылы айқын көзге елестетсек, сонымен қатар екі түрлі адам бейнесін, мінезін танығандай боламыз. Ал одан ары айтылатын:

*Бүгінгі аман бола ма үнемі аман?  
Кердеңдікпен деп тұрсың не бар маған.  
Шалқақтық иілмейтін кімге жаққан,  
Екпінге ерегіссең қатер саған»,—*

деген сөздерді алсақ, мұны түгелдей тек есті адамның, алды-артын ойлайтын кісінің көкірегін керіп, дандайсыған біреуге айтқаны деп қарауға әбден сыяды.

Абай мысалдары оның ақындық шеберлігін танып-білу жағынан бағалы екенін атап айтуымыз керек. Көп ретте ақынның шеберлігін, өнерпаздық өнегесін сөз еткенде аударма деп саналған өлеңдер есепке алынбайды, оларға пәлендей мән берілмейді. Ал шынына келгенде ақынның өнер жарысына түсетін, сыналатын бір тұсы — осы басқа ақындардың шығармасына үніліп соны өзінше қалай айтып жеткізетіні десек, артық емес. Дәл аударма болсын, тек жалпы сарынын сақтай отырып еркін тәржімаланған шығарма болсын, түпнұсқасымен салыстыра тексерілсе, ақынның көркемдік талғамы, тақырып тандауы өзінше айта білетін, тапқыр-

лығы, шеберлігі жайында нақтылы ой түйіндер жасауға мүмкіндік береді.

Түгелдей алғанда Абай аудармалары қазақ поэзиясының өркендеп өсу жолындағы баға жетпес зор табыс болды. Олардың өткен ғасырда қазақ сөз өнеріне мол жаңалық әкелген тарихи мәнін былай қойғанда, қайталанбас көркемдік сипаты да ешқашан кемімейтін айрықша құндылығын таныта алады. Орыс әдебиетінің жетістіктерін еркін игеріп, таңдаулы үлгілерін кеңінен насихаттаған Абай дәстүрлерін Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев секілді көрнекті ақын-жазушылар жалғастырып, өрістетіп, жан-жақты дамытты.

## Тіл бейнелілігі

Абай поэзиясының аса бағалы қасиеті, артықшылығы — онда ешқандай жасандылықтың ізі жоқ. Қысылмай қымтырылмай, шабыттың қуатымен тебіреніп еркін сөйлеу, жан-тәнімен сезінген, жүрек жарды ой толғамын ортаға салу, боямалап, әшекейлемей, ақтарыла адал айтатыны — міне, Абай поэзиясының адамды баурап алатын ерекше тартымдылығы алдымен осы қасиеттерінде. Абай өлеңдерін қайталап оқыған сайын жаңалығы аз жадағай пікір, жауыр болған жаттанды сөз, сырттай сұлу көрінетін көркемдік түр іздеушілік, алабажақ ашық түсті бояуларға әуестік секілді жасандылықтың бәрі шынайы өнер табиғатына жат нәрсе екеніне тағы бір көз жеткізгендей боламыз. Ақын тілінің байлығы, бейнелілігі, өткірлігі ой-сезім қуаттылығына байланысты. Абай шығармаларын талдау үстінде бұған көз жеткізерліктей мысалдар аз келтірілген жоқ. Сонда да Абай поэзиясының тіліне қатысты кейбір жайларды өлең сөз бейнелілігі тұрғысынан қарап арнайы тоқтала кету артық емес дейміз.

Абайдың шығармаларында ойшылдық пен суреткерлік ажырамас бірлік тауып, аса маңызды қоғамдық, азаматтық, халықтық мәселелерді терең толғайтын жаңа сапалы поэзияның тууына негіз болды. Қазақ әдебиеті жазба әдебиет үлгісіндегі нағыз лирикалық туындылардың жаңа түрлерімен молықты және осының өзі Абайдың ұлттық поэзиямыздағы ой-сезім жүйесін шексіз байытып, сөздің мағыналылық, суреттілік қуатын

арттыруына, тіл ұстартуына зор мүмкіншілік туғызып, бұл салада ақынның өнімді жаңалық табуына жол ашты.

Абай қазақ әдебиетінде өмірді бейнелеудің жаңа көркемдік әдісін — реалистік әдісті қалыптастырып, қазақтың әдеби тілін, ақындық тілін биік сатыға көтерді.

Поэзияда, әдебиет шығармасында сөз, тіл жаңалығы деген жеке сөздерді қолданудағы жаңалық қана емес, ол алдымен белгілі бір ой-пікірді, сезімді жеткізудегі шеберлік, көркемдік. Зор қоғамдық пікірді, көркемдік қуаты күшті ақындық ой-сезімді барынша жатық, тауып айтылған, қарапайым сөздермен айтып беру поэзиясының таңдаулы туындыларында үнемі кездеседі және мұның өзі асқан шеберліктен туады.

Халықтың сөйлеу тілінің және ақындық шығармашылық өнерінің байлығын кеңінен пайдалана отырып, Абай өлең сөздің шеберлік құралдарын жетілдірді, ақындық тілдің образдық-бейнелеу мүмкіндіктерін молықтырды. Қазақтың әдеби тілін, ақындық тілін ұстартып, шындап жетілдірді. Әдетте поэзияда сөзді туынды, ауыспалы мағынада қолдану жиі кездеседі деп саналады. Алайда төтелеп тура мағынасында айтылатын сөздер де аз болмайды. Мысалы Абайдың:

*Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім,—*

деген өлең тармақтарын еске алсақ, мұндай сөздер түгелдей өзінің бірінші, негізгі мағынасында алынған.

*Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім,—*

дегендегі «уысыма түспеді» деген сөз тіркесінде ауыспалы мағына бар.

Ғылымға қолым жетпеді, ғылым қолыма түспеді, қолымды кеш сермедім дегендей ғып айту, әрине, ауызша сөйлеу тілінде де айтыла береді, бірақ мұның өзі соншалықты үйреншікті, өте қарапайым айтылғандай көрінсе де, ғылымды қолмен ұстап, уысқа салып алатын нәрселермен салыстыру негізінде шыққан туынды мағына екені анық.

Ал одан әрі келетін:

*Өзім де басқа шауып, төске өрледім,—*

деген өлең тармағын алсақ, мұндағы «басқа шабу, төске өрлеу» деген сөздер тікелей өз мағынасында емес,

алға ұмтылдым, сөз өнерінде, тіл өнерінде талайдан озып шықтым деген мағынада айтылған. Ал осы өлеңнің соңындағы:

*Еңбегіңді білерлік еш адам жоқ,  
Түбінде тыныш жүргенді жек көрмедім,—*

деген сөздер тағы да негізгі, тура мағынасында алынған. Әдетте поэзия тілі, өлең сөз ерекше бейнелі, көркем болады деп те саналады. Ауыспалы мағынада қолданған сөздер эпитет, тенеу, метафора, әсірелеу т. б. поэзияда жиі кездеседі, өлең тілінің бейнелілік сипатын арттыра түседі делінеді. Бұл айтылғандар, әрине, жалпы алғанда орынды. Дегенмен, поэзияда, әдебиетте сөздің бәрі де көркемдік сипат алады. Себебі көркемдік ойды эстетикалық ұғым, сезімді білдіреді. Жоғарыдағы мүлде қарапайым түрде, өз қалпында, көріктеп түрлендірмей-ақ қолданылған сөздер келісті, әсерлі болып тұрғаны осыны дәлелдейді. Тура мағынасында алынған сөздерге көркемдік сипат беретін көркем ойдың қуаттылығы, әр сөздің ақындық ойды, сезімді жеткізуде орнын тауып, терең мағыналы етіп қолданылуы, әр сөздің өлең ырғағына сәйкес әуезді айтылуы. Сондықтан өлең тілі немесе көркем прозаның тілі тартымды болу үшін жазушы ауыспалы мағына беретін бейнелі сөздерді қалайда неғұрлым көп, мол пайдалануға ұмтылады, және сонысы оның артықшылығы деп санау дұрыс болмайды. Сөздің тура мағынада қолданылуы да, туынды мағынада қолданылуы да қажет болған мөлшерде алынады, ол әр шығарманың мазмұнына, ондағы ой-сезім өзгешелігіне, шығарманың жанрлық, стилдік, тағы сондай сипаттарына сай келеді.

Поэзиядағы тіпті ең қарапайым деген сөздердің өзі де ақын ой-сезімінің байлығын, айрықша қуаттылығын аңдататындай болса, жайдағы айтылатын үйреншікті мағынасынан гөрі әлдеқайда терең мәнге ие бола алады.

Мысалы: «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңіндегі:

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ —  
Бес дұшпаның, бірсеңіз,—*

дегенді жеке алсақ, бұл сырттай қарағанда, өсек айтпа, өтірік айтпа, мақтаншақ болма деген сияқты жадағай, белгілі шындықты айтқандай көрінуі мүмкін. Ал өлеңде бұл сөздер оқушы жастар ғылым-білім үйренуді, алған білімді жұмсайтын орын табуды алдына зор

өмірлік мақсат етіп қою керек деген ақынның негізгі ойына орайлас айтылады емес пе? Білімді болу үшін, ғалым болу үшін алдымен адал азамат болу керек екенін аңғартады ақын. Және ғалым болуға ұмтылған жас адамға ең қажетті қасиеттерді де көрсете отырып (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым) сондай қасиеттерге қол жеткізбейтін, аяққа тұсау болатын мынадай бес нәрсе бар деп адамның бойында кездесетін барлық кемшіліктерден соларды бөліп алып, тайға таңба басқандай етіп көрсетуінде де үлкен мән бар. Ғылым-білімді меңгеріп, нағыз ғалым болуға күшін салған адам үшін талапты болу, аянбай еңбектену, телміріп терең ойдың соңына түсу және кішіпейіл (қанағатшыл), басқаға мейірімді (рахымды) болу керек деген ойы қандай маңызды болса, осы ойын айқындай түсетін жас адамды сақтандырып, бес кеселді істі атап көрсетуі де сондай маңызды. Тек бұл ғана емес, осы өлеңдегі адамның жағымды, жағымсыз қылықтары туралы сөздер ақынның көптеген шығармаларына, тіпті бүкіл творчествосына арқау болып тұрған негізгі адамгершілік идеяларына сабақтас келетінін де ескерген жөн. Ендеше Абайдың творчествосындағы сондай бірнеше үзілмейтін желі болып келетін адамгершілік мұрат-мақсат туралы жүйелі ойларын неғұрлым терең түсіне алсақ, осындай сөздердің мәні зор екені де солғұрлым толық аңғарылады.

«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» деген өлеңді алсақ, мұндағы «өкінішті өмір» деген сөз тіркесі жеке алғанда үйреншікті ұғым болып көрінуі ықтимал. Бірақ ол әрдайым дәл осы өлеңдегідей терең мағына бермейді. Ақынның өмірді не себепті өкінішті деп отырғаны, осы сөздің білдіретін терең мағынасы өлеңнің мазмұнынан туады. Ақын талапсыз, ойсыз өмір өкініш туғызады деп, әр адам алдына зор мақсат қоя білуі керектігін аңғартады.

*Көрмеген көп дүние көл көрінді  
Кірлемеген көңілдің ашығында,—*

дегендегі «кірлемеген көңіл» деп келетін сипаттаманың да беретін мағынасы осы ой желісіне жалғас. Ол өкініші жоқ, үміті көп жас адамның көңіл күйін көрсетіп тұр. Үлгісіз жұрт дегенде де («Үлгісіз жұртты үйретіп қалдық кейін»), ақын оны өлеңдегі ой-пікірге байланыстырып айтып отыр. Қазақ арасында үлгі, дәстүр, әрине, аз емес. Бірақ ақын соның бәрін былай қойып, бүгінгі күннің талабына бірден-бір қажетті нәрсе деп

ғылым, білімге жету жолын аңсап, соған бастайтын қалыптасқан үлгі жоқ деп отыр. Осы өлеңдегі өкпе сызы, жүрек жігі, көңіл жүгі деген сияқты метафоралар да, жастық шақта шексіз бай, мол болып көрінген дүниені көлдей деп, бұзылған достықты жыртылған итмұрындай деп салыстыратын тенеулер де, сөзсіз ұтымды, өте келісті айтылған. Бірақ, осылардың қай-қайсысында болсын көркемдік, бейнелілік жеке сөздерді шебер қиыстырудан ғана тұмайды. Ол сөздердің, сөз тіркестерінің мағынасын арттырып тұрған нәрсе — ойдың тереңдігі, бейнелілік сипаты барлығы:

*Дос-асықтың болмайды бөтендігі,  
Қосылған босаспайды жүрек жігі.  
Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз —  
Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі.*

Мұнда босаспайтын қосылған жүрек жігі айнымас достық, ғашықтықтың белгісі ретінде алынған да, ал баянсыз, бағасыз достық пен ғашықтық жалғандықтан жасалған көңіл жүгі делініп сипатталған. Ойдың өткірлігі сөз қолданудағы тапқырлық, көркемдік шеберлікпен сәтті ұштасқан. Түгелдей алғанда өлеңнің тілі, сөз кестесі мейлінше табиғи, қарапайым және сонымен бірге айрықша тартымды, әсерлі болып келеді.

Абай поэзиясындағы адамның сезім дүниесінің орасан зор байлығы, сезімнің нәзіктігі мен өткірлігі, оқушыны баурап алатын керемет күші — осының бәрі ақынның тіл кестесіне, сөз қолдануына бөлекше сипат дарытқанын көреміз. Абай поэзиясының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, сезімінің сан құбылып ойнақшуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа бейнелі сөздер өте көп кездеседі. Мысалы. Абай поэзиясында жүрек, көңіл секілді ұғымдарға берілген тың анықтамалар, эпитеттер мол екені зерттеушілер назарын айрықша аударып келді. Осының дұрыстығын мына мысалдардан айқын көруге болады: ыстық жүрек, сорлы жүрек, ауру жүрек, жылы жүрек, ынталы жүрек, мұз жүрек, асыл жүрек, асау жүрек, ет жүрек, жас жүрек, ызалы жүрек, шошыған жүрек, ит жүрек, шын жүрек, сұм жүрек, ақ жүрек, ғаділетті жүрек, өртенген жүрек, өрбіген жүрек, үрпейген жүрек, қапаланған жүрек, айнымас жүрек, жаралы болған жүрек, сөніп қалған жүрек, сезімпаз көңіл, ер көңіл, жаралы көңіл, есер көңіл, шын көңіл, қара көңіл, сынық көңіл, ақ көңіл, кірлемеген көңіл. Осыюлардың көбін ақын өзі туралы өз көңіл күйін, сезімін жеткізу мақсатымен айтқан.

Бұлармен қатар Абай жүректің көзі, жүректің оты, көңілінің көзі ашық, көңілдің жайлауы, ой өлкесі деген секілді ауыспалы мағына туғызатын бейнелі сөздерді — метафораларды қолданады. Осы эпитеттер мен метафоралардың басым көпшілігі Абайдың өзі шығарған соны, жаңа үлгі-өрнектер екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Бірде ақын жүрегі кейіптеу бейне — метафора арқылы сипатталады: Мысалы: Жүрегім менің — қырық жамау.

Осындағы жұлқыланып, кескіленген, қырыққа бөлініп, парша-парша болып бөлектенген жүрек бейнесі адамның бүкіл жан жүйесін тебіrentпей ме? Әрине, солай. Және солай болатын себебі ол халық мұңын мұңдаған ақынның өкініш-арманын, қастандық-өшпенділіктен шеккен азабын, сүйенерге тірек таппай күйзеліп налуын — осының бәрін асқан көркемдік шеберлікпен жеткізіп тұр.

Арманы жүзеге аспай, сенімі ақталмай келе жатқанын айтқанда Абай жапырағы қуарған ескі үмітпен жүріппін дейді. Елден қалайда ынтымақ, бірлік, әділдік табармын деп үміт еткен, енді күдерін әбден үзгендей болған ақынның сезім-күйін осы сипаттама дәл көрсетеді. Үмітті жапырағы қуарған деуі бір түрлі әсерлі, тартымды. Ол жапырағы сарғайып, солған ағаш (не шөп, өсімдік) бейнесін көзге елестетеді. Бірақ бұл мысалы адам мен ағаш бейнесін халық поэзиясындағы белгілі, үйреншікті болған қалпында тікелей салыстыру емес. Үміт — адамның көңіл күйін, сезімін білдіретін ұғым-түсінік, яғни оның нақтылы заттық сипаты жоқ. Ақын соны ағаш (не өсімдік) бейнесімен жақындатып, өзгеше сипаттап, жапырағы қуарған деп отыр. Мұның өзі айтылатын ойдың бейнелігін, өткірлігін арттыра түседі.

Абайдың өзіндік қолтаңбасы айқын танылатын метафораларға жастықтың оты, жүректің көзі, дүние есігі, өмірдің өрі деген секілді бейнелі сөз үлгілерін қосуға болады.

Метафорада теңеудегідей екі нәрсені теңеп, салыстырудан гөрі олардың арасындағы ұқсастық-жақындықты, сезім-әсер жалғастығын тірек ету басым келеді. Көбінесе сондай екі нәрсенің бірі айтылып, екіншісін емеурін жасап сездіреді. Мысалы:

*Көздің жасы, жүректің қаныменен  
Ерітуге болмайды ішкі мұзын.*

Ақынның жан тебіренерлік сөзі көзінің жасымен, жүрегінің қанымен араласып шыққандай болса, соған да селт етпейтін, мән бермейтін, іші жылымайтын адамды ішіндегі мұзы ерімейді деу — бұл бейнелеп суреттеуге шеберлікті, оп-оңай көзге түсе бермейтін ұқсастықты, жақындық-жалғастықты көре білетін тапқырлықты аңғартады.

Адамның өмір құбылыстарын көріп-сезінгенде алатын әсері қалайда ой-санасында бұрыннан ұялаған ұғым-түсініктермен байланысып, соларға орайлас қабылданады.

Сөйлеу тіліндегі «жүрегім аттай тулады» деген секілді сөз тіркестерінен адам өзінің күй-жайын, сезімін екінші бір үйреншікті нәрсені, не соның қимыл-қозғалысын көзге елестету арқылы айтып жеткізетіні байқалады. Сондай-ақ, алғаш көрген поезды жүйрік ат, қара айғыр бейнесінде елестету де әлдеқандай жасанды жанастыруға бой ұру емес, мал баққан халықтың өмір-тәжірибесіне үйлес келетін, соның ойлау жүйесіндегі сезім-әсерлер жалғастығы. Халықтың көркем ойлау жүйесіндегі оның өмір-тәжірибесі негізінде қалыптасқан сезім-әсер байлығы, өзіндік сипат-өзгешеліктер әдебиетте, поэзияда көркемдік ассоциация жасалуына тірек болады.

*Талаптың мініп тұлпарын,  
Әр қияға өрледім,—*

дегендегі Абайдың ақындық шеберлігі туғызған әдемі поэзиялық ассоциация жоғарыда келтірілген халық тіліндегі «жүрегім аттай тулады» секілді сөз үлгісімен тамырлас екені аңғарылады.

Өлеңді, сөз өнерін халық аса жоғары бағалап «өнер алды — қызыл тіл» деп санағандықтан әдебиетте осы сөз, тіл деген ұғымдардың өздері әртүрлі анықтамалар, эпитеттер қосарланып қолданылып келгені заңды.

Абайға дейінгі поэзияда, ауыз әдебиетінде жел сөз, асыл сөз, тәтті сөз, жылы сөз, ыстық сөз, жанды сөз, түгел сөз, ащы сөз, тұзу сөз, суық сөз, жүйелі сөз, шебер сөз, қаһарлы сөз, сұлу сөз, қызыл тіл, өткір тіл, жүйрік тіл, жорға тіл, майда тіл, ащы тіл, қу тіл, от тілді деген сияқты сан алуан қалыптасқан тіркестерді кездестіруге болады.

Бұлардың көпшілігі мағынасы жағынан да, жасалу ерекшелігі жағынан да қызықты. Мысалы, **жел сөз, қызыл тіл** дегенді алсақ, екеуі де — жүйрік, ұшқыр тіл, ойнақы, өтімді, өткір сөз деген мағына беретін байырғы



өрнектер. Қызыл тіл деген тіркесті орыс тіліндегі красное слово (әдемі, келісті сөз), красноречие (шешендік) сияқты тіркестермен салыстыруға болар еді. Әрине, бұл әр тілде ара-кідік кездесіп отыратын әуендестіктің бір көрінісі ғана.

Абай осындай бұрыннан белгілі тіркестерді пайдаланғанда, кейде оларға жаңа мағына береді. Мысалы, «Адамның кейбір кездері» өлеңіндегі «Улы сия, ащы тіл Не жазып кетсе жайы сол» дегенді алсақ, осында «мұң мен зарды» толғайтын «әділет пен ақылға» жүгінген озат ой-пікір иесі, сыншыл реалист ақынның бейнесі суреттеліп отырғандықтан ащы тіл деген сөз тіркесі соны, терең мағынаға ие болған.

Абайдың өзіндік мүлде тың үлгісінің бірі:

*Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,—*

дегендегі «ақыл сөз» деп келетін тіркесі. Осы жаңаша айтылған ұғым арқылы Абай озат идеяларды уағыздап, «терең ой, терең ғылым» іздеуге шақыратын, халықтың тілек-мүддесін жақтайтын әдебиетке тамаша анықтама беріп, дәл сондай әдебиет үшін күресу керек деген нысаналы ойын шебер жеткізеді.

Абай «Дұға» атты өлеңінің басында өзі аударып отырған Лермонтов өлеңіндегі бір ғажап дұғаны қайталап оқи беремін («Одну молитву чудную Твержу я наизусть») дегенді «Осы өлең — оқитұғын дұғам менің» деп өзінше айтады. Сонда осыған ілес келетін «Ішінде бір қуаты барға ұқсайды» деген дұғаның да, өлең сөздің де адамның көңілін жадыратып, бойын жеңілдетіп үлкен әсер беретінін көрсететін сипаттама болып шығады. Және «Тірі сөздің жаны — сол айрылмайды» дейтініне назар аударалық. «Тірі сөз» деген тіркес қазақ тілінде бұрын кездеспеген үлгі десек те, оның «Есть сила благодатная в созвучии слов живых» деп келетін орысша текстегі «слово живое» деген тіркеске сәйкес туғанын байқағанда қисынын тауып қиыстырса, сөзбе-сөз сәйкестік те сәтті бола алатынын мойындауға тура келеді. «Слов живых» дегенге мағынасы жағынан жақын **жанды сөз** деген тіркесті қолданбай, **тірі сөз** деп алған.

Осындай бір ғана сөзден тұратын эпитеттерге қоса бірнеше сөзбен еркін жасалған эпитет-сипаттамаларды да атасақ, Абайдың өлеңдеріндегі өз қолтаңбасы айқын белгі беріп тұрған «Толғауы тоқсан қызыл тіл», немесе «қуаты күшті нұрлы сөз», «жалынмен оттан жаралған сөз...» деген сияқты мысалдар алдымен ойға оралады.

Және назар аударарлық мысал — жоғарыда айтылған «ақыл сөз» дегенге мағынасы жағынан жалғас келетін «білімдіден шыққан сөз». Бұлардың бәрі Абайдың көз-қарасын, сөздің қандай түрін қастерлейтінін жақсы байқатады.

Кейде Абайдың өлеңдерінде жекеленген шумақтап түгелдей тілге, сөзге берілген сипаттама болып келеді. Және солардың қай-қайсысында болсын, тіл, сөз, дегендер Абайдың шығармаларында өлеңге байланысты айтылып, өлең сөз, поэзия деген ұғымды білдіреді. Өлеңнің таңдамалысы, ең жақсысы «іші алтын, сырты күміс сөз» болып келу керек деп талап қоюынан біз Абайдың поэзия шығармасындағы мазмұн мен түр бірлестігін терең түсіне білгенін көреміз. Абай алтын мен күмісті бағалылығы жағынан салыстыруға болатынын ескере отырып, мазмұн шығарманың негізгі, түпкі тірегі, ондағы бар көркемдік сол мазмұннан — айтылатын ой-сезімнен туады, нәрленіп шығады және мазмұн өзі сол көркемдік түр, тіл шеберлігі арқылы көрініс табады деген ойды меңзейді. Абайдың бұл ортада, қазақ арасында бұрын дәл осындай мағынада айтылмаған айрықша маңызды пікірді алтын мен күміс секілді әртүрлі теңеу, салыстыруларда өте көп қолданылып келген ұғымдар арқылы аса ұтымды түрде жеткізуі оның таптырмайтын ой алғырлығы, сөзге ұсталылығына айғақ бола алады.

Сонымен қатар, Абай кейде қажет дегенде халық поэзиясының тіліндегі дәстүрлі үлгі-өрнекті бұрыннан қалыптасқан қалпында пайдаланатын тұстары да бар. «Интернатта оқып жүр» дейтін өлеңінде жасөспірім оқушы жастарды Абайдың көк өрім деуі баланы балдырған дейтін халық ұғымына орайлас келеді.

Тағы бір өлеңінде Абай адал, ақ көңіл, қулық, сұмдықты білмейтін, иланғыш жастар жайлы сөз қозғай отырып, олардың балғын жастығын айтқанда метафоралық тәсіл қолданып, көгеріп тұрған «балы тамған жас камыс» бейнесі арқылы елестетіп көрсетеді.

Адамның балғын жас шағын айтқанда Абай халықтық поэзияда орын тепкен сөз нақыштарын да қисынын тауып пайдалана білген.

Мысалға, Абай шығарған бір жоқтаудағы мына сөздерді алайық:

*Қызыл балақ қыранның  
Балапанын дерт алды.  
Жеміс ағаш бәйтерек,  
Балдырғанын өрт алды.  
Артына белгі тастамай,  
Жал, құйрығын келте алды.*

Міне, осындағы бейнелердің қайсысын алсақ та — дертке ұшыраған қыранның балапаны да, өртке күйген балдырған жас ағаш та, жалы, құйрығы келте шолақ ат та — халық поэзиясында кең тарап әбден қанықты болған және ұлттық сипат-ажары, белгі-бедерлері апайқын көрініп тұрған тұспал бейне, символ болып келеді. Бұлар мезгілсіз ажалдан қыршын жастың қиылғанын үздік шеберлікпен жеткізіп суреттеп тұр. Жал, құйрығы келте деу халық ұғымында орныққан мағынасына сай: жас кетті, үйлі-баранды бола алмады, нәсіл қалдырмады деген арманды білдірген. Әдетте халық поэзиясында аттың, тұлпардың жалы, құйрығы, тұяғы осындай астарлы мағына береді.

Абай бұл жоқтауында өлең сөздегі халықтық үлгіні осындай өте орынды пайдалана отырып, осы сөздерді әрі қарай аса құнарлы, тартымды, тың сурет-сипаттамалармен және толықтыра түседі:

*Көп жасамай, көк орған,  
Жарасы үлкен жас өлім.  
Күн шалған жерді тез орған,  
Күншіл дүние қас өлім.*

Халық поэзиясының нұсқаларында жақын туысынан айрылған адамның басына түскен қайғыны алыстан орап әкеліп «жарқырап жанған шырағымыз сөнді», «шалқар көл суалды» деген секілді етіп айтады. Абайдың өлімді көк орған, күн шалған жерді тез орған деп сипаттауында айналадағы нақтылы өмір шындығын бақылап-байқағыштық белгі бар.

Бір нәрсені, бір құбылысты басқа нәрсемен, құбылыспен салыстыру соларды әдейілеп, күштеп жақындастыру, байланыстыруға әуестіктен тумайды, табиғи түрде адамның өмір құбылыстарын сезіну, зейінге алу көркем ойлау процесінде жарқ етіп елес беріп, бір сәтте көрініп қалатын сезім-әсерлер жалғастығы — ассоциация арқылы жасалады. Поэзиядағы, әдебиеттегі алуан түрлі салыстырулар да (теңеу, метафоралар) ойлау, сезінуге тән осындай ассоциациялар негізінде туып, ақынның, жазушының сезім-әсерлерінің күшін, суреткерлік шеберлігін танытады.

*Жапырағы қуарған ескі үмітпен  
Қиял ғып өмір сүріп бос жүріппін,—*

дегенде, Абай көзбен көріп, қолмен ұстайтындай ешбір белгісі, кескін-кейпі жоқ «үміт» деген ұғымды жасыл жапырағы қуарған ағашты еске алу арқылы айқын елестетеді. Осы жердегі ассоциациялық жалғастық та

өте нәзік, үмітті ағашпен тікелей байланыстырмаған, ағаштың кейпінде алмаған, тіпті ағаш па, басқадай бір жапырағы бар шөп, өсімдік пе — оны ашып айтпаған. Біз нақтылы болу үшін қазақ поэзиясында ең дәстүрлі, жиі кездесетін ағаш бейнесін алған деп отырмыз. Ақын көңілінде орын теуіп, арман болып келген үзілмеген ескі үміті жапырағы қураған ағашқа ұқсайды деген ойын тек ишаратпен, үміт пен ағаштың екеуіне ортақ сипат-белгі табу арқылы аңғартқан. Ал мұның өзі тапқырлық, әр нәрсенің, құбылыстың арасындағы ұқсастық-жалғастықты көре білу ғана емес, ақынның өмірден алған әсерлерінің, ой-сезімінің бейнелілігі, суреткерлікке бейімділігінің де айғағы бола алады.

Абайдың «өз үйінде өзендей күркіреді айтса дау» дегенін алсақ, мұнда мәселе тек кісіні өзенмен салыстыруда деп түсінбеген жөн. Даукес кісінің мінез-әрекетін, дарылдаған даусын өзен суының күрілдеген үні арқылы айқын елестете білу сөз қолданудағы үлкен шеберлікті танытаныны анық.

Поэзиядағы теңеудің жай салыстырулардың айырмасы — онда тек белгісіз нәрсені белгілі, қарапайым нәрсемен салыстыру арқылы түсіндіру мақсаты қойылмайды. Айтылып отырған нәрсені көркемдеп, бейнелеп сипаттау, ұқсастықты көре білу арқылы ойды өткір, әсерлі еткізіп жеткізу жағы басым болады. Әдетте теңеу туралы сөз болғанда, салыстыру үшін не нәрсе алынады, қандай нәрсемен салыстырылады, соған көп мән беріледі. Асылында, мәселе тек онда ғана емес. Екі нәрсені теңестіруден, олардан ортақ сипат-белгі табудан қандай мағына тауып, қандай ой аңғарылады, қандай сезім-әсер жалғастығы (ассоциация) пайда болады — міне, осы толық ескерілу керек. Мысалы, Абай әдемі аударған Лермонтовтың «Қанжар» атты өлеңінде сұлудың қара көзі оттың жалынына ұсталған болатпен салыстырылады, бірақ бұл жай ғана ұқсату емес.

*Болатша дірілдеген жалын көрген,  
Бір күңгірт тартып, және оттай жанған,—*

деп сұлудың көз нұры бірде күңгірт тартып, бірде жалтылдап көзінен от ұшқындағандай сипатталуы оның көңіл-күйін өте әсерлі елестетеді. Мұнда теңестіріліп отырған екі нәрседен басқа үшінші мүше бар — ол ортақ белгі-сипат — сұлудың қара көзінің де, болаттың да бірде күңгірт тартып, бірде от ұшқындап, жалтылдауы. Дәл осы өлеңдегідей теңеудің үшінші мүшесі, яғни, ортақ сипат-белгі үнемі анық көрсетіле бермейді, бірақ

калайда оны жобалап түсінуге болады. Өйткені екі нәрсені теңестіру үшін олардан ортақ белгі-сипат, ұқсастық табу шарт.

Өлең тілінің өзгешелігі ақынның сөз қолданысынан да айқын көрінеді. Мысалы: Абайдың «Күлімсіреп аспан тұр» дейтіні сирек ұшырасатын бейнелілігімен әсерлі, сондықтан дағдылы сөз тіркесі емес болса да, жатырқамаймыз. Мағыналы келсе, поэзияда сөйлеу тілінде кездесе қоймайтын сөз қолданысы да ұтымды болып шығады. Мысалы: «Ой» атты өлеңінде Абай:

*Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы,  
Салқын, қуыс өмірі я қараңғы,—*

дейді.

Өмірді салқын, қуыс, немесе, қараңғы деп сипаттау қазақша сөз қолдану дәстүрінде жиі кездеседі дей алмаймыз. Бірақ Абайдың осылай айтқаны жатық емес деп айтуға және болмайды. Тіпті осының орысша «Его грядущее иль пусто, иль темно» дегенге орайлас айтылғаны да байқалмайды.

Осы өлеңдегі «Пайдасыз ғылымменен ми кептірер» деген сөйлемді де ешкім орысшаға сөзбе-сөз сәйкес келтіріліп алынған деп ойлай қоймас. Қазақша соншалықты жатық, жарасымды. Ал оны «Мы иссушили ум наукою бесплодной» деген түпнұсқадағы текпен салыстырсақ, сөзбе-сөз аудару тәсілін жеке сөйлемдер көлемінде өте шебер қолдану мүмкін екеніне күмән келтірмейміз.

Поэзиялық шығармада ақын ойының тереңдігі, көркемдік қиялының қанатты ұшқырлығы, сезімінің нәзіктігі, әсерлілігі не нәрсені болсын бірнеше белгі-сипат арқылы айқын елестету қабілеті негізінде көп жағдайды айтпай-ақ аңғартуға мүмкіндік туғызады. Осыған сәйкес ақынның ой-сезімін жеткізудегі салмақ-жүгі көбірек, екшеліп алынған сөздердің мағыналық тереңдігі, бейнелілік, суреттілік қасиеті арта түседі. Ал салмағы жеңіл, әсерлілігі аз сөздер қажетсіз, басы артық болып шығады.

## Өлең өрнектері

Абай қазақ поэзиясының ырғақтық-интонациялық байлығын молынан пайдалана біліп, өлең өрнектерін дамытып, байытуға зор үлес қосты. Ол жаңа өлшем, ұйқас түрлерін орнықтыруда қандай асқан өнерпаздық көрсетсе, бұрыннан белгілі, көп тараған өлшем-өрнектерді керек жерінде қырғап-өңдеп, түрлендіріп қолдану жағынан да соншалық зор өнегелі іс атқарды.

Абайдың бұл саладағы еңбегінің маңызын тереңдеп түсіну үшін қазақ өлең құрылысының ерекшеліктерін есте сақтау шарт.

Қазақ поэзиясында өлең ырғағының тірегі — буын, яғни, ырғақ буын санымен өлшенеді. Мұндай буын санына негізделетін силлабикалық өлең жүйесі қазақ поэзиясынан басқа барлық түркі тілдес қырғыз, өзбек, татар, түркмен, әзербайжан, башқұрт секілді халықтардың тілінде, сонымен бірге француз, чех, итальян сияқты халықтардың тілінде де қолданылады.

Қай елдің поэзиясында болсын өлеңдегі ырғақты туғызатын өлең сөздің қайталанып келіп отыратын мөлшерлі бөлшектері десек, қазақ поэзиясында ырғақ туғызатын өлең сөздің буын саны тұрақты бөлшектері алдымен тармақ, яғни, өлең жолы.

Қазақ поэзиясында тармақтың өзіне тән ырғағын анықтайтын тек ондағы буындардың жалпы саны ғана емес. Тармақ ішіндегі буындар белгілі ретпенен, белгілі мөлшерде топтасып, әр тармақтың бірнеше қысқа бөлшектерге бөлінуіне мүмкіндік береді. Тармақтың осындай ырғақтық құрылысы жағынан жекеленген бір бөлшегін құрайтын буындар тобы — бунақ. Бунақ пен бунақтың ара-жігін, шегін белгілейтін — сөз бен сөздің арасындағы жік, сөз айырымы. Және де кез келген сөздердің арасындағы айырым-жік емес, тек тиісті орында үнемі қайталанып отыратын тұрақты сөз жігі. Мысалы, жеті буынды өлеңде оның бунақ кестесі 4 буын + 3 буын болғандықтан тұрақты сөз жігі үнемі төртінші буынан кейін орналасады.

Тармақтың ырғақтық өрнегін, ішкі құрылысын айқындайтын бунақ болса, өлең ырғағын кең көлемде толықтыра, күшейте түсетін тармақтардың топтасу қалпы (шумақ), және сәйкес тармақтардың соңғы буындарының өзара үйлесуі (ұйқас).

Қазақ поэзиясында ең көп қолданылатын өлең өлшемдері — жеті буынды, жеті-сегіз буынды, он бір бу-

ынды. Алты буынды өлең, онан да қысқарақ төрт буынды өлең жоғарыда аталған өлшемдермен салыстырғанда сиректеу кездеседі. Он бірден буын саны көбірек, мысалы, он төрт, он бес буынды өлеңдердің тармағы құрама болып келеді, яғни жеті буынды екі тармақтан, не жеті, сегіз буынды екі тармақтан құрылған болады.

Түркі тілдес елдердің поэзиясында ежелгі заманнан қолданылып келе жатқан өлең өлшемдерінің ішінен жеті буынды өлеңді алғаш шығуы жағынан ең көне деп қарау керек. Үйткені ол түркі тілдес рулар мен тайпалардың көне заманнан сақталған поэзиялық үлгілерінде кездесетін, және түрік тілдес елдердің қай-қайсысының поэзиясында болсын кеңінен тараған екен.

Жеті буынды тармақ пен (4 буынды+3 буын) сегіз буынды тармақ (3 буын+2 буын+3 буын) өлең-жырларда ежелден еркін араласып келе береді. Халықтық поэзиядағы ең көне өрнектің бірі жыр өлшемінде осындай жеті-сегіз буынды тармақтар қолданылады. Әдетте эпостық дастандар (жырлар) мен толғау, терме секілді ықшамды, желдірмелі әуенмен айтылатын, тармақтары жеті-сегіз буынды болып, түйдектеліп келетін шығармалар жыр деп аталып келді. Сондай-ақ жыр дегенді эпостық поэзияға тән өлең түрі деген мағынада да айта береді.

Жырмен қатар халық поэзиясында аса кең тараған өлшем — он бір буынды өлең (4 буын+3 буын+4 буын, немесе, 3 буын+4 буын+4 буын). Бұл өлшем халықтық ән өлеңдерде де, айтыстарда да, дастандарда лирикалық өлеңдердің көпшілігінде қолданылған. Осы өлшем-өрнектердің қайсысын тілге тиек етсек те, Абайдың қазақ өлеңінің ырғақтық байлығын шумақ, тармақ, бунақтық жүйесін жақсы меңгергені, өлеңнің әсем әуезділігін, дыбыстық гармониясын жарасымды келтістіретін үлкен талғампаздығы, көркемдік шеберлігі ешбір талас тудырмайды.

Осы орайда Ахмет Байтұрсыновтың «Абай — қазақтың бас ақыны» атты мақаласына қатысты бір мәселеге қайта оралып, арнайы тоқталып кетуіміз қажет.

Абай өлең жақсы болуға керек деген шарттардың бәрін білген, сондықтан өлеңі қай тарапынан болса да толық дей келіп, А. Байтұрсынов: «Жалғыз-ақ бір міні бар: ол мін — өлең бунақтары тексеріліп, орнына қойылмағандық. Оның оқығанда әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді. Мысалы, төселіп, желіп келе жатып, текіректеп кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге

болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтарын, алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі»\*, — дейді.

Абай өлеңдерінің «міні бар» деп қадап айтылғандықтан бұл сөздердің мәнісін, әбден байыбына барып, анықтап алған жөн. Он бір буынды өлеңнің тармағында бастапқы бунақ бірде төрт буынды болып, ал бірде үш буынды болып келе береді. Сондықтан тармақтың ырғақтық өрнегі бірде 4 буын+3 буын+4 буын болып келсе, бірде 3 буын+4 буын+4 буын болып келеді. Мысалы:

*Өлең — сөздің (патшасы) сөз сарасы,  
Қиыннан (қиыстырар) ер данасы,—*

дегенде, алғашқы тармақ төрт буынды бунақтан, ал кейінгі тармақ үш буынды бунақтан басталады. А. Байтұрсыновтың айтып отырғаны — осы. Ол жаңағы өлеңнің сөздерін:

*Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыстырар қиыннан ер данасы,—*

деп айтқанда «сөздерінің мағынасы жақсы келеді» деп санайды.

Алайда он бір буынды өлеңде төрт және үш буынды бунақтар осылай еркін алмасып келуі тек Абайдың өлеңдерінде ғана емес, басқа ақындардың өлеңдерінде де кездесе береді. Сондықтан мұны өлеңді айтуға ауырлық келтіреді деп санаған А. Байтұрсынов: «Бұл кемшіліктен қазақ ақындарының көбінің-ақ сөзі аман емес. Әсіресе, Абай өлеңдерінде көбірек ұшырайды»\* деп «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде тағы атап көрсеткен.

Ал, шынында «Өлең — сөздің патшасы» ырғағы өте әдемі, жеңіл өлең ғой. Сондай-ақ онымен қатар тұрған «Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол», «Күз» (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан), «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай», «Қыс» (Ақ киімді, денелі, ақ сақалды) секілді өлеңдердің қай-қайсысын алсақ та, ырғақ-әуезділігі жағынан ешбір міні бар деп айта алмасақ керек.

Бұлардың бәрінде өлең тармақтарының басында бірде төрт буынды бунақ келсе, бірде үш буынды бунақ келіп, жоғарыда айтылғандай ырғақ өрнегі еркін өзгеріп, түрленіп отырады. Мұның өзі өлеңді әндетіп айтуға

\* А. Байтұрсынов. Шығармалары. А., 1989. 301-бет.

\* А. Байтұрсынов. Шығармалары. А. 1989. 201-бет.



ыңғайсыз екені рас. Өлеңді белгілі бір мақаммен, яғни қысқа қайырылатын ықшамды, жеңіл речитатив түріндегі әуенмен айтуға да ыңғайлы емес. Ендеше, А. Байтұрсыновтың кемшілік деп айтуының сырын, түп-төркінін осы жерден іздеу керек. А. Байтұрсынов өлеңді әуендетіп оқуды машық еткені, үнемі солай оқығаны айқындалады. Ал өлеңді осылай оқу — өте кең тараған әдет. Әсіресе, өлеңді көп оқитын адамға, мысалы, дастан-поэманы оқығанда іштей, не естірте әуенмен әндетінкірей айтып отыру жеңілдеу де болады. Ал тармақта төрт буынды және үш буынды бунақтар біркелкі түспей, ауысып түсіп отырса, ондай өлеңді әуендетіп оқу қиындау болады. Мұндай өлеңді «сол күйінде өзгертпей әнге қосуға болмайды»,— деп Ахмет Байтұрсыновтың айтуы орынды. Бірақ Абай «Өлең — сөздің патшасы», немесе жоғарыда аталған және басқа сол секілді өлеңдерін әнге салып айту үшін шығармаған ғой. Айталық, «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» деген әнге арнап жазған өлеңінде тармақтағы бунақтардың реті үнемі біркелкі келтірілген. Ал, әндетпей, әуенсіз сөйлеп оқуға лайық деген өлеңдердің ырғағы еркін, белгілі мөлшерде құбылмалы болуын қалаған. Оқып айтатын өлеңде ырғақтың тұрақты, біркелкі болуы қандай қажет болса, өзгертіп, түрленіп отыруы, екі ұдай ширатылуы сондай қажет екенін, әдемі, әсерлі болатынын Абай жақсы түсінген. Жазба әдебиетінің негізін салып, жазба поэзиялық дәстүрлерді қалыптастыруға күш салған Абай өлең ырғағының мүмкіндігінше еркін болуына айрықша мән берген. Бұл тұста ол қазақ поэзиясында әбден үйреншікті болған он бір буынды өлеңнің өзіне тән мүмкіндігін пайдаланған.

Абай өлеңдерінің дәл осы ерекшелігін А. Байтұрсынов жіті байқап, оны әуендік, әндік дәстүрге қатысты жағынан қарап, кемшілік деп санайды. Асырып айтқан болса да, астарында көңіл қоярлық мағына жатыр. Асылында А. Байтұрсынов қозғаған осы қазақ өлеңдеріндегі ырғақ өрнегін, бунақтардың реттесу қалпын саралау — аса маңызды, арнайы тексеруді қажет ететін мәселе. Өлеңді он бір буынды өлшеммен жазылған дегенде, әдетте осы өлшемнің ішкі ырғақтық өрнегіне, бунақтың құрылысына үніле қарау кездесе бермейді. А. Байтұрсынов он бір буынды өлеңнің тармақтағы соңғы бунақ төрт буынды болып келетін негізгі түрін, және тармақтың соңғы үш буынды бунақпен аяқталатын екінші түрін ажыратып, екі бөліп қараған. Осының екеуіне де

Мағжан өлеңдерінен мысал алып, әрқайсысының ырғақ өзгешелігін байқатады. Бірінші түрі:

*Таласқан (аспанменен) көкпеңбек тас,  
Қарасаң (төбесінде) айналар бас.  
Жасаған (мейірімі кең) қадыр тәңірі  
Шығарған (сол тауынан) алтын алмас.*

Екінші түрі:

*Кеудеде от (іште жалын) көзде жас,  
Күні-түні (қайғы жұтқан) сорлы бас.  
Сабан төсек (там қараңғы) жатағы,  
Наны қара (шайы қара), қарны аш.*

Өлеңнің екінші түрі соңғы бунағы үш буынды болғандықтан еріксіз біркелкі ырғақпен келеді. Мұнда ырғақты өзгертуге, түрлендіруге ешбір мүмкіндік жоқ. Ал, бірінші түрінде алғашқы бірі үш, бірі төрт буынды екі бунақты еркін алмастырып отыруға мүмкіндік бар. Абай осыны толық ескерген. Және тек өлеңдерінде ғана емес «Ескендір», «Масфұт», «Әзім әңгімесі» атты дастандарында, «Вадим» (Батар күнге шымылдық — көк бұлт кең) дейтін өлеңмен жазған аудармасында да он бір буынды өлең өрнегін еркін келтірген. Мұның өзгешелігін жете бағалау үшін Мағжанның «Батыр Баян», «Қорқыт», Сәкеннің «Көкшетау», Ілиястың «Күй», «Күйші» дастандарында он бір буынды өлең өлшемдері үнемі бірыңғай келетінін айтсақ та жеткілікті. Бұл қазақ поэзиясында әсіресе көлемді дастан-поэманы шығарғанда өлеңді белгілі бір әуен ырғағына салып айтып отыру дәстүрі берік сақталғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, дастан-поэмаларда он бір буынды өлең өлшемін ырғағын еркін келістіріп қолдануға ақындар үлкен мән береді. Мысалға Сұлтанмахмұттың «Кедей», «Адасқандар» атты дастандарын атауға болады. Ал, Ш. Құдайбердіұлының «Қалқаман — Мамыр», «Еңлік — Кебек» дастандарында, «Дубровскийдің әңгімесі» атты тәржімалы өлең-хикаясында он бір буынды өлең ырғағы еркін өрнектелген болса, «Ләйлі Мәжнүн» дастанында біркелкі өрнектелгенін байқаймыз.

Сонымен Абай өлеңдерінің А. Байтұрсынов көрсеткен өзгешелігін кемшілігі демей, өлең сөз өрнектеріндегі айырмасы деуге лайық. Қазақ әдебиетінде жазба поэзия дәстүрлерін кеңінен орнықтыру мақсаты тұрғысынан қарап бағаласақ, айырмасы және артықшылығы да десек те болар.

Ауызша шығарылатын өлеңнің әсем әуезділігін, үнділігін жоғалтпай, толық сақтай отырып, Абай оған жа-

зып шығарылған, сөйлеп оқылатын өлеңге тән ерекшелік сипат дарытуға, өлеңнің ырғақ-интонациясын, сөйлемнің синтаксистік құрылысын сөзді жайша сөйлеп айтқандағы қалпына сәйкестендіріп, құбылта білуге де үлкен мән береді. Бұрыннан белгілі жеті-сегіз буынды жыр мен шумақты өлең түрлерін, он бір буынды өлең өлшемін поэзиялық шығармаларында асқан шеберлікпен қолданып, оларды жазбаша поэзияда орнықтыруы да — Абайдың қазақ өлең жүйесін өркендетуге қосқан үлесі. Жеті-сегіз буынды жыр тармақтары түйдек-түйдек болып әртүрлі көлемде еркін топтасатындықтан ырғағы айрықша ағынды келетінін Абай жақсы байқаған. «Жаз» (Жаздыкүн шілде болғанда), «Келдік талай жерге енді» атты өлеңдерінде жыр өрнегін асқан шеберлікпен қолданғаны — ақынның дәстүрлі өлең түріне жаңа сипат дарытуға шеберлігін аңдатады. Ал «Татьяна сөзі» (Тәңірі қосқан жар едің сен) секілді өлеңдерінде қолданылатын жеті-сегіз буынды өлшемнің сегіз буынды тармағы төрт буынды екі бунақтан құралатын нұсқасын, немесе, «Көзімнің қарасы» секілді өлеңдегі алты буынды өлшемді алсақ, бұлардан Абайдың қазақ поэзиясында бұрыннан бар үлгіні өзінше ширатып, көп шумақты лирикалық өлеңде қолдана білгенін айқын көре аламыз.

«Бай сейілді» өлеңінде жеті-сегіз буынды өлшемдегі сегіз буынды тармақты екіге бөліп, екі төрт буынды қысқа тармақтармен жеті буынды тармақты қосып, алты тармақты шумақ қолдану мейілінше ұтымды болды:

*Бай сейілді,*

*Бір бейілді*

*Елде жақсы қалмады.*

*Елдегі еркек*

*Босқа селтек*

*Қағып, елін қармады.*

Бұл шумақ өрнегі қазақ ақындарының лирикалық өлеңдерінде жиі кездеседі.

Абайдың өлең ұйқасын өрнектеудегі ақындық шеберлігін аңдататын бір өзгешелігі — он бір буынды өлшем қолданғанда ааба түрінде келетін қара өлең ұйқасын, бір ғана шумақ көлемімен шектемей, ондаған шумақтарда біркелкі үндесетін сөздерді тізбектеп, өлеңнің үнділігін күшейте түседі. Мысалы, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» атты өлеңінде бастан-аяқ барлық он екі шумақта да ұйқас ұйқы сергек — ойың кермек — болады ермек; туған өлмек — қайта кел-

мек — бәрі өзгермек деген секілді болып үнемі бірыңғай үндеседі.

«Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық» атты өлеңінде де дәл осындай бозбалалық — ойланалық — қорғаналық; ән салалық — қолға алалық — бір бадалық деген сияқты болып он шумақта түгелдей біркелкі үйлесетін ұйқастар алынады. Сондай-ақ «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» атты өлеңдерінде ақын түгелдей барлық шумақ болмаса да, көптеген шумақтарды қатарынан алып, ұйқасын біркелкі үндес етіп келтіреді.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» секілді он бір буынды өлеңдерінде ұйқасты жұртым — мұртың — ұртың — сыртың — қыртың деген секілді етіп жалғастыра тізбектеп, барлық ұйқасты түгелдей, не түгелге жуық біркелкі үндес үйлестіреді. Мұның өзі ой желісін үзбей, біртіндеп өрістету мақсатына толық сәйкес келеді. Алғашқы төрт тармақта қара өлең үлгісімен басталатын ұйқасты ақын онан соң аттамалы ұйқас түріне ауыстырады да, онан кейін үнемі сақтап отырады.

Жеті-сегіз буынды өлшем қолданғанда да Абай ұйқасты түрлендіріп өзгеше келтіру жағын құнттайды. Мысалы, өлеңді:

*Білімдіден шыққан сөз  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге  
Көкірегінде болсын көз.*

*Жүрегі — айна, көңілі — ояу,  
Сөз тыңдамас ол баяу,  
Өз өнері тұр таяу,  
Ұқпасын ба сөзді тез,—*

деп бастап, бұдан кейін әр шумақта алғашқы үш тармақты өзара үйлестіріп, төртінші тармақта бастапқы ұйқасты қайталап отырады.

Абай бірыңғай ұйқасты да шебер қолданады. Мысалы:

*Ішім өлген, сыртым сау,  
Көрінгенге деймін-ау:  
Бүгінгі дос — ертең жау,  
Мен не қылдым, япырмау?!—*

деп біркелкі ұйқаспен басталған өлеңде одан әрі қарай:

*Өз үйінде өзендей  
Күркірейді, айтса дау.*

*Кісі алдында кірбеңдеп,  
Шабан, шардақ және шау,—*

болып, өлеңнің аяғына дейін сол алғашқы ұйқас осы ретпен бір жолдан аттап қайталана береді. Сөйтіп, өлеңдегі 28 тармақ, бастан аяқ бір ұйқас сақталғандықтан, жіпке тізгендей бірігіп, бір тұтас түйдек болып шығады. Осыдан барып өлең интонациясы өзгеше сипат алып, ағыл-тегіл еркін құйылып тұрған импровизатор ақынның сөзіндей әсер қалдырады. Алайда бұл өлең — дәстүрлі суырып салма түріндегі туынды емес. Абай өз ойын пікір таласы түрінде өрбітіп отыр.

*Мұндай менің ана күн,  
Мұның қалай, батыр-ау?—*

немесе:

*Аяғында сендейлер  
Көрмей жүрме хан талау?  
Қайта келер есікті  
Қатты серіппе, жарқын-ау!—*

деген секілді сөздерінен ақынның құбылмалы, өзгермелі мінезі бар адамды нысанаға алып, үсті-үстіне қойып отырған сұрақтарын соған қаратып айтып, сонымен іштей айтысып-таласқандай болып, ойын неғұрлым дәлелді етіп жеткізуді мақсат еткенін байқаймыз. Осыған орай айтылатын ойды бір бағытта дамытып, еселеп айту, және сөйлемдерді тізбектеп, сөздерді бірыңғай ұйқастыру тәсілін өте ұтымды қолданған.

Сонымен Абай поэзиясындағы өлең өлшемдері, шумақ өрнектері, ұйқас түрлері жайлы сөз қозғағанда алдымен ескертетін жай — ұлы ақын бұрыннан белгілі, көп тараған өлшем-өрнектерді керек жерінде өңдеп, түрлендіріп пайдалану жағынан да аса зор өнегелі іс атқарды.

Ал Абайдың қазақ поэзиясына тыңнан қосқан өлшемдерін, шумақтық өрнектерін айтсақ, олар жаңашылдық сипаты, қазақ өлең құрылысын жетілдіру, өрістудегі мән-мағынасы жағынан айрықша құнды. Абай тыңнан кіргізген өлшемдердің айрықша бір өзгешелігі — көлемі әр түрлі тармақтардың шебер қиюласып келетіндігі. Ал бұл қазақ поэзиясындағы өлең жүйесіне мүлде жаңа және өте маңызды қасиет-сипат әкеліп қосты, өлең өлшемдерінің жасалу тәсілін толықтырып, байыта түсті.

Қазақ поэзиясына Абай тыңнан қосқан өлшем, өрнектердің басты-бастыларына тоқталып өтелік.

*Сырмақ қып астына  
Байының тоқымын,  
Отының басына  
Төрінің қоқымын  
Бүксітіп,  
Бықсытып,  
Қоқсытып келтірді.*

*Осының бәрімен  
Көңілінде міні жоқ,  
Жүзінің нәрі мен  
Бойының сыны жоқ.  
Бүкшііп,  
Сексііп,  
Түксііп өлтірді.*

Ұзын тармақтар түгелдей алты буынды болып, үш буынды қос бунақтан құралса, қысқа тармақтар да үнемі үш буынды болып келген.

Бұдан біз осы өлең түрінің қазақ өлең құрылысының өзгешелік қалпын берік сақтап, поэзияда орныққан өрнектер негізінде өріліп шыққанын көреміз.

Қысқа тармақтардың ырғағын айқындай түсу үшін Абай бүксітіп — бықсытып — қоқсытып, бүкшііп — сексііп — түксііп деген сөздерді үйлестіріп, үш буынды тармақтармен келесі алты буынды тармақтың бастапқы бунағын да ұйқастырып қойған. Осы көрсетілген етістіктен жасалған сипаттама сөздер өзінің нақтылық мағынасы, әсерлі суреттілігімен де назар аударады. Өлеңдегі ырғақты шығарманың мазмұнына байланысты алып қарасақ, осындағы ұзынырақ (алты буынды) тармақтардың соңында үш буынды ырғақтың айқын естіліп, оқшауланып шығуы, қайталануы мұндағы айтылатын ойдың кекесін, сықақ, ажуаға толы мәнін ашып көрсетуге әсіресе орайлы.

«Қор болды жаным» өлеңінің де ырғағы, шумағы өзгеше құрылған:

*Сайрай бер, тілім,  
Сарғайған соң бұл дерттен.  
Бүгілді белім,  
Жар тайған соң әр серттен.  
Қамырықты көңіл,  
Қайтсе болар жеңіл?*

Шумақ ішінде бес, алты, жеті буынды тармақтар белгілі ретпен келіп отырады. Бұл — оның негізгі ерекшелігі. Ал тармақтарды бөлек алсақ, бес буындысының өрнегі 3 буын+2 буын болып келеді. «Сегіз аяқтағы» бес буынды тармақтар да сондай. Бұл ырғақ мақалдарда кездеседі. Алты буынды тармақтардың өрнегі 4 буын+2 буын. Бұл да мақалдарда, қысқа өлеңдерде

ұшырасады. Ал жеті буынды тармақтар мол тараған 4 буын+3 буын өрнектен құрылған. Тек алғашқы шумақтағы бір тармақ қана 3 буын+4 буын болып келеді.

Абайдың өзгеше ырғағы, шумағы, ұйқасы бар өрнек тудырған тағы бір өлеңі — «Сен мені не етесің».

*Сені мені не етесің  
Мені тастап,  
Өнер бастап  
Жайыңа  
Және алдап,  
Арбап,  
Өз бетіңмен сен кетесің.  
Нег(е) әуре етесің?  
Қосылыспай,  
Басылыспай,  
Байыңа  
Және жаттан  
Бай тап,—  
Өмір бойы қор өтесің.*

Бұл — қазақ поэзиясында да, Абай жасаған өлең өрнектердің ішінде де оқшау тұрған бөлекше туынды. Өлеңді сөйлеп айтуға, дауыс толқынының еркін құбылып отыруына мейлінше сәйкестендіріліп құрылған осы өлшемнің басты ерекшелігі — мұнда ұзынды-қысқалы, көлемі жағынан бірінен бірі мүлде алшақ тармақтар бір шумақ шеңберінде түйіскен. Шумақ құрылысы бірінен бірі аумайтын екі бөлшектен тұратын болғандықтан алғашқысын талдап көру жеткілікті. Мұнда бір алты буынды, бір сегіз буынды тармақ бар екенін көреміз. Төрт буынды тармақ — үшеу. Бұларға қоса бірі үш буынды және бірі екі буынды екі тармақ және бар. Осынша әрқайсысы әркелкі тармақтардың бір шумақта қалай жанасып, сыйысып, бірігіп тұрғаны таңғаларлық-ақ нәрсел! Осы әртүрлі тармақтардың шашырамай, жымдасып тұруының, шумақтың шұбалаң көрінбей, бас-аяғы жинақы болып, тұтастығы айқын сезілуінің сыры неде?

Шумақтағы ең көлемді тармақтар — екі алты буынды тармақ пен екі сегіз буынды тармақ — құрылысы жағынан сабақтас: соңғы бунақтары үш буынды. Осы төрт тармақ бірыңғай үйлесіп және бұлардың ұйқасы шумақтағы ұйқастың негізгі желісін құрап тұр. Мұның да шумақтың біртұтастығын арттыруға себі бар. Басқа үш буынды екі тармақтың осы соңғы бунағы үш буынды тармақтармен ырғағы жағынан аз көп жанасатыны сөзсіз. Ал төрт буынды тармақтар алтау, қайталанып

отыратындықтан, қатар тұрғандары өзара ұйқасатындықтан олардың ырғағы да күшті сезіледі. Мәселе тек олардың көлемі, құрылысы өзгеше тармақтармен орайлас келуінде. Ал енді қалған қос буынды екі тармақ қана десек, олар да өз орнын тауып қойылған және бір-бірімен, кейде алдындағы төрт буынды тармақпен де ұйқасып отырады.

Бұл өрнекті Абай басқа шығармаларында қолданбайды. Тегінде осы тәрізді құрылыс-бітімі бөлекше өлең өрнегі өзінің ретті жерінде ғана пайдалануға лайық, сондықтан өте сирек кездеседі.

Абай поэзияға кіргізген осы өрнектің сөйлеу интонациясына бейімделіп жасалған қазақ әдебиетіндегі алғашқы үлгінің бірі екенін атап айту керек. Тақпақ өлеңдерде, ауыз әдебиетінің кейбір басқа нұсқаларында осыған негіз боларлық ырғақ — өлшемдер кездескенімен бұл өлең түрінің сонылығы талас туғызбауға тиіс.

Абай қазақ поэзиясына тыңнан қосқан өлең өрнектерінің ішіндегі ең күрделі және келісті жасалғаны «Сегіз аяқ».

Мұхтар Әуезов Абай поэзиясындағы осы үздік көркем туындыны аса жоғары бағалап, «Сегіз аяқ» — ұлы ақынның жазушылық еңбегінің орта-тұсында туған үлкен бір белдей әрі мол, әрі бар жағынан көркем келісті шыққан, зор шығарманың бірі»\*, — деп жазды. Өлеңнің кестесін «бұрын ешкім таппаған қиын ұйқасты шебер тұр»\*\* деп сипаттады.

*Алыстан сермен,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған.  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған,  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең, өзің біл.*

Осы келтірілген шумақта бес буынды тармақтар мен сегіз буынды тармақтар белгілі ретпен кезектесіп келіп отыратынын көреміз. Бірақ басқа шумақтарда сегіз буынды тармақтың орнына жеті буынды тармақ түсуі де ықтимал. Шумақ кестесі 3 буын+2 буын+3 буын болып келетін сегіз буынды тармақпен бунақ өрнегі 4 буын+3 буын болып келетін жеті буынды тармақ жыр өлшемінде де, шумақты өлеңдерде де еркін алмасып

\*М. Әуезов. Абай Құнанбаев. А. 1967, 136 бет.

\*\* Бұл да сонда, 137-бет.



түсе беретіні белгілі. «Сегіз аяқтағы» жеті, сегіз буынды тармақтардың бунақтық кестесі де дәл осындай.

Мысалы, жырда:

*Атаңның (аты) кім болар,  
Атанның (аты) кім болар?  
Айтып кеткін, (қарағым,  
Қандай жаман (күн болар.*

Мұнда алғашқы екі тармақ 3 буын+2 буын+3 буын болып құралса, соңғы екі тармақ 4 буын+3 буын болып келеді.

«Сегіз аяқ» та:

*Толғауы (тоқсан) қызыл тіл,  
Сөйлеймін (десең) өзің біл.*

Немесе:

*Бойда қайрат, (ойда көз  
Болмаған соң, (айтпа сөз.*

Мұнда да бастапқы екі тармақтың кестесі 3 буын+2 буын+3 буын болса, кейінгі екі тармақтың құрылысы 4 буын+3 буын болып келеді.

Енді жеті, сегіз буынды тармақтардың бес буынды қысқа тармақтармен алмасуына келсек, бұл өлеңнің ырғағын түрлендіре түседі. Бұл жерде екі қысқа тармақтың бір олардан ұзынырақ тармақпен қосылып, үшеуден топтасатынын ескеруіміз керек. Және екі қысқа тармақтың өзара жанасу, жымдасуы, олардың өзінен ұзынырақ тармақпен жанасып бірігуіне қарағанда әлдеқайда күштірек болатынын түсінуі қиын емес. Сондықтан шумақтың ырғақтық құрылысы жағынан қарағанда, екі қысқа тармақпен бір ұзын тармақ қатарласып (қарсы келіп) теңдесу ыңғайы да сезіледі. Оған қосымша себеп — бұл үш тармақ шумақтың жеке бір бөлшегін құрайтындықтан соңғы сегіз (не жеті) буынды тармақтан кейін дауыс толқынында айқын кідіріс (пауза) болады.

Сонымен бірге, егер бес буынды екі тармақтың сегіз буынды тармақпен қосылып келетін кезін алсақ, шумақтың осы бөлшегін ырғақтың ерекшелігі жағынан басқаша қарастырып, түсінудің де реті бар. Айталық:

*Алыстан (сермен,  
Жүректен (тербен,  
Шымырлап (бойға  
жайылған...*

Яғни бірыңғай келген бес буынды ырғақтардың қатары үш буынды қысқа тармақпен келіп тынып тұр деуге болар еді. Немесе, басқа бір қырынан қарасақ, бес буынды тармақты сегіз буынды тармақтың соңғы бунағын алып тастап, қысқартқан шолақ түрі деуге де болар еді.

Әрине, сегіз буынды тармақ та, жеті буынды тармақ та біртұтас өлең жолы, оларды тек шартты түрде болмаса, бөлшектеп қарауға болмайды. Мұндай бөлшектеп қарастыру олардың құрылыс — бітіміндегі бірлік — ұқсастықты, жалғастықты түсініп білу үшін ғана қажет.

«Сегіз аяқтың» шумағындағы тармақтарды өзіндік дербестік сипаты бар үш топқа бөлуге болады.

- 1) *Болмасын кекшіл,  
Болсайшы көпшіл,  
Жан аямай кәсіп қыл.*
- 2) *Орынсыз ыржаң,  
Болымсыз қылжаң  
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?*
- 3) *Еңбек қылсаң ерінбей —  
Тояды қарның тіленбей.*

Алғашқы үш тармақ бөлектеніп тұрғанымен, ырғағы дауыс толқынының өзгеру, тынуы жағынан алғанда толық тиянақты емес. Тек осы алғашқы үш тармақтың құрылысын, ретін айнытпай қайталайтын келесі үш тармақтың соңында ғана ырғақ, интонация тиянақты болатынын көреміз. Осы екі топтағы үш тармақтан құралған шумақтың екі бөлшегінің арасын ажыратып тұрғанда, оларды жақындастырып тұрғанда — ырғақтық құрылыс өрнегінің толық ұқсас болып, бірін-бірі түгелдей қайталайтындығы.

Соңғы екі тармақтың шумақ өрнегін толықтыру, түрлендіруде мәні ерекше зор.

Мұндағы жеті (сегіз) буынды тармақтар алдыңғы екі топтағы соңғы тармақтардың құрылыс-өрнегін қайталап, олардан өріліп шығатыны байқалады. Бірақ бұл екі тармақ шумаққа мүлде жаңаша сипат береді. Бұл соңғы бөлшексіз тек бірін-бірі қайталайтын үш тармақты топтардың тізбегі қатарласып келе беретін болар еді. Ал бастапқы қос үш тармақты топтың өзі арасы айрылып, бөлшектеніп тұрар еді. Онда оларды жалғастырып, біріктіретін ұйқас қана болар еді.

Соңғы екі тармақтың дербестік сипатын арттыратын — олардың синтаксистік құрылысы, мағынасы жағынан бөлектеніп тұрғандығы. Мұнда көбінесе шумақта-

ғы ойды түйіндеп, қортындылайтын, нақыл сөз секілді, өткір, тұжырым пікір айтылып отырады. Мысалы:

*Бойда қайрат, ойда көз  
Болмаған соң, айтпа сөз.*

*Еңбек қылсаң ерінбей,  
Тояды қарның тіленбей.*

*Ойнасшы қатын болса қар,  
Аңдыған ерде қала ма ар?*

*Баяғы жартас — бір жартас,  
Қаңқ етер, түкті байқамас.*

*Моласындай бақсының  
Жалғыз қалдым, тап шыным.*

Бұлардың мағынасы жағынан дербес, тиянақтылығын олардың көбі мақал, нақыл сөз түрінде кең тарап кеткенінен де айқын байқауға болады.

Жалпы алғанда «Сегіз аяқтың» өте шебер өрнектелген ырғақтық құрылысы терең ойлы лирикалық өлеңге лайықталып жасалған.

Шумақтың ырғағына, дауыс толқынының өзгеру ретіне ұйқас та бірден-бір сәйкес келіп отырады. Ұйқас кестесі — ааб ввб гг. Шумақта төрт түрлі үйлесім белгілі ретпен араласып келіп отырады. Және үйлестен тыс қалатын бірде-бір тармақ жоқ. Осының өзінен-ақ ақынның ұйқасқа, оны түрлендіріп, шумақ өрнегін ұстартып, жетілдіре түсудегі аса қажет құрал етіп пайдалануға қаншалық зор мән бергенін аңғарамыз. Мұндай бір шумақта төрт үйлесім қатар алынатын өрнек қазақ поэзиясында Абайдан бұрын болған емес. Бірақ, әрине, ұйқастың әр түрлі келіп, сан жағынан көп болуын айту ғана жеткіліксіз. Олардың шумақтағы кезектесу реті және ұтымды екенін ерекше атап кету де қажет.

Қатар келетін қысқа тармақтар егіз ұйқаспен үйлеседі. Бұл олардың ырғақ-интонация жағынан көбірек кірігіп, жымдасып тұруына орайлас. Жеке екі қысқа тармақтың қосыла келіп бір ұзынырақ тармақпен сәйкес келуіне және ыңғайлас. Бірақ қысқа тармақтардың егіз ұйқасы шумақтың алғашқы бөлшегінде бір түрлі де, екінші бөлшегінде екінші түрлі. Бұл да орынды. Үш тармақты екі бөлшекті жанастырып, біріктіру үшін соңғы тармақтардың үйлесуі әбден жеткілікті. Қысқа тармақтардағы егіз ұйқастың екінші рет қайталанбауы ырғақ, интонацияны барынша оралымды, икемді ету талабынан туған.

Соңғы екі тармақтың үйлесі — егіз ұйқас, жеке ал-

ғанда, бұл — қарапайым-ақ үйлесім. Бірақ бұл шумақта ұзын тармақтар бұдан бұрын басқаша үйлесіп келген. Сондықтан бұл ұйқас та жаңаша сипат алады. Сөйтіп, шумақта әр түрлі ұйқастар қатарласып, өріліп келгендіктен ол да әсерлі болып шығады.

Ұйқас туралы айтқанда оның үнділігі, сапалық жағы ескерілуі керек. «Сегіз аяқта» қысқа тармақтарда үнемі екі буынды ұйқас, ұзын тармақтарда көбінесе үш буынды ұйқас қолданылады. Яғни, қазақ өлеңінде ұйқас тармақтағы соңғы бунақты түгелдей қамти алатын болса, ақын осы мүмкіншілікті неғұрлым толық пайдалануға ұмтылған.

«Сегіз аяқтың» өлең өрнегі-ырғағы, шумағы, ұйқасы — өлеңнің мазмұнына, ондағы ой-сезім өзгешелігі мейлінше сәйкес келеді. Өлең ырғағының әуезділігі, оралымдылығы, өзгеріп, түрленіп отыруға бейімділігі көркем түрді мазмұн байлығына, ой тереңдігіне үйлестіре білу шеберлігінен туған. «Сегіз аяқтың» өлең түріне тән жарасымдылық, асқан көркемдік зор ақындық қуатты, асқан шеберлікті танытады.

«Сегіз аяқ» секілді Абай поэзиямызға тыңнан қосқан өлең өлшемдерінен ақынның қазақ өлең құрылысының өзгешеліктерін, сипат-ерекшеліктерін терең түсінгенін көреміз. Абай халық тілінің ырғақ-интонациялық байлығын жақсы сезінді, ең ұтымды ырғақтық өрнектерді талғап, екшеп алып, жаңа ұтымды өлшеулер туғызды. Қазақ тілінің үнділік, әуезділік сипаттарын толығынан ашып бере білді.

«Сегіз аяқ» өлшемінен Абай бір-ақ өлең жазса да, осы шығарманың маңыздылығы ерекше болғандықтан, сол арқылы-ақ өлеңнің кестесі қазақ поэзиясында берік орнықты. Бірталай, ақындар «Сегіз аяқ» өлшемін қолданып көрді. Бірақ, осы күрделі, қиыннан қиыстырылып жасалған өлең өрнегіне сай көркемдік қуаттылық танытқан адам көп емес. Бұл тұста Шәкәрім, Ахмет Байтұрсыновтың осы өлең өлшемін қолдануы көңіл қоярлық деп айта аламыз.

«Жастық туралы» өлеңінде Шәкәрім бұл өлең өрнегін жеңіл, ойнақы ырғақпен айтуға лайықтап келтірген.

*Гауһардай көзі,*

*Бұлбұлдай сөзі,*

*Жаннан асқан бір пері.*

*Жүзі бар айдай,*

*Мінезі майдай,*

*Өзгеден артық сол жері.*

*Дариядан ақыл мол еді,*

*Жан ғашығым сол еді.*

*Ұжмақтың хоры,  
Іздедім соны,  
Тал бойының кірі жоқ.  
Бойы бар сымдай,  
Белі бар қылдай,  
Мүшесінің міні жоқ.  
Қыз осындай болар ма?  
Оны сөккен оңар ма?*

Өлең сұлу қызды сипаттаудан басталады да, бозбаланың сол қызды алыстан ат сабылтып түнделетіп іздеп келіп, қазақы әдетпен қасындағы жолдасын жіберіп, хабар алып, қыз жатқан үйге кіріп, құмардан шығып, таң ата қайтқанын баяндаумен тынады. Осындай мазмұнына өлеңнің ырғағы да сәйкес келіп, әлдеқандай бір әсерлі ойнақылық, құбылмалы ширақтық сипат танытады.

Шәкәрімнің бұл өлең өрнегін «Кәрілік туралы» деген өлеңінде қолдануы да осыған ұқсас. Ақын қартайған адамның күйкі хал-жағдайын әзіл араластыра, әжуалап бейнелегендіктен мұнда да өлең ырғағы жеңіл, ойнақы болып келеді:

*Қызусыз тәнің,  
Сезімсіз жаның —  
Болады кәрілік белгісі.  
Оны да сезбей,  
Үмітін үзбей,  
Келмейді шалдың өлгісі.  
Алпыстан әрі бармаңдар,  
Байқамай шал боп қалмаңдар!*

«Сегіз аяқ» өлшемі әр алуан интонация туғыза алатынын, өлеңнің мазмұнына орай осындай сипат алуы да мүмкін екенін Абай өзі жақсы білген. Оған:

*Бұралып тұрып,  
Буыны құрып,  
Қисайта тартып мұрынын;  
Әсемсіп, сәнсіп,  
Білгенсіп, бәлсіп,  
Әр нәрсенің орынын.  
Керенау, кердең, бір керім,  
Жақпайды маған сол жерің.—*

деген бір шумақ өлең-ақ толық дәлел бола алады. Алайда Абай бұл өлең өрнегін осылайша қолдануды көп қызықтамай, оның ырғақтық байлығын басқа қырларынан келіп ашуға көбірек көңіл аударған.

А. Байтұрсынов «Сегіз аяқ» өлшемін қолданған «Жиған-терген» атты өлеңін Абайға бір жағынан еліктеп, бір жағынан жарыса жазғаны байқалады. Еліктегені өлеңді Абайша бастағанынан-ақ бірден ап-айқын:

Оюын ойып,  
Орындап қойып,  
Түр салғандай өрнекке.  
Қиыннан қиып,  
Қиырдан жиып,  
Қарап сөзді термекке.  
Еңбекке егіз тіл мен жақ,  
Ерінбесең, сөйлеп бақ.

Именіп көптен,  
Сақтық қып еппен,  
Тасалама ойыңды!  
Ашынса етің,  
Ашылмақ бетің,  
Тірі көмбей бойыңды.  
Жүрегіңнің жарасын  
Көрсет жұртқа, қарасын.

Одан әрі ақынның ел жайын, халық тағдырын толғайтын сөздерінен Абайдың «Сегіз аяғымен» сарындастықты да, жаңа дәуірдің шындығын ашып көрсетуге ұмтылғандықты да көре аламыз.

Емшегін еміп,  
Анаға сеніп,  
Бала ұйықтайды жастықпен.  
Қымызға қанып,  
Қызарып жанып,  
Бай ұйықтайды мастықпен.  
Шалап ішкен кедей мас,  
Мына жұрттың түрі оңбас.

Қазағым, елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып.  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзіңді оянып,  
Қанған жоқ па әлі ұйқың,  
Ұйықтайтын бар не сиқың?!

Мазмұнына орай мұнда өлеңнің ырғақ-интонациясы икемділігі, құбылмалы еркіндігіне қоса салмақты, байсалды сезіледі.

«Сегіз аяқ» Абайдың ең таңдаулы поэзиялық туындысы болатынын — онда ақынның шеберлігіне тән терең ойшылдық, нәзік сыршылдық, керемет суреткерлік — бәрі ұштасып келеді. Ой-толғанысқа толы өлеңнің мазмұнына сай кең тынысты өлшемнің иірімі мол, еркін өзгеріп отыратын, серпінді, ширақ ырғағы, интонациялық әуезділігі айқын көрініс тапқан.

Шәкәрімнің кемеліне келістіріп жасаған Абайдың осы сөз үлгісін қайталамай, бұл өлшемді басқа қырынан алып, молырақ қолдануы да тегін болмаса керек.

керек. Абаймен тура бетпе-бет келіп, бой өлшесу қандай ақынға болса да оңайға түспейтіні анық. Ал, Шәкәрімнің өлең өрнегін түрлендіріп, өзінше қолдану жағынан озық ақын екенін дәлелдеп жату артық қой. Бұл орайда оның тек бір өлеңінің ырғақтық өрнегіне тоқталып өтсек болар.

*Бұл ән —*

*Бұрынғы әннен өзгерек.*

*Бұған —*

*Ұйқасты өлең сөз керек.*

*Өзіне орайлы.*

*Денең —*

*Жан нұрлы болса, жөнделмек,*

*Өлең —*

*Әнге өлшеп айтса, өңделмек,*

*Ұйқасқа қолайлы.*

*Ән — өлшеуіш,*

*Өлең — күміс,*

*Қоспаңыз мыс аралас.*

*Артық алу,*

*Не кем салу,*

*Қапы қалу жарамас.*

Мұндай ырғағы өзгермелі, тармақтары ұзынды-қысқалы өлең өлшемін өз ретімен келістіріп айта білу оңай емес екенін ескеріп, «әнге өлшеп айтса» жеңіл болады деп, Шәкәрім өзі арнайы ән де шығарған ғой. Әрине, бұл — оқшау тұрған өлең өрнегі. Ырғағының өзгермелі, тармақтарының әркелкі келуі жағынан мұны Абайдың «Сен мені не етесің» атты өлеңінің өлшеміне жақын деуге болар. Ал, «Сегіз аяқтың» өлшемі, тармақтары ұзынды-қысқалы келсе де, қазақ өлеңінің қалыпты ырғағынан бөтендігі аз, айтуға жеңіл. Абайдың «Сегіз аяққа» арнайы ән шығарғанын айтсақ, мұның мәні аса зор. Абай шығарған бұл ән өлеңді айтқанда сөздің ырғақ-интонациясына тән ең ұтымды қасиеттерді аша түсуге үлкен себін тигізіп тұр. Абайдың әні осы өлеңді айрықша толғана, тебірене айтуға лайық. Осы орайда «Сегіз аяқ» өлеңінің әнге салып айтылуы жайында бірекі сөз айтпақпыз. Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Тәңірі қосқан жар едің сен» сияқты өлеңдеріне шығарған бірталай әндерін әншілер үлкен өнерпаздықпен орындап жүр десек, «Сегіз аяқ» әнінің айтылуы жайында әлі де ойласуға болатын секілді. Әдетте «Сегіз аяқ» әнмен айтылғанда өлеңнің бес-алты шумағы алынады да, олар бастан-аяқ біркелкі сарынмен келтіріледі. Бірден қатты тебіреніп, ашынған ащы дауыспен басталып, аяғына дейін өзгермейді, бір қа-

лыпта айтылады. «Сегіз аяқ» өлеңін басталуы бар, шарықтау шегі бар, аяқталуы бар симфониялық поэма түріндегі шығарма деуге болады. Сонда өлеңнің «Толғауы тоқсан қызыл тіл» деп келетін кіріспе бастамасында, онан кейін барып ақынның өзекті ойын, жүрек жарды сезімін, ішкі сырын ақтаратын, соңында айтып тынатын тұстарында ән үнемі біркелкі орындалмай көңіл-күйінің құбылуына сәйкес дауыстың реңкі, бояуы, сарын-күші сәл өзгеріп тырса, ұтымды болмас па еді? Мысалы, романс-әнді айтқанда, әні бір болғанымен, әр шумақты айтқанда, сөздің мәніне қарай аз-кем өзгеріс болады емес пе? Әрине, бұл әншілік шеберлік арқылы шешімін табатын мәселе. Біз тек бұл бағытта ізденіс қажет екенін айта кетуді жөн көрдік.

## Поэмалардың сыр-сипаты

Поэма жанрына жататын, яғни, өлеңмен айтылатын, баяндалатын лиро-эпостық шығармалардың түрлері сан-алуан. Батырлық жырлар, халықтық дастандар, көлемді (сюжетсіз) толғау жырлар — бұлар поэманың қазақ поэзиясында ертеден ең көп тараған, бел алған үлгілері. Абайдың поэмалары деп аталып жүрген «Масфұт», «Ескендір», «Әзім» — ертегі-аңызға құрылған шығармалар. Бұларға қоса Абай Лермонтовтың «Вадим» атты көлемді прозалық шығармасын және «Демон» поэмасын өлеңмен аударуға кіріскенін ескеріп, поэма жанрындағы ақынның шығармашылық ізденістері аз болмаған-ау деп жобаласақ та, бұл екеуі де, «Әзім» поэмасы да толық бізге жетпегендіктен (немесе, жазылып бітпегендіктен) нақтылы байлам жасау қиынға соғады. Ал «Масфұт» пен «Ескендір» туралы айтсақ, олардың өзгешелігі, өзіндік сипаты неде десек, алдымен көңіл қоярлық нәрсе — айтушының, автордың бейнесі баяндалған оқиғадан, сюжеттен бөлектеніп, басқа тұрғыдан көрінетіні дер едік. Бұл поэмаларда сол кездегі заман шындығы тікелей көрінбей, ескі аңыз әңгіме арқылы көрініс берсе де, сол аңыз оқиғаға айтушының, автордың беретін бағасы, оның адамгершілік, ағартушылық идеялары арқылы танылады. Сондықтан Абайдың лирикалық өлеңдерінде насихатталған озат ой-пікірлерімен



поэмаларының идеясы үндес шығып жататыны да кездейсоқ нәрсе емес.

«Масғұт» поэмасы — мазмұн-мағынасы терең, автордың негізгі ойын жеткізу жағынан тартымды шығарма. Байыптап қарасақ, Абай Масғұт әңгімесін жай ескі аңыз деп қарамай, сол әңгіме негізінде өз заманына тікелей қатысты мәселелер жайлы толғанғанын байқар едік. Поэмадағы сюжеттің мағыналық түйіні, кейіпкердің іс-әрекеті, ұмтылысы мен ұғымы бөлек бір ағын болса, автордың (баяндаушының) өз көзқарасы, уақиғаның әр бұрылысына, әр іске беретін бағасы екінші ағын болып, кейде бір арнаға құйылып жатса да, екі жарылып, айырыла жарысып, бөлініп кетеді. Осыдан келіп шығарманың мазмұны да біркелкі, бірбеткей сипатта көрінбей, қат-қабат, қатпарлы мағына алады. Соның өзінде автор өз ойларын жанынан шығарып, жапсырмалауға бармайды, сол сюжеттің арғы, ішкі иірімінен толқып шығатын мағыналық түйінді өрістетіп әкетіп, өзінше толғам-тұжырым жасайды.

Поэма мазмұнының осындай қат-қабат күрделі болып келуі оны әр қырынан қарап әр түрлі бағалауға мүмкіндік береді. Айталық, кейбір әдебиетшілер «Масғұт» поэмасын әйелдерді айрықша қастерлейтін шығарма деп санайды. Олардың негізгі дәлелі — Масғұттың қызыл гүлді таңдауы, әйел қауымы досым болса деген қалауы, ақыл мен байлыққа кенелуден бас тартуы. Осының өзі салмақты дәлел секілді көрінсе, бұл поэма кейіпкерінің пікірі, соның ойлау өресін танытатын сөздер ғой. Ал Абайдың осыған беретін бағасы қандай екенін еске түсірелікші:

*Сол заманда-ақ надандар шырық бұзған,  
Жалғанның дәмін бұзып қауіп қылғызған.  
Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,  
Арашашы іздепті қатын, қыздан.*

*Ендігіге не сұрау бұл заманда?  
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.  
Өлген мола, туған жер жібермейді,  
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда.*

Абай тіпті өлердегі сөзін айтып, ақыл мен малды бағалай білмегендерді, күте алмағандарды надандар деп, «жалғанның дәмін бұзып қауіп қылғызған» солар деп, қатты ашынып айтады емес пе? Абай поэма кейіпкері Масғұтқа ерік беріп, еркін сөйлетіп, сөзін құптағандай сыңай көрсеткендей уақиғаны асықпай баяндап шығады. Сөйтіп, өзін-өзі тоқтатып, айтар ойын ішке сақтап отырып, кейін осы алғашқы әңгіме тиянақталған тұста

бірақ ақтарылатыны соңынан барып айқын болады. Масғұт ақылды таңдамады дегенді бөліп алып ойластырсақ, соның мәнісін тереңдеп түсінсек жарар. Елден асқан ақылды болсам да, надандар ақылға мойын бұрмас дейді Масғұт.

*Әділетсіз, ақылсыз, арсыздарды  
Көре тұра көңілде тыныштық тұрмас.*

*Адам дертті болмай ма құса тартып,  
Тұщы ұйқы ұйықтай алмай түнде жатып,  
Ептеп бағып, есерге ем таба алмай,  
Тәтті тамақ жей алман дәмін татып.*

Әділетсіздікке, арсыздыққа, надандыққа қарсы тұруға жарамаса, ақылдылықтың, әрине, құны да жоқ.

Міне сондықтан да Абай поэманың екінші бөлімінде байлыққа жетуді де, әйелдер досым болса дегенді де былай қойып, ақылды болудың қиындығы туралы мәселені жекелеп алып, тағы бір тың оқиғаны баяндау негізінде сол сарынды өрістетеді. Сөйтіп, поэманың бірінші бөлімінде елден ерекше ақылды кісінің надан, топас адамдардың ішінде отырып әділетсіз, арсыздарды түзей алмай, әуреге түсіп, дертті болатыны сөз болып, бұл тұжырым үш нәрсенің бірін таңдау ретімен айтылатын сюжеттің бір тармағы ғана болып, жанама түрде келтірілсе, екінші бөлімінде есер, есіріктердің ортасында есті адам да еріксіз есінен айрылатынын тұспалдап көрсететін оқиға баяндалып, оның өзі бірден-бір нысаналы тақырып болып өріледі.

Масғұт пен Халифа көптің қаһарынан қорқып, солар ішкен бұзылған суды ішуге мәжбүр болғанын, содан естерінен адасқанын айта келіп:

*Көрдің бе көп тентектің қылған ісін?  
Еріксіз есті екеуін есер етті,— дейді.*

Абайдың өз түйіні баяндалып отырған оқиға желісінен мүлде басқаша екені поэманың соңғы шумағындағы:

*Көптің бәрі осындай, мисал етсең,  
Көп айтты деп алданып, уағда күтсең,  
Ғәпіл боп көп нәрседен бос қаласың,  
Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең,—*

деген сөздерден тағы да айқын аңғарылады.

«Масғұт» поэмасын сөз еткенде М. Әуезовтың осы шығармаға айтқан сын пікірлеріне тоқталмай кету дұрыс болмас еді. Мәселе Әуезов Абай поэмасының кемшіліктері деп көрсеткен кейбір ерекшеліктеріне ой кө-

зімен қарап, байыптап түсінуде, айтқан сынды қолдау немесе қолдамауда емес, Әуезов «Масфұт» поэмасын қай тұрғыдан қарап бағалаған, қандай талаптар қойып сынаған, қандай дәлелдер айтқан — міне осы жайларды ойластыру шығарманың жанрлық сипатын, сюжеттік құрылысы мен көркемдік ерекшеліктерін түгендеп тексеру, толығырақ түсіну үшін қажет.

Біз алдымен Әуезовтың «Масфұт» поэмасы жайлы айтылған құнды пікірлері, байлам-тұжырымдары мол екенін атап көрсетуді орынды деп санаймыз. Өзінің поэмаға жасаған талдауларын, ой-түйіндерін Әуезов шығыстан келген аңыз Абайдың өз ойын баяндауда керекке жаратылған творчестволық материал болып отыр деп қорытады. Біздің көңіл аударғалы отырғанымыз Әуезовтың осы пікірін жалғастыра келіп поэмаға айта-тын сын пікірлері. Енді сол пікірлерге құлақ асалық:

«Сөйтіп, бұл поэманың ойы өмір оқиғасынан, тартысынан тумайды,— дейді Мұхтар Әуезов,— Қайта сол оқиға, тартысының бәрі ақынның ақылынан туады. Осындай сюжетті әңгіме құруда суреттеп көрсету орнына, баяндағыш ойды басшы ету арқылы Абай бұл поэмасының композициясын ойдағыдай толық көркем, тұтас етіп шығара алмаған. Ол, әсіресе, осы поэманың екінші бөлімінен аңғарылады. Композициялық құрылыста логика болмай кетеді. Өйткені тұтас күрделі сюжеттік құрылысының шартына бағынса, Масфұттың қызыл жемісті жегеннен кейінгі іс-әрекеттері баян етілгенін көрсек керек деді.

Ал, Абайда олай шықпаған. Масфұт қызыл жемісті жеп, әйелдердің достығын алудың орнына, ақылды кісі болып шығады. Іс жүзінде ол қызыл жемісті жеген кісі емес, қайта өзі жемеймін деген ақ жемісті жеген кісі боп, үлкен ақыл иесі боп, тіпті Шәмсижиһан атанады. Ақыл, парасаты арқылы жиһанның күні болған делінеді.

Дұрысында, поэма оқиғасының алғашқы бөлімінде жеткен өрісі бойынша, әйелдер достығынан туған мінез, оқиғалар, соның айналасындағы тартыстар поэманың екінші бөлімінің үлкен өрісі болу шарт еді.

Ал, Абайда — Масфұт бар әйел қауымы түгіл, бір әйелдің достығына да душар болмайды. Оның үстіне поэманың соңғы бөліміндегі «жынды су» мотиві және одан туатын «жұртың жынды болса, ақылды болма, қоса жынды бол!» дейтін қортындылар бұл поэманың алғашқы бөліміндегі мінез бен істерге логикалық жағы-

нан да қиыспайды. Оқыстан туған оқшау халдер есепті болады»\*.

Шынында Абай поэманың екінші бөлімінде ескі аңыз-ертегінің сюжетін өзінше жалғастырып дамытуды мақсат етпейді. Ақын екі басқа шығармалардан алынған өз ара тікелей байланысы жоқ екі сюжетті Масғұттың өмірінің екі кезеңін сипаттап көрсету үшін алып отыр. Поэманың бірінші бөлімінде де, екінші бөлімінде де алынған сюжеттегі уақиғаның желісін тілге тиек етіп, сол арқылы өз ойын білдірген.

Қызыл гүлді алған Масғұттың таңдауын Абай қолдамайды. Ақ гүлді алып, жаннан асқан ақылды болып шығудан Масғұт өзі бас тартты деп Абай оны сынап отыр. Қаншама жұрт кесел келіп бұзылған су ішіп есінен ауысқан кезде хан мен оның уәзірі Масғұт та өз еркімен сол судан ішіп ақылынан айрылуға мәжбүр болғанын баяндай келіп, ақын бұл аңыз-әнгімеден де өзгеше қортынды жасайды. Көптің білместіктен істеген ісіне, айтқан сөзіне ермеу қажет деп түйіндейді.

Масғұт ақылына ақыл қосып, елден ерек ақылды болуға тырыспағанымен ақылдан кенде адам емес. Масғұттың ханға уәзір болуы, оған да ақыл-кеңес беруге қабілеті жететін адам болып көрінуі тегін болмаса керек. Бір жағынан елден асқан ақылды болудан қашты деп Масғұтты сынап отырып, Абай көп наданның ішінде айрықша ақылды болу да қиын деген ойды түгелдей жоққа шығармайды. Поэманың екінші бөліміндегі сюжеттен міне осы шындық айқын көрінеді. Бұл сюжет те ескі ертегі-аңыздан алынғандықтан ғибраттылық мәнімен көбірек назар аударады, шындығынан гөрі көркемдік шарттылығы басым келеді. Алайда бұл сюжет ақылды болу үшін айтатын ақылды бағалай білетін адамдар, ұғатын, түсінетін қауым болу керек деген ойды тұспалдап жеткізуге тірек болып тұр. Әрине, Абайдың екі басқа, уақиға желісі жағынан іштей бірлігі жоқ сюжеттерді бір жерге түйістіріп, қатарластыра алуы да — өз идеялық-көркемдік мақсатына орайлас тапқан шешімі.

Абай ертегі-аңыздың сюжетін қызықтай отырып, оларды өзінше өндеуге, өзгертуге тырыспайды, бірақ сол сюжеттің ығы мен де кетіп қалмайды, өз ойын, өз пікірін еркін өрбітіп, тұжырымдап айтып береді.

Пікірлерін жинақтай келе, «Масғұт» поэмасын Әуе-

---

\* М. О. Әуезов. Абай Құнанбаев (мақалалар мен зерттеулер). 177—178 бет.

зов бар қалпында алып бағалауымен шектелмей сол поэманы басқаша қалай жазуға болар еді, қайтсе өзгеше ұтымды көркемдік шешім табылатын еді дегенге ойысады.

«Сөйтіп, қорыта айтқанда, Масғұттағы идея — араб шығыс аңызының идеясы емес. Ақын шығармаларының бұрын басқаша жанр, стильде айтылып жүрген идеялары болады. Бірақ сол жайлар заманындағы халдерден туған сыншылдық ойлар болғандықтан, ескі Бағдат тонын кидіргенше өз тұсындағы қазақтың өзіндік тіршілігінен алып, сюжетті сол болмыстан құрастырып, қиюластырса, шығарманың басты идеялары оқушыларына орағытып жетпей, төтелей жеткен болар еді»\*.

Әрине, үлкен жазушының мұндай пікір айтуы мүлде қисынсыз емес. Әуезовтың «Масғұт» поэмасына көңілі толмай, сын пікірлер айтуына түрткі болған да міне, осы әттең Абай өз шығармасын өз заманындағы қазақ қоғамының өмірінен алып неге жазбады екен деген ойы болса керек. Ақын шығармасына тарихи-әдеби процестің өсу-өркендеу тұрғысынан келіп, басқа бір қырынан қарап айтылғанын ескерсек, бұл ой көңілге қонады да. Алайда, бұдан бір ғасыр бұрын жазылған, әрі өзі Абайдың қолынан шыққан шығарманы сол бар қалпында бағалауға міндетті екеніміз айқын ғой. М. Әуезов оны жақсы түсінген. Сонымен қатар тосын сын пікір айту, пікір таластыру мәселенің байыбына баруға, шығарманың мәнін, өзгешелігін бағалауға әр қырынан келіп, шындықтың көзін неғұрлым терең ашуға себепші болатынын да ескерген.

Масғұт» поэмасындағы алғашқы сюжет яғни, Масғұтқа Қыдыр шалдың ақ, сары, қызыл үш гүл тандатуын баяндайтын бөлімі мен Тургеневтің «Шығыс аңызы» («Восточная легенда») атты әңгімесі бір-біріне уақиға желісі жағынан ұқсас келеді. Абай:

*Арун — Рашид халифа заманында  
Бағдатта бір жігіт бар, аты Масғұт,—*

деп бастап, сол жігіт бір ұры бас сап тонап жатқан жерінен шалды арашалап алғанын айтса, Тургеневтің баяндауында да әңгіме солай басталады. Тек жігіттің есімі Джиаффар делінген. Риза болған шал Абайдың поэмасында Масғұтқа бір гүлдің басындағы үш жемісті тандатып:

---

\* М. О. Әуезов. Абай Құнанбаев, 178 бет.

*Ағын жесең, ақылың жаннан асар,  
Сарыны алсаң, дәулетің судай тағар.  
Егерде қызыл жеміс алып жесең,  
Ұрғашыда жан болмас сенен қашар,—*

десе, Тургенев әңгімесінде шал жігітке бір ағашта өсіп тұрған үш жемісті таңдатып, ағын жесең жаннан асқан ақылды боласың, қызылын жесең, бай боласың, сарысын жесең, кәрі әйелдер сені жақсы көреді дейді.

Масғұт елден бөлек ақылды болсам, ақылсыз арсыздарды көргенде көңілде тыныштық тұрмас, бай болсам, жұрт күндер жұрттан артық байлық үшін деп, екеуінен бас тартып:

*Қызылды жесем мені әйел сүйер,  
Адамдыққа жүрмесем, не жан күйер?  
Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,  
Деп едім бір пайдасы маған тиер,—*

деп қызыл жемісті тандаса, Джаффар тым ақылды болу бір азап, бай болсаң, елдің бәрі көре алмайды деп, жесең сені кәрі әйелдер ұнатады деген сары жемісті таңдайды.

Абай поэмасындағы Масғұт «Шамси-жиһан» атаныпты, мағынасы «бұл дүниенің күні» деген сөздің орайына Тургенев әңгімесінде Джаффар «солнце вселенной» делінген. Осы айтылғандардан Абайдың поэмасындағы сюжет пен Тургеневтің әңгімесінде баяндалған сюжеттің түпкі негізі бір, шығыстық ескі аңызға барып тірелетінін байқаймыз.

Сюжеттің өзгеше құрылыс-қалпы, уақиғаға Қыдыр шалдың араласуы, және жиһан кезген қарапайым адам болып жүруі, оның Масғұтқа ерекше қасиеті бар үш жемісті таңдатуы — бәрі де шығыстық ескі аңыздың сипатын танытады. Уақиға Бағдатта, Арун-Рашид халифаның заманында болған деп айтылғандықтан, алдымен «Мың бір түн» сюжеттері ойға оралады. Алайда бізге белгілі «Мың бір түн» әңгіме-аңыздарынан дәл осы сюжет кездеспеді. «Мың бір түн» әңгімелерінің М. А. Салье аударған орыс тіліндегі сегіз томдық жинағында оныншы түнінде айтылған әңгімеде Арун-Рашидтің уәзірі Джаффар аталады. Сонда «Мың бір түннің» бізге белгісіз толық бір нұсқасында осы сюжет бар-ау, соны Абай мен Тургенев білген-ау деп жорамал жасасақ, бұл сюжет алғашқы түндердің әңгімесінде болуға лайық, бұл сюжеттің өзінше бөлек ауызша айтылуы, таралуы да мүмкін. Кезінде белгілі Тургеневті зерттеуші академик М. А. Алексеев осы әңгіме жайында сұрағанмыз-

да, бұл өзі орыс жазушының шығармасындағы бір окшау тұрған, бөлекше сюжет, ол оны атақты шығыс танушы Ханыковтан (1822—1878) ауызша естіп білуі мүмкін деген пікір айтқан еді. Ал Абай болса, шығыс әдебиетімен жақсы таныс, аңыз-әңгімелерге қанық қой. Сондықтан, Тургенев білген сюжетті оның да білуі әбден қисынды. Рас, Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында «Масғұт поэмасының тұсында «Тургеневтен» деген жазу бар. Ол үстінен басқа сиямен жазылған, кейінірек Тургенев әңгімесін білген біреудің көрсеткені секілді. Абай шығармасын белгілі сюжетке құра отырып, оның мәнісін өз кезіндегі қоғамдық өмірге байланыстыра қарағанда қалай түсінуге болатынына да айрықша көңіл қоятынын жоғарыда айтып өттік.

Тағы бір көңіл аударарлық нәрсе — Абайдың поэмасында Тургенев әңгімесінде жоқ екінші бөлім тағы бар екені. Егер поэманың жоғарыда сөз болған алғашқы бөлімі 1909 жылғы жинақта басылса, екінші бөлімі 1939 жылғы жинаққа Мүрсейіт қолжазбалары бойынша алғаш кіргізілген. Мұндағы «Сол Масғұт халифаға уәзір бопты» деп басталатын әңгіме өз алдына бөлек уақиға, бірақ мағынасы алғашқы әңгімеге бір жағынан жалғас келеді, өйткені сюжеттің мәні ақылсыз, есалаң адамдардың ішінде ақылды болып жүру қауіпті деген пікірге саяды. Оның үстіне баяндалатын жай-жағдай басқа болғаныменен, сол Масғұттың басынан кешкен уақиға делінген. Және баяғы Қыдыр шал бір уақытта Масғұтқа аян беріп, пәлен күні жауын жауады, сол жауын суының кеселі бар, барлық су бұзылады, ішкен адам жынды болады деп сақтандыруынан-ақ бұл сюжеттің аңыз-әңгіме, тәмсіл түрінде келетіні бірден айқын көрінеді.

Ал осы әңгімедегі сюжеттің шығу тегі, қайдан келгені жайында ойлансақ, онда да Арун-Рашид патша, оның уәзірі Масғұт аталатындықтан, осының өзі шығыс елінің, соның ішінде арабтардың ескі аңызынан алынған ба деген сауал алдымен ойға оралады. Алайда, әзірше бұл жағы бізге белгісіз. Оның есесінде дәл осындай сюжет «Бирма халықтарының ертегілері» деген орыс тілінде басылған кітапта («Сказки народов Бирмы»). Составители В. Б. Қасевич, Ю. М. Осипов. М., «Наука», 1976, 263—264 беттер) бар екені анықталды (З. А. Ахметов. Современное развитие и традиции казахской литературы. «Ғылым», 1978, 70—73 беттер).

Ертегі орысша аудармада: «Когда все пьют дождевую воду, ее приходится пить и королю» деп аталады.

Мұнда патшаның орнына король, ал Қыдырдың орнына жұлдызға қарап болжау айтатын дана алынған. Одан басқа алшақтық кездеспейді. Жауын жауып, су бұзылуы, ішкендер түгел есінен адасқаны, аяғында жынданған жұрттан сескеніп король мен ақылшысы жұлдыз санаушы да жынды судан ішіп, есінен айырылатыны — бәрі де тұп-тура ұқсас келеді. Бирма ертегісі Абайдың заманында орыс тіліне аударылмаған. Қалайда бұл сюжет қазақ елімен шектес халықтарға да белгілі болған деп санау қисынды секілді.

Осы бір ғана «Масғұт» поэмасы төңірегінде сөз қозғай отырып-ақ, Абайдың шығыс елдерінің әдебиетіне айрықша зейін қойғанына, ескі аңыз-ертегілердің жете білетініне көз жеткіземіз.

«Масғұт» поэмасында халифаға қысыл-таяң кезде ақыл-кеңес беретін уәзірі Масғұт болса, «Ескендір» поэмасында атағы жер жүзіне жайылған қолбасшы Ескендірге ақыл беретін ғұлама ғалым — Аристотель. «Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара» деп, алтын қорғанға кіре алмаған Ескендірдің қақпадан орамалға орап тастаған сүйектің мәнісін Аристотель айтып түсіндірген соң ойланып, сабасына түсіп, әскерін ертіп еліне қайтқаны — дана кеңесшісінің сөзіне құлақ асқаны. Таразының екінші басына қанша алтын, күміс салса да, орнынан қозғалмаған сүйектің тек бір уыс топырақ салғанда ғана көтеріліп шыға келуінің не сыры бар екенін Ескендір патша өздігінен таба алмай, Аристотель айтып бергенде ғана білетіні көңіл қоярлық. Бұл — Ескендірден Аристотель хақимнің ақылы, зеріктігі басым екенін аңғартатын жай. Адам көз сүйегі ауыр болу себебін Аристотель жеміт көз дүниеге тоймайды, бірақ адам қанша ынсапсыз, қанағатсыз болса да, өлгенде көзіне құм құйылғанда тояды деп байымдайды да, Ескендірге «Мұны көріп, алыңыз сіз де ғибрат!» деп кеңес береді. Аристотелдің сөзінен оның бойына біткен даналық, ақылдылық та, сонымен қатар шексіз тойымсыздықты, көрсекызарлықты қолдамайтын табандылығы, үлкен адамгершілік қасиеті де айқын сезіледі.

Низамидің Ескендір туралы поэмасын алсақ, онда патша бір кішкентай тасты кірге салып өлшегенде, қанша асылды салса да, тас көтерілмейді. Сонда Қыдыр келіп Ескендірге кірге топырақ сал дейді. Бір уыс топырақ салғанда, кірдің тасы бар екінші басы бірден көтеріліп шыға келгенінің мәнісін Ескендір өзі ақылымен аңғарады.

Абай кірге топырақ салудың қажеттігін де, оның



адамның көз сүйегін неге салмағымен басып кететінін де Аристотелге айтқызып, ғұлама ғалымның тұлғасын ірілендіріп көрсетуге ұмтылған. Бірақ айтылып отырған оқиғаның өзі ұшқыр қиялдың елесіндей көрінгендіктен поэманың құндылығы алдымен оның ғибраттылық мәненен танылады.

*Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?  
Македония шаһары оған мекен.  
Филипп патша баласы, ер көңілді,  
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен,—*

деген поэмадағы бастапқы шумақты оқығанда нақтылы өмірлік жағдай, болған уақиға сөз болатындай әсер аламыз. Алайда Ескендірді біраз сипаттап, оның шапқыншылық әрекеттерінен тыңдаушысын қабардар еткен соң ақын аңыз-әңгімені баяндауға ойысады. Әдеттен тыс, ғажайып оқиғаны айтып отырса да, Ескендірдің іс-әрекетін, сөзін оның өр көкірек, тәкаппар мінезіне орайластырып бейнелейді. Бұл тұстағы автордың Ескендірді мінездеуі:

*Ескендір тоқтау көрмей өскен жан ғой,  
Келмей ме тоқтаусыздың бәрі даңғой?—*

дегендей болып келеді.

Ал автордың Ескендірді поэманың кіріспе бөлімінде сипаттауы оқиға желісіне орай айтылған сөздерге қарағанда сынап-шенеу жағы әлде қайда басым, өткір. Мұны Ескендірді «қанішер, қаһарлы хан» деп сипаттауына да,

*Жазасыз жақын елдің бәрін шапты,  
Дарияның суындай қандар ақты,—*

деген сияқты сөздерінен де анық көруге болады. Әрине, Абайдың Ескендірге берген бұл бағасын оның тарихи көзқарасы деуден гөрі, осы поэмадағы өзіндік көркемдік шешімі деу дұрыс. Ескендір бұрынғы ақындардың, мысалы, Әлишер Науандың дастанында негізінен жағымды бейне болып сипатталғанын Абай, сөзсіз, жақсы білген. Көтермелеп, асырып айту жағы аз болмағанын ескере отырып, мүлде басқаша баға берген. Абай Ескендірдің жорықтарын нақтылы бейнелеп жатпайды. Патшаның басқа елдерге жасаған шапқыншылығын, оларға өз үстемдігін жүргізбек болғанын моральдық, адамгершілік идеялар тұлғасынан қарап, мансапқорлық, көрсеқызарлық, данққұмарлық деп бағалайды. Сондықтан да Абайға керегінің өзі де Ескендірдің бас-

қа елге жасаған шапқыншылық жорығын тәптіштеп суреттеу емес, менменсінген қолбасшының бұзып-жарып басып өте алмайтын тосқауылға кез болып, сағы сынып, шегінгені жайлы аңыз-әңгімені кейінгіге өнеге етіп баяндап беру.

Поэманың соңындағы тыңдаушыға қаратып айтылған ғибрат сөзінде мақтансүйгіштікті, тойымсыздықты қатардағы қарапайым адамдарға тән жағымсыз мінез ретінде кең мағынада алып, содан сақтандырып, арабройды берік ұстау қажет екенін еске салады. Және осы ойын жалпылама уағыз түрінде емес, бетпе-бет келіп, тіл қатқандай адал сезіммен, айрықша сеніммен айтқандай етіп жеткізеді:

*Мақтанасың біреуге мақтасын деп,  
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп.  
Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар,  
Антұрғаннан құдайым сақтасын деп,*

*Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,  
Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды  
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,  
Өз бағаңды өзіңнен кім сұрайды?!*

Абайдың «Әзім» поэмасында да аңыз-ертегілік сюжет баяндалады. Әзімнің бастан кешкен оқиғалары «Мың бір түндегі» (774—827 түндер) «Хасан зергер туралы әңгімесімен» сәйкес келіп отырады. Ақ көңіл адал жас жігіт Әзімді («Мың бір түнде»—Хасан) бір шал кісі мысты алтын жасайтын өнерім бар деп қызықтырып, оңаша кездеседі де, мас кылып, ай далаға қол-аяғын байлатып алып кетеді. Онан соң шал Әзімге биік таудың басынан қара топырақ алғызып, түсетін арқанды қиып, өзін сол жерге қалдырып кетеді. Әзім таудан түскен бетте бір ғажайып алтынды үйге кездесіп екі сұлу қызды көреді. Абайдың поэмасында әңгіме желісі осымен үзіледі (шығарма аяқталмаған, не сақталмаған). Ал «Мың бір түнде» жігіт сол қыздардың көмегімен шалды өлтіріп, онан кейін де әр қилы оқиғаны бастан кешіріп, өзі үйленіп, балалы болып еліне қайтып келеді. Абай «Масғұт», «Ескендір» поэмасынан байқағанымыздай, аңыз-ертегілік сюжетті құр қызықтап, баяндап қана қоймай, одан бір ғибратты ой-түйін жасаса керек еді. «Әзім» поэмасы толық емес болғандықтан бұл жағынан тиянақты пікір айту қиын. Алайда ақын Әзімнің қандай қиыншылыққа болса да мойымайтын, жеңіп шыға алатын табандылығын, зеректігін, батылдығын өнеге еткен деп айтуымызға әбден болады.

## Қарасөздер—тақырыптық, жанрлық өзгешеліктері

Қарасөз дегенді кейінгі кезде өлең сөз, өлең-жыр, дастан, яғни, поэзия дегеннен ажыратып, қарасөзбен жазылған әдеби шығарма, көркем проза деген кең мағынасында қолданып жүрміз. Бұрын ғақлия деп аталып келген (38-сөз ғақлия-тастихат делінген) Абай сөздерін кейінірек осы мағынада қарасөз деп атау дәстүрге айналды. Біз де қарасөз дегенді осы қалыптасқан мағынасында алып, Абайдың ғақлия сөздерін осылай атап отырмыз. Ертеректе, Абай заманында қарасөз дегеннің мағынасы басқаша болғанын айта кеткен жөн. Мұны Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңіндегі:

*Өзім де басқа шауып, төске өрледім,  
Қазаққа қарасөзге дес бермедім,—*

дейтінінен де аңғару қиын емес. Қарасөз бұл қолданыста ауызша айтылатын қазақ арасында кең тараған шешендік сөз деген мағына береді. Шешендік сөз үлгілері билік айтқанда, дау-дамайда, талас-тартыста әсіресе жиі қолданылып, шыңдалып келген. Сондықтан шешендік өнер, шешендік сөз ерекше тапқырлықты, ойды ұтымды, өткір етіп және көркемдеп, бейнелеп айтуды талап етеді. Шешендік сөз нақыл, мақал-мәтел секілді өткір, ықшам болып келеді, көбіне ырғақты қарасөз түрінде, кейде өлең-жырға тән жеңіл ырғақпен келіп, сөз үйлесімдерін мол қолдануға әуестік те байқалады. Абай шешендік сөздердің осындай байлығынан мол сусындап, шешендік өнерді еркін меңгерген. Ел билеу ісіне жас кезінен араласқан Абай шешендік сөздерді көп құнттап, үйреніп, орынды жерінде үнемі қолданып жүреді. Абай айтты деген сөз үлгілерінен, ақынның шығармаларынан, біз оның шешендік сөзге алдына жан салмаған жүйрік болғанын анық байқай аламыз.

Алайда Абай біз сөз қылғалы отырған өзінің ғақлия сөздерін, қарасөздерін түгелдей дәстүрлі шешендік сөз үлгісінде құрмайды. Олардың кейбіреуі шешендік сөз үлгісіне ойды ұтымды, өткір айтуы жағынан да, сөзді өрнектеп келтіруі жағынан да толық сәйкес келсе, бірталай сөздері басқаша құрылады, кейбірі қарапайым тілмен айтылған қоғамдық, адамгершілік мәселелер жайындағы әңгіме-сұхбат болып келеді, ал 27-сөзі Сок-

раттың шәкірті Аристотельмен сұхбаты түрінде, 38-сөзі діни трактат түрінде беріледі де, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» дегені өз алдына бөлек тарихи тақырыпты қозғайтын әңгіме болады.

Ал қарасөздерді түгелдей алсақ, олардың басты өзгешеліктерін Мұхтар Әуезов дәл айтқан: «Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбіне адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді»\*.

Қарасөздер тақырып жағынан алғанда ақынның өлеңдерімен астасып жатады. Алайда әңгіме-сұхбат жанрының өзіндік ерекшелігін толық пайдаланып, Абай адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білім-ғылымды игеру, қоғамдағы әр түрлі топтардың қылып жүрген hareketі, мінез-құлқы, адамгершілік, имандылық секілді бірталай мәселелерді қарасөздерінде кеңінен толғайды, үлкен көрегендікпен көптеген құнды пікірлер айтады. Мысалы, 3-сөзінде егін салу, сауда істеу, өнер, ғылым іздеу қажеттігін елдің өмір-тұрмыс жағдайына, негізгі характеріне, күнделікті атқаратын істеріне байланыстыра айтады, халықтың өмірін, әртүрлі топтың өкілдерінің мінез-құлқын, ой-ниетін нақтылы, жан-жақты талдай отырып айтады. Болыс сайлау мәселесін сөз қылғанда да сол кездегі нақтылы қоғамдық жағдайды, елдің әдет-ғұрпын, ұғым-түсінігін толық ескеріп отырады. Ел билейтін адам заман ағымын, елдің мұң-мұқтажын жақсы біліп, сонымен қатар «Есімханның ескі жолы», Тәукенің «Жеті жарғысы» секілді бұрыннан келе жатқан ел басқару тәсілдерін жаңа заманның ыңғайына қарай орнымен пайдалана білмек керек дейді. Адал еңбек етіп мал табу, ерінбей-жалықпай ғылым үйрену қажеттігі туралы ойын Абай 10-сөзінде басқа бір қырынан келіп бала тәрбиелеу мәселесіне жалғастыра өрістетеді. «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады?» деп бастайды Абай сөзін. «Ол баланы не қылады?» деген тосын сұрақ екені анық. Бала тілеу, бала болса екен деудің ешқандай оғаштығы, таңқаларлық ештемесі жоқ деуге болатыны айқын ғой. Абай осындай сұрақты қойғанда, сол баланың келешегі қандай болады, одан ата-анасы не жақсылық күтеді деген мәселеге айрықша зейін аударуға ұмтылған.

Сөйтіп, «ол баланы ны қылады?» дегені оны қалай

тәрбиелейді, одан нені күтеді, қандай адам қылып өсіре алады деген ойды әсерлі жеткізу үшін айтылғаны байқалады. Абай өзгеше ұтымды шешендік тәсіл қолдандуды да артық көрмейді. Мысалы, «Ахирет үшін бала тілегенің — балам жасында өлсін дегенің. Егер де ер жетсін десең, өзі ер жетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала қазақтан туа ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліндей ел асырап өсірмек пе екен?— дейтіні, немесе «Қартайғанда асырасын деген, о да бір бос сөз. Әуелі өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші балаң мейірімді болып асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші малың болса, кім асырамайды? Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары — ол да екі талай»,— дейтіні, осылай тыңдаушысын бас салып, бұлтартпай, кінәлағандай сөйлейтіні айтатын пікірін неғұрлым өткір, нанымды етіп жеткізу тәсілі екені анық. Ойын қорытындылай келе, «...Мал таптын, байыдың. Сол малды сарып қылып ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын»,— дейді.

8-сөзін Абай тағы да бірден: «Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?» деген сауалдан бастайды. Осындай сауал қою арқылы болыстар мен билер білім, ғылымға мән де бермейді, өздерін толдық-болдық деп есептейді, байлар болса, олар өзінде жоқтың бәрін малмен сатып аламын деп санайды, ал кедейлер күнін де көре алмай жүр деген ойын бұлтартпайтын шындықтай көңілге сыярлық етіп айтып береді. Ойын түйіндей келе: «Және де білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ: «бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» дейді. Оның өзгеменен ісі жоқ, ана алдындағы үшеуіндей болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұңы болмаса керек»,— дейді, Алдыңғы үшеуі дегені — болысты, биді, байды айтқаны.

Абайдың болыс, билердің, байлардың, өз шаруасымен күн көрген кедей адамдардың сөз тыңдауға ықылассыз болуының себебін айтуы кекесіндеу, мысқылдау секілді. Бірақ шынында сол сөздер құр сықақтау үшін асырып айтылмаған. Олардың психологиясын, мінез-құлқын, ойлау өрісін, тіпті сөйлеу ерекшелігін жете біліп, шындыққа сай, дәл сипаттаған.

Білім-ғылым үйренгенде қандай мақсат қою қажет, бұл істі қандай ниетпен істеу керек дегенді Абай 32-сөзінде саралап талдап айтады. Білім-ғылымды дүниенің сырын ұғып-түсіну үшін, ақиқаттын, шындықтың жақ-

таушысы болу үшін үйренбек керек. «Бақасқа бола үйренбе» дейді. 25-сөзінде де осы ойлары жалғасын табады: «Мал тапса, қарын тояды. Онан соң білім, өнер керек екен. Соны үйренейін, не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі. Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі: олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі, оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» дей келіп, Абай орыстың тілін, ғылымын үйренгенде соны қандай ниетпен істеу керек дегенге үлкен мән береді. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де жұрт білгенді біліп, елдің қамын жейік деп үйрену керек дейді. Сонда «ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңоны болмаса, заңонсыз зорлығына көнбес едік» дейді.

Абай адамның ақылдың сөзін ұғып аларлық қасиетін, жігер-қайратын өте жоғары бағалайды. 14-сөзіндегі негізгі ой-түйіні ақыл сөзді ұғарлықтай «жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың» болуы шарт деген пікірі десек, Абай сол пікірін адамдардың мінезін, ісі-әрекетін дәл, әсерлі бейнелеп көрсету арқылы көңілге қонымды етіп жеткізеді.

«Айтқанға көнгіш, уағадада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау...— ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз».

«Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі — бәлеге, жаманшылыққа елертпек үшін, бірін-бірі «айда, батыр!» лап қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері, әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?!».

Осындай сипаттамалардан Абай өмірдегі нақтылы жағдайларды, әртүрлі адамдардың мінез-құлқын, әрекетін көзге елестетерліктей асқан суреткерлікпен бейнелей отырып, негізгі ойын нанымды түрде айта білетінін тани аламыз.

15-сөзінде ақылды кісі мен ақылсыз кісінің айырмасы туралы айтқанда да Абайдың жинақтап мінездеу шеберлігі анық байқалады.

«Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки эне-міне жетержетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен. Әрбір мастық бойдан ағатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы, ананы» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Есер кісілер ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жыңды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім».

Есті кісілермен есер кісілердің мінезін, қылығын Абай қандай да сырт қарағанда оп-оңай көзге іліне қоймайтын ерекшеліктерін қалт жібермей, дөп басып, дәл танитын нағыз үлкен суреткерге тән көрегендікпен сипаттап береді.

Ойын осылай әсерлі бейнелеп айта келіп, тікелей ақыл-кеңес айтуды да жөн көреді. «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?»— дейді. Бұдан біз адамның есті болуының басты шарты оның әрбір істеген ісіне сын көзімен қарап, дұрыс бағалай білуі, содан тиісті қорытынды шығара алуы деген түйінді аңғарамыз.

19-сөзінде Абай осы ойын тағы бір қырынан өрістеп, адам туғаннан есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, сондай білгені, көргені көп адам есті, білімді болады дейді. Және естілердің айтқан сөздерін ұғып, ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады дейді: «Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе, болады» дейді.

43-сөзінде осы ойларын «Кім де кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол — көп жиғаны бар адам; сынап орындысын, орынсызын — бәрін де бағанағы жиған нәрселерден есеп қылып, қарап табады» дей келіп, одан ары пікірін ширатып, тереңдете түседі.

Адам көрсе қызарлық, салғырттық, ойын-күлкішіл-

дік секілді жаман мінездерге бой алдырса, естігенін есінде сақтай алмайды, алған білімді, үйренген ғылымды пайдалы іске жарата алмайды. Білім, ғылымды үйренбекке талап қылған адамның «ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!» дейді 31, 32-сөздерінде. Абай кейбір қара сөздерінде мақтаншақтық, кербездік, өтірікшілдік, болмашы нәрсені көңілге жұбаныш етушілік сыяқты мінез-құлықтарды, көп адамдарда намысқорлық, табандылықтың жетіспейтінін қатты сынап шенейді.

Бірнеше қарасөзінде Абай имандылық, алланың хикмәті жайлы мәселелерді сөз қылады. Әсіресе 38-сөзінде осы мәселелерді жан-жақты, тыңғылықты түрде баяндайды. Құдайға сенуді Абай адамгершілік идеяларымен тығыз байланыстырып айтады. «Ғылым — алланың бір сипаты», «алла тағала — өзі «хақиқат жол», хақиқат пен растық қиянаттың дұшпаны», «күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі — надандық, екінші — еріншектік, үшінші — залымдық деп білемін», — деген сөздерінен осыны айқын байқауға болады.

Абай мақал-мәтелдерге, нақыл сөздерге айрықша көңіл аударады. Оларды мән-мағынасына қарай топтап, саралап, кейде әр түрлі мағынада қолданылатынын ескере отырып, тосын, қызықты пікірлер айтады.

6-сөзінде Абай тілге тиек етіп «өнер алды — бірлік, ырыс алды — тірлік» деген мақалды алады да, әңгімені түгелдей осындағы бірлік және тірлік деген ұғымдарды қалай түсіну қажеттігін айқындауға арнайды. Бірлік дегенді де, тірлік дегенді де тар мағынада алып, жеңіл қарап түсінуге болатынын ескере отырып, өз ойын, түсінігін сондай жаңылыс, жаңсақ пікірлерге қарсы қойып, жарыстыра айтып, жан-жақты дәлелдейді. «Қазақ ойлайды, бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не зиян? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік? жоқ, бірлік ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса, ант ұрғандықтан басы — осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді.

...«Ыдыс алды тірлік» дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам



өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылу-дан, қызмет қылу-дан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың». Абай осы ықшамды ғана мақалға үлкен мағына сыйғызып, бірлік және тірлік деген ұғымдарды өз заманындағы озат ойлар дәрежесіне көтеріп, айқындап берген. Сөйтіп, халық даналығынан туған бұл ғибратты сөздің мән-мағынасын мейлінше күшейтіп, кеңейте түскен.

5-сөзінде Абай бір топ мақалдарды келтіріп, солардың мағынасын айқындауды көздейді. Олар мыналар: «түстік өмірің болса, күндік мал жый», «өзінде жоқ болса, әкең де жат», «мал — адамның бауыр еті», «малдың беті — жарық, малсыздың беті — шарық», «ер азығы мен бөрі азығы жолда», «алаған қолым — берген», «мал тапқан ердің жазығы жоқ», «байдан үмітсіз — құдайдан үмітсіз», «қарның ашса, қаралы үйге шап», «қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без».

Осы мақалдарды Абай қазақтар алдына қандай қоғамдық мақсат қояды, нені харекет етіп жүр деген тұрғыдан келіп бағалайды.

«Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, әділет үшін, білім үшін қам жемейді екен, бірақ бар білгендері малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысы болса да қылып жүріп мал тапса, жазалы демесек керек екен», — дейді Абай.

Малқұмарлықты сынап отырып, Абай мәселені малды қалай, қандай жолмен табуға болады дегенге апарып тірейді. Еңбектенбей, оңай жолмен мал табуға бейім адамдарға қатты шүйіледі. Бұл сын пікірлердің құндылығы — Абай осындай мақалдарды әр қырынан әр қилы түсінуге болатынын жақсы байқаған. Соларды дүниеқорлықты ақтау үшін пайдалануға тырысатындар аз емес екенін ескере отырып, мінеп айтқан.

Абай малқұмарлықты, тойымсыз ашкөзділікті адамды алға бастырмайтын кесел, надандықтың, өнерсіздіктің белгісі деп санайды. Осындай жағымсыз мінез-

қылықтарды айта келіп, «мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтемінен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді»,— дейді.

Әрине, жекелеп алып қарасақ, аталған мақалдардың барлығы бірдей тек жағымсыз мағынада қолданылады деп айта алмаймыз. Мысалы, «түстік өмірің болса, кештік мал жый» дегенді қалайда малды көбейтуге ұмтыл деген мағынада ғана емес, әр адам күн көрерлік қам жасап, алды-артын ойлау қажет деген мағынада түсіну әбден орынды. Сондай-ақ «қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» дегенді де қайырымдылықты өнеге еткен деп түсінуге болады. Немесе «малдының беті — жарық, малсыздың беті — шарық» деген мақалды да байдың жағдайы барлығын, жарлының қолы тарлығын айтқан деп санауға болады.

Мақалдың бір емес, бірнеше мағынада айтылуы, қолданылуы мүмкін екенін Абай жақсы түсінгенін 29-сөзінен айқын байқауға болады. «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жанынды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол — ар кететұғын іс емес, тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып адал еңбекпен мал іздемек — ол арлы адамның ісі». Абайдың бұл сөздерінен біз оның бір мақалдың екі түрлі, бір-бірінен алшақ, тіпті қарама-қайшы, мағынасын ажыратып, бірін сынап, ал бірін құптағандай ниетін көреміз.

Сонымен қатар, Абай кейбір мақалдарды мағынасы теріс деп сынап, оларды білместікпен айтылған сөздер деп санайды:

«Қалауын тапса, қар жанады», «сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ» деген — ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп, қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не терден сұрау керек қой». Мұндағы «қалауын тапса, қар жанады» дегенді бөлек алып қарасақ, әрине, ол пысықайлық, епшілдікті жақтауға дәлел етіп айтқанда да, сондай-ақ істің ретін таба білу қажеттігін айтқанда да қолданылуы мүмкін екені айқын ғой.

Абай «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» деген мақалды «Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның жанынан да малы қымбат екен. Ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе?»,— деп сынайды. Ал, осы мақалдағы ащы шындықты да әр

килы түсінуге болатыны, яғни, оны өзінен асырып бере алмай отырған адамның кейпін көрсету үшін де, жерге қарап отырмаса да, аузынан жырып алып бергісі келмейтін адамның психологиясын таныту үшін де айтуға болатыны өз алдына мәселе.

Түгелдей алғанда мақалдарды атқаратын қызметі, озат адамгершілік идеяларға сәйкестігі, тәрбиелік мәні жағынан алып бағалап, талдап, саралауда Абай өнегесі — кейінгіге үлгі. Ал, ғылыми кең тұрғыдан қарағанда мақалдарды әр қырынан қарап, мейлінше толық, түгел зерттеу керек екені айқын. Тура мағынасы жағымсыз деген мақалдардың да ескі ұғым-нанымдарды түсіну тұрғысынан алғанда танымдық мәні болатынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Абайдың қарасөздерінің стилі, оларға тән ой ұтқырлығы, шешендік туралы мәселеге қайта оралсақ, осы шешендік дегеніміз әйтеуір сөзді қалайда сұлулап, көрікті етіп, өрнектеп айтуға ұмтылу емес, ойдың тереңдігімен, сонылығымен астасып келетін шешендік тәсілдер қолдана білу дер едік. Осыған тағы мысал келтіреміз десек, 23-сөзінде қазақта бір қуаныш, бір жұбаныш бар деп, сол ойын қалай күшейтіп, қалай дәлелдеп айтатынына назар салсақ болар. Біреулер өзінен жаманшылығы артық адамды көрсе, қуанып, соның қылығын айтып, оған қарағанда «біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе?» деп, осыны көңліне жұбаныш етеді деп келеді де, оған «жаманмен салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы болат-тағы» деп тұжырымды жауап береді. Абайдың негізгі ой-түйіні осы екені ап-айқын көрініп тұр. Алайда Абай мұнымен тынбайды. Енді мүлде басқа жайларды тілге тиек етіп, әртүрлі сауалдарды жаудырып, соларды тізбектеп келтіру арқылы айтқан ойын шегелей түседі.

«Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдында неше ат бар деп сұрар, артында неше ат бар еді деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш? Енді жұбаныш — жалғыз біз бе? Елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген — ұлы той, көппен бірге болса, болады да деген сөзді жұбаныш қылады. Оған құдай тағала айтып па, көптен қалмасан болады деп, көпке қаһарым жүрмейді деп? Көпке тұзағым жетпейді деп пе? Ғылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме? Жоқ жарымы сау болса, жеңіл тие ме? Жер білмеген көп адам адасып жүр-

се, бір жер білетұғын кісінің керегі жоқ па екен? Көп кісі жолаушының бәрінің аты арығаны жақсы ма? Жоқ жармысы арыса, жармысының күйлісі жақсы ма? Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма? Жарым-жартысы аман қалғаны жақсы ма? Осы көп ақымақтың бір ақымаққа несі жұбаныш? Тұқымымызбен бәріміздің аузымыз сасық болушы еді деген жаман күйеу қалыңдығын жеңіп пе? Қоңлін сол сөзбен разы қылуға жетіп пе? Ендеше көбінен қалмай, сен де аузыңды са-сыта бер деп пе?!».

Міне, мұны алуан түрлі салыстыруларды қолданып, нақыл сөз үлгісінде ойды орағытып және еселеп, өзгеше тапқырлық, шешендік тауып, өрнектеп айта білудің үздік үлгісі десек болар. Бұл шешендік ойдың логикалық қисынын келтіруге жүйріктікпен байланысты келетіні де ешбір талассыз.

Абайдың 40-сөзі бастан-аяқ тосын, ойда жоқ, сырт карағанда тіпті оғаш сияқты көрінетін, бірақ зейін салып, жете ойланса, айрықша өткір пікірді білдіретін, тізбектеліп бірінен кейін бірі келіп отыратын сұрақтардан құрылған.

«Көп кісі досым жетілсе екен демейді, егерде бір жетілсе, бағанағы досына бітімі жоқ дұшпан сол болатұғыны қалай? Кей жұрт ақыл айтарлық кісіні іздеп таба алмайды. Қылығының қылшығын танитұғын кісіден қашық жүретұғыны қалай? Біреу біреудікіне келгенде үйіндегі малының бәрін де айдап келіп, өз үйіне кісі келгенде бар малын далаға айдап жіберетұғыны қалай? Тыныштық іздеп таба алмай жүрген жұрт, тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?». Осындай ондаған сұрақтың әрқайсысының астарында өзіне бөлек бір үлкен өмір шындығы жатқанын, ой-саларлық, тағылым боларлық нақыл түрінде айтылған ой түйіні бар екенін байқай алсақ, шешендік тәсілді Абайдың асқан шеберлікпен қолданатынын мойындауымыз керек. Соншалық көп сауалдарды жіпке тізгендей қылып, басын біріктіріп, бір жерге түйістіріп тұрған не десек, ол ойды ылғи біркелкі, әдеттен тыс, таңқаларлық жайды айтқандай түрде білдіргендік дер едік. Оны сөздің айтылу қалпы, тіпті сұраулы сөйлемдердің құрылымы да үнемі бір келкі келетіні және үстемелей түседі.

Осы келтірілген мысалдардағыдай шешендік тәсілдерді Абай үнемі қолданбайды. Алланың хикмәті жайлы айтатын 38-сөзін, немесе, қазақтың тегін, ел болып, халық болып қалыптасуын баян ететін «Біраз сөз қа-

зақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген сөзін алсақ, оларда алдымен ойды тура, дәл жеткізуге мән берілген. Осы екі сөздің екеуінен де Абайдың білімдарлығы, діннің хадистерін де, ғұлама ғалымдардың тарихи зерттеулерін де көп оқығаны анық байқалады.

Ал Абайдың дінге көзқарасы туралы айтсақ, оның аллаға сенуінде ақылмен ойлап тереңдеп түсінуге ұмтылудың орны айрықша екені көңіл аударарлық. Оны «Лай суға май бітпес қой өткенге» деген өлеңіндегі мына сөздерінен жақсы аңғарамыз:

*Өзгені ақыл ойға қондырады,  
Біле алмай бір тәңіріні болдырады.  
Талып ұйқтап, көзіңді ашысымен,  
Талпынып тағы да ойлап зор қылады.*

*Көңілге шек шүбәлі ой алмаймын,  
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.  
Ақылдың жетпегені арман емес,  
Құмарсыз құр мүлуге тоя алмаймын.*

«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты тарихи еңбегінде Абай белгілі ғалымдардың зерттеулеріндегі деректерге, ел ішінде сақталған ескі аңыз-әңгімелерге сүйене отырып, қазақтың шыққан тегі жайлы аса құнды пікірлер айтады. Қорыта айтсақ, тақырыбы, қозғайтын мәселелері, композициялық құндылығы айтатын ойын жеткізу тәсілдері жағынан Абай қарасөздерді алуан түрлі болып келеді. Оларда көптеген аса маңызды қоғамдық, адамгершілік мәселелер қозғалып, әр түрлі топтардың өкілдерінің мінез-құлқына, іс-әрекетіне қатысты жайлар нақтылы бейнеленіп, түйінді ой-пікірлер айтылады, үлкен өмір шындығы, заман шындығы, қоғамдық қарым-қатынастар айқын көрініс тапқан.

Соның бәрі үлкен өмір шындығын, заман шындығын, қоғамдық қарым-қатынастарды, адамдардың ой-өрісін, салт-санасын танып-білуімізге мүмкіндік туғызады. Кейбір қарасөздерінен Абай өлеңдерінде айтатын пікірлерін басқа бір қырынан келіп, көпшілікке түсінікті, қарапайым тілмен баяндап беруге ұмтылғанын байқаймыз. Бірақ түгелдей алғанда қарасөздерде ақынның поэзияда үлкен биікке көтерілген ойшылдығы да, сыншылдығы да жаңа өріс табады, адамгершілік, ағартушылық идеялары толығырақ түседі.

Абайдың қарасөздері қазақ прозасының, публицистикасының, әсіресе әдеби тілдің прозалық жанрларда өркендеуіне ықпалын тигізді. Сондықтан қарасөздер

Абайдың шығармашылық мұрасының салмақты бір саясы және әдебиет тарихында елеулі орны бар дей аламыз.

## Дәстүр жалғастығы

Абай шығармашылығының қоғамдық, танымдық, көркемдік-эстетикалық мәнін толық түсіну үшін оның әдебиетте орнықтырған бейнелеу әдіс-тәсілдері, дәстүрлері, үлгі-өнегесі қалай жалғастық тапқанын арнайы қарастырып, тексеру қажет. Ақын тұлғасы қаншалықты ірі болса, ықпалы да соншалықты зор болатыны, айналасына түсетін жарығы да мол болатыны анық.

Абайды ұлы ізашар ақын деп қарағанда оның шығармашылық дәстүрлерін дамытып жалғастырған ізбасар ақындар деп, қазақ поэзиясының біртуар аса көрнекті қайраткерлерінен Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовты алдымен айтамыз. Әрине, бұл топқа басқа бірталай ақындарды қосуға болады. Тікелей шәкірті болған балалары Ақылбай, Мағауия, немесе Абайдың айналасында болған, жақын жүрген Әсет, Көкбай ақындар туралы бұрынды-соңды айтылмай жүрген жоқ. Бұл — өз алдына мәселе. Кең мағынасында Абай дәстүрлерін дамытқан деп, мысалы, Сәкен мен Ілиясты да, ал жеке бір қырларынан келсе М. Әуезовты да, кейінгі атақты ақындардың қайсысын болса да алып қарауға мүмкін екені талассыз. Біздің сөз етпегіміз — нақтылы мәселе, қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрлерінің ұлы ақыннан кейінгі дәуірде тікелей жалғастық табуы, одан әрі өрістеп, дамуы, Абайдың ақындық дәстүрлерін тікелей жалғастырған осы ірі тұлғалар туралы ғана айтсақ та, ұлы ақын өмір сүрген ХІХ ғасыр мен оның өнерпаздық өнегесін өркендетіп, дамытқан ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін талдап баяндауға толық мүмкіндік туады. Абай дәстүрлері дегенде жеке тақырып, сарындар, өлең өрнектері мен сөз қолданыстарындағы жақындық, ұқсастықтар жайында айтумен шектелу аздық етеді. Олардың да мәні бар екенін жоққа шығармай, керекті жерінде тиісті мөлшерде назар аудара отырып, алдымен тарихи-әдеби процесі тұтастай алып қарастыру, әдебиет майданына Абайға ілесе шыққан ізбасар ақындардың шығармашылық тұлғасын анықтау жағынан, олардың әрқайсы-

сы қай бағытта ізденіс жасап, қай қырынан келіп әдебиетке жаңалық әкелді, өзінше жол тапты деген тұрғыдан сөз қозғау ұтымдырақ деп санадық.

Осы жағынан келсек, Абайдың өз шығармашылық тұлғасы жан-жақты екені бірден ойға оралды. Ондай әрі ойшыл, әрі сыршыл лирик, әрі суреткер әр қырлы дарын иесі болған кесек тұлғалы ақын сирек кездесетіні даусыз. Жаңа реалистік жазба әдебиетінің негізін салған, ұлттық сөз өнеріміздегі жаңа дәстүрді бастаушы болған ақын тұлғасы осындай жан-жақты болуы да тегін емес дейміз. Сонда оған ілесе шыққан аса көрнекті ақындардың — Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың қайсысы болсын алдындағы ізашар ақынның дәстүрлерін өз шығармашылық өнерінің өзгешелік сипатына сәйкес өзінше жалғастырғаны заңды құбылыс болып шығады. Сонда біз Шәкәрімді Абайдың оқу-білім, ғылымды, адал еңбекті, талаптылықты, адамгершілікті уағыздау өнегесін, фәлсапалық ойшылдығын өзінше өрістеткен ақын десек, Сұлтанмахмұтты әсіресе әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, өз заманының шындығын нақтылы түрде, үлкен сыншылдықпен ашып көрсетуі жағынан Абай дәстүрлерін дамытуда өзіндік тың, жаңа өріс тапқан дей аламыз. Ал Мағжанды айтсақ, ол теңдесі жоқ лирик ақын ретінде Абайдың өз көңіл күйін, және жалпы адамның жан дүниесін, ішкі сезімін суреттеудегі дәстүрлерін өзінің сыршылдық шеберлігіне тірек етіп, өзінше жалғастырған деу орынды. А. Байтұрсынов Абайға қоғам өмірінің бірталай маңызды мәселелері жайлы толғана айтуы және мысалшылдығы жағынан, ал М. Дулатов әсіресе сөз өнерін халықтың санасын оятудың, қоғам көшін алға бастаудың бірден бір күшті құралы деп санаған ағартушылық өнегесі жағынан үндес екенін айтамыз. Және Ахмет те, Міржақып та Абай бастаған ағартушылық, демократиялық идеяларды жаңа заманның тілек-талаптарымен терең ұштастыра алғанының мәні зор дейміз. ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде ағартушылық, демократиялық идеялар қоғам өміріндегі ілгерішіл ізденістерге орай кең өріс алғандықтан Абай дәстүрін жалғастырушылар тобы да молая түсті. Абайдың өнерпаздық өнегесі жаңа дәуірде әр қырынан өркендей түсіп, жан-жақты жалғастық тапқанын аңдату үшін біз ең ірі әдебиет қайраткерлерін ғана айтып отырмыз. Және Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтың әрқайсысының өнерпаздық тұлғасы әр түрлі дегенді де, әрине, шартты түр-

де айтамыз. Бірін бірінен мүлде алшақтатып әкету, әсіресе, бірін біріне қарама-қарсы қою да үнемі ұтымды бола бермес. Алайда әр ақынның көркемдік ойлау, өмірді бейнелеуіне, тақырып таңдауына, стиліне, түгелдей алғанда өнерпаздық бітім-тұлғасына тән өзгешеліктерді танып-білудің де, сөзсіз, мәні зор. Мұнсыз қай ақынның болсын алдындағы ізашар ақынмен жақындық-жалғастығын, өзінің әдебиетке әкелген жаңалығын дұрыс бағалау қиынға соғады. Бұл айтылғандарды толық ескере отырып, Абайға кейінгі ізбасар ақындардың кейбір тақырып, сарын жағынан үндес келуі, немесе жеке пікірлері, жеке сөз үлгілері ұқсас келуі секілді жайларға назар аудару артық емес. Бұлардың өзі кейде жай ғана сырттай ұқсастық, кейде әдейі еліктеушілік болуы да мүмкін. Сонымен бірге осындай кейбір тақырып, сарындар мен жеке сөз үлгілеріндегі ұқсастықтар идеялық жағынан жақындасуды, шығармашылық ізденістегі үндестікті, өнерпаздыққа, ақындық шеберлікке тән елеулі ортақ сипатты танып білуге себін тигізетінін ескермей болмайды.

Алдымен Шәкәрімді айтсақ, ол Абайға халықты өнер-білімге, ғылымды үйренуге шақыру жағынан үндес шығатын жерлері аз емес. Сонымен қатар Шәкәрімнің кейбір адамгершілік идеялары да Абай пікірлерімен үндес келеді. Бұған мысал ретінде Абай адамның мақтансүйгіштік мінезін қалай сынайтынын еске түсірелік:

*Абұйыр, атақ сол жанда,  
Кімді көп жұрт мақтаса.  
Ол мақтаудан не пайда,  
Көп мақтауын таппаса?*

*Көп тәңірі атқан мақтай ма,  
Ол тәңірі атқан болмаса  
Жоқты-барды шатпай ма,  
Көптің өзі оңбаса.*

*Мақтау — жел сөз, жанға қас,  
Қошеметшіл шығарған.  
Бір мақтаса боқтамас.  
Ел табылса, құмарлан.*

«Не іздейсің, көңілім, не іздейсің» дейтін өлеңінде осыны айтса, «Әсемпаз болма әрнеге» дейтін өлеңінде былай дейді:

*Пайданы көрсең бас ұрып,  
Мақтанды іздеп, қайғы алма.  
Мініңді ұрлап жасырып,  
Майданға түспей бәйге алма.*



Мақтан қуу, ішінде қулық сақтап айтылған мақтау сөзге сенгіштік — сағым қуып босқа алдану екенін ақын анық аңдатады. Қарасөздерінде де Абай мақтау жайында сөз қозғап, мақтаныш сезімі мен мақтаншақтықты ажырата білу қажеттігін ескертеді. Мақтау, мақтанудың жағымды жағымен қатар жағымсыз жағы да бар екенін ашып көрсетіп, бұл мәселе хақында қазақ әдебиетінде терең пікір айтқан Абай болды. Осыған үндес, жалғас өткір пікірлерді Шәкәрім ақынның өлеңінен табамыз.

*Дос мақтайды сені жақсы көрмек үшін,  
Дұшпан мақтар елірте бермек үшін.  
Есептемей есірік елін мақтар,  
Көп нені айтса, соны айтып ермек үшін.*

*Бұл үш мақтау бере ме саған пайда,  
Мақтаулыны білерлік адам қайда?  
Өзіңнен ілгерілер сүйсінерлік  
Жол тап тағы, ақылды солай айда.*

*Кейде дос та жамандар жоқ нәрсе үшін,  
Дұшпан сөгер сыртыңнан қайрап тісін.  
Өнері жоқ өсекшіл ел жамандар  
Өтірік пе, рас па, көрмей ішін.*

Мақтау шын көңілмен тап басып тауып айтылса ғана пайдалы, орнымен айтылса, сөгіп, сынаудың өзі де ой саларлық, ал басқадай білместікпен не айтылған мақтау болса, оған елірмеу, даттау болса, оны елемей қажет дегендей ой түйеді ақын.

Шәкәрім Абайға пәлсапашылдыққа бой ұруы жағынан жақындайтынын байқаймыз. Дүние-болмыс қалай жаратылған деген мәселе Шәкәрімді де көп толғандырған:

*Талайдан ой бар менде:  
Бар әлемді жаратқан не?  
Жоғала ма жан өлгенде,  
Түзу істер іс қалай?*

*Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние?  
Мұны бүйтіп жаратқан қандай нәрсе?  
Білімсіз мақсатсыздан шыққан болса,  
Мақсат, білім, ой шықты мұнан неге?*

Осындай сауалдарға беретін жауаптарынан ойшылдыққа бой ұру ғана емес, сонымен қатар ақындық сезімнің әсерлілігі, бейнелеп айту шеберлігі де жақсы аңғарылады:

*Күн батып, Ай, Жұлдыздың айналуы —  
Шынында дөңгеленген Жер жүрісі-ау.  
Күн жауды, көз шағылды найзағайдан,  
Судан от жаратылып шыққан анау.*

*Күн нұрын, Жер жүрісін, көлеңкені  
Жарық уақыт, қараңғы деп атаймыз.  
Жоқ болса ыстық, жарық, қараңғылық,  
Біздің мүмкін бе еді барлығымыз?*

Шәкәрім дүниенің, табиғаттың кереметтігі, керексіз бір тозаңы жоқ болып жасалған кемелдігі жаратушының шексіз қуаттылығын танытады дейді.

*Себебі толымдының ісі толық,  
Ең түпкі жаратушы — мінсіз ие.  
Қуш, білім, шеберлікті іс білгізер,  
Есті, мінсіз шебердің ісі емес пе?*

О дүниеде адамның адал, арамдығы сыналатын «бір тексеру болмай қоймас» деген ойын ақын адамгершілік мақсат тұрғысынан дәлелдеуге тырысады.

*Егер құдай барлығы анық болса,  
Тең болмас ақ жүрек пен сұм залалкес,—*

дейді келіп:

*Жоқ, шырағым, жанымыз жоғалмайды,  
Осы өмірдің азығы — осы ұждан,—*

деп тұжырымдайды.

Сонымен қатар жан деген ұғымды Шәкәрім кең мағынада алып түсіндіреді:

*Жаралыс басы — қозғалыс,  
Қозғауға керек қолғабыс.  
Жан де мейлің, бір мән де,  
Сол қуатпен бол таныс.  
Әлемді сол мән жаратқан.*

*Қозғалған қуат жан дейміз,  
Жан өсті жаннан сан дейміз.  
Сол жандар әсер берген соң  
Жаралды сансыз тән дейміз.  
Жанына қарай тән солар.*

Ал енді Сұлтанмахмұтты алсақ, оның әлем-дүние, өмірдің мағынасы, адам тағдыры туралы ой толғауы да көбінесе әлеуметтік көзқарас тұрғысынан келеді. Ол бірде:

*Қандай мән бұл адамның өмірінде?  
Дәм тартқызар үміт не көңілінде?  
Туысында еріксіз жердің құрты,  
Және еріксіз аһ ұрып сенуінде,—*

десе, тағы бірде:

*Дүниенің дөңгелегі айналады,  
Кім үстінде гөлайттап жиналады.*

*Кім астында езілер саз балшықтай,  
Білмеймін түбі неге айналады.  
Үстегіде не қасиет, астағы да  
Не жаздық деп еріксіз ойланады.  
Үстегі сындырмаған шөптің басын,  
Сонда да тамағы тоқ, киімі асыл,  
Жасаулы, зейнеттеулі палатада  
Қызметкер дайын қылар керек асын,  
Он жыл қызмет бір кедей қылып таппас  
Қондырған бір жүзікке асыл тасын.  
Бір кедей жылдық тамақ етер еді  
Өңдеген бояуына бет пен қасын.*

Сұлтанмахмұт ой сонылығына, сөздің қарапайымдылығы мен терең мағыналылығына айрықша мән беріп, бұл бағытта Абай өнегесін жақсы жалғастырады.

Абай өз заманын, өткен ғасырдағы қоғамдық құрылысқа сын көзімен қарап, «жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін» деп сипаттайды. Сұлтанмахмұт Абайдың осы дәстүрін берік ұстады. Ол да өткен дәуірді, қанаушылар үстемдік еткен, әділдіктің жоқтығы «адамды сорлы қылған» заманды суреттегенде «бақытсыздық дүние толған, нақақ қан, нақақ көз жас дария болған» деген секілді сипаттауларды қолданады.

Ақын сол заманды, сол кездегі өмірді бірнеше көркем бейнелі айқындаулар арқылы ұтымды етіп көрсетіп алған.

*Дүние — алдау екен, алдасуда  
Өз обалым өзіме қалсам кейін,  
Дүние — жеу, жегізу майданы екен,  
Жеңе алсам жеймін демей мен не дейін.  
Әділдік болады деп тоса берсем,  
Өзімді жеп қоятын оған дейін.  
Байып алып, біреуді мен де жекпей,  
Неге өгіз боп оларға жегілейін?!*

Осылай етіп ақын дүниені, айналасындағы өмірді біреудің біреуі түбіне жетіп тынатын «жеу, жегізу майданы» деп сипаттап, дүние, заман сияқты ұғым мен сол ортада өмір кешкен жеке адам тағдырын қатар алып айтып отыр. Бірақ байып алып, басқаны жегу әркімге тиетін үлес емес екенін де ақын жақсы түсінеді. Және ол осыны мұрат етіп отырған жоқ. Тек заманның, ортаның, әділетсіздік, зорлық-зомбылық бел алған қоғамның адамның ой-санасына қандай әсер ететінін ғана айтып отыр. Мұны біз ақын тағы бір тұста дүниені, заманды және жеке адамды қарама-қарсы қойып сипаттағанда әсіресе анық байқаймыз:

*Жан иесі жегемі бірін бірі  
Өлмеу үшін аузын ашқан заман.*

*Дүние — өзен, ағысын кім тоқтатар,  
Ағып кете баратын мен бір салам.*

Қанаушылар үстемдік еткен қоғамда қарапайым халықтың халі қаншалықты аянышты екенін бұдан айқын, әсерлі етіп айту қиын-ақ болар.

Абай пайдакөр дін адамдарын:

*Кітапты молда теріс оқыр,  
Дағарадай боп сәлдесі.  
Малқұмар көңілі бек соқыр,  
Бүркіттен кем бе жем жесі?—*

деп суреттейтіні белгілі. Осындағы көркем сипаттама, теңеу, салыстырулардың бәрі молданың жексұрын, жиіркенішті ұсқынын барынша айқындап көрсетуге қызмет етіп тұр.

Сұлтанмахмұт бұл жағынан да Абайды өзіне үлгі тұтқан.

Адамның кескін-кейпін, әрекетін бейнелеудегі ақынның ұсталығы бірлі-екілі белгі-сипат арқылы-ақ оның тұлғасын өзіндік құлық-мінез өзгешелігімен тұтас әкеп көзге елестете білуден әсіресе айқын көрінеді.

*Мынау төрде ишандар,  
Аузы-басы қисаңдар  
Ат, тоныңмен жұтады,  
Аузына егер сыйсаңдар.*

Осындағы Сұлтанмахмұттың дін адамдарын суреттеуіндегі ұтымдылық — алдымен ақын олардың бет жүзіндегі бір ғана қозғалыс-белгіні алып, сол арқылы есте қаларлықтай көрнекті бейнесін жасап береді. Одан арғы сипаттауы сырт құрылысына қарасақ әсірелеп айту секілді. Дүниеқор ишандар аузы кісі ат-тонымен сиярлық үлкен болып көз алдымызға бір сәт елес бергендей болса да, осы сөздердің ауыспалы мағына беретіні айқын аңғарылады. Күші жетсе, қолынан келсе, барыңды жалмап-жұтып қоюға дайын нысапсыз, жемқор дегенді әдетте осылай айта беретінін түсіну қиынға соқпайды. Олай болса, осы сөздердің нақтылы мазмұн-мағнасында иненің жасуындай да артықтық, асырып айтушылық жоқ. Қалайда оқушыны елең еткізетін бірден-бір типтік сипат-белгі болып шыққан.

Абайдың жас қыз бен кәрі шалдың бейнесін бір-біріне қарама-қарсы қойып, шендестіру тәсілімен өте әсерлі суреттегенін білеміз.

Сұлтанмахмұт «Кедей» поэмасында «жексұрын шал» мен оған малға сатылып, еріксіз қосақталған жас қыз

ды суреттегенде шендестіру, қарама-қарсы келтіріп сипаттау тәсілін үлкен шеберлікпен қолданады.

*Жастық қызу шөлдеткен жас ерінге  
Көк мұртты кепкен ерін тұрды-ау тиіп,  
Кәрі қол талдай нәзік белді қысып,  
Үлбіреген жас тәнді зорлап, құшып,  
Қуарған, кепкен тәнін жылытпақшы,  
Сәулесі қара көздің нұрын ішіп.*

*Сәбидің білегіндей торғын тамақ,  
Тікенектей көк сақал соны қадап...*

Міне, мұнда балғын жас сұлу мен шалды үнемі бір-біріне қарсы қойып, салыстыра бейнелеп отыр. Қыздың кескін-келбетін, сипатын таңытатын сипат-белгілер — **жас ерін, нәзік бел, үлбіреген жас тән, сәбидің білегіндей торғын тамақ** деген секілді болып келсе, шалдың сиқын — **кепкен ерін, кәрі қол, қуарған, кепкен тән, тікенектей көк сақал** деген сияқты сипаттамалар арқылы байқатады.

Сұлтанмахмұт — әрине, ақындық тұлғасы мүлде басқаша, тек қана өзіне тән дарыны бар суреткер. Сөз бұл жерде әдеби дәстүр жалғастығы туралы ғана. Сұлтанмахмұт кейде Абайша толғап, өмір құбылыстарын Абайша бейнелеп көрсеткен кездері бар, бірақ ол ұлы ақынның сөз үлгісін құр қайталау емес, суреттеу тәсіліндегі кейбір ұқсастықтар ғана.

Халық өмірі, бүгінгісі мен кешегі туралы ойланып, тебіренгенде Мағжан да өзі «алтын хакім» деп атап, айрықша ардақтаған Абай үлгісінен алыстамай, ашынып, ащы сын пікірлер айтудан тайынбайды.

*Сорлы қазақ жаны алқымға тығылып,  
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,  
Алға баспай барлық ісі кер кетіп,  
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп,—*

деп күңіренген ақын, тығырыққа тығылған елге шығатын жол сілтемек ниетпен, қала салсақ, мектеп пен медреселер көп болса дей келіп:

*Жиылмай өнерге аяқ баса алмаспыз,  
Нық сіңген надандықтан қаша алмаспыз,—*

деп жұртты жігерлендіруге ұмтылады.

*Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,  
Ойламау келешекті түпке жетер,—*

деп түйіндейді.

Әрине, түгелдей алғанда Мағжан поэзиясында қоғамдық мәселелерді қозғау, талдап-баяндаудан нәзік сыршылдық басым жатыр. Мағжанның сыршылдығы — сезім тереңдігінен туатын еш бір жасандылығы жоқ, нағыз лирикалық сыршылдық. Өмірден алынған сезім-әсерлермен нәрленген, көркем қиялмен қанаттанған сыршылдық. Сезім қуаттылығына, нәзіктігіне орай тілінің, әр сөзінің келісті көркем болуы да — ақынның суреткерлік шеберлігінің басты сипаты. Бұл жағынан алғанда Мағжан — қазақ поэзиясында өзінше тың өрнек тапқан, үздік шыққан ақын. Мағжан ақындығының осы өзгеше қасиетін, оның сирек кездесетін сыршылдық дарынын жете түсінген, жоғары бағалаған адамның бірі — Жүсіпбек Аймауытов болды. «Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқырлығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті», — деп дәл тауып айтқан. Мағжанның осындай сыршылдығы Абайға да жат емес десек, мәселе, әрине, нақтылы шығармаларды салыстырып, тікелей ұқсастық табуда емес. Абайдың көңіл күйі лирикасына, немесе табиғат лирикасына жататын өлеңдерінде сыршылдық сарыны айқын көрінеді. Алайда тұтастай алғанда Абайдың таза сыршыл болып көрінетін тұсы көбінесе ақындық дарынның бір қыры ғана болса, Мағжанда сыршылдық, сезім нәзіктігі үнемі басым келеді. Сондықтан Мағжан Абай дәстүрлерін негізінен сыршылдық лирика саласына өрістеткен дей отырып, оның поэзиясындағы өнерпаздық өзгешелігіне көбірек назар аударған дұрыс дейміз. Және ақынның жеке пікірлерін, сөздерін бағалағанда, соның қай жерде, қандай контексте, қалай айтылғанын да ескеру қажет. Мағжанның, мысалы, өмірдің өтуі, адам тағдыры жайлы мынадай сөздерін еске алғанда:

*Өмір — көпір, от үстінде салынған,  
Діңгектері зәндем отқа малынған.  
Қорқу білме, аяқтарың таймасын,  
Ойнап қана өт, шарпу көрме жалыннан.*

*Өмір — өзен, сылқ-сылқ күлер, сылдырар,  
Қайда ағады, оның жөнін кім сұрар?  
Аққан сумен біз де ағармыз, кетерміз,  
Ағынға ермей, жағасында кім тұрар?—*

Осыны жас сұлуға сыр ашқандай ғып айтып отырғанын, ертең ер жеткенде «көп уланған, көп сүйген», «көп жылаған, көп күлген» ақын ағам болып еді дегейсің» деп наз қылып, яғни, өзінің жылы сезімге беріліп толқыған көңіл күйіне орай айтып отырғанын ойдан шығар-

маған жөн. Өмірдің келеңсіз, көленкелі жағы бар десе, оны «сұм өмірдің күлін көрме, гүлін көр» деген түйінді ойына сабақтастыра айтып отыр. Ал «Қорқыт» атты поэмасындағы:

*Ақын — жел, есер, гүлер жүйрік желдей,  
Ақын — от, лаулап жанар аспанға өрлей,  
Қиялы, жан жүрегі — ойнаған от,  
Ақынды аласұртар тыныштық бермей,—*

деген сөздерді Қорқыт жолын қуып, мұрагері болғандай кейінгі ақындардың жинақтап алынған бейнесін сипаттаған деуге болады. Сонымен бірге бұл сөздер ажалдан қашып құтылу ниетімен дүниенің төрт бұрышын шарлаған Қорқыт бейнесін көтермелеу үшін шабыт үстінде айтылғаны да айқын емес пе? Ендеше:

*Өмірде арманым жоқ Қорқытқа ерсем,  
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.  
Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарнап,  
Құшақтап қобызымды көрге кірсем,—*

дегенді де Мағжан өлім күйін шерткен екен деп сынар-жақ пікір түймей, алдымен «атасы ақындардың ақын Қорқыт» деп, соны қастерлеу үшін әдемі әсірелеп, әсерлі етіп айтылған деп ұққан дұрыс.

Мағжанның махаббат лирикасында да өз ойлау, сөйлеу ерекшелігі, әсем сыршылдығы, жастық жалын шарпуы айқын байқалатын сезім нәзіктігін жеткізудегі өз қолтаңбасы тайға таңба басқандай анық. Салыстырып қарасақ, Сұлтанмахмұттың жалындап тұрған кезінде шығарған өлеңдерінде де махаббат сезіміне беріліп, елжіреп, елтігендей күй байқалмайды. Мұны ақын дарынының өзгешелігі, ішкі сырын ақтарып тастамайтын, тартына сөйлейтін әдеті дейміз бе, тіпті:

*Қарадың неге, жан қалқам,  
Күйдірейін дедің бе?  
Көлеңкеңді көрейін,  
Құрбандықта өлейін,—*

деп толқығандай болғанның өзінде:

*Осындай сую көрмесең,  
Қатын алма өмірде,—*

деп аяғын әзілге айналдырады.

Тағы бір өлеңінде:

*«Сәулешім» деген бір сөзің  
Есімнен кетпес өмірде,*

*Серт қылдым берік мен өзім  
Өшпестей жазып көңілге,—*

деп ынтықтығын білдірсе де, ойын сезімге жеңдірмей:

*Топас күш — тасқын, біз — жаңқа,  
Сең соқса достар айырылар.  
Бар қайғым осы, жан қалқа,  
Топанды күш жоқ қайырар,—*

деп іркіле сөйлейді.

Мағжанның «Өткен күн» атты өлеңінде Абайдың «Жаз» (Жаздыгүн шілде болғанда) деген өлеңіне сөзбе-сөз жақын, үндес келетін тұсы бар. Мағжан халықтың бірнеше ғасырды қамтыған тарихына көз салып, Қасым мен Есімнің ескі билік өнегесін, Хақ Назар мен Абылай ханды, Қабанбай, Наурызбай мен Бөгенбай батырларды, Қаз дауысты Қазыбекті, палуан Жәнібекті, Шөже, Орынбай, Жанақ, Біржан секілді жыршы, ақын, әнші өнерпаздарды еске алады. Ал өткендегі қазақ аулының нақтылы суретін көзге елестетпек болғанда Абай өлеңіне сүйенеді:

*Шілдеде самал ескенде,  
Жайлауға ауыл көшкенде,  
Ат-айғырға мінісіп,  
Қыз-бозбала жарысып,  
Тереңнен әзілдескенде;  
Тіс меруерт тізілген,  
Белі қыпша үзілген,  
Хор сықылды сол сұлу  
«Ха-ха-ха!» деп күлгенде,  
Бұйық жатқан кең дала  
Бейне бір жаны енеді.  
Сылдырап аққан өзенге  
Үй тігіп дереу қонысып.  
Бұрала басып былқылдап,  
Әзілдесіп, сыңқылдап,  
Жас келіншек, жас қыздар  
Кереге жайып, үй байлар  
Үйден-үйге жүрісіп.*

Абай өз өлеңінде ауыл өмірінің көркін сол кездің шындығы етіп бейнелесе, Мағжан өтіп кеткен дәуірдегі қазақтың «дәулеті мен сәулеті» айқын көрінетін суреттеме осы деп, жайлауға көшіп келіп қонып жатқан ауылды ұлы ақынға әдейі еліктеп сипаттаған. Әрине, ауыл өмірінің мұндай көрінісін Мағжанның бар үлгіні алдына ұстамай-ақ суреттеп бере алатыны ешбір талассыз. Сондықтан оның бұл жерде Абай өлеңін тірек еткені құр жайдан-жай еліктеу емес. Ол Мағжанның Абайды алдындағы ізашар ақын деп санағанының, өзіне үлгі тұтқанның белгісі дей аламыз.



Ахмет Байтұрсыновтың да Абай шығармашылығымен тақырыптық-идеялық үндестігі бір емес, бірталай аса маңызды қоғамдық мәселелерді толғауынан анық байқалады. Ақынның «Жұртыма» деген өлеңіндегі:

*Білмейсің жөнің менен терісіңді,  
Ел болып іс етпейсің келісімді.  
Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,  
Шығасың қолыңа алып керісіңді.  
Бытырап бет-бетіне жөнелгенде  
Көрдік қой жайылатын өрісіңді.  
Келгенде өз-өзіңе мықты-ақсыңдар,  
Қайтейін өзге десе көнгішіңді.  
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,  
Кім жұлмас оңайдағы жемісіңді?!*

деген сөздерді еске алсақ, Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңімен негізгі пікірлері сабақтас келетінін көру қиынға соқпайды. Сондай-ақ «Жиған-терген», «Жауға түскен жан сөзі» атты өлеңдері де ел жайын, халық тағдырын ойлап тебіренуі, сыншылдығы жағынан ақынның Абаймен сарындас келетінін аңдатады.

Абайдың «Сегіз аяқ» атты өлеңіндегі:

*Қайнайды қаның,  
Ашиды жаның  
Мінездерін көргенде;  
Жігерлен, сілкін,  
Қайраттан, беркін.  
Деп насихат бергенде,  
Ұятсыз, арсыз салтынан  
Қалғып кетер артынан,—*

деген түйін пікірді жеке сарын ғана емес, ағартушы-ақынның шығармашылығындағы үлкен бір тақырыптық-идеялық арна десек, А. Байтұрсынов та, М. Дулатов та өз шығармашылығының ең басты идеялық нысанасы халықты ояту, оны өнер-ғылымға, еңбек етуге, прогресс жолымен алға басуға шақыру деп түсінді. «Оян, қазақ!» деп ұран тастаған М. Дулатов өз шығармаларында қоғам өмірінің бірталай мәселелерін, Абай дәстүрлерін жалғастыра отырып, жаңа заманның талабына сәйкес батыл қоя алды.

Осы екі үздік шыққан өнер несін қатар қойып, айтып отырғанымыз, олардың ақындық тұлғасында ортақ сипат мол, сондықтан олардың Абаймен үндестігі деп бір арнаға түсіп жатқандай көрінеді.

Ахмет Байтұрсыновтың ақындығы туралы өте дәл, тұжырымды пікірді алғаш айтқан М. Дулатов екені де

кездейсоқ нәрсе емес. Олар бірін-бірі тани да, бағалай да білген ғой.

«А. Байтұрсынов өз өлеңдерінде сүйіспеншілікті, әйел сұлулығын, табиғат әсемдігін жырламайды, онда сыршыл өлеңдер мен айшықты тіркестер жоқ. Ол қарапайым да ұғынықты тілмен еркіндікті, езілген қазақ халқын жырға қосады, оларды еңбек сүйгіштікке, білімге, ғасырлар бойғы ұйқыдан оянуға шақырып, әрбір қазақтың жүрегіне азаматтық рух сіңірді»\*

Осы сипаттама Ахмет Байтұрсыновтың бойына, ақындық бітім-тұлғасына өлшеп айтылған дей отырып, бұл сөздер Міржақып Дулатовтың ақындық өнерінің басты сыр-сипатын да айқын таныта алады деп санаймыз.

Абайдың шығармашылығында желідей тартылған бірнеше басты тақырып-сарындар сабақтаса түйісіп келетін шығармасы «Сегіз аяқ» болса, соның қазақ поэзиясына тыңнан қосылған өрнегі ізбасар ақындардың назарынан тыс қалған жоқ.

Сонымен қорыта келе айтарымыз — біз Абай дәстүрлерін жалғастырған, өрістеткен ақындар қатарына арнайы сөз қылған Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов — әдебиеттегі ірі тұлғалар. Әрқайсысы — өз бағыты, өз стилі бар, қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық әкелген қайраткер. Бұлармен қатар, не бұларға ілеге шыққан ақын, жазушылар да аз емес екенін ескерсек, Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінде ұлы ақынның ағартушылық, адамгершілік, демократиялық идеялары, өмірді көркемдеп бейнелеу әдіс-тәсілдері жан-жақты жалғастық тауып, батыл шығармашылық ізденістерге тірек болғаны айқындала түседі. Жоғарыда айтқанымыздай, Абай дәстүрлерін игеру мәселесі ХХ ғасырдың бас кезімен шектелмейді, одан кейінгі кезеңдермен, қазіргі әдеби процеспен де ұласып жатыр. Біз Абайға бірден-бір жақын тұрған, тікелей мирасқор болған ақындар жайында сөз қозғадық.

---

\* Дулатов М., «Оян қазақ», А., 1991, 11-бет.

# Текстология

## жайында бірер сөз

Текстология — әдеби шығармалардың тексін автордың қолжазбасы (немесе көшірме қолжазбалар) негізінде, сондай-ақ бұрынғы басылымдармен салыстырып тексеретін, сенімді деректер бойынша анықтайтын филология ғылымының саласы. Шығарма тексінің жаңылыс оқылған, қате басылған жерлері табылса, тиісті түзету енгізу қажеттігі туады. Әрине, ол үшін жеткілікті дәлел керек.

Автордың өз қолжазбасы сақталмай, шығарма басқалардың қолжазбасы арқылы (не ауызша) жеткен болса, және шығарма автор тарапынан баспаға берілмей, көзі тірісінде басылмай, кейін әр түрлі дерек-жазба негізінде жарияланған болса, текстологиялық тексеру жұмысын жүргізу қиындай түсетіні түсінікті. Абай шығармаларын текстологиялық жағынан зерттеудің күрделілігі осындай жағдайларға байланысты. Ақын шығармалары басқа адамдардың қолжазбалары арқылы жеткені, шығармалар жинағы 1909 жылдан бастап жарық көргені, кейін ел арасынан, ауызша айтылып, не қағазға түсіп таралып жүрген қалпында жазылып алынып бірте-бірте толықтырылғаны жайында жоғарыда айтқанбыз.

Абай шығармаларын жинау, бастыруда олардың тексін зерттеудің, ғылыми тұрғыдан анықтаудың мәні үлкен. Олай болатын себебі Абай шығармаларының қолжазбасы түгелдей дерлік өзге адамдардың қолымен жазылғандықтан (тек «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген шығармасының қолжазбасы ғана Абайдың өзі жазған делініп жүр) әртүрлі қолжазбаларда, 1909 жылғы жинақта және кейбір онан кейінгі жинақтарда бірталай сөздер әрқалай оқылады. Мысалы, Мүрсейіттің бірнеше қолжазбасында да бір өлеңдегі кейбір сөздер бірде былай, бірде олай жазылған. Оның үстіне алғашқы 1909 жылғы жинақта жоқ, кейінгі басылымдарға енгізілген шығармаларда да бар қолжазбаларды, бұрынғы жинақтарды салыстырып зерттеу негізінде кейінгі басылымдарда кейбір сөздер түзетіліп беріліп келеді. Әр жинақта бір сөздің әр түрлі нұсқасы болуы кейде пікір таласын туғызатыны, мынасы дұрыс емес, бұрынғы жинақтағы нұсқасы дұрыс деуге мүм-

кіндік беретіні де түсінікті. Абай шығармасы деп саналып, газет-журналдарда жарияланған, ғылыми жинақтарға кірмеген бірлі-жарым өлеңдер де жоқ емес.

Түгелдей алғанда Абай шығармаларын текстологиялық тұрғыдан зерттеуде айтарлықтай табысқа қол жетті, академиялық толық жинақтағы шығармалардың текстері дәйекті түрде анықталды дей аламыз. Ал енді нақтылап айтсақ, қолжазбалардың ең негізгісі, толығы — 1905, 1907, 1910 жылғы Мүрсейіт Бікеұлының жазбалары. 1909 жылы Санкт-Петербургта басылған Абай шығармаларының тұңғыш жинағындағы текстерді де түпнұсқа ретінде қараған орынды. Абай шығармаларының басым көпшілігі Мүрсейіт қолжазбалары арқылы жеткенін ескерсек, бұл тұңғыш жинақтың мәні зор екені айқын аңғарылады. Басқа жекелеген қолжазбалардың көлемі шағын, оларда Мүрсейіт қолжазбасында жоқ өлеңдер өте аз, сондықтан олар қосымша деректер ретінде бағалануы орынды. Алайда 1909 жылғы жинақта да, қолжазбаларда жаңылыс жазылған, қате басылған сөздер кездесіп отыратыны салыстыра тексеру, текстологиялық зерттеу негізінде анықталды. Бұл жинақтың алдында баспа жүзінде жарық көрген өлеңдер («мысалы, «Дала уалаяты» газетінде жарияланған «Жаз», «Болыс болдым, мінеки») үш-төрттен аспайды.

1916 жылы Самат Әбішұлы шығарған «Абай термесі» атты кітаптың құндылығы — онда бұрын жарияланбаған бір топ шығармалар басылған. Олар — бірінші қарасөзі мен «Ата-анаға көз қуаныш», «Тайға міндік», «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да» және бірнеше өлеңдер. І. Жансүгіров 1923 басылған «Абай кітабы» атты мақаласында Ташкентте шыққан жинақтағы қате басылған сөздерге арнайы тоқталып, мысалы, «шалғыннан жүні қылтылдап» емес, «шалғыннан жоны қылтылдап» деген дұрыс екенін, немесе «биікке басшы болар деме залым» емес, «бейіске басшы болар деме, залым» деп оқылуы дұрыс екенін алғаш көрсеткен болатын. Бұл мақаладағы тағы бір өте бағалы пікір — Абай шығармаларын «толық жинақтап жемісті қылып шығаруға тырысу» міндеті қойылған. «Абайды жете білетін Шәкәрім, Мұхтар, Әлихан, Ахмет сияқтыларды бұл жолға үндеу керек, сөйтіп осы бастан қам қылып, асықпай бірнеше жылды мойынға алу керек» — дейді І. Жансүгіров. Сол кездің өзінде-ақ Жансүгіровтың Абай шығармаларының толық жинағын тыңғылықты дайындап бастыру мәселесін көтеруі және Абайдың өмірі мен творчествосына ең жетік, білгір адамдар деп Шәкәрім

Кұдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұвы атауы айрықша назар аударарлық. Жаңа шығармалармен толықтырылып басылуы жағынан ерекше атауға лайық жинақтың бірі — 1933 жылы Мұхтар Әуезов бастырған «Толық жинақ». Мұнда «Әзім» поэмасы және Абай жас кезінде 1855—1881 жылдар арасында жазған дейтін бір топ өлеңдер алғаш жарық көрді.

1945 жылғы басылған толық жинақта жаңадан табылған «Домбыраға қол соқпа», «Мен боламын демендер», «Ойға түстім, толғандым» және бірнеше қысқа өлеңдер жарияланды. Бұл жинақта және 1954 жылғы жинақта шығармалардың текстерін қолжазбалармен және бұрынғы басылымдармен салыстыра тексеріп анықтауға назар аударылған. Әсіресе 1954 жылғы екі томдық толық жинақтың кейбір аударма өлеңдердің орысша түпнұсқасын айқындау жағынан елеулі жаңалығы бар. Абай шығармаларының текстерін ғылыми тұрғыдан зерттеуде 1957 жылы Мұхтар Әуезовтың басқаруымен дайындалып жарық көрген екі томдық академиялық толық жинақтың мәні ерекше. Бұл басылымның құндылығы — алдымен Әуезовтың текстологиялық жұмыстарға тікелей қатысуының, ерінбей-жалықпай басшылық етуінің нәтижесі. Жинақты баспаға дайындау барысында Абайдың өлеңдері, поэмалары, қарасөздері бұрынғы басылымдар мен барлық белгілі қолжазбалармен салыстырылып, мұқият тексеріліп бірталай сөздерге түзетулер енгізілді. Қай сөздің қандай негізге сүйеніп алынғаны әр шығармаға берілген түсініктемеде көрсетілген. (Бұл жинақты баспаға дайындап, текстологиялық жұмыс жүргізгендер — З. Ахметов, Ы. Дүйсенбаев, Ғ. Әбетов).

Осы жинақтың негізінде 1977 жылы жарық көрген Абай шығармаларының ғылыми баспасында кейінгі кездегі зерттеулер ескеріліп, кейбір түзетулер енгізілгені байқалады. Сонымен ғылыми басылымдарда Абай текстерін қалыптастырып тұрақтандыруға, жекелеген сөздердің неғұрлым дұрыс берілуін қадағалауға мән беріліп келеді. Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай жаңадан дайындалған шығармаларының ғылыми толық жинағы жарық көргелі отыр. Онда шығарма текстері бұрынғы баспалармен, қолжазбалармен қайтадан салыстырылып тексеріліп, түсініктемелер жаңа деректермен толықтырылды. Ал акынның таңдамалы шығармаларының жинағын бастыру жайлы айтсақ, олар ғылыми академиялық басылым негізінде жасалуы шарт еке-

ні, және қалыптасқан текстермен дәлелді деректерге сүйену қажеттігі талас тудырмайды.

Ғылыми жинақтарда Абай шығармаларының тексін тексеріп, айқындау ісі бір емес, бірнеше адамның қатысуымен, бірлесіп пікір қорытуымен жүзеге асырылып келді. Оның бәрін түгендеп, әр жинақты бұрынғы баспалармен салыстыра талдап, толық баяндау — арнайы еңбектің міндеті. Бұл жерде біз тек қана кейбір аударма өлеңдердің төңірегінде сөз қозғамақшымыз. Осы мәселе жайында 1949 жылы «Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысы» журналында (№ 10) басылған «Абайдың Лермонтовтан аудармалары туралы жаңалық» («Новое о переводах Абая из Лермонтова») атты мақаламызда алғаш рет айтқанбыз. Мәселені арнайы тексеруге түрткі болған жайды айтсақ, 1948 жылы Ленинград қаласында ССРО Ғылым Академиясының Шығыстану институтында аспирант болып жүрген кезде «Абай және Лермонтов» деген тақырыпта кандидаттық диссертация жазуға кіріскенде Абайдың Лермонтовтан аударған деп саналып келген өлеңдерін түпнұсқасымен салыстыра қарау қажет болды. Сонда алдымен назар аударғанымыз — бұрынғы жинақтарда Лермонтовтан аударған деп көрсетіліп келген бірнеше өлеңнің түпнұсқасы белгісіз күйінде қалып келеді екен. Олар — «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы», «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын». Алғашқы өлең туралы 1945 жылғы толық жинақта берілген түсініктемеде бұрынғы басылымдарда бұл Лермонтовтан аударылған деп келді, бірақ «қай өлеңнен аударылғаны әзір анықталған жоқ» деп жазылған екен (451-бет). Екінші өлең туралы да осындай тұжырым жасалған (453-бет). Біз қараған Лермонтовтың толық жинақтарынан да бұл өлеңдер табылмады. Мәселенің сыры біраздан соң, Лермонтов туралы әр түрлі кітаптарды қарастырып жүргенде айқындала бастады. Ертерек кезде Лермонтов өлеңі деп саналып басылған, кейін ол дәлелді болмай, басқа ақынның қолынан шыққандығы анықталған шығармалар аз емес екенін байқадық. Сондықтан Лермонтовтың Абай соларды оқуы мүмкін деуге лайық ерте кезде жарияланған жинақтарын қарап көру қажет екені түсінікті болды. Сөйтіп, «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» дейтін өлеңнің Лермонтовтың 1891 жылғы және 1893 жылғы жинағында басылғанын көзімізбен көрдік. Одан бұрын алғаш 1888 жыл «Русский архив» (№ 1, 159-бет) журналында да Лермонтовтың өлеңі деп жарияланыпты. Онан соң бұл

өлең Я. Полонскийдікі екені, 1842 жылы «Подземные ключи» деген жинақта (13-бет) басылғаны анықталып, кейінгі Лермонтов жинақтарына кіргізілмейтін болған. Ал Абай өлеңді Лермонтовтың жоғарыда көрсетілген жинақтарының бірінен, немесе «Русский архив» журналынан оқыған болса керек.

Өлең тақырып-идеясы, стилі жағынан Лермонтов шығармаларымен үндес шыққан. Орысша текстi мынау:

### СЕРДЦЕ

*У сердца сокровищ так много!  
Как в море — в открытую грудь  
Они так обильно от бога  
Живыми струями текут.*

*И жаждет душа поделиться  
В избытке с другой душой,  
И сердцу влюбленному биться  
Привольно в груди молодой*

*Но что? Говорят: неизбежно  
Придет злое время, придет,  
И все что люблю я так нежно,  
Как призрак вдали пропадет.*

*И будто в груди благородной  
Иссякнут живые струи,  
И сердцу рассудок холодный  
Предпишет законы свои.*

*И сердца богатства я взвешу,  
На рычок пойду их менять.  
Кого же я этим утешу?  
Что ж будет меня утешать?*

*Увы! Говорят: неизбежно  
Придет злое время, придет!  
И все, что люблю я так нежно,  
Как призрак вдали пропадет!*

Өлең орысшасында да, Абайда да алты шумақ, 24 жол. Бірақ орысша тексте үшінші шумақ пен алтыншы шумақ түгелдей бірін-бірі қайталайды. Ал Абай болса, өлеңнің соңында алдыңғы шумақты құр қайталамай, «адам тағдырға көнбек» деген ойды басқаша айтып нақтылай түскен. Бірақ, әрине, одан өлеңдегі мұңды сарын кемімейді. Сонымен бірге Абай өмірге құштарлық идеясын да күшейтпесе, әлсіретпейді. Жүректегі көп қазына деген ұғымды Абай өлеңнің ең басында жылылық пен достық деп айқындай түседі.

Орысша түпнұсқаның басты сарынын Абай өте шебер және бұлжытпай жеткізетінін мына екі шумақты:

*Жан шөлдер өзіңдеймін танысқанша,  
Бірінен бірі үлесін алысқанша.  
Құмарланар, сүйісер жүрек тауып,  
Қайтқысыз қызықпенен бас қосқанша.*

*Жүрегін пайдасы үшін жұрт ұстатпақ,  
Кірмен өлшеп базарға ұстап сатпақ.  
Оны сатып, ол кімді уатады,  
Оның өзін тағы да кім уатпақ,—*

жоғарыда келтірілген екінші шумақпен («И жаждет душа поделиться») және бесінші шумақпен («И сердца богатства я взвешу») салыстырсақ, ап-анық көре аламыз.

«Қалқам-ай, мен іздемей жүремін көп» дейтін өлеңде Лермонтовтың жоғарыда аталған 1890 жылдардағы жинақтарында және «Русский архив» журналында 1887, № 3, 580-бет) басылған. Кейін өзге бір ақынның өлеңі екені анықталған (Қараңыз: Лермонтов. Материалы для библиографии. т. I, изд. АН СССР, 1936, 367-бет). Орысша текстi мынау:

*И ты думаешь, будто я хладен и нем?  
Малютка, под этим молчанием  
Таится ужасная буря, зачем  
Вырваться наружу ей тяжким рыданием?  
Что я гордо смотрю на презренных людей  
Ты за то ли меня упрекаешь?  
Но те люди торгуют рукою твоей,  
Твоим сердцем хотят торговать. Ты их знаешь...  
Дай мне руку твою! Посмотри мне в глаза!  
Я без слез горько плакать умею;  
Твои ж слезы блестят как ночная роса  
На заре, поутру, освежая лилею.  
Тебе легче — ты можешь в слезах выливать  
Муки сердца: а я! Я родился  
Мужчиной, я должен безмолвно страдать:  
Своих собственных слез я б невольно стыдился.  
Но поверь, если б ты вдруг меня поняла  
И взгляделась в бесслезные очи:  
Ты б от ужаса плакать забыла, и я  
За тебя стал плакать все дни и все ночи.*

«Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп» өлеңі Абайдың аударуында айрықша сыршылдық сипат алып, ұлы ақынның өз сезімдері, толғаныстарынан нәр алып, өте әсерлі лирикалық шығарма болып шыққан. Абай өлеңінде жүрегіндегі қайғы-наланы сыртқа шығармай, іштей тебіренетін байсалды, ұстамды адамның бейнесі әсіресе айқын көрінеді. Орысша тексте лирикалық кейіпкер жүрегін толқытқан жалынның себебін ғашығына



«олар сені саудаға салып жүр, сенің жүрегінді сатпақшы» деп түсіндіреді («Те люди торгуют рукою твоей, Твоим сердцем хотят торговать»). Ал Абай:

*Жүрегімді кескілеп салып жүрген,  
Арсыздарды досым деп неге аяймын?—*

дейді. Мінеки, мұнда өлеңнің мағыналық жүгі, негізгі салмағы лирикалық тұлғаның, яғни, ақынның өз басына ауысқанын байқаймыз. Бұл Абайдың «Жүрегім менің кырық жамау, қиянатшыл дүниеден» деп толғанатынын еске түсіреді.

Орысша «сердцем хотят торговать» дегенге қарағанда Абайдың өлеңінде «Жүрегімді кескілеп сатып жүрген» болуы да мүмкін. (Сатып деген сөз салып деп оқылған десек). Бірақ бұл сөз қалай оқылса да, өлеңнің мағынасына одан келетін өзгеріс аз ғана.

Абайдың осы өлеңіне тән ойға шомып, тебіреніп, еріксіз сыр ашқандай терең лирикалық сезім музыка өнерінің қайраткерлерін де қызықтырды, композитор Мәкәлім Қойшыбаев оған романс түрінде келісті ән шығарып, ол романс өлең Ришад Абдуллин, Ермек Серкебаев сияқты атақты әншілердің айтуымен кеңінен тарады.

Ал «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» дейтін өлең Лермонтовтың бұрын-соңды жинақтарының ешқайсысында басылмаған болып шықты. 1945 жылғы Толық жинақта берілген түсініктемеде: «бұл өлең Лермонтовтың:

*— Я видел березку — сломилась она,  
Верхушкой к земле прислонилась она,—*

деп басталатын романс өлеңінің аудармасы сыяқты» деп жазылған (448-бет).

Өлең Лермонтов жинақтарында жоқ болып шыққанымен бастапқы екі жолы көрсетілгенін және өзі романс деп аталғанын ескеріп, оны енді Ленинградтағы Салтыков-Шедрин атындағы кітапхананың музыкалық әдебиеттер сақталатын бөлімінен іздестіру қажет-ау деген ойға келдік. Орыстың халық өлеңдерінің, атақты Глинка, Чайковский сияқты композиторлардың романс өлеңдерін оншақты күн қарап таба алмай жүргенде, бір күні сәті түсіп Антон Рубинштейн романстары жеке жинақ болып басылған кітапты қарағанымызда, ішінен «Я видел березку — сломилась она» деп басталатын романс шыға келді (сөзі В. А. Крыловтікі, ол неміс ақыны Р. Левенштейн өлеңінен аударған).

## РАЗБИТОЕ СЕРДЦЕ

*Я видел березку — сломилась она,  
Верхушкой к земле преклонилась она,  
Но листья не блекли на тонких ветвях,  
Покамест не спряталось солнце в горах.*

*Я бабочку видел с разбитым крылом,  
Бедняжка под солнечным грелась лучом,  
Стараясь и слабость и смерть превозмочь,  
Пока не настала холодная ночь.*

*Стрелка видел я, как он лань подстрелил,  
Животное пало в крови и без сил.  
Со смертью бороться она не могла,  
И жить перестало, как солнце зашло.*

*Ах, мне изменила подружка моя,  
И солнце померкло давно для меня,  
Но смерть и покой я напрасно зову —  
И с сердцем разбитым живу да живу.*

Абайдың аудармасы орысша текске мағынасы жағынан жақын болғанымен, көркемдік шеберлігі жағынан әлдеқайда артық екені айқын көрініп тұр. Өлеңде айналадағы табиғат, жан-жануар тіршілігі, адам өмірінен төрт қайғылы көріністі алып, қатар қойып, мұңды сарынның барған сайын үдей түсуі арқылы, ғашық жарының опасыздығына қапаланған адамның көңіл күйін неғұрлым әсерлі көрсетуге ұмтылғандық байқалады. Абай өз өлеңінде осы бейнелеу тәсілін кемеліне келтіре, өте шебер қолданады. Ол құлап жатқан қайыңды жанды бейне кейпінде алып:

*Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,  
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?—*

деп сипаттайды.

Кеудесіне оқ тиіп, қансырап жатқан қызыл киікті суреттегенде де:

*Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?—*

дейді.

Осындай қайғылы сурет-көріністер аяныш сезімін туғызу үшін ғана емес, өмірге құштарлықты өнеге ету үшін берілгені анық. Оны күн шуақта сынық қанат көбелектің қалт-құлт етіп жатқанын баяндай келіп:

Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті,— деген Абайдың сөзінен жақсы аңғаруға болады.

Осылардан кейін ғашық жардан опасыздық көрген өлеңдегі лирикалық қаһарманның өз уайым-қасіреті, өз жүрегінің мұңы алғашқы қайғылы сарындарға үндесе шығады:

*Жылы жүрек суыды, жара түсті,  
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік,—*

дейді Абай.

Орысша текст осымен аяқталады. Соңғы түйінді ой ғашық жардың уәде бұзғандығы, баянсыз махаббаттың азабы болады. Абай онымен тынбай, тағы бір шумақ өлеңді тыңнан қосып, өмір, дүние жайлы кең көлемде ой толғайды, адамның опасыздығын «жеп жүр ғой біреуінің біреу етін» деп қоғамдық қарым-қатынас тұрғысын көрсетеді, өлеңді:

*Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,  
Көбінің сырты бүтін, іші — түтін,—*

деп түйіндейді. Сөйтіп, Абай өлеңнің ғибраттылық мәніне үлкен әлеуметтік пікірді үстемелеп, қазақ қоғамының өмірінен алынған қортынды-түйін жасаған. Осы өлеңдердің түпнұскасын іздестіріп алдымен Лермонтовтың жинақтарын ақтарып карап жүргенде Абайдың үш-төрт өлеңінің текстологиялық төркіні айқындалды. «Ал сенейін, сенейін» Лермонтовтың «Я верк, обещаю верить» өлеңінің, ал «Рахат, мені тастап коймадың тыныш» оның «Хоть давно изменила мне радость» деген өлеңінің аудармасы екенін анықтадық. Соңғы өлең бұрынғы кейбір жинақтарда Лермонтовтың «И скушно, и грустно» деген өлеңінің аудармасы деп қате көрсетіліп жүрген болатын. Осы екі өлеңді толық мағынасында аударма десек, басқа екі-үш өлең жартылай тәржімаланған болса да, түгелдей аударма емес, сондықтан оларды төл-тума шығарма деп караған орынды. Мысал үшін «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» өлеңіне тоқталсақ болар. Бұл М. Ю. Лермонтовтың «Измаил-Бей» атты поэмасының екінші бөлімінен сарындас-аударма түрінде келеді.

Лермонтовта 22 жол:

*Легко народом править, если он  
Одною общей страстью увлечен;  
Не должно только слишком завлекаться,  
Пред ним гордиться или с ним равняться.  
Не должно мыслей открывать своих,  
Иль спрашивать у подданных совета,  
И забывать, что лучше гор златых  
Иному ласка и слова привета!—  
Старайся первым быть везде, всегда;  
Не забывайся, будь в пирах умерен,  
Не трогай суеверий никогда  
И сам с толпой умеи быть суверен;  
Страшись народ к победам приучать,  
Чтоб в слабости своей он признавался,*

*Чтоб он тебя не сравнил ни с кем  
И почитал нуждою — принужденья:  
Умей отважно пользоваться всем,  
И не проси никак вознагражденья!  
Народ ребенок:— он не хочет дать,  
Не покушайся вырвать,— но украдь!—*

Абайда нәбәрі 20 жол, орысша текстiң кей жері дәлме-дәл аударылып, баска жолдарының мазмұны ғана сақталған.

Осы өлендi Абай өзі қазақ өміріндегі ел билеушілердiң іс-әрекетін, мінез-құлқын жақсы білетіндіктен, соларға ақыл-кеңес, насихат ретінде жазған деген пікір айтылып келді. Сөз жоқ, Абай Лермонтов поэмасындағы Измаил бидің сөзінен өзі жақсы білетін қазақ би-болыстарының мінезіне үндестік тапқандықтан соған сарындас өлең тудырған. Онысы кейбір тұстары сөзбе-сөз аударма болып келсе де, тұтастай алғанда тың шығарма болып шыққан.

Және де, Абайдың алған тұсы поэмадағы кейіпкердiң, яғни Измаил бидің айтқан сөзі болғандықтан, соның мінез-құлқын, ой-ниетін танытатындықтан Абайдың тікелей өз ойы, өз көзқарасы деуге келмейді.

Мысалы, «Жұрт — бала, ешнәрсесін тартып алма, Білдіртпей ептеп алған залалы жоқ»— дегенді (түпнұсқада: «Народ ребенок, он не хочет дать, Не покушайся вырвать, но украдь»), немесе «Кейбірін қауыптандық мінін тауып», «түпнұсқада: чтоб в слабости своей он признавался» дегенді Абайдың атынан айтылған ақыл-кеңес демей, әккі болған, айла-тәсілді көп білетін ел билеушінің (Ызмаил би) ойы десек нанымды, қисынды болып шығады. Ал осындай ел қамын ойлаудан, адалдықтан гөрі айлаға, арамдыққа, айбат көрсетуге көбірек бейім болуды насихаттайтын сөздерді Абайдың өз ойы десек, онда тек кекесін, келемеж түрінде айтылған дер едік. Бірақ өленде мысқылдап айтудан гөрі байыпты, салмақты түрде сөйлеу әлде қайда басым жатыр.

Сондықтан Абайдың өлеңіндегі ел билеудің жолы, амал-тәсілдері туралы ой-пікірлер тура мағынада қабылдауға лайық сөздер болып шығады. Ал сонда ел билеушіге амал-айла, өз жеке басына пайда ойлауды үйрететін сөздерді қалай түсінбек керек? Болыс-билердің жағымсыз мінездерін қатты шенеп сынайтын, «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың» сыяқты өлеңдер туғызған Абай бұл тұста аяғын шалыс басқан дейміз бе әлде? Әрине, дей алмаймыз. Үйткені, Абай, бұл өленді Лермонтов поэмасындағы айлакер бидің сөзде-

рін оқып отырып, соның әсерімен шабыттанып жазған ғой. Осыны ескерсек, бәрі де түсінікті болып шығады.

1957 жылғы жинаққа қайта оралсақ, М. Әуезов жәй әншейін сыртта жүріп редактор бола салған жоқ, текстологиялық жұмыстың барысында, қолжазбалар мен бұрынғы басылымдар салыстырылып тексерілгенде алты ай бойы үзбей басы-қасында болды. Мұқаң Академияға, өзі қызмет істейтін сол кездегі Тіл және әдебиет институтына бейсенбі сайын таңертеңгі 9-да келіп, түске дейін болып жүрді. М. Әуезов 1957 жылғы жинақты әзірлеу үстінде бұрынғы басылымдар мен белгілі қолжазбалардың қалай салыстырылып, тексерілгенін өзі үнемі қарап, қадағалап жүрді, және әр түрлі оқылатын сөздердің қай нұсқасы алынатынына үлкен мән берді. Мұқаң басқарып өткізген осы отырыстарға Әлкей Марғұлан және басқа академияның ғалымдары қатысып жүретін. Бір ғана мысал келтірсек, Әлекең (Марғұлан) Құдашевтің қолжазбасы деп аталған өзі Ленинград архивінен тапқан Абайдың бір топ өлеңдерінің тексі туралы айтып, «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңіндегі «Тастан түлкі табылар андығанға» деген сөздер «Таудан түлкі табылар андығанға» деп жазылған екен, анық дерегі бар сөз ғой, кітапқа солай берілгені жөн деген еді. Сонда Мұқаң үлкен білгірлік танытатын пікір толғады. «Тастан түлкі табылар»— деген барлық кітаптарда және негізгі қолжазбаларда бар, әбден қалыптасқан, ел білетін орнықты сөз. Оны өзгертуге бір көшірме қолжазба, нақтылы дерек-ау дегенмен жеткілікті дәлел бола алмайды» деді. Қырдың түлкісі болады, далада жүреді, ол да қысталанда бой тасалайтын жерін сағалай жүреді. Таудың түлкісі болады, тастың арасында жүреді. «Тас» деген сөздің өзінде «Тау» деген ұғым және бар. Бірақ «тау» деген жалпылама сөз, «тас» деген сөзде поэзияға тән нақтылық бар. Абайдың сөзді дәл тауып, айтқанын көзге елестетерліктей етіп көрсетуге жүйріктігі осы бір сөзінен-ақ байқалып тұр деді. Бірақ ана «таудан түлкі табылар» деген де бар екенін комментарий (түсініктеме) бергенде айтса болар еді. Басқалар түгел осы пікірді құптады.

Тағы бірде «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» жырының Әлкей Марғұлан Потанин архивінен тапқан бір нұсқасы Абай шығарған, Абайдың сөзі деуге лайық па деген мәселе төңірегінде бірталай әңгіме болды. Сонда Мұқаң: «Қозы-Көрпеш — Баян-сұлу» жырының ең әдемі нұсқасы Шөженікі ғой, оны Мәшһүр-Жүсіп жазып алған. Онан соң Жанактың нұсқасы бар (Мекен іздеп, жі-

гіттер, кел кетелі» «деп басталатын» алғашқы шумағын Шоқан Уәлиханов келтіреді). Бірақ ол сақталмаған. Кейін Бейсенбай ақын соның аяғын біраз өзгертіп айтқан деп саналып жүр. «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» жырының 1936 жылы мен бастырған нұсқасы осы, — деді. Тағы бірнеше нұсқа туралы айта келіп, осы жырдың өзгелерінен артықша қасиеті байқалмайтын бір нұсқасын Абай шығарған деуге жеткілікті дәлел жоқ деген байламын түйіндеді. «Қозы-Көрпеш — Баян-сұлу» поэмасының сол нұсқасын Абайдың сөзі болар деген болжам-пікірді алғаш айтқан Әлекеңнің өзі де ол кезде ашық пікір таласына барған жоқ. Ал бүгін «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» жырының сол нұсқасы Абайдікі деген пікірді оның тілін, стилін тереңдеп зерттеп, ғылыми талқылаудан өткізбей-ақ нағыз ақиқат деп санаушылық қайтадан бел алғанын көрдік. Сонда бұл Абай мұрасын көбейтуге ұмтылғандық па?

Абай шығармаларының қатарын қалайда молайтуға тырыспайық дегенді Мұхтар Әуезов осындай орайда айтқан болатын. Мұхтар Әуезов «Абай жайын зерттеушілерге» деген мақаласында өз пікірін айрықша қадап айтқан: «Абай сөзі деген сөз бірақ сөз болса да, Абайша шықса, жарасар, Абайдың Абайлығы да сонда шығар. Осы Абай өлеңдерінің санын көбейтейік деп өзеурегенше, бар сөзінің кенеуін кетірмейік деп көбірек ойланайық. Абай сөзін көбейтеміз деп, көбік етіп алмайық»\*.

---

\* М. О. Әуезов. Абай Құнанбаев. 247-бет.

## Сөз соңы

Абайдың ақындық әлемі, өнерпаздық өнегесі, поэзиялық туындыларының мазмұны-мағынасы, сыр-сипаты, көркемдік өзгешелігі жайында бір еңбекте жан-жақты толық баяндау қиын. Біз Абай шығармаларын оқып, түсіну үшін оқырмандарға қажетті деген негізгі мәселелерді қамтып, өз ой-түйіндерімізді бір жүйеге келтіріп, көпшілікке ұғымды тілмен айтуға тырыстық. Алайда Абай шығармаларындағы өмір шындығы, ақынның адамгершілік мақсат-мұраты, суреткерлік шеберлігі секілді немесе жалпы поэзия табиғатына қатысты күрделі мәселелерді де аттап өтуді жөн көрмедік. Өйткені Абай поэзиясының терең мәнін, көркемдік қасиетін, нәрін жеңілдетіп айтылған сөзбен жеткізуге болмайтыны анық қой. Қай мәселені қозғап, қандай шығарманы сөз қылғанда да, Абайдың өз заманында ең озат ой-пікірлердің, идеялардың жаршысы, халықты ағарту, жастарды еңбекке, ғылым-білу үйренуге баулу үшін күрескен қайраткер болған үлкен ақындық тұлғасын ашып көрсетуге күш салдық.

Зерттеушінің, оқырманның да ең басты мақсаты — Абай шығармаларының мазмұн-мағынасын, тағлымдық мәнін, көркемдік қуаттылығын неғұрлым тереңірек таны, сезіну екені анық. Абай поэзиясы туралы ой түйіп, пікір қорыту үшін әр оқырман алдымен ақынның өз сөзіне зер сала үнілу қажет. Сонда бір сәт айналадағы өмір-болмыс туралы Абайша ойлап, өмір шындығын, тіршіліктің мағынасын, адамның қоғамдағы орнын, поэзияның қадір-қасиетін Абайша сезінгендей болса, ақынның сөзі оқырманның ой-сезімін қозғап, оған шығарманың әсер-ықпалы күшейе түседі.

«Кімнің ойын, сөзін ұғып-түсінсең, сонымен өзінді тең сезінесің» дегенді Гете «Фауст» атты шығармасында тегін айтпаған ғой.

Поэзиялық шығарманы, өлеңді оқу, зейінге алудағы ең құнды нәрсе — алдымен әркімнің өз түсінігі, өзінше сезінуі екені даусыз. Ақын сөзінен әсер ала білетін адамға осы еңбектің аз да болса себеі тиер деген үміттеміз.

## МАЗМҰНЫ

Андату	3
Абайтану белестері	5
Ақын тұлғасы, адамгершілік мақсат-мұраты	20
Әлеуметтік әуендер	46
Сыншылдық та — шыншылдық	65
Ғылым-білім, ақыл-парасат жайлы ойлар	75
Сыршыл көңіл мұнаймас	85
Махаббат сарындары, сұлулық сымбаты	102
Суреткерлік шеберлігі (табиғат көріністері)	120
Ойшылдық сарын, шеберлік қырлары	137
Ақындық өнер мен ән-күй туралы толғаныстар	150
Жолға жол жалғасады (орыс классиктерімен үндестік сарындары)	165
Тіл бейнелілігі	193
Өлең өрнектері	205
Поэмалардың сыр-сипаты	223
Қарасөздер — тақырыптық, жанрлық өзгешеліктері	234
Дәстүр жалғастығы	245
Текстология жайында бірер сөз	258
Сөз соңы	270



**Ахметов Зәки**

**АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМІ**

Редакторы *З. Қарамендина*

Суретшісі *Б. Жапаров*

Көркемдеуші редакторы *И. Исабаев*

Техникалық редакторы *Л. Баирова*

**ИБ № 397**

Теруге 2.02.95 жіберілді. Басуға 10.04.95 қол қойылды. Пішімі 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Баспаханалық қағаз. Өріп түрі «әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 14,3. Шартты бояулы беттаңбасы 14,7. Есептік баспа табағы 15,2. Таралымы 3500 дана. Тапсырыс № 3041. Бағасы келісім бойынша.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитетінің «Ана тілі» баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің «КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.